

НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ

ИСЛАМ ІЛІМДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ

ДІНТАНУ КАФЕДРАСЫ

ӘОЖ 297 (09):17

Қолжазба құқығында

АЛДИЯРОВА ЖАНАТ ЕСЕНКЕЛДІҚЫЗЫ

**Малайзиядағы мемлекет – конфессионалдық қатынастарының
эволюциясы және оның ерекшеліктері**

6D020600 - Дінтану

Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға
дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
философия ғылымдарының докторы,
профессор Затов Қ.А.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Малайзия Халықаралық Ислам
Университеті
PhD, қауымдастырылған профессор
Фадзила Дин

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1. МАЛАЙ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСЫП ДАМУЫНДАҒЫ ДІННІҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ.....	15
1.1 Отарлық кезеңдегі Малайя елінің мәдени-әлеуметтік, этно-діни жағдайы	15
1.2 Малазия мемлекеттік және діни институттарының ел тәуелсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етудегі орны мен қызметтері.....	31
1.3 Қазіргі Малайзия мемлекетінің дін және конфессияаралық қатынастар саласындағы саясаты.....	45
2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН МАЛАЙЗИЯ ФЕДЕРАЦИЯСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ ПЕН ДІН ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ.....	76
2.1 Қазақстан мен малай қоғамының ұлттық бірегейлігін нығайтудағы дін және дәстүр құндылықтарының рөлі.....	76
2.2 Қазақстан мен Малайзиядағы саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік қарым-қатынас тенденциялары.....	92
2.3 Қазақстан мен Малайзиядағы дін және мемлекет қатынастарының өзіндік сипаты мен ерекшеліктері.....	99
ҚОРЫТЫНДЫ.....	122
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	127

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыста Малайзия мемлекетінің отарлық кезеңіндегі әлеуметтік, этно-діни жағдайынан бастап, тәуелсіздік жылдарындағы мемлекеттік және діни институттарының тұрақтылықты қамтамасыз етудегі орны, конфессияаралық қатынастары мен осы процестегі діни институттарының рөлі қарастырылады. Малайзия мен Қазақстан қоғамының ұлттық бірегейлігін нығайтудағы дін және дәстүр құндылықтарының рөлі зерттеледі. Қазақстан мен Малайзияның дін-мемлекет қатынастарына салыстырмалы талдау жүргізіліп, екі елдің саяси-экономикалық және мәдени-әлеуметтік қатынастарының қалыптасуы мен даму тенденциялары айқындалады. Постотарлық кезеңді бастан кешірген аталмыш елдерге тән конфессияаралық қатынастардың өзіндік ерекшеліктері мен ортақ тұстары зерделенеді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан тәуелсіздіктен кейінгі жылдары әлем елдерінің баршасымен түрлі бағытта қарқынды әрі достық қатынастар құруды көздеді. Қазақстан Республикасының президенті Қ. К. Тоқаев бұл турасында «Қазақстан тәуелсіздік жылдарында біршама интеграциялық үдерістерге бастамашы болды. Бұл бағытта дәстүр сабақтастығы сақталады, саясатымыз өзгермейді. Көпвекторлы стратегия алдағы уақытта да Қазақстан дипломатиясының басым бағыты болып қала береді» деген еді [1]. Көпвекторлы саясат нәтижесінде ислам әлемімен, соның ішінде Оңтүстік Шығыс Азия елдерімен де конструктивті ықпалдастық қатынастар орнатылды. Қазақстанның экономикалық бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында елдің негізгі даму бағыттары айқындалды. Көпұлтты әрі көпконфессионалды мемлекет ретінде Малайзияның этноконфессионалдық жай-күйі Қазақстанмен ұқсас. Этникалық плюрализм Малайзияға тән негізгі ерекшеліктің бірі. Аталмыш елдегі басым этникалық қауымдастықтарға мыналар жатады: малай, қытай және үнді текті халықтар. 2025 жылы малайлар ел тұрғындарының 58,1 пайызын, қытайлар - 22,4 пайызын, ал үнділер 6,5% пайызын құрады [2, 8 б.]. Малайзияның айтулы жетістігі – түрлі этникалық топтарды ұлттық бірлік мүддесіне тоғыстыра білуінде дер едік. Бұл ел мемлекет пен конфессионалдық қатынастарды реттеу тұрғысынан өзіндік ерекшеліктерге ие. Зайырлы мемлекет бола тұра Малайзияда ислам діні мемлекеттік дін статусында. Елде федералды соттармен қатар шариғат соттары да қатар жұмыс істейді. Шариғат соттары елдегі мұсылмандардың құқықтық мәселелерін қарастырады. Конституцияда діни-сенім бостандығына кепілдік берілген. Осы факторлардың барлығы жиыла келе Малайзияның мемлекет-конфессионалды қатынасының өзіндік ерекшеліктерін құрайды.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта Қазақстанда да дәстүрлі дінге бетбұрыс қарқынды сипат алды. Мемлекет зайырлы ұстанымға сәйкес барша діни бірлестікке тең қарайды, алайда халықтың басым көпшілігі тарихи рөлі бар исламды ұстанатыны қоғамдық шындық. Қоғамда ислам банкі, уақып жүйесі, халал өнім стандарттары секілді тенденциялардың пайда болуын ескерсек, бізге

халқының басым бөлігі мұсылмандардан құралған елдердің тәжірибесін зерттеуге қажеттілік бар екені айқындала түседі. Сондай-ақ, білім беру институттарынан бастап, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру тұрғысынан да Малайзияның тәжірибесі құнды. Зайырлы және діни құндылықтардың өзара үйлесімін қалыптастыру мен тұрақты даму көрсетіп келе жатқан экономикаға тән адами ресурсты дамыту стратегиясы қырынан алғанда да маңызды дер едік.

Қазақстан табиғи ресурстарға тәуелділікті азайтып, бәсекеге қабілетті өндіріс пен қызмет көрсету секторларын құру үшін осы тәжірибені пайдалана алады. Малайзия исламдық қаржыландыру және халал индустриясы бойынша әлемдік көшбасшылардың бірі һәм бірегейі. Ортақ мәдени және діни мұрасы бар Қазақстан – әлемдік мұсылман елдерінің нарығына шығу үшін исламдық қаржы құралдарын экономика секторына енгізуге әрі халал сертификаты бар өндірістерді дамыту ісіне көңіл бөліп келеді. Бұл тұрғыда этникалық және діни әртүрлілігіне қарамастан, инклюзивті басқаруды негізге алған әрі оңтайлы саясат арқылы әлеуметтік тұрақтылықты сақтай алған Малайзияның тәжірибесі өте құнды. Көпұлтты сипатқа ие Қазақстан үшін ұлттық бірлікті нығайту және этникалық шиеленістердің алдын алу үшін мұндай саясатты саралаудың тиімді болары сөзсіз. Үкіметтің тұрақты даму және институционалдық реформаларын негізге алар болсақ, Малайзияның жетістігі негізінен тиімді мемлекеттік жоспарлау мен күшті қоғамдық институттардың арқасында іске асқанын көреміз. Қазақстан Малайзияның мемлекеттік басқару ісіндегі нарыққа бағытталған реформаларын, соның ішінде сыбайлас жемқорлықты азайту, бюрократияның тиімді жұмыс істеу механизмін жетілдіру және заң үстемдігін нығайту секілді біріктірген тәжірибесінен сабақ ала алады. Малайзия еркін сауда келісімдері мен аймақтық ынтымақтастық (АСЕАН, АТЭС) арқылы әлемдік сауда желілеріне белсенді түрде интеграцияланған ел. Қазақстанның «Бір белдеу, бір жол» (BRI) бастамасына стратегиялық тұрғыда тиімді орналасуын есепке алсақ та, Малайзияның сауда дипломатиясын үлгі етуі тиімді болмақ. Адами капиталды дамыту тұрғысынан да Қазақстан бәсекеге қабілетті жұмыс күшін құру үшін білім беру жүйесіндегі ұқсас реформаларға басымдық бере алады. Қысқаша айтқанда, Малайзияның экономикалық жоспарлау, исламдық қаржыландыру, әлеуметтік-рухани саладағы келісім саясаты мен адами капиталды дамыту тәжірибесінен сабақ ала отырып, Қазақстан инклюзивті әрі тұрақты даму жолын нығайта алады. Жоғарыда аталған факторлар зерттеудің Қазақстан қоғамы үшін өзектілігін танытады.

Диссертация тақырыбының ғылыми зерттелу деңгейі. Оңтүстік-Шығыс Азия түбегінің ерте кездегі тарихи жағдайы, аймаққа өзге мәдениеттердің ықпалы мәселелері Ж. Сәдес[3], Р.Ч. Маджумдар [4], Н. Кром [5], Ж. Масперо [6], К. О'Рейли [7], П. Уитлэй [8]. Кульке, Г.[9], Хагестайн, О.У. Уолтерс. Ферран [10], Я.К. Ван Лёр[11], О.У. Уолтере, С.В. Кулланда [12] еңбектерінде қарастырылған.

Малайзия – еуропалық бірнеше елдің отарлауын бастан өткерген ел. Аталмыш елдің отарлық дәуіріне әлеуметтік өзгерістер мен дүмпулер іске асқан кезең ретінде қарауға болады. Отарлау нәтижесінде аймақта түбегейлі

өзгерістер орын алып, жаңа қоғамдық жүйе қалыптасты. Ғылымға «колониализм» терминін XX ғасырдың басында социалист Пол Луи алғаш рет енгізгені белгілі. Ол отарлау ұғымын географиялық ашылулар дәуіріндегі Европа елдерінің басқыншылығы не кейіннен отар елдерді метрополиялардың қанауы ретінде ғана емес, метрополия мен отар ел арасындағы қатынас әлеуметтік теңсіздік жүйесіне негізделетінін алға тарта отырып, колониализмді отарлаушы үкіметке түрлі манипуляцияларды іске асыруына жол ашатын жағымсыз құбылыс ретінде қарастырған [13, 4-5 б.]. Ол отарлау арқылы мемлекет экономикалық және саяси жағынан қуаттанады, қауіпсіздігін нығайтады әрі болашақ беталысын айқындайды деген идеяны жақтайтын империалист идеологтар Жуль Ферри мен Поль Леруа Больеге қарсы шыққан. Империализм, отарлау туралы ойлар кейіннен қайта електен өтіп, Д. Гобсон, Р. Гильфердинг еңбектерінде, капитализмнің жаңа формасы ретінде мағынаны иеленді. Ж.П. Сартр, М. Ферро, М.Фуко, Ф. Бродель отарлаудың тарихи қылмыс екенін алға тартты [13, 6 с.]. Осы тұрғыда Европа елдерінің отарлау саясаты, Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің отарлануы, Азия мен Африка елдері тарихы әлемдік зерттеушілердің назарын аударды. XVII соңы мен XVIII ғасырдың басында Батыстың Оңтүстік Шығыс Азияны отарлауы Э.О. Берзин зерттеуінде кең көрініс тапты [14]. Азия мен Африка елдерінің жаңа тарихын зерттеуде Губер А.А. еңбегінің орны ерекше [15]. Азия мен Африка елдерінің жалпы тарихына қатысты «Новая история стран Азии и Африки XVI-XIX века» (1-том) атты еңбектің арнайы атауға болады. Сондай-ақ «Новая история колониальных и зависимых стран» (1-том) еңбегі де отарлық тарихтың энциклопедиясы іспеттес.

Отарлық кезіңіндегі Малайя тақырыбын да бірқатар зерттеушілер жан-жақты зерттеген. Атап айтқанда, Хиршман С. өз еңбегінде отарлау кезінде Малайядағы экономикалық әрі нәсілдік идеология мәселесін талқыласа [16], Фридман М. Малайядағы плюралистік қоғамның қалыптасуын арнайы қарастырған [17]. Малайяның бергі тарихындағы демократия мен қауымдастық мәселесі малайлық зерттеуші Omar A. еңбегінде жан-жақты ашып көрсетілген [18]. Малайзия тарихын арнайы зерттегендер қатарында Колосков Б.Т. [19], Тюрин В.А.[20], Barbara Watson Andaya and Leonard Y. Andaya [21], Gullick J.M.[22], Warnford-Lock C.G. [23], Tregonning K.G. [24], Virginia Matheson Hooker [25] еңбектерін айта кету керек. Халл Д. Г. Е. Малакка аралында исламның таралуын арнайы қарастырса [26], Тхор С.В. XIV - XVI ғғ. ортағасырлық Малайя тарихына қатысты дереккөз ретінде «Малакка кодексін» зерттеген [27]. Малайзиялық зерттеуші Abu Bakar Hamzah XX ғасыр басындағы малай қоғамында имамның алатын рөлін қарастырған [28]. Cheah Boon Kheng Малайзиядағы ұлттық құрылым мәселесін зерттеуіне арқау еткен еді [29]. Willard A. Hanna әлемдік саясат тұрғысынан Малайзияның қалыптасуын талдап шаққан [30]. Ресейде Иванов Н.С. Қазіргі Малайзиядағы исламның рөлін арнайы диссертация тақырыбы ретінде зерттесе [31], Захаров А. О. б.з. I мыңжылдығындағы Оңтүстік-Шығыс аймағындағы Үнді қытай мен Малай архипелагы қоғамдарының саяси тарихы мен саяси ұйымын қарастырған [32].

Отандық ғалымдардың зерттеулерінде Оңтүстік Шығыс Азия елдері тарихы, Оңтүстік Шығыс Азия елдерімен интеграциялық процестер, бұл аймақтың даму тарихы, халықаралық ұйымдармен байланысы секілді тақыптар зерттеу объектісі ретінде алынғанын көреміз. Атап айтқанда, Азия векторымен ықпалдастық Қ.К. Тоқаев диссертациясында [33] зерттелген. О. Должникова [34] өз еңбегінде жаңа геосаяси кластер ретінде Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің қалыптасуын, осы аймақтағы мемлекет құру тәжірибесі мен әлемдік тәжірибені зерделеген. Н. Ермекбаев [35] Қазақстан Республикасының АТР мен ықпалдастығының аумақтық мазмұнын талдаған. М. Лаумулин [36] Азия қауіпсіздігі мен Орталық Азияға қауіп-қатер мәселелерін жан-жақты зерттеген. М. Ауган [37] өз жұмысында ОША-ны дамыту мәселелерін және АСЕАН-ды, аймақтық ұйымдарды институционализациялау тұрақтылық пен қақтығыстардың алдын алуға қызмет ететінін алға тартып еді. Ж. А. Искакова [38] диссертациялық зерттеу жұмысында аймақтық интеграциялық үрдістердегі АСЕАН ұйымының қызметін талдаған. Д. Мухамеджанова АСЕАН-ды қоса алғанда, әлемдік интеграциялық бірлестіктер шеңберінде формалды және формалды емес интеграциялық бірлестіктерді қарастырған, ол Қазақстанның экономикалық ықпалдастық кеңістігін де назардан тыс қалдырмаған [39].

Малай мәдениетіндегі ислам тақырыбы бірқатар зерттеушілердің қызығушылығын тудырғаны белгілі. Атап айтқанда, К.С. Кесслер, М.Нэш, Ф.Р. фондер Мехден, Х.Кроуч, С.Барраглоу, Сайид Мухаммад Накиб Алатаас (1972), Джон Бусфилд (1983), Владимир Брагинский (1993), Исмаил Хусейн (1995), А. Х. Джон (1985), Мохд Тайб Осман (1980), Сидек Фадзил (1999), Мохд.Усман Эль-Мухаммади (1977), Абдул Азиз Дераман (1992), Хамдан Хасан (1980) және Исмаил Хамид (1986) және т.б.

Ал, Малайзияның қазіргі дамуы мен қазіргі этноконфессионалық жағдайы, аймақтағы саясат, малай дәстүріне діннің ықпалы, Малайзиядағы діни ұйымдар, сот жүйесі, шариғат соттары, ислам құқығы, исламның дамуы секілді тақырыптар малай ғалымдарының зерттеулерінде жан-жақты қарастырылды. Олардың ішінде мыңызды зерттеулер қатарына мыналар жатады: Mahathir Mohamad: «A New Deal for Asia» 1999, «Blogging to unblock» 2008, «Capturing Hope - The Struggle Continues for a New Malaysia» 2021, «The Malaysian Currency Crisis: How and Why It Happened» 2004, «Reflections on ASEAN» 2002, Mahathir Mohamad, Abdullah Ahmad «Dr Mahathir's Selected Letters to World Leaders» 2007, Mohamed Azam Mohamed Adil, Mohammed Hashim Kamali «Islamic: Law in Malaysia issues and developments» 2000, «PIP 4: Fatwa and Ijtihad in Malaysia: Juristic and Historical Perspectives» 2018, «IAIS Malaysia Policy Issue Papers (PIP), No. 11 1 March 2020 Death Penalty in Shariah and Contemporary Law: A Comparative Analysis» 2020, «The Architects of Islamic Civilisation» 2018, «Pelaksanaan Undang-Undang Islam di Malaysia: Khayalan atau Realiti?» 2018, «Mohamed Azam, Ahmad Hidayat, Ahmad Badri «Mahkamah Syariah di Malaysia: Menelusuri Cabaran Melestari Harapan» 2020, Zakaria I. «A Celebration of Malaysian Art» 2007, Ahmad Ibrahim «Family law in Malaysia»

1984, Maziar Mozaffari Falarti «Malay Kingship in Kedah: Religion, Trade, and Society» 2013, Syed Muhd Khairudin Aljunied «Islam in Malaysia: An Entwined History» 2019, «Colonialism, Violence and Muslims in Southeast Asia» 2009, «Muslim Cosmopolitanism: Southeast Asian Islam in Comparative Perspectives» 2016. Бұдан басқа да авторлар қатарында атап кетуге болатындар: Zaynal Kling, Abdul Hamid, Ahmad, Ibrahim, Zawawi., Amarjit Kaur, Ahmad Fahmi Irsiyad bin Aziz Azmi, Asni F., Shuaib F., Fadeli M., Noor A., Abdullah S., Tayeb A., Yousif A. F. Hilarian L., Yusof N., Haron H., Mutalib N., Adnan Z.H., Siddiquee A.N., Baulderstone J., Bashir M., Noordin M., David J., Harding, A., Dian A. Shah., Mohd A. Sani Mohd., Ooi, T., Muhammad S. Salleh., Maszlee Malik., Ahmad Puaad Abdul Rahman., Hamidah Mat., Azman Ab Rahman, Mohammad Haji Alias, Syed Mohd Najib Syed Omar., Nik Adzrieman Abd Rahman., Zuliskandar bin Ramli және т.б.

Қазақстандағы мемлекет пен дін қатынастары, зайырлылық тақырыбы да отандық бірқатар зерттеушілердің қызығушылығын тудырды. Атап айтқанда, А.Н. Нысанбаев, А.Г. Косиченко, Е. Бурова, Б.М. Сатершинов, Н.Ж. Байтенова, А.Д. Құрманалиева, Б.К. Бейсенов, Қ.А. Затов, Ш. Рысбекова, Д. Кенжетай, Б. Есмахан мен М. Исахан, Р. А. Подопригора, Д. Сиқымбева, Ж. Онлашева, Қ.К. Шалабаев, Д.Р. Мусина еңбектерінде қарастырылды. Ғ. Мажиевтың «Дін мен зайырлы мемлекет қатынасының әлемдік және қазақстандық үлгісі: салыстырмалы дінтанулық талдау» атты диссертациялық зерттеуінде әлем елдеріндегі зайырлылық үлгілері талданып, қазақстандық зайырлы үлгімен салыстырмалы талдау жасалынған.

Жоғарыда аталған шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері диссертациялық зерттеудің теориялық-әдістемелік негізін құрайды және Малайзиядағы мемлекет пен дін қатынастары эволюциясына қатысты тұжырымдар қалыптастыруға негіз қызметін атқарады.

Зерттеудің нысаны. Оңтүстік-Шығыс Азиядағы дамушы елдердің бірі ретінде Малайзия үлгісін зерттеу.

Диссертациялық зерттеудің пәні. Малайзиядағы мемлекет пен конфессияаралық қатынастардың даму эволюциясы мен өзіндік ерекшеліктеріне дінтанулық талдау.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты – Малайзиядағы мемлекет пен конфессияаралық қатынастардың тарихи дамуын дінтанулық тұрғыдан талдай отырып, Малайзияның саяси-экономикалық және мәдени-әлеуметтік модернизация үдерісіндегі діни-этникалық факторлардың және діни ұйымдар мен институттардың рөлін кешенді зерттеу.

Зерттеу мақсатынан туындайтын жұмыстың негізгі міндеттері:

– Отарлық кезеңдегі Малайя елінің әлеуметтік, этно-діни жағдайына талдау жасау;

– Тәуелсіздік кезеңдегі Малайзия мемлекетінің қалыптасу жолын айқындау;

– Малайзия мемлекетінде тәуелсіздік жылдары қалыптасқан діни институттардың қоғамдағы рөлін айшықтау;

– Қазіргі Малайзия мемлекетіндегі діни плюрализм мен діни-сенім бостандығы идеяларының Конституциялық принцип ретінде жүзеге асуын талдау;

– Малайзиядағы қоғамдық сана мен әлеуметтік өмірдегі модернистік исламдық дискурстың мәні мен маңызын және перспективаларын айқындау;

– Малай мәдениеті мен дәстүрін сақтау мен дамытудағы дін мен діни қауымдастықтардың ықпалын саралау;

– Тәуелсіз ел ретінде Қазақстан мен Малайзия қарым-қатынасының маңызды басымдықтарын айқындау;

– Малайзия мен Қазақстан Республикасындағы діни жағдай: ұқсастықтар мен ерекшеліктерге дінтанулық талдау жасау.

– Малайзияның дін және мемлекет, конфессионалдық қатынастар саласындағы озық тәжірибелерінің Қазақстан Республикасы үшін қажеттілігі мен маңыздылығын ашу.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздері.

Зерттеудің теориялық негізін дінтану және мемлекет пен дін арақатынасын талдауда қолданыс тауып жүрген дәстүрлі әдіснамалық негіздер құрайды. Таңдалған тақырыптың мәнін ашуға бағытталған тарихилық пен логикалықтың бірлігі, салыстырмалы компаративистикалық талдау, құрлымдық-функциональдық талдау, аксиологиялық және ұғымдық талдау әдістері де қолданылды. Зерттеудің теориялық негізін танымал шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері және Малайзия Конституциясы мен Федералды заңдар, Малакка кодексі, Теңіз заңдары, Адат заңдары, Шариғат заңдары құрайды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы:

Диссертацияда Малайзия тарихында қалыптасқан этно-конфессионалды жағдай талданып, мемлекет пен конфессияаралық қатынастарының айшықты ерекшеліктеріне дінтанулық тұрғыдан ғылыми танымдық негізде талдау жасалынды.

– Португалия, Испания, Англия секілді еуропалық елдер және Жапонияның отарлауы нәтижесінде Малай түбегінде қалыптасқан саяси, экономикалық, діни, әлеуметтік-мәдени қабаттар саяси, әлеуметтік және тарихи қырынан талданды;

– Малай елінің тәуелсіздікке жету жолындағы діни, ұлттық санасының жетілуі, Бумипутра, Малайяның доминант үш этносты елге айналуы, ұлтаралық қатынастар сипаты, этносаралық бірлік пен келісім мәселесі жан-жақты зерделеніп, талданды;

– Қазіргі Малайзия мемлекеттік сипатының қалыптасуы, Рукунегара, Ұлттық шептің құрылуы сияқты процестердің мәні, құрылымы сараланды. Малайзияның жаңа экономикалық саясаты, әр кезеңдегі мемлекет ұстанымы, жүргізген әлеуметтік саяси реформалары, мақсаты, нәтижесі тұжырымдалды;

– Малайзия мемлекетінде тәуелсіздік жылдары қалыптасқан діни институттар мен ірі діни ұйымдардың қызметі, олардың мемлекетпен

қатынасы, қоғамда рухани келісімді қамтамасыз етудегі рөлі дәйекті түрде зерттелді;

– Қазіргі Малайзия мемлекетіндегі діни діни-сенім бостандығы, діни плюрализм, Конституция баптары мен нақты қоғамдық өмірдегі көрінісі, зайырлылық ұстанымы бойынша таласты мәселелер, Федералды соттар мен шариғат соттарының ара қатынасы талданды;

– Малайзияның исламды заманауи үлгіде ілгерілету бағытындағы табысты бастамалары, осы бағытта ислам банкі, ірі ислам қаржы орталықтары, исламдық сақтандыру, халал индустриясы, исламдық білім беру жүйесі мен осы ұстанымның әлеуметтік діни негіздері сарапталды;

– Қазіргі малай ұлттық мәдениетінің, қоғамдық санасы мен болмысының сақталуы мен ілгерілеуіндегі ислам құндылықтарының маңызы және оның малай ұлттық бірегейлігін қамтамасыз етудегі рөліне баға берілді;

– Малайзия мен Қазақстандағы мемлекет пен конфессияаралық қатынастарға салыстырмалы талдау жасалып, еліміздегі этно-діни салада малайзиялық тәжірибені қолданылудың мүмкіндіктері мен тиімділігі талқыға салынды.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңызы:

Этносаралық және конфессияаралық қатынастарды реттеу үлгісі, зайырлы мемлекет ретінде исламдық фактормен үйлесімді формада даму тәжірибесі, мемлекет пен конфессияаралық қатынастардың үйлесімді моделін табу мен экономикалық өрлеуі тұрғысынан қазіргі Малайзия мемлекетінің тәжірибесі теориялық тұрғыдан маңызды. Сондай-ақ ғылыми жұмыс нәтижелерінің мемлекет пен дін қатынастарын үйлестіру ісінде берері мол. Осы себепті зерттеу барысында алынған теориялық қағидалар мен нәтижелер зайырлылық қағидатына сай мемлекеттің дін саясатын ойластыруға көмектеседі. Әрі зерттеудің негізгі ой-тұжырымдары мен қорытындыларын діни ұйымдар мен азаматтық қоғамның басқа да субъектілерінің жұмысын үйлестіруде іс жүзінде кәдеге жаратуға болады. Қазақстанға тән зайырлылық үлгісін жетілдіру, мемлекет пен дін қатынастарын дамыту, елдегі ислам факторының мәнін айқындауда мемлекеттік қызметкерлер мен ғылыми зерттеушілерге нақтыланған тұжырымдар ұсына алады. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелерін дінтану мен аймақтану тарихына қатысты арнайы курстарда қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми тұжырымдар. Зерттеу нәтижесіне сәйкес қорғауға төмендегідей ғылыми тұжырымдар ұсынылады:

1. XVI ғасырда қазіргі Малайзияның Малакка аймағы аграрлық әрі аймақта ықпалды мемлекет ретінде Оңтүстік-Шығыс Азияда маңызды сауда базасы рөлін атқарды. Үнді, қытай мәдениеті мен исламның ықпалы бірдей көрінген Малакка өңірі түрлі дәмдеуіштер, қалайы мен каучук секілді табиғи қазба байлыққа бай еді. Отарлаушы елдер стратегиялық нүктеде орналасқан Малакканы өзіне қарату арқылы дәмдеуіштер мен қазба ресурстарға сауда монополиясын орнатуды көздеді. Отарлық жылдары аталмыш елдің әлеуметтік-қоғамдық өмірінде күрделі өзгерістер орын алды: елдің табиғи

байлығы тоналған, қаналған, аса ауыр кезең ретінде тарихқа енді. Дегенмен бұл аймақтың әлемдік капиталистік шаруашылық жүйесіне енуі экономикалық өзгеріске жол ашып, дәстүрлі қоғамдық өнім салаларын капиталистік қатынастарға бейімдеген еді. Зерттеу жұмысымызда осы тарихи-әлеуметтік шарттар мен экономикалық қатынастар Малайзия елінің мемлекеттік дәстүрінің қалыптасуындағы маңызды фактор ретінде талданды.

2. Малай түбегінде Малакка халқының исламды қабылдауына араб саудагерлерінің әсері айтарлықтай жол ашты. Малайя мәдениеті мен ұлттық сананың қалыптасуы ендігі жерде исламға сай негізде дамыды. Оның көрінісін алғашқы Малай әдет-ғұрып заңдарының ислам құқығына сай толығымен түсуінен байқауға болады: (Undang-Undang Melaka (Малака заңы) Undang-Undang Laut Melaka (Малака Теңіз заңдары). Малакканың аймақта ықпалының артуымен оған қарасты кішігірім патшалықтар да исламды қабылдаған еді. Ұлттық сана-сезімнің өсуі мен ұлттар арасындағы экономикалық теңсіздік малайлардың тәуелсіздік алуына жол ашты. Британдықтардан тәуелсіздік алғаннан кейінгі мемлекет болып қалыптасу жылдары ұлтаралық дағдарыс, Конституция қабылдау, Рукунегара, Ұлттық шептің құрылуы, Жаңа экономикалық саясат, Өркениетті ислам тұжырымдамасы (ислам әл-хадари), партияаралық бәсекелестік, халықаралық байланыстардың реттелуі секілді ірі оқиғалар орын алуымен сипатталады. Малайзияның даму жолы мен исламмен байланысты ұлттық бірегейлік тәжірибесі зерттеуде тарихи процесс түрінде тұжырымдалды.

3. Малайзиядағы тарихи діндерге буддизм, ислам, христиандық жататындықтан, діни институттар мен ұйымдар да негізінен осы діндер төңірегінде шоғырланған. 2020 жылы жалпы халықтың 63,5 пайызын мұсылмандар құраса, буддистер 18,7 %, христиандар 9,1 % және үнділер 6,1 % құраған. Аталған бағыттардағы ірі діни ұйымдар бүгінгі күні Малайзиядағы мемлекет пен дін қатынастарында белсенді рөл алып, елдегі діни ахуалды қалыптастыруға үлкен үлес қосуда. Бұл бір шетінен, малайзиялық конфессияаралық қатынастардың өзіндік ерекшелігін қалыптастырған тарихи процесс еді. Зерттеуде осы факторлардың жан-жақты талдауы ұсынылды.

4. Малайзияда діни-сенім бостандығы Конституциямен қорғалған. Көп ұлтты әрі көпконфессионалды мемлекет ретінде бұл елде ислам Конституцияда Федерацияның діни мәртебесіне ие, дегенмен бұл жағдай өзге дін өкілдерінің де бейбіт қатар өмір сүруіне мүмкіндік береді. Елдегі азаматтар жалпы федерация заңдарын ұстанғанымен, мұсылмандар өз алдына отбасы, мүліктік қатынастар секілді бірқатар мәселеде шарифат соттарына да жүгінеді. Соттың қосарлы жүйесі Малайзияда қалыптасқан дін қатынастарының бір ерекшелігін құрайды. Конституциядан бөлек, әр штатты басқарушы сұлтан сол аймақтағы дінбасы саналады, штат заңдары да дін қатынастарын реттеуде айтарлықтай маңызға ие. Малайзияның осы ерекшелігі зерттеуімізде діни және зайырлы құқықтың қатар өмір сүруін көрсететін бірегей тәжірибе ретінде айқындалды.

5. Малайзияның модернистік исламдық дискурсты ілгерілетуі исламдық принциптерді заманауи басқару, көпмәдениеттілік және жаһандық

ықпалдастықтың талаптарымен үйлестіру бойынша ойластырылған мемлекеттік стратегияны көрсетеді. Көбінесе «Уасатия» концепциясымен құрылған бұл дискурс исламды прогресске тосқауыл ретінде емес, демократиялық құндылықтарды, ғылыми жетістіктерді және қоғамды біріктіруді қолдайтын моральдық және интеллектуалдық негіз ретінде көрсетуге тырысады. Малайзияның исламдық дискурсты дамытып отырғаны елдегі қосарлы сот жүйесінен: зайырлы және шарифаттық, исламдық білім беру, исламдық қаржы саласы, ислам банкингі, исламдық сақтандыру жүйесі, исламдық құқық, ислам әл-хадари тұжырымдамасы, халал индустриясын дамыту салаларында анық көрініс беруде. Малайзиядағы модернистік исламдық дискурс исламның плюралистік, технологиялық дамыған және жаһандық байланысқан қоғамда өркендей алатынын көрсетуге ұмтылатын дамып келе жатқан интеллектуалды және саяси жобаны білдіреді. Малайзия осы салаларды барынша ілгерілетіп, мұсылман әлеміндегі сенім мен қазіргі заманды үйлестіру бойынша жүргізіліп жатқан талпыныс бойынша бүгінгі күні өзге мұсылман елдері үлгі бола алатын жағдайға жетіп отыр. Диссертациялық жұмыста Малайзияның заманауи исламдық дискурсы оның қуатты экономикалық әрі аймақтық елге айналуының бір факторы ретінде зерделенді.

6. Ислам құндылықтары мен дәстүрлері қазіргі малай ұлтының мәдени болмысын қалыптастыруда іргелі рөл атқарды. Рухани және өркениеттік күш ретінде ислам бұл елге тараған кезінен бері малайлықтардың тіліне, әдебиетіне, өнеріне, әдет-ғұрыптарына және басқару жүйесіне ықпал еткен көпқырлы құбылыс болды. Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңде, әсіресе 1970-жылдардағы исламдық қайта өрлеуден кейін, исламдық принциптер ұлттық саясатқа, білімге және қоғамдық моральға терең еніп, малай-мұсылман бірегейлігінің ұжымдық сезімін нығайтты. Бүгінгі таңда исламдық нормалар күнделікті өмірге – киім үлігісі мен тағам стандарттарына қатысты заңдардан бастап құқықтық негіздерге, сондай-ақ қоғамдық дискурсқа дейін кіріккендіктен, көпшілікті құрайтын малай халқы үшін мәдени тірек әрі жеке және ұжымдық өмірінің ажырамас белгісі ретінде қызмет етеді. Исламның малай ұлтының мәдени болмысына әсері тек тарихи немесе символдық емес, ол әлеуметтік нормаларды анықтайтын, қауымдық бірлікті нығайтып, әртүрлі және жаһанданған қоғам жағдайында қазіргі малай дүниетанымын қалыптастыратын тірі, дамып келе жатқан күш болып қала береді.

7. Қазақстан үшін Малайзия Оңтүстік-Шығыс Азиядағы сенімді серіктестердің бірі. Тез қарқынды дамыған, көп ұлтты, аграрлы ел ретінде Малайзия Қазақстанға Орта Азиядағы дамушы ел ретінде қарап, оның табиғи ресурстар тұрғысынан мүмкіндігі мол екенін тиісінше бағалауда. Саяси тұрғыда екі ел 1990 жылдардың басынан бері жоғары деңгейдегі сапарларға, үкіметаралық келісімдерге және Ислам Ынтымақтастық Ұйымы мен Біріккен Ұлттар Ұйымы сияқты халықаралық платформалар аясындағы ынтымақтастыққа қатысып, берік дипломатиялық байланыстар орнатты. Экономикалық тұрғыда Қазақстан мен Малайзия сауда, инвестиция және технологиялық ынтымақтастықты кеңейтуге, әсіресе энергетика,

инфрақұрылым және халал индустриясы салаларында өзара қызығушылық танытты. Малайзияның даму моделі басқару мен экономиканы жаңғыртудың түрлі салаларында Қазақстан үшін үлгі аларлық модель болды. Тұтастай алғанда, екіжақты серіктестік өзара тиімділік пен стратегиялық үйлесімге негізделген көп қырлы қарым-қатынасқа айналды, бұл өзара байланысы барған сайын артып келе жатқан әлемде болашақ ынтымақтастықтың берік негізін қалады. Малайзияның осы тәжірибесі зерттеуде жан-жақты талданып, дін мен мемлекет қатынасынан бастап, білім беру мен экономиканы ұйымдастыруға дейінгі ерекшелігінің нәтижесі ретінде айқындалды.

8. Малайзияның мемлекет заңдық құрылымы мен құқықтық тәртібін зайырлы нормаға сүйеніп жүргізсе де, исламға ресми мәртебе беріп, шарифат соттарын институционалды түрде жүйеге енгізуі талданды. Мұны «дифференциалдық жүйе» деп атау ұсынылды: яғни, азаматтық-құқықтық кеңістік зайырлы, ал мұсылмандардың отбасылық және жеке құқықтары діни нормамен реттеледі. Осы модель – этникалық малай бірегейлігі мен исламды конституциялық түрде байланыстыратын, бірақ сонымен қатар көпконфессиялық қоғамға құқықтық еркіндік беретін ерекше тепе-теңдік формасы ретінде тұжырымдалып, малайлық ерекше жүйе ретінде құрылымдық тұрғыда талданды.

9. Малайзия мен Қазақстанның дін-мемлекет және конфессияаралық қатынастарына салыстырмалы талдау – екі елдің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Малайзияның көпұлтты, көпконфессиялық қоғамы, елдегі мұсылман жұртшылығының басымдығы, діни наным-сенім еркіндігі, ұлттық бірегейлік, ұлттық бірлік, ұлтаралық және рухани келісім, діни толеранттылық, оған қоса, экстремизм мен терроризмнің алдын алу және бейбіт қатар өмір сүруге ықпал ету үшін диалог алаңдары, азаматтық білім беру және діни сауаттылық бағдарламаларына инвестиция салу секілді қырлары екі елдің ортақ тұстары ретінде көрінеді. Екі үкімет те дін істерін басқарудың институционалдық тетіктерін жетілдірумен айналысады десек болады.

Айырмашылықтарға келсек, Қазақстан унитарлы, Малайзия федеративті ел, Малайзияда ислам Федерацияның ресми діні әрі оның рөлі елдің конституциялық, құқықтық және мәдени негізіне енгізілген. Ислам институттары мемлекет тарапынан қолдау алады, ал шарифат құқықтық жүйесі мұсылмандар үшін жеке және отбасылық мәселелерде азаматтық заңмен қатар жұмыс істейді. Дегенмен, Малайзия мұсылман емес қауымдастықтардың да өз діндерін еркін ұстану құқығын қолдайды және елде өзара түсіністікке ықпал ететін бірқатар конфессияаралық кеңестері мен бастамалары тұрақты жұмыс істейді. Дегенмен мұсылмандардың сенімі заңмен қорғалады. Қазақстан, керісінше, барлық діндер заң алдында тең және мемлекет бірде-бір діни сенімге артықшылық бермейтін зайырлы мемлекеттік үлгіні ұстанады. Бірақ қазақ қоғамындағы халықтың басым бөлігі ұстанатын исламның тарихи рөлі мен мәдени мұрасын мойындайды. Қазақстан тұрақты түрде «Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі» секілді мемлекет жетекшілік ететін диалог

бастамалары арқылы конфессияаралық келісімді белсенді түрде ілгерілетуде. Сондай-ақ діни қызмет қоғамдық тәртіп пен ұлттық қауіпсіздікті сақтау үшін реттеледі. Малайзияның дінге негізделген федерализмі және Қазақстанның зайырлы конституционализмі формалық жағынан әртүрлі үлгі екендігіне қарамастан, Малайзия Исламдық даму департаменті (JAKIM) арқылы және Қазақстан Ақпарат және әлеуметтік даму министрлігі мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ) арқылы діни саланы реттейді. Малайзия мен Қазақстан конфессияаралық татулық пен дін-мемлекет тепе-теңдігін сақтаудың әртүрлі, бірақ бірін-бірі толықтыратын тәсілдерін көрсетеді. Олардың тәжірибесі діни келісімді сақтау ісінде, ұлттық тұрақтылықты нығайту, тұрақты даму мен жаһандық ықпалдастық үшін маңызды саналатын плюрализмді басқару туралы құнды түсініктер ұсынады. Осы ерекшеліктердің салыстырмалы талдауы – зерттеуіміздің маңызды қырын құрайды.

Ғылыми жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңызы: Этносаралық және конфессияаралық қатынастарды реттеу ісінде, зайырлы мемлекет бола отыра исламдық факторды дамыту тұрғысынан әрі мемлекет пен конфессияаралық қатынастардың үйлесімді моделін табуы жағынан қазіргі Малайзия Федерациясын зерттеу нәтижелерінің берері мол. Аталған факторлардың барлығы Малайзияның экономикалық өрлеуінде кешенді қызмет атқарған. Осы себепті диссертациялық зерттеу барысында алынған теориялық қағидалар мен нәтижелер – Малайзияның көп жылдар бойы осы салада мол тәжірибе жинақтағанын әрі бірегей модель қалыптастырғанын көрсетеді. Мұның тарихи негізі де жоқ емес. Сондықтан зерттеудің негізгі ой-тұжырымдары мен қорытындыларын діни ұйымдар мен азаматтық қоғамның басқа да субъектілері іс жүзінде өз кәделеріне жарата алады. Қазақстанға тән зайырлылық үлгісін жетілдіруде, мемлекет пен дін қатынастарын дамытуда, елдегі исламның мәртебесін айқындауда зерттеуіміз мемлекеттік қызметкерлер мен ғылыми зерттеушілерге практикалық тұрғыда пайдаға жаратуға болатын нақты ғылыми тұжырымдар ұсынады. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелерін дінтану мен аймақтану тарихына қатысты арнайы курстарда қолдануға болады.

Ғылыми жұмыстың нәтижелерінің жариялануы және сыннан өтуі. Диссертациялық жұмыс Нұр-Мубарак Египет Ислам мәдениеті университеті «Дінтану» кафедрасында орындалды. «Дінтану» кафедрасының 15.10.2025 жылғы мәжілісінде (№3 хаттама) алдын ала қорғаудан өтті.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбын зерттеу кезінде кейбір ғылыми тұжырымдар мен зерттеу нәтижелері 7 мақалада жарық көрді: имфакт факторлы ғылыми басылымда 2 мақала, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда 3 мақала және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 2 мақала жарияланды.

I. SCOPUS базасына кіретін журналдағы мақалалар:

1) Peculiarities of Kazakhstan and Malaysia in View of the Relationship between State and Religion // Journal of Islamic Thought and Civilization (JITC). – 2023. – Т. 13. – №. 1. <https://journals.umt.edu.pk/index.php/JITC/article/view/2775>

2) Cyber-Islamic Environment in the Religious Field of Kazakhstan. Journal of Islamic Thought and Civilization 15, Kanat Kupeshov, Satershinov Bakhitzhan, Shagyrbay Almasbek, Meimankhozha Nurmukhammed, Zhanat Aldiyarova, and Nurgul Tutinova., no. 2 (2025): 473–485. <https://doi.org/10.32350/jitc.152.26>

II. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда жарияланған мақалалар:

1) Ортағасырлардағы мемлекеттік-шіркеулік қатынастар және діни сана // «Әл-Фараби» әлеуметтік гуманитарлық зерттеулер журналы. №2 (62), – 2018 ж. 151-163 бб.

2) Діндарлық феномені, мәні мен типтері // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Дінтану сериясы. №3 (19), – 2019 ж. 40-47 б.

3) Малайзияда қалыптасқан діни жағдайға шолу // «Адам әлемі» философиялық және қоғамдық гуманитарлық журналы. 4 (86), – 2020 ж. 99-104 бб.

III. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жарияланған мақалалар:

1) Малайзияның қалыптасу тарихында діни көптүрлілік // «Дінтану» мамандығының 20 жылдығына арналған «Дінтанудың қазіргі жағдайы мен оның даму перспективалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 16-Қараша. 2019 ж. 121-124 бб.

2) Малайзияның саяси-әлеуметтік өміріндегі негізгі конфессиялар // «Исламтану және араб филологиясы мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, XVII том. 2019 ж. 211-220 б.

Диссертацияның құрылымы. Диссертациялық жұмыстың құрылымы зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сай кіріспеден, екі негізгі тараудан, алты тараушадан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі – 135 бет.

1. МАЛАЙ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСЫП ДАМУЫНДАҒЫ ДІННІҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

1.1 Отарлық кезеңдегі Малайя елінің мәдени-әлеуметтік, этно-діни жағдайы

Малай мемлекеттігінің дамуы тарихи ұзақ жолдан өткен күрделі әлеуметтік-діни және саяси процестің нәтижесі. Аграрлық қоғамның феодалдық қатынастары шиеленіскен кішкентай сұлтандықтан, араб, үнді және батыс отарлаушы күштерін өзіне тартқан түбектегі стратегиялық мемлекетке айналуына дейінгі уақытта діни алуандығымен ерекшеленетін қоғам құрып үлгерген бұл аймақтың қоғамдық құрылысы қайталанбас ерекшелігімен көзге ұрады. Уақыт өте келе діни алуандығына күрделі капиталистік қатынастар әсер еткен малай қоғамында діни және ұлттық бірегейлік мәселесінің маңыздылығы арта түсті. Португал және британ отарлығын бастан өткеріп, діни және ұлттық бірегейлігі үшін күрескен Малакка сұлтандығынан бастап, Малайя федерациясына айналуы, кейіннен Малайзияға бірігуі – тек территориялық өзгеріс ғана емес, қоғамдық құрылымдар, құқықтық нормалар және мәдени бірегейлік деңгейіндегі күрделі өзгерістердің жиынтығы. Осы бөлімде біз Малайзия мемлекетінің тарихи экскурсын, сол қоғамның діни өткені мен тарихи жолын малай қоғамының этно-мәдени және діни бет-бейнесін қалыптастырған тарихи үдеріс ретінде жүйелі түрде қарастырамыз.

XV ғасырда Батыс Европада өзінің ішкі дамуына қажетті табиғи-материалдық ресурстарға деген сұранысқа байланысты, жаңа теңіз сауда жолдары мен алыс елдерді игеруге деген империялық құлшыныс белең алды. Отарлау жолына түскен португалдықтар Африка жағалауынан бастап, Үндістан, Қиыр Шығысқа дейінгі аймақты игеріп алтын іздеу жолына түсті. Расында, ақ нәсілділердің ашық жағалауға аяғы тигендегі бірінші кезекте іздегені алтын болды [40, 7 б.]. Бұл кезең Оңтүстік Шығыс Азия елдері ғылым мен техникада артта қалып, толықтай Батыс елдерінің отарына айналған уақыт болатын [14, 2 б.]. Ол уақытта Батыс Малакканың Батыстан Шығысқа жүзетін негізгі жолдағы Малакка бұғазында орналасқан Малакка қаласы аймақтағы басты сауда орталығы еді. Портты қаланың байлығы Лиссабоннан Пекинге дейін әйгілі еді. Қала саудагерлер, миссионерлер, шалғайдан келетін авантюристер үшін өте тартымды болды.

Малакка сұлтандығы 1402 жылдан 1511 жылға дейін өмір сүрді. Оны құрған Парамешвара (1344-1414) 1414 жылы исламды қабылдап мұсылманша Ескендір-шах есімін иеленген еді. Бұған дейін қазіргі Сингапурдың орнында өмір сүрген Тумасека патшалығының билеушісі болған Парамешвара 1395 жылы Сиам әскерінен жеңіліп, қашады да аз ғана әскерімен Муар өзенінің маңындағы «Бес арал» деп аталған кішкентай қыстаққа жайғасып, сол жерде Малакка сұлтандығын құрып еді. Ол енді Малакканың белсенді түрде жерін кеңейтуге кіріседі. Қоғамдық және мемлекеттік құрылымы бойынша, өзіне дейінгі қала-мемлекеттердің дәстүрлі ерекшеліктерін сақтап қалады. Ол басқарған ел қазынасы Үндістан, Қытай, Сиам, Бирма және т.б. мемлекеттермен арадағы сауда кірісіне тәуелді болатын. Малакка Сиам еліне вассал сұлтандық

болғандықтан, сюзерен талабымен әскерге және флотқа салық төлеп тұрды. Бірақ, сұлтан жерге иелік ететін жоғарғы басшы ретінде мойындалды, ол шаруалардан жерге салық жинады. Сұлтан өкілдері Малакканың оңтүстігінен солтүстігіне дейінгі бірқатар елді-мекендерді бақылауда ұстады, ал жалғасқан шеткі аумақтар Малакка билеушісіне вассалдық тәуелділікте болды [41, 524 б.]. Бұл кезеңде қала халқының саны шамамен 300 мың адамды құрады. Жоғарыда айтылғандай, Малакка сұлтандығының экономикасының негізін жалпы алғанда шетелдік саудагерлер жүргізді. Саудаға салынатын салық елдің шамамен негізгі кірісі болып табылды. Бұл табысты ел билеушілері өзара бөлісіп отырды. Сұлтандар даңғазаға әуестеніп, түскен пайданы оңды-солды шашқандықтан, Малакка ішкі ресурстарымен өз-өзін қамтамасыз ете алмады.

Малакка ежелгі Қытай мен Үнді өркениеттерінің ықпалы тоғысқан жерде орналасқандықтан, аймақта негізінен мына этникалық қауымдастықтар мекендеді: малай, қытай және үнді. Мұсылман малайлар тұрғындардың 58,1 % құрайтын. Буддист, даос, конфуциандық, аз мөлшерде болса да христиандар болып келетін қытайлар ел халқының 22,4 пайызын құрсаса, индуизм, буддизм дінін ұстанатын, араларында сикх, мұсылман және христиандар да кездесетін үнділер жалпы халықтың 6,5 пайыз бөлігін иеленетін [2, 8 б.]. «Бумипутра» (жер ұлдары) статусына ие этникалық топтарға берілген атау. Малай мен малай емес бумипутра Сабах пен Саравак штаттарында мекендейді (тұрғындардың 11 %). Малай емес бумипутра Саравак штатының жартысынан көбін (30 % - ибандар) және Сабах штатының 60 %-ын мекендеді (18 %- кадазан дусундар мен 17 % - баджаустар). Бұдан бөлек, «Оранг асли» (малай тілінде «нағыз адамдар») деп аталатын байырғы этностар бар. Оранг Асли әлеуметтік қатынаста 3 топқа бөлінеді: семангтар (негрито), сеноилер мен протомалайлар. Олар да өз кезегінде 18 субэтникалық топтарды қамтиды. Бұл байырғы жұрттың тілі австроазиаттың және австронезилік тіл тобына жатады [2, 8 б.].

Бұл аймақта ерте кезден брахманизм, индуизм мен буддизм секілді Үндістаннан жеткен діндер таралды. Малакка түбегінің солтүстігіндегі алғашқы елдер (Ланкасука, Тамбралинга, Такола, Кедах және т.б.) үнді стилін жақын тұтып, олардың билеушілері үнді атын не титулын иеленді, қоғам варналарға (каста) бөлінді. Үнді ықпалының басымдылығы Шривиджайя (VII-XIII ғғ.) империясының дәуірлеп тұрған жылдарымен тұспа-тұс келді. Бұл уақытта ел билеушілері буддизмді таратуға әрі орнықтыруға күш салды. Яведе әйгілі Будда храмы Боробудур осы кезеңде тұрғызылды. IX-X ғғ. Малай қаласы Кедах Шривиджайяның маңызды сауда портына әрі буддизмнің орталығына айналды. Бүгінгі күнге дейін сақталған көптеген буддалық ескерткіштер осыны айғақтайды [19, 19 б.]. Құрлықта буддизмнің теравада тармағы тарайды [42].

Жергілікті мұсылмандар туралы алғашқы мойындалған дерек Марко Полоның 1292 жылғы жазбасында бар. Әйгілі саяхатшы Суматраның солтүстігіндегі Перлак қаласы мұсылмандардың қаласы екенін жазып кеткен [21, 51-52 б.]. Малайзия тарихшылары Келантанда ислам дінінің пайда болуын анағұрлым ертерек 1181 дейінгі кезең деп көрсетеді. XIII ғасырға қарай Оңтүстік Шығыс Азияға сауда жасайтын арабтарды Үндістандық мұсылман

саудагерлер алмастырды, яғни ислам арал архипелаг арқылы таралды. Үнділік мұсылман саудагерлер үшін Гуджарат сауда флоты ерекше орын иеленді. Жергілікті басшылардың исламды қабылдауына жекелеген сұлтандардың мұсылман саудагерлерді өздеріне жақын тартып, олардан қолдау күткені, сондай-ақ үнді, буддалық державалар Маджапатхату, Сиам, Мелаяларға қарсы күш құрағысы келгені рөл ойнаған. Әйгілі араб саяхатшысы Ибн Баттута 1345-46 жж. сұлтанның Шафиғи мәзһабын ұстатынын жазған [26, 222 б.]. XV ғасырға қарай ислам діні сұлтанатта толық орнығып, діни сипаттағы саяси-әлеуметтік институттар дамып, Малакка сұлтандығы орталықтанған мемлекетке айналып үлгерген еді.

Александр Вайн (Alexsander Wain) Мелакаға ислам Хадрамаут, Гуджарат, Бенгал, Оңтүстік Үндістан саудагерлері не сопылары арқылы жетті деген қалыптасқан пікірде. Бағзы тұжырымдарында Малакаға ислам Самудра Пасаймен еш қатысы жоқ қытай мұсылмандары арқылы жетті дегенді айтады. Сонымен қатар қытай мұсылмандары (атап айтқанда, қытай адмиралы Чжэн Хэ) аумақтың басқа өңірлерінде, әсіресе солтүстік Яваның исламдануына айтарлықтай ықпал еткен. Ол бұған ерте кездегі мешіттердің салыну үлгісін де дәлел ретінде келтіреді [43, 35 б.].

Жалпы тарихшылардың айтуынша, бұқара халыққа исламның сіңуі бір ғасыр уақытқа созылды. Исламды қабылдауымен малайлардың көне оңтүстік үнді графикасы араб әліппесіне ауысты, малай тіліне көптеген араб сөздері енді, «махараджа» титулы «сұлтан» деген араб титулына алмастырылды. Мұсылман дәстүріне орай ендігі жерде жанды заттар тас, ағаш не картинкаларда бейнеленбейтін болды. Малайяда мұсылман мерекелерінің баршасы: құрбан айт, ораза айт, мәуліт, Меккеге қажылық айлары, мухаррам айында аза тұту т.б. аталып өтетін болды. Құрбан шалу, баланы сүндетке отырғызу, доңыз етін жемеу дәстүрлері орнықты. Малайяда исламға дейінгі де үйлену ғұрыптары т.б. көп уақыт сақталып келді. Малайяда әйел кісі өзге мұсылман елдеріне қарағанда артық құқықтар иеленді. Мұрагерлік құқы дәстүрлі күйінде қалып, ал мұсылман еместерде жесір әйел мүліктің $\frac{1}{8}$ ін емес одан да көбін иеленді. Әйел кісі өзінің мүлкін иеленуге, өз ісін жүргізуге т.б. құқылы болды. Ислам Малайяның араб-парсы мәдениетінің жаухарларымен танысуына жол ашты. Мұсылман аңыздары, араб, парсы әңгімелерінің мазмұны малай топырағына сіңіп, малай әдебиетін байыта түсті. Мұсылман әлемімен танысу малайлардың дүниетанымын кеңейтті. Малакка қаласының өркендеген уақыты Мансур шах сұлтан кезіне тән. 1459- 1477 жылдар аралығында басқарған Мансур шах зәулім сарайлар тұрғызды, әдебиет пен өнердің дамуын қолдады.

Малайяның ұлы тарихи-әдеби ескерткіші «Седжарах Мелай» (Малай шежіресі). Шежіре авторы Малаккада португалдықтар жаулағанға дейінгі уақытта өмір сүрген аты белгісіз тарихшы, жазушы, ақын әрі ойшыл жан. «Хикаят Ханг Туах» (Ханг Туах жайлы повесть) шығармасы, «Хикаят Ескендір Зулқарнайн», парсыша «Хикаят Амир Хамза», Мұхаммед пайғамбар сахабалары «Хикаят Мухаммед Ханафия», бұған қоса, парсы, үнді тілдеріндегі «Тути наме», «Қалила мен Димна», «Панчатантра» шығармалары малай тіліне

аударылды. Мансур шах уақытында қала халқының саны 40 мың адамға жеткен екен [44, 4 б.]. Исламның келуімен мұсылманша некелесу дәстүрі нық қалыптасты. Сұлтандықтың «Унданг-Унданг Мелака» (Малакка кодексі XV ғ.) және «Мелаки унданг-унданг лаут» (Малакканың теңіз заңдары XV-XVI ғ.) атты негізгі кодекстеріне де ислам діні айтарлықтай ықпал етті. Мазмұнында XIV-XVI ғасырлардағы малай қоғамының әр түрлі қырлары туралы бай материалдар қамтылған». «Малакка кодексі» «Хукум Канун Мелака», «Рисалат Хукум Канун» секілді түрліше атауларға ие [50]. «Малакка кодексінде» исламның Шафиғи мәзһабы бойынша некелесу құқы, теңіздегі қатынастарды реттеу нормалары, жер заңы, исламдағы сауда құқы және исламға дейінгі әдет құқығы қамтылған.

«Исламға дейінгі малай құқықтық нормаларына (адат, дәстүр) үнді, буддалық және басқа да аймақтық құқықтық нормалар ықпал еткен. Әдеттегі құқық негізгі екі формада көрініс тапқан: «адат перпатех» және «адат теменгунг». «Малакка кодексі» мейлінше біртұтас кодекс, ол үлкен мөлшерде исламға дейінгі құқықтық нормаларды да қамтығанына қарамастан, негізінен мұсылмандық құқыққа негізделген. Ол бірқатар нормаларды құрайды: отбасылық, мүліктік, сауда, қылмыстық құқық әрі үнемі шариғат пен мұсылман құқығының негізгі бұлақтарына (Құран, сүннет, қияс), көптеген аяттар мен фикһ терминдеріне сүйенеді. Мұсылмандық нормалардың басымдығы анық байқалады, дегенмен исламға тіке қайшы келіп қалатын байырғы әдет нормалары да алынып тасталмаған. Кодексте кей тұстарда бір мәселеге қайшылықты түсініктемелер де берілген. Малай құқықтық нормаларының бұндай синтетикалық сипаты құқықтық жағдайларға байлам жасау еркі соттың қолында болғанын аңғартады. Дегенмен байырғы әдет исламға қайшы келгенде, басымдық исламға берілген жағдай да орын алған [45, 390 б.].

Исламның келуімен мешіт, медреселер жұмыс істеді, сауат ашу негізінен мұсылманша болды. Дәстүрлі білім беру сурауларда (сопылық шағын ғибадатхана), үлкен мешіттерде және имамның үйінде берілді. Кейде шайхтардың үйлері де осы мақсатта қолданылды. Араб тіліндегі тапсырмалар мен Құран шәкірттерге жаттату арқылы үйретілді. Бұл орындар «мектеп» не «Құран сыныптары» деп аталды. Малайяның кейбір аудандарында дәстүрлі діни семинарларда (пондок) формалды білім беру жүргізілді. Пондок жүйесінде діни мәтіндер ғана емес, шәкірттер үшін оқу мен тәжірибе ұштастырылды, малайлардың рухани мәдениеті мен классикалық малай әдебиеті де оқытылды. Пондоктарда дәстүрлі діни білім беру бірнеше ұрпаққа жалғасты. «Пондок» арабтың «финдуқ» сөзінен алынған, жайғасу орны дегенді білдіреді (Berarti Tempat Penginapan) [46, 745 б.]. Алты жасқа толған бала Құран оқу сыныбына бара алатын. Шәкірттерге джави (малай диалектісі) тілінде жазу, араб әліппесімен малайша жазу үйретілді. Ол уақыттардағы оқу бағдарламасы жайлы мәліметтер аз, дегенмен жалпы алғанда ислам негіздері, малай тілі, араб тілі мен грамматикасы, каллиграфия, Құран жаттау, хадис, фикһ, тарих пен әдебиет тұрғысынан «хикаят» деп аталатын бірқатар классикалық романдар

оқытылған. Бұл туралы, Мунши Абдулла өзінің хикаятында дәстүрлі білім берудің кейбір қырларын таныстырған [47, 38 б.].

XVI ғасырда Малакка сұлтандығында билеуші топтар арасында, 1500-1510 жж. Махмуд шах пен бар билікті өзіне тартып алғысы келген бас министр Тун Мутахир арасында үздіксіз күрес жалғасты. Бұл жағдай сұлтандық басқару жүйесіне кері әсерін тигізіп, оның дамуын тежеді. Яғни XVI ғасырда Малаккада билік беделінен айрылып, португалдықтардың отар болуына әкеліп соқты.

Бұл аймақта христиандық XVI ғасырдың басында португалдық, испандық миссонерлер арқылы, кейінірек француздар арқылы тарады. Дегенмен христиандыққа Оңтүстік Шығыс Азия елдері қызығушылық таныта қоймады. Үкіметтің отарлық саясатына көбірек иек артқан испандық монахтар жергілікті халықтардың дәстүрі мен мәдени құндылықтарына көп зақым келтірді. XVIII ғасырға қарай оңтүстігіндегі мұсылмандарды қоспағанда, Филиппиндердің көп бөлігі рим-католик шіркеуіне тән болды. Дегенмен өзге Оңтүстік Шығыс Азия елдерінде (Вьетнам мен Индонезияның шығысындағы Молуккас арал жағында) христиандыққа аса бір қызығушылық болмады. Оған XVI ғасырда Таиланд пен Камбоджадағы буддалық монахтар қарсы тұрды [42].

Осылайша, 1511 жылы Малакка портын жаулап алған португалдықтар оған Оңтүстік-Шығыс Азия аймағындағы тірек бекеті ретінде қарап, қаланы әскери бекініске айналдырады. Португалдықтар Малакка арқылы өтетін теңіз жолдарын бақылауда ұстады, саудагерлерден салық ретінде айтарлықтай мөлшерде қаражат алып отырды. Олар миссионерлік күштеу арқылы жергілікті мұсылман тұрғындарды репрессияға ұшыратты. Португалдықтардың билігі Малакка түбегінде тек Малакка және оның маңайымен шектелгеніне қарамастан, Малай мемлекетінің экономикалық және әлеуметтік саяси дамуына түбегейлі өзгеріс әкелді. Португалдықтар кезінде салынған көптеген ғимараттар қаланың кейпін өзгертті. д'Албукеркидің кезінің өзінде Малаккада Успения Богородицы шіркеуі салынып, 1557 жылы Малаккада епископтық құрылған уақытта кафедралды собор қызметін атқарды. 1570 жылы биіктеу жерде Малаккада португал кезінен қалған әсем ғимарат ретінде Благовещение шіркеуі тұрғызылды. Оның маңынан иезуиттер өз ғимаратын салып, олардың штаб пәтері мен мектебі сонда орналасты. Бұдан басқа да португалдар отарлаған уақытта король емханасы, епископ сарайы, Мизекорди (қайырымдылық) үйі салынды.

Португалдықтар өз билігі мен сауда монополиясын сақтап қалу үшін қатаң террорлық әрекеттерге дейін барды. 1524 жылы вице-король да Гама (Васко да Гаманың ұлы) Малакка билігінің рұқсатына қарамастан Малакка бұғазынан өткен кеме иелерінің бәрін өлімге бұйырды. Бұл жағдай XVI ғасырда саудагерлердің Малаккадан қашып, Малайяның оңтүстігі, Солтүстік және Оңтүстік Суматра, Батыс Явамен сауда жасауына итермеледі. Португал отар билеушілерінің ірі жемқорлыққа батуы, лауазымды тұлғаларының мемлекеттік сауда монополиясын өрескел бұзған кемшіліктері көп өтпей-ақ байқалды. Отарлаушылар өзге сенім иелерін қудалап, жергілікті халыққа көрсеткен кәтігездіктерін діни фанатизммен ақтап алып отырды. Малакканың басып

алғанына бір апта өте салысымен д'Албукерки қалада көшеде көрінген мұсылмандарды жынысы мен жасына қарамастан тегіс қыруға бұйрық берді. Португалдықтар Малаккадағы билігі кезінде жергілікті халықты күштеп христиан сеніміне кіргізу саясатын жүргізді. Португалдықтардың жергілікті әйелдермен аралас некені қолдауына қарамастан, Малаккадағы және оның маңайындағы елді мекендердегі христиандар саны 20-30 мың, халықтың 6,5 %-нан аспады [20, 38 б.].

Голландиялықтардың Оңтүстік Шығыс Азияға аяқ басуы Нидерландияның экономикалық дамуын жетелдеткен нидерландтық буржуазиялық революция (1566-1609 жж.) аяқталмай тұрып жүзеге асты. Голландиялықтар 1641 жылы Малакканы жаулап алды. Бұл оқиға түбектегі жағдайды түбегейлі өзгертті. Малакка әлемдік порт ретіндегі маңызынан айырылды, себебі Ост-Инд компаниясы халықаралық сауда жолдарын өз иеліктеріндегі Индонезияның астанасы – Батавиге бағыттады. Голландиялықтар кезінде жергілікті жерлерді «янг ди пертуан бесар» (басшы болып табылатын тұлға, әдебиеттерде көбіне сұлтан деп аталады) титулына ие басшы басқарды. Бұл иеліктерде сұлтандық деңгейінде, тіпті өз ішінде де билікке талас толассыз жүріп жатты. Қоғамның басым бөлігін шаруалар (раяттар) құрады, олар мұраға жерлер иеленіп, ол жерлерді сатуға, сатып алуға және кепілге беруге құқылы болды. Өңделмеген жерге иелік ету құқын сұлтан иеленді. Жиналған өнімнің оннан бір бөлігі берілді. Бұған қоса, тұрғындардың қоғамдық жұмысқа жегілуі де табыс есебіне алынды. Тек XIX ғасырдың басында ғана рентаның ақшалай формасы таралды [41, 530 б.]. XVII ғасырда Англиямен сауда соғысында, «испан мұрасы» үшін шайқаста Голландия жеңіліс тапты. Голландиялық Ост-Инд компаниясы күшейген Англияның тегеурініне шыдамай, өзінің монополияларын қорғай алмады. «XVIII ғасырдың басында-ақ голландиялық мануфактуралардан ағылшындықтар асып түсіп, Голландия үстем сауда және өндіріс ұлты болудан қалған болатын» [15, 13 б.].

Малайларға Британияның бақылау орнатуы 1874 жылы Перак билеушісімен жасасқан Пангкор келісімімен басталды [44, 306 б.]. Малайядағы Ұлыбританияның отарлау саясатының өзіндік ерекшеліктері болды. Шағын, стратегиялық маңызы бар аудандар тікелей бақылауға алынды, ал қалған үлкен аумаққа монархия жүйесін сақтай отырып, жергілікті сұлтандарды протекторат жүйесіне алу арқылы жанама бақылау орнату режимі жұмыс істеді. Бұл тұрғыда Британдық отарлаушылар үшін аумақта Стрейтс Сетлментс пен (бұрын құрамдас бөлік болған) Сингапур стратегия тұрғысынан маңызды рөл ойнады. Бұл уақытта аймақтан мол қалайы кені табылып, экономиканың өсуіне жол ашты. Қалайы шахталарына бақылау үшін жергілікті билеушілердің қарсылықтары күшейді. Осы факторлар жағалаудағы саудаға, өндірістің кейінгі өсіміне кері әсер етіп, соңында азаматтық соғысқа алып келді. «Тәртіп орнату» мақсатында ағылшындар малай сұлтандықтарының ішкі істеріне араласты, оларды тіпті өздерінің «қорғауына» алды. Осы жолмен сұлтандықтар өкілеттігі кең ағылшын резиденті институтының басқаруына өтті. Сұлтандар малай дәстүрі мен дінінен басқа барлық мәселені ағылшын резиденциясы кеңестеріне

сай жүргізуге міндеттелді. Салық жинау мен сұлтандық әкімшілігінің барлық жұмыстары да резидент «кеңесіне» тәуелді болды. В. Пергелл Британия отары болған кездегі Малай еліндегі өзгерістерге назар аудартады: 1874 штаттардың шекараларына қатысты жиі дау туатын, жағалаулар, өзендердің шетімен шектесетін, тұрғындар саны көп емес болатын (шамамен, 300 000 адам). Басқару жүйесі феодалды, автокөлік жолдар, теміржолдар, емханалар мен соттар, қоғамдық жұмыстар не қоғамдық ғимараттар болмады. Ақсүйектер мен билеушілердің жеке табысынан басқа үкіметтік қаржылық жүйе атымен жоқ еді. Британия қол астына қараған уақытта ел біршама өркендеді: автокөлік және теміржолдар салынды, қоғамдық жұмыстар үйлестірілді, кіріс қайта ұйымдастырылып, денсаулық сақтау мен білім беру жоспары субсидияланды [48, 24 б.]. Капиталистік қатынастар тез қалыптасты: банктер құрылды, сауда үйлері салынды, сақтандыру және транспорттық компаниялар жұмысы жолға қойылды. 1911 жылы Малайяда малайлар тұрғылықты халықтың 51%-ын, қытайлар - 33 %, үнділер - 11 %, ал 1921 бұл көрсеткіш 49,2 %, 35 %, 14 % болып өзгерді [49, 24 б.].

1896 жылы отар елдерді басқаруда орталықтандыру мен басқаруды күшейту мақсатында Ұлыбритания өзінің малай протектораттарын федерацияға біріктіру саясатын қолға алды. Билігінің шектелуіне қарсы шыққан сұлтандармен келісім жасап, олардың жергілікті билігі шектелмейтініне кепілдік берілді. Өз кезегінде сұлтандар Британ үкіметінің өкілі ретінде бас резидентке бағынатындықтарын мойындады. Ол Сейтс Сетлментс губернаторына бағынды, сұлтандар, жоғарыда айтылғандай, мұсылман дінінен бөлек барша істе бағыныштылық танытты. Британия өзінің басқару жүйесін құруда кең мүмкіншіліктер иеленді. Құрылған Федерация саяси бірлік емес, малай сұлтандарын отарлық басқарудың орталықтанған жүйесін ғана білдірді. Бар билік бас резиденттің қолында болып, сұлтандар тек соның бұйрықтарын орындаушыларға айналды. Отарлық басқарудың орталықтанған жаңа жүйесінде федерация құрылғанға дейінгі жергілікті сұлтандардың аз билігінің өзі жойылды. Бұл малай ақсүйектері арасында наразылық тудырды. Сұлтандардың қолдауынан айрылып қалу қаупі төнгенде ағылшындар басқару түріне реформа жасады. 1909 жылы Сейтс Сетлментс губернаторы мен сұлтандар арасында Федералды кеңес құру туралы келісім жасалды. Алайда бұл реформа формалды сипаттан аспады, сұлтандардың басқарудағы құзыретін арттырмады. Ұлыбританияның Малайядағы басқару жүйесі XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басынан 1940 жылдарға дейін еш өзгеріссіз сақталып келді.

1942-1945 жылдары Малайя халқы жапон отарлауында ауыр да азапты кезеңді бастан кешті. Малайя экономикасы тұралады. Бомбаланған шаруашылық жерлері қатты зақымданды. Кеніштер, қалайы өңдейтін заводтар, электростанциялар мен көптеген өндіріс орындарының жұмысы тоқтады. Малайя мен Суматраны орталығы Сингапурдағы жапондық әскери әкімшілік арқылы басқарды. Кең өкілеттіліктерге ие жапондық басқыншылар жергілікті халықпен тіл табысуға тырыспады, халықты террор және қорқытып-үркіту

арқылы басқарды. Әсіресе, қытай ұлты ауыр салықтар төлеп, қатал репрессияға ұшырады. Малайядағы үндістердің басым бөлігі де ауыр сынақтарға душар болды. Жұмыссыз қалған үндістер плантация жұмысшылары «өлім жолы» деп аталған Тайланд пен Бирма арасындағы жол құрылысына жегілді. Жұмыскерлер ол жақта көп мөлшерде ажал құшты (60 мың жұмысшының тек 20 мыңы сау қайтқан) [20, 109 б.]. Жапон әкімшілігі елдегі ұлттарды бір-біріне айдап салу саясатын жүргізді. Ол малайларға жергілікті титулды ұлт ретінде артық құқықтар тән екенін аңғартып, оларды өздерімен ынтымақтастыққа тартты. Көтерілісшілер мен партизандарды басуда жапондықтарға көмектесетін малайлықтардан тұратын полиция бөлімшелері құрылды. Малайя мен Оңтүстік-Шығыс Азияның басқа да елдерінде «Азия тек азиаттар үшін» деген кең нәсілді үгіт жүрді. Өздерін өзге Азия халықтары үшін «үлкен аға» ретінде жариялай отырып, жапондықтар еуропалықтарды қуып, «Өркендеудің Ұлы Шығыс-азиялық үлгісін» құруға шақырды. Саяси тәжірибесі жоқ кейбір ұлт өкілдері Жапония көмегімен отарлықтан құтылуға болады деп сенді. Жапондықтардың басқыншылығына қарсылық ұйымдастыруда Коммунистік партия да белсенділік танытты. Партия 1943 жылы Малай халқының жапондықтарға қарсы армиясын да құрды. Жапонияның капитуляциясынан кейін армия жергілікті жерде атқарушы билік ісін жүзеге асыратын халықтық комитеттер құрды. Малайя коммунистік партиясы соғыстан кейінгі жылдары азаттық қозғалыстарында жетекші рөл атқарды. Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін Британдық Малайя тарихында жаңа кезең басталды. 1944 жылы британдық министрлер кабинетіне малай сұлтандықтары мен Стрейтс-Сетлментсті бір отар етіп біріктіру жайында ұсыныс жасалды. Осы мақсатта 1946 жылы Малай Одағы құрылып, құрамына барлық британдық малай территориялары кірді, жеке отар ретінде тек Сингапур ғана кірмеді. Малай одағында малай сұлтандарының билігі бұрынғыдан да көп мөлшерде шектелгеніне қарамастан, британдық билік малай билеушілерін жаңа одаққа кіруге көндірді. Бұған көндіруге оңтайлы көзір ретінде жапон басып алуы кезінде жапондықтармен ынтымақтастыққа барғаны үшін оларға айып тағылуы мүмкін екенін пайдаланды.

Малай билеушілері бар билікті британдықтарға беріп, тек ислам дініне қатысты мәселелермен ғана шектелді. Сұлтандықтардағы мемлекеттік кеңестер өкілеттіктерінен айырылған қалпы қызмет етуін жалғастырды, бірақ ендігі жерде оларды сұлтандардың орнына британдық резиденттер басқарды. Малай одағын британ губернаторы басқарды, бұл Малай түбегін ресми түрде Ұлыбритания басқарғанын білдірді. Дегенмен малайлықтар британдықтар тандаған өз аумағын басқару формасына наразылық танытты. Малайлар тарапынан толқулар мен наразылықтар, үкіметтік мекемемен ынтымақтасудан бас тарту нәтижесі Малайядағы басқару ұстанымдарын қайта қарауға алып келді. 1948 жылы Малай Одағы Малай Федерациясы болып қайта құрылды. Тоғыз малай сұлтандығы қайтадан Англияның протектораты, Малакка мен Пенанг британиялық отарлық территория ретінде барлығы бірге федерацияны құрады. Сұлтанаттардағы үкіметтік кеңес жергілікті билеушілерге қайта

берілді. Федерация басшысы британдық Жоғарғы комиссар болып табылды. Ол Атқарушы және Заң шығарушы екі кеңеспен ақылдаса отырып атқару билігін жүргізді. Осы жылы Малай коммунистік партиясының жетекшілігімен басқа да қоғамдық ұйымдар отарлаушыларға қарсы көтеріліс ұйымдастырып, британдықтардың кетуін, тәуелсіздік алу мәселесін талап етті. Малай Демократиялық одағы қытайларға сенім артып, ұлтшылдықты жеңу үшін Сингапурмен бірігіп, өзін өзі басқаруды талап етті. Енді бір жағынан Малай ұлттық партиясының кейбір радикал өкілдері Индонезиямен бірігуді қалады. Бұл кезде сұлтандар өздерінің биліктен айрылып қалғанына наразы еді. Ал қауым басшыларынан құралған Біріккен Малай ұлттық ұйымы (ОМНО) азаматтық алу ережесіне байланысты, малайлардың өз елінде азшылыққа айналуына наразылық білдірді. Малай Федерациясының құрылуымен сұлтандардың артықшылықтары мен малайлардың ерекше құқықтары қалыпқа келтірілді. Ұлты малай еместерге азаматтық алу қиындатылды. 1948 жылдың шілдесінде отарлық әкімшілік Қытай коммунистерінің қатты ықпалындағы Малайя Компартиясы мен ол жетекшілік ететін ұйымдарға тыйым салды әрі 1960 жылдарға дейін төтенше жағдай жариялады. Британдық Малайядағы азиаттық халықтар арасындағы ұлтаралық қатынастар мәселесінде биліктегілерде XIX ғасырдың ортасына дейін белгілі бір стереотиптер болғандықтан, оқтын-оқтын жауластық өршіп отырды, дегенмен этникааралық одақтар мен мәдени ықпалдастық та орын алды. Отарлау жүйесі европалық нәсілдік теорияны өзімен бірге алып келіп, малай, қытай, үнді ұлттарының арасына үрей, сенімсіздік сала отырып, әлеуметтік-экономикалық тәртіпті реттеуде соған иек артты [16, 330 б.]. Европалықтар келгенге дейін этносаралық дұрдараздықтар болып, аккультурация жүріп жатқан еді. Ал Батыс отаршылдығы мұны бір шетінен реттеуге ұмтылды, бір шетінен тереңдете түсті. Себебі, ең бастысы қоғамның күш біріктіріп отарлық үкіметке қарсы шықпауы қажет еді.

Португалдықтар Малаккада әскери күш пен миссионерлік ықпал арқылы тікелей бақылау орнатуға ұмтылды: портты жаулап алып, оны әскери бекініске айналдырып, сауда жолдарын күштеп монополизациялады, жергілікті халыққа қарсы қатал репрессиялар мен күш қолданудан тартынбады. Олар көбіне қысқа мерзімді экономикалық пайда мен діни конверсияны көздеді, нәтижесінде Малакканың байлығы мен әлеуметтік құрылымы қатты өзгерді, бірақ жергілікті қоғаммен ұзақ мерзімді институционалдық өзара әрекеттестік орната алмады. Ал британдық отарлау стратегиясы стратегиялық өңірлерде тікелей бақылауды сақтай отырып, үлкен аумақтарды протекторат ретінде жанама басқаруға алдуды көздейтін. Олар Малаккада жергілікті сұлтандар мен институттарды сақтап, оларды өз басқару жүйесіне енгізу арқылы тұрақтылық пен әкімшілік тиімділікті қамтамасыз етті. Британдықтар экономикалық инфрақұрылымды дамытуға, капитализмді енгізуге және білім жүйесін қайта құруға басымдық беріп, осылайша әлеуметтік трансформацияны жүйелі түрде жүргізді. Қысқа сөзбен айтқанда, португалдықтар күшпен, бірден эффект беретін әдістерге

сүйенсе, британдықтар институционалдық және жүйелі өзгерістер арқылы ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық ықпал қалыптастырды.

Яғни, аймаққа Батыс отаршылдығынан бұрынғы кезеңдегі арабтардың әсері – саудагерлер мен сопылар арқылы исламды таратумен, жергілікті элиталармен діни-мәдени байланыс құрып, тіл мен құқықтық тәжірибелерге (араб әліппесі, шариғи ықпал) ықпал еткен босла; үнді әсері – одан да ерте кезеңде буддизм мен брахмандық/индуизм мәдениетін енгізіп, әлеуметтік-қоғамдық құрылымдарға (варна/каста элементтері, рәсімдер, құқықтық дәстүрлер) әсер еткен, Шривиджайя сияқты теңіз империялары арқылы аймақтық инфрақұрылымның негізін қалыптастырды; голланд (Ост-Инд компаниясы) және португал отаршылдығы сауда монополиясы мен транзиттік маршруттарды Батыс Яваға (Батавия) бағыттап, экономикалық эксплуатация мен компаниялық басқару арқылы Малакканың бұрынғы рөлін әлсіретті; ал Британ отаршылдығы – стратегиялық аймақтарды тікелей бақылауда ұстау мен кең аумақтарды протекторат ретінде жанама басқаруды үйлестіріп, инфрақұрылым, капиталистік өндіріс, ағылшын білім жүйесі мен миграция саясаты арқылы ұзақ мерзімді институционалдық және демографиялық өзгерістер енгізді («бөліп ал да билей бер» тактикасы, жергілікті сұлтандардың билігін сақтап, саяси манипуляция жолымен басқару).

Ортағасырдан бері отарлаушы елдер стратегиялық орталықта орналасқан Малакканы өзіне қарату арқылы дәмдеуіштер мен қазба ресурстарға сауда монополиясын орнатуды көздегеніне тоқталдық. Түбекті жайлаған халық бытыраңқы жағдайда болды, отарлаушы билік өз бақылауын орнату үшін «бөліп ал да, билей бер» саясатын ұстанды. Отарлық жылдары Малайяның әлеуметтік-қоғамдық өмірінде күрделі өзгерістер орын алды. Елдің табиғи байлығы тоналған, қаналған, аса ауыр кезең ретінде сипатталды. Дегенмен әлемдік капиталистік шаруашылық жүйесіне енуі экономикалық өзгеріске жол ашып, дәстүрлі қоғамдық өнім салаларын капиталистік қатынастарға бейімдетті. Білім беру жүйесі қайта құрылымдалып, діни негізден секулярлы сипатқа ауысты: британдықтар мемлекеттік малай мектептері мен ағылшын тілді христиандық миссия мектептерін ашты. Қытайлар жеке мектептерін өздері дамытуы тиіс болды. Бұндай әртүрлі мектеп жүйесі болашақта плюралистік қоғам қалыптастыруға жол ашты. Этнос аралық қатынастарда нәсілдік жіктелу орын алды, ағылшындар малайларға патерналистік көзқараспен қарады.

Дегенмен малай біргеілігі қалыптастып үлгергендіктен, малайлар ұлттық және діни мұраттарынан көз жазбады. XIX ғасырда малайлар саны Малайя тұрғындарының басым көпшілігін құрағанымен, билік отарлашуылардың қолында болғандықтан мигранттардың көп келуімен ол көрсеткіш біршама азайды. Малайлардың көбі ауылдарда, қытайлар қалаларда, үнділер плантацияларда мекендеп, түрлі этникалық топтар тұйықталып, болашақта нәсілдік қақтығыстар мен этносаралық қарсылықтарға негіз қаланды. XX жылдардың басында елдегі қытай ұлты Қытайдағы саяси тенденциялардың ықпалында болды. Ағылшын отары 1947 жылы миграцияны шектеген уақытта

ғана тұрақтылық байқалғанмен, тұрғындар табиғи өсіммен жылына 3 %-ға өсіп отырды. Отарлық жылдары түрлі ұлттық қауымдастықтардың экономикалық дамуында теңсіздіктер орын алды. Ағылшын отары кезінде қоғамдық-саяси өмірде Малай Одағы, Малайя Федерациясы секілді қайта құрулар орын алды. Бұл қайта құрылулар нәтижесінде ұлттық сана-сезім оянды, халық отарлаушыларға тегеурінді түрде қарсы тұра білді. Жергілікті ұйымдар Британ билігін қысымға алып, жаңа келісімдерге келуге мәжбүрледі. Бұл өз кезегінде тәуелсіздікті жақындата түсті.

Яғни, Малайядағы отаршылдық кезең аймақтың әлеуметтік және этно-діни кескінін толықтай өзгертті. Отарлаушы Англияның экономикалық қанау, этникалық сегменттеу және жанама басқару саясаты мен үнді, қытай жұмысшыларының кең көлемді миграциясын қолдауы – аймақтың демографиялық құрылымына жаңа пішін берді. Нәтижесінде әлеуметтік стратификация мен қауымдық бәсекелестік жағдайында қалған малайлар, қытайлар және үнділер бірге өмір сүретін көп ұлтты қоғамға айналды. Бұл жағдай тек қауымдық бірегейлікті ғана емес, оған қоса, тәуелсіздік алғаннан кейін көп уақыт бойы ықпалы сатқталып келген институттандырылған жіктелуді де тудырды. Ағылшындардың «бөліп ал да, билей бер» саясаты, білімге, құқықтық жүйелерге және экономикалық мүмкіндіктерге деген көзқарасы әлеуметтік және экономикалық бөлінуді тудырып, отаршылдық әкімшіліктің этносаралық интеграциясы шектеулі сегменттелген қоғамды нығайтты. Малайлықтар сұлтاناتтар арқылы тек саяси басымдыққа ие болды, ал өндірістік кәсіпорындар мен жұмыс күшін негізінен қытай мен үнді ұлттары құрады. Өртүрлі тілдерде оқытатын мектептердің болуы бұл алшақтықты күшейтті. Діни бірегейлік тұрғысынан малайлықтардың исламды, қытайлардың буддизм мен даосизмді, үнділердің индуизмді ұстануы отаршылдық басқару кезінде сақталды. Ислам малай болмысының ажырамас бөлігіне айналып, Малай сұлтاناتтарындағы ерекше мәртебесін сақтап қалды. Осы жағдайларға қарай отырып, Малайядағы отаршылдық кезең демографиялық трансформациямен де, этно-діни бекінумен де ерекшеленгенін айтуға болады. Отаршылдық кезеңіне тән әлеуметтік және этно-діни жағдайды түсіну Малай елінің кейінгі тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуының саяси-экономикалық және рухани-мәдени алғышарттарын қарастыру үшін өте маңызды.

Малайя федерациясы өз тәуелсіздігіне 1957 жылдың 31 тамызында қол жеткізіп, Британ ұлттары ынтымақтастығына тәуелсіз мүше екендігі жария етті. 31 тамыз тәуелсіздік күні мерекесі (Хари Мердека) ретінде бекітілді. Абдул Рахман бастаған Малай делегациясы өз кезегінде тәуелсіздік жариялаған соң Англиямен қорғаныс және өзара көмек мәселесінде ортақ келісімге келуге уәде берді. Ұлыбритания болса, елдегі кәсіпорындардың 70% өз капиталына тиесілі ете отырып, экономикадағы басымдықты уысында ұстап қалды. Ішкі және сыртқы саясатқа айтарлықтай ықпал ете алатын жағдайда тұрды. Бұған 1957 жылы жасалған қорғаныс, өзара көмек туралы келісім негіз болды. Осы келісімге сай Малайя Федерациясы мен Сингапурға Ұлыбритания, Австралия және Жаңа Зеландияның қарулы күштері орнықты. 1959 жылы өткен парламент

сайлауында Одақтас партия 104 орынның 73-ін иеленді. Абдул Рахман жаңа үкімет құра отырып, экономика саласында тұтынушы тауарларының отандық өнімдерін дамытуды, шикізат, мұнайөңдеу, азық-түлік және басқа да өндіріс салаларында малай капиталының үлесін арттыруға күш салды. 1957 жылдың 15 тамызында Малайя Федерациясының Заң шығарушы кеңесі алғаш рет Конституция қабылдады. Конституцияға сәйкес жаңа мемлекет атауы бұрынғы Малайя Федерациясы болып сақталып қалды. Малайя Федерациясына кірген 11 штат: Джохар, Кедах, Келантан, Негри Сембилан, Паханг, Перак, Перлис, Селангор, Тренгану, Малакка мен Пинанг біршама даралығын сақтады. Тоғыз штат басшылары сұлтандар болды, Пинанг пен Малакканы губернатор басқарды. Штат басшыларының басқаруына дін, жергілікті салт- дәстүр мәселелері қарады. Бірқатар штаттардың өзіндік ерекшеліктері сақталып қалды. Исламның ықпалы басым кейбір сұлтандықтарда демалыс күні жұма ретінде өзгеріссіз қалды [49, 116 б.]. Басқару формасы жағынан Малайя Федерациясы конституциялық монархия болды. Король не Федерацияның жоғарғы басшысы (янг ди Пертуан Агонг) билікке мұрагерлікпен емес сайлау арқылы келетін болды. Бұл өте сирек ерекшелік екені анық. Штат басшылары конференциясында сұлтандардың бірі кезегімен осы лауазымға бес жыл мерзімге сайланды. Малайя Федерациясының алғашқы басшысы болып Негри-Сембилан штатының басшысы Туанку Абдул Рахман сайланды. Штат басшылары конференциясы тоғыз штат сұлтандары мен Малакка және Пинанг губернаторларынан құрылды. Федерацияның заң шығарушы билігі Парламент құзырына берілді. Конституция бойынша, ол Федерацияның жоғарғы басшысы мен екі палатадан тұрды. Өкілдер палатасына тікелей дауыс беру арқылы 5 жыл мерзімге 104 депутат сайланды, сенатқа 6 жыл мерзімге 38 сенатор сайланды. Малайлықтарға арнайы құқықтар қарастырылып, штаттарда оларға тіркелген жерлер сақталды. 89 бапта штаттағы кез келген жерлер әлі резерв жасалмаған болса, малайлар үшін резервтелген болып табылды. Малайларға бөлінген жерлер көлемі ұлғайтылды. 153 бапта мемлекеттік қызметтегі малай ұлтының пропорциясы анықталып көрсетілді. Бұған қоса, малайларға білім саласында, көрмеде, сауда не өндіріс ісімен айналысуда лицензия алуда артық құқықтар берілді.

1961 жылы Абдул Рахман Оңтүстік Шығыс Азия қауымдастығын (АСА) құруға ұсыныс жасады. АСА құрамына Малайя, Таиланд, Филиппиндер кірді. Бұл сол уақытта Малайя үшін (жанама түрде) СЕАТО-мен байланысты күшейтуді білдірді. 1961 жылы Малайяның үкімет басшысы Абдул Рахман Малай федерациясын біріктіретін жоспар алға тартты. Ол Ұлыбританияның жоғарғы басшылығы билігінде қалған Сингапур, Сабах, Саравак пен Брунейді Малайзия Федерациясына (осы бастаманың арқасында 1963 жылы Малайя атауы ресми түрде Малайзия болып өзгерілді) қосуды көздеді. Ұзақ келісімдерден кейін 1963 жылдың 16 қыркүйегінде (Бруней қосылмаған) осындай мемлекет құрылды. Малайзияның құрылуы Солтүстік Калимантанға көз тіккен көршілес Индонезия мен Филиппиндер тарапынан наразылыққа әрі қарсылыққа тап болды. Екі ел де Малайзиямен елшілік қарым-қатынастарды

үзіп, Индонезия «Малайзияны құлатамыз» деген ұранмен қарсы әскери қимылдарға да көшті. Дегенмен 1964 жылы АҚШ-тың араласуымен ол әскери қимыл тоқтады. 1965 жылы Индонезияда орын алған төңкеріс те Малайзияда жағдайдың тұрақтануына ықпал етіп, 1966 жылы Индонезия мен Филиппиндер жағдайды тұрақтандыру туралы келісімге келді. Жалпы келісім негізінде 1967 Оңтүстік-Шығыс Азия елдері Ассоциациясы (ASEAN) құрылып, құрамына Индонезия, Малайзия, Филиппин, Сингапур және Таиланд кірді. Малайзияның өзіндегі жағдай тұрақтана қоймады. Кейіннен Малайзия мен Сингапур билігі арасында жағдай ушықты. Екеуі де қытай тұрғындарының теңқұқықтылығы мен өз қаласына экономикалық жеңілдіктерге қол жеткізуді қалады. Сингапурдағы жетекші Халықтық қозғалыс партиясы (ХҚП) Малайзияны тұтас өз ықпалына алуды көздеп, елдің әр түкпірінен бөлімшелер аша бастады. Халықтық қозғалыс партиясының белсенділігінен сескенген Партиялар Одағы 1965 жылы Сингапурдың Малайзия құрамынан шығып, тәуелсіз ел болуына мүмкіндік берді. Бұл уақытта елдегі ұлтаралық келіспеушіліктер өршіп кетті. Малай ұлтшылдары жергілікті тұрғындардың пайдасына экономикалық билік пен ұлттық кірісті қайта бөлуді талап етті. Ал өзге ұлт өкілдері «Малайзия малайлар үшін» деп ұрандатқан малай ұлтының саяси үстемдігіне наразылық білдірді. Қытай ұлтшылдары елдегі мемлекеттік аппаратта екінші кезекте тұруға келіспеушілік танытты. Орын алған тәртіпсіздіктерден кейін 1969 мамырда үкімет білім беру жүйесіндегі малай тілінің басымдығына кепілдік беретін шаралар қолға алды. Шілде айында білім министрі Датук Патингги Абдул Рахман Якуб (кейіннен Саравактың бас министрі болды) ағылшын тілді мектептерде малай тілін қолданудың нақты кестесі болатынын жариялады. 1970 жылдан бастап ағылшын, тамиль, қытай тілдерінен өзге форма 1-дегі барлық пәндер малай тілінде өткізілді.

1970-76 жылдары үкіметті Тун Абдул Разак басқарды. Ол осы уақыттарда жетекші партия ОМНО - Біріккен Малай ұлттық ұйымын да бірге басқарды. Ұлттық фронт коалициясының құрушысы болды, «Рукунегара» атты ұлттық идеологияны жасауға бастама көтерді, байырғы ұлттың экономикалық рөлін күшейту мақсатында жаңа экономикалық саясатты қолға алды. ҰКК дәріптеген ұлттық идеология "Рукунегараның" – индонезиялық "Панкасиламен" ортақ жақтары көп болды, азаматтық пен азаматтық тәрбие саласындағы жаңа бағдарламаларға негіз қалады. Рукунегара малай қоғамын ымыраластыруды, ұлттық және сенімдік ерекшелігіне қарамастан бірыңғай малайзиялық ұлтты қалыптастыруды көздеді. Рукунегараның негізгі ұстанымдары: ислам мен діни төзімділік, монарх пен елге адалдық таныту, заңдарды ұстану, конституцияны құрметтеу, моралдық және этикалық нормаларды ұстану болып табылды. Рукунегарада аталған жоғарғы билеушіге адалдық пункті малай және мұсылман басшыны білдірді. Малайзияда тек мұсылман адам ғана монарх бола алады. Ол шектеулі сандағы сұлтандар мен штат билеушілері арқылы сайланады. Монарх пен штат билеушілері исламның барлық жұмыстарын жүргізеді, ислам – малайлардың басым көпшілігі ұстанатын ресми дін. Ол исламдандыру үрдісін жылдамдату мен мораль мен жүріс-тұрыс әдебіне ислам құндылықтарын

сіңіруді мақсат етеді [50, 40]. Дегенмен осы тұстағы ұстаным оппозициялық Панмалай ислам партиясының (ПМИП) әрекетін бұзуға бағытталған. Себебі аталған партия қоғам өмірін тұтас исламдандыруды көздейді. Әділі сол, орталық билік қоғамды исламдандыруда тым шектен шыққан емес.

1970 жылдардың соңы мен 1980 жылдардың басында елдегі экономикалық және әлеуметтік проблемалар, мүліктік теңсіздіктің өсуі малай қоғамының бір бөлігінде наразылық тудырды. Исламдық ағымдар мен миссионерлік ұйымдардың белсенділігі артып, шариғат заңдарын енгізуді талап етті. Мұсылман фанаттар 1978 жылы үнді храмына, 1980 - жылы полиция алаңына шабуыл жасады. ПАС Кедахтағы шаруалар наразылығын қолдады, олар күрішті сатып алу бағасын көтеруді талап етті. Ислам оппозициясын шектеуді көздеген билік дін істері бойынша арнайы үкіметтік топ құрып, ислам уағыздарына бақылау енгізді, жоғарғы оқу орындары оқытушыларына саясатпен айналысуға тыйым салды, мұсылман топтардың шетелдік ұйымдармен байланыстарын шектеді, бірқатар экстремистерді тұтқындады. UMNO (БМҰҰ) қытай қауымының талаптарымен санасып, университеттерде малай емес студенттерге тиесілі орындарды арттырды. 1970 жылдардың екінші жартысында Малай Коммунистік партиясының (МКП) көтерілістері жиіледі. Олардың отрядтарының саны 3 мың адамға дейін жетті. 1977 Малайзия қауіпсіздік күштері тайландтық әскерилермен бірге ортақ шекаралас жерлерде партизандарға қарсы жазалау қимылдарын жүргізді. 1978-1979 жылдары МКП ға қатысы бар деген кінәмен оқушыларды да тұтқындау орын алды. Индонезия әскерлерімен бірге Солтүстік Калимантанда көтерілістерді басуға деген жұмылдыру күшейді. 1981-2003 жылдар аралығында Дато Сери Махатхир Мохамад премьер-министр болды. Махатхир Мохамад кезінде белгілі бір деңгейде малай қоғамын модернизациялау жүрді. Үкімет өндірісті, қоғам өмірін ретке келтірді, әкімшілік аппараттың жұмысының ықпалдылығы артты, сыбайлас жемқорлықпен күрес артты. 1982, 1986 жылдарда жүргізілген жалпы сайлауларда 154 орынның 132-ін, 177 орынның 148-ін иеленіп Ұлттық Фронттың белсенділігі артты. Мұсылман ортасына ықпал арттыруға билік белгілі қадамдар жасады. 1983 жылы үкімет Ислам банкін, Халықаралық Ислам университетін құрды. Бұл университетте мұсылман мәдениеті мен өркениеті саласында зерттеулер жүргізілді. 1993 жылы қаңтарда елдің билігі сұлтандар артықшылығын алып тастағанын жариялады. 1994 жылы мамырда Малайзия парламенті конституцияға түзетулер енгізіп, жоғарғы басшы өкілеттігін шектеді. Ендігі жерде монарх заңға қол қоюдан бас тартуға және оны қайтара қарау үшін қайтаруға құқы болмады. 2003 жылы Махатхир Мохамадтан кейін премьер-министрлікке Абдулла Ахмад Бадави келді. Үкімет басшысы ретінде ол сыбайлас жемқорлықпен күресті, алдыңғы үкіметтегі мемлекеттік шенеуніктерді тұтқындады. «Өркениетті ислам» (ислам хадари) деп аталатын идеологиялық доктринаны алға тартты. «Өркениетті ислам» доктринасы негізгі он ұстанымға ие:

Аллаға сенім және оған адалдық;

Үкіметке деген әділ әрі лайықты сенім;

Адамдардың еркіндігі мен тәуелсіздігі;
Заманауи білімдерді игеру;
Теңгерімді әрі жан- жақты экономикалық даму;
Баршаға лайықты өмір;
Азшылық пен әйелдер құқын қорғау;
Жоғары адамгершілік пен мәдениетті көтеру;
Қоршаған ортаны қорғау;
Эффективті қорғаныс саясаты.

Мохамед Шариф Башир бұл ұстанымдардың көпұлтты әрі көпконфессиалды елдегі қандай да бір топтың мазасыздығын тудырмау үшін жасалғанын түсіндіреді. Айтуынша, бұл ұстанымдар мұсылмандарға қазіргі күннің жаһандық проблемаларын шешуге мүмкіндік береді. «Өркениетті ислам» толыққанды түрде барлығын қамтиды, ол экономиканы, өркениетті дамытуға күш салып, мұсылман үмбетінің бәсекеге қабілеттігін арттырады. Қоғамды ағарту үшін ислам өркениетінің даңқты мұрасы барлық тұрғыдан бағдар етіп алып, оны шабыттандырудың көзі ету керек. Бадави мұсылман қауымын құлшына еңбек етуге шақырады, ислам өркениетінің даңқын қайтаруға, бірге алға жылжуға, біріге отырып экономиканы көтеруге, ХХІ ғасырдың проблемаларын шешуге үндейді [51].

Профессор Зиннің айтуынша, «өркениетті ислам» (ислам хадари) төменнен жоғарыға, яғни халықтан бастау алып билікке қарай жұмыс істейді: жүйелі түрде ауылдардан бастау алады. Саяси ислам болса түрлі саяси партиялар секілді керісінше жоғарыдан төменге, яғни биліктен халыққа жұмыс жасайды. Бұл көбіне еш нәтиже бермейді. Малай ғалымдарының еңбектеріне қарасақ, Ислам Хадари өмір сапасын арттыруға күш салады. Ол мына мәселеге жіті назар аударады:

1. Білім: Ислам толықтай сауатты дәстүрді талап етеді. Білімнің молдығы адамның моралды жауапкершілігін арттырады. «Құдайдан қорқу - данышпандықтың бастауы».

2. Теңгерімді даму: барлық нәрседе, дінде де шектен шықпау қажет.

3. Байлық: байлық жинау үшін адалдыққа ынталандыру.

4. Денсаулық сақтау: есірткі секілді денсаулыққа зиянды заттардан сақтану.

«Өркениетті ислам» тұжырымы жалпы адамзаттың дамуға ықпал ете отырып, руханият пен материалды дүние, даму мен моралдық құндылықтар, дін мен дүние тіршілігі арасында тепе-теңдік сақтауға мүмкіндік береді [51].

Абдулла Ахмад Бадави елдің экономикалық дамуына назар аударып, ауылшаруашылығын, биотехнологияны дамытуға және ислам құндылықтарын сақтауға күш салды. Оның басқаруымен 2004 жылдың наурызында Ұлттық фронт парламент сайлауында жеңіске жетіп, парламенттегі 219 орынның 198 іні иеленді. 2007-2008 жылдары малай емес ұлттарды кемсітуге әрі Ұлттық фронттың елдің саяси өміріндегі басымдығына қарсы жастардың (негізінен үнді және қытай) жаппай көтерілістері орын алды. 2008 жылы парламент сайлауында оппозиция (Ислам партиясы, Демократиялық қозғалыс партиясы,

Әділеттілік партиясы) 222 орынның 82-сіне қол жеткізіп, Ұлттық фронттың парламенттегі басымдығын түсірді. Оппозициялық партиялар аймақтың деңгейде де өздерінің өкілеттіліктерін кеңейтті. 2009 жылы сәуірде Абдулла Ахмад Бадави қызметінен кетіп, Наджиб Тун Абдул Разақ премьер министрлікке келді. Сонымен, тәуелсіздік алғаннан кейінгі мемлекет болып қалыптасу жылдарында Малайзияда бірқатар маңызды оқиғалар орын алды.

Махатхир Мохаммад (1981-2003) басқарған жылдары Малайзия заманауи, дамыған мемлекетке айналды. 1970 жылы жарияланған Рукунегара («Мемлекетке адалдық пактісі») мемлекеттік доктринасы мақсатына сай Малайзия қоғамының ынтымақтастырып, ұлты мен дініне қарамастан елдің барлық тұрғындарын біріктіретін біртұтас малайзиялық ұлттың қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Рукунегараның негізгі принциптеріне сай Ислам және діни толеранттылық, монарх пен отанға берілгендік, заңдарды сақтау, конституцияны құрметтеу; моральдық-этикалық нормаларды сақтауда ықпал жасады. Үкімет 1990 жылға қарай қоғамды қайта қалыптастыратын, барлық этникалық қауымдастықтарды біріктіретін және «жаңа малайзияны» жасайтын ұзақ мерзімді реформалар курсына кірісті. 2004 жылы Абдулла Ахмад Бадави қоғамға ұсынған «Өркениетті ислам» концепциясы толыққанды түрде барлығын қамтиды, ол экономиканы, өркениетті дамытуға күш салып, мұсылман үмметінің бәсекеге қабілеттігін арттырады.

Қорыта келгенде, Малай түбегінің тәуелсіз мемлекет ретінде құрылуы ғасырлар бойы пісіп-жетілді. Әсіресе отарлау кезеңінде біртіндеп күшейген түрлі саяси, экономикалық, рухани және мәдени алғышарттардың бірігуімен жүзеге асты. Саяси тұрғыда Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін британдық отарлаушы биліктің құлдырауы, малай ұлтшылдық қозғалыстардың күшеюі, британдық беделге нұқсан келтіретін жапон оккупациясы және британдықтар ұсынған Малайялық одақ жоспарына қатты реакция осы үдерістерді жеделдетті. UMNO және басқа ұлтшыл органдар сияқты егемендік пен бірлікті жақтайтын жергілікті саяси ұйымдардың пайда болуы малай халқының арасында өсіп келе жатқан саяси сананы көрсетті. Альянс партиясының қолшатырымен негізгі этникалық топтардың (малай, қытай және үнді) басшыларының коммунистік қауіпке қарсы және тәуелсіздік мақсатына жетудегі саяси консенсус ағылшындарды иландырған елеулі факторлардың қатарын құрайды.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, резеңке мен қалайы сияқты негізгі салалардың отаршылдық билігі кезінде дамуы, қанаушылық болса да, тәуелсіз мемлекетті қолдауға қабілетті экономикалық инфрақұрылымның негізін қалады және жергілікті халықтың өз ресурстарын бақылауға деген ұмтылысын арттырды. Орта таптың өсуі, урбанизацияның күшеюі және жұмысшы қозғалысы да ұлттық автономияға сұранысқа ықпал етті. Рухани және мәдени тұрғыда отаршылдық билікке наразылық еркіндік пен өзін-өзі билеуге деген күшті ұмтылысты тудырды. Қиын процестер кезінде (жапондық оккупация, коммунистік көтеріліс) көрсетілген қарсылық рухы тәуелсіздікке ұмтылудың негізін құрады. Малай тілі мен мәдениеті, ислам діні және сұлтандық

институттары малай болмысын сақтауда және ұлтшылдық қозғалыстың мәдени негізінде маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар, көп ұлтты құрылымның шындығы келіспеушіліктерді басқаруға және ортақ саяси мақсатты біріктіруге болатын формуланы (Одақтық партия консенсусы сияқты) табуды қажет етті. Нәтижесінде саяси, экономикалық әлеуетті ұйымдастыру және ымыраға келу қабілеті, халықтың еркіндікке деген ерік-жігері және мәдени әртүрлілікке қарамастан ортақ мақсат төңірегінде бірігу қабілеті Малайяның тәуелсіздігіне жол ашқан негізгі алғышарттарды құрады. Осы жағдайлар жұмыстың келесі бөлімінде Малайзия мемлекетінде тәуелсіздік жылдары қалыптасқан діни институттарды саралауға да мүмкіндік береді.

Малай түбегінің тарихы – түрлі мәдениеттер, діндер мен сыртқы күштердің үнемі өзара әрекеттесуі мен бәсекесі арқылы қалыптасқан күрделі процесс. Португалдықтар мен голландиялықтардан бастап британдықтарға дейінгі отарлау кезеңдері экономикалық құрылымды, демографиялық құрамды және діни-мәдени өмірді түбегейлі өзгертті. Осы өзгерістер ұлттық сана-сезімнің өсуіне, саяси ұйымдардың қалыптасуына және тәуелсіздікке ұмтылысқа жол ашты. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Малайя мен біріккен Малайзияның қалыптасуы – бұл ұлттық сана-сезім, діни дәстүр, отаршылдық мұралары мен модернизациялық үдерістер арасындағы шиеленістерді реттеудің ұзақ және күрделі жолы ғана емес, сонымен бірге көпұлтты қоғамды үйлестіру және тұрақты даму жолындағы тәжірибе.

1.2 Малайзия мемлекеттік және діни институттарының ел тәуелсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етудегі орны мен қызметтері

Малайзиядағы діни ландшафт – тарихи тамыры терең, көпқабатты жүйе: исламның тарихи ықпалы мен малай сұлтандықтарының мұрасы, Шығыс-Батыс мәдениеттерінің тоғысқан түбектік сауда орталығы ретіндегі тарихы және отарлаудың әкелген демографиялық, әлеуметтік өзгерістері жиыла келе бүгінгі көпконфессиялық қоғамды қалыптастырды. Осы контекст діни институттардың әрқайсысының қалыптасуына, құрылымына және қоғамдағы рөлдеріне тікелей әсер етті. Аталмыш бөлімде малай қоғамының қазіргі діни алуындағын алдыңғы бөлімдерде егжей-тегжейлі қарастырған тарихи негіздерімен байланыстыра отырып талдау жасаймыз.

Малайзияда тарихи діндер буддизм, ислам, христиандық болғандықтан, діни институттар мен ұйымдар да негізінен осы діндер төңірегінде шоғырланған. Малайзияда кең тараған дін – ислам, малай мұсылмандары елдегі басым этно-діни топ болып есептеледі. 2020 жылы жалпы халықтың 63,5 пайызын мұсылмандар құраса, буддистер, христиандар және үнділер сәйкесінше жалпы халықтың 18,7 %, 9,1 % және 6,1 % құраған [52, 321 б.]. 2013 тамыз айында Малайзия қоғамы реестріне 41,528 қоғамдық ұйым тіркелген. Он үш категория бойынша топтастырылған бұл ұйымдардың ішінде ең көбі діни ұйымдар. Олардың саны: 7, 228. Қоғамды классификациялау жүйесі реестрінің мәліметінше, дін категориясына ислам, христиан, буддизм, индуизм, сикхизм

және қытай храмы жатады [52, 321 б.]. Мухаммад Суюкри Саллехтың пікірінше, 1970-1980 жылдары Малайзияда исламның жандануы радикалды қозғалыс ретінде жүріп, көбіне қақтығысты сипат иеленді. Кейіннен 1998 жылдың 2 қыркүйегінде бұрынғы вице-премьер Анвар Ибрагим үкіметтен қуылғаннан бастап, бұл үрдіс төзімді әрі ымырашыл тенденцияға ұласты. Бұл әсіресе ертеректе радикалды болып көрінген ірі ұйым Мұсылман жастар қозғалысы (ABIM) және IRC-тің қызметінен (алғашында Pertubuhan Jamaah Islah Malaysia, JIM болып тіркелген) байқалды. Бұларға қоса, Панисламдық партия ПАС-та өзінің радикализмін жұмсартып, 1983 жылдардан бастап ымырашыл бағытқа ойысты [53].

Малайзияда исламдық қайта жаңғыру хронологиялық тұрғыдан Филиппин, Индонезия, Мысыр, Ливан секілді елдердегі исламдық белсенді қозғалыстармен қатар жүріп отырды. Негізін 1971 жылдың 6 тамызында Малайзия ұлттық университеті, Ислам зерттеу факультеті, нақтырақ айтқанда, Абдул Уахаб Закария қалаған **«Малайзиядағы исламдық жастар қозғалысы»** (Muslim Youth Movement of Malaysia) сондай исламдық ұйымдардың біріне жатады. Бір жағы мұсылман студенттерге негізделе отырып (Малайзиялық мұсылман студенттердің Ұлттық одағы) бұл ұйым кедейлерге білім беру бағдарламасын қолға алды, қайырымдылық жұмыстары арқылы исламды насихаттады. Институт ретінде танылған жекеменшік мектеп «Яасан Анда» исламдық білім беруді қолға алған орталық қызметін атқарды. Ұйымның танымал болуына жастар арасындағы секуляризация мен батыстануға деген скептикалық көзқарастар түрткі болды. Малайзиядағы исламдық жастар қозғалысы дағуатпен айналысатын мұсылман студенттерге көмек жасау арқылы Малайзиядағы дағуаттық қозғалыстың ерте кезеңіндегі фундаменталистік ұйымы рөлін де атқарды. Зерттеушілер Бубало мен Фелидің пайымынша, Малайзиядағы исламдық жастар қозғалысы Мұсылман бауырлар/Ихуани Муслимин ұйымынан шабыт алып, соның ықпалында болды. Авторлардың сипаттауынша, ол исламдағы әлеуметтік-саяси әрі интеллектуалды қозғалыс болатын [54, 14]. Ұйым құрылған жылдары өте белсенді жұмыс істеп, негіздерге қайтуға, уағыздар арқылы шынайы ислам іліміне оралуға шақырды. 1980-жылдарға қарай Малайзиядағы исламдық жастар қозғалысы өзінің тәсілін өзгертіп, «мемлекетті құруда үкіметпен әріптестік» тұжырымына иек артты. «Ішкі реформа» ретінде танылған бұл идея сәтті қолдау тапты. Себебі бұл Малайзиядағы исламдық жастар қозғалысының Бас ассамблеясында жыл сайын Ислам университеті, ислам банкингін құру мәселесін көтеріліп, нәтижесінде Малайзия Халықаралық ислам университеті (1982 ж.) құрылған кезең болатын. 1983 жылы Малайзия Ислам Банкі Берхад құрылды. Малайзиядағы исламдық жастар қозғалысы саяси ұйым еместігіне қарамастан басқарудың ислам ұстанымдарына сәйкеспейтіндігі турасында үкіметті сынға алды. 1986 жылы ұйымның 40 000 мүшесі болса, қазіргі саны 60 000.

«Малайзиядағы исламдық жастар қозғалысының» миссиясы Малайзия мұсылмандары тарапынан әрдайым қолдау тапты. Тоғызыншы президент

Мохамад Райми Аб Рахим басқаратын Малайзиядағы исламдық жастар қозғалысы қазіргі уақытта мығым әрі партиялық емес жастар қозғалысы болып табылады. Ол түрлі мұсылман елдеріндегі үкіметтік емес халықаралық ұйымдарымен сәтті байланыстар орната отырып, діни легитимдігін нығайтты. Ел ішінде қалыпты және прогрессивті идеяларға ие діни ықпалды ұйымның біріне трансформацияланды. Бұл бір шетінен, дінеи миссионерлікпен айналысатын әрі дағуат идеясын ұйымның орталық ұғымдарының біріне айналдырған қозғалыстардың өзі уақыт өте келе байсалды форма тапқанын көрсетеді. Алайда, тиімді диалог пен мемлекеттің дұрыс басқару тетігі болмаса әрі сәйкесінше әлеуметтік-экономикалық реформалар қатар жүрмесе исламдық басқару мен исламдық қаржы жүйесін, исламдық білім беру институттарын дамытуды көздейтін топтардың радикал сипат алуы мүмкін екенін ескертеміз.

Бұл жерде Малакка сұлтандығы кезінен, Малайя және Малайзия болып құрылған уақытқа дейінгі аралықта тарихи түрде қалыптасқан басқа діндермен бейбіт қатар өмір сүру тәжірибесінің маңызды рөл атқарғанын айта кеткен жөн. Сондай-ақ 1980 жылдары басталған экономикалық даму – ұйымның назарын өркениетті даму жолына қарай өзгерткенін көрсетеді. Егер экономикалық өсім мен әлеуметтік проблемалардың шешімі қатар жүрмесе, қоғамдық ұйым түрінде болсын діни қозғалыстардың күн тәртібіне шығарған мәселелері радикал сипат табады деп айта аламыз. Малайзияда осы факторлар жиыла келе исламдық жастар қозғалысының мақсат-мұратын өркениетті бағытқа бұрғанға ұқсайды.

Пертубухан Джамаа Ислам Малайзия үкіметтік емес ұйым, ол ЛІМ деген атпен де танымал. 1990 жылы 20 шілдеде құрылған. Мақсаты: малай қоғамында реформа жүргізу, көтерген ұраны: «Исламмен бірге қоғамды құрамыз». Ол өмір салты ретінде исламды түсіну тұрғысынан идеалдарын «Мұсылман бауырлар» ұйымының көзқарастарына негіздеген. Яғни жай адамдар, сосын отбасы, ең соңында қоғамы түзеуді қолға алу. Pertubuhan Jamaah Islah Malaysia (ЛІМ) екі негізгі ұстанымға арқа сүйейді: бірі ислах (реформа) және тарбия (біртұтас білім беру). Масзли Маликтің түсіндіруінше, «тарбия: ұйым мүшелерін адамдармен қарым-қатынас жасауға, реформа бағдарламасын жүргізуге даярлау, ал «ислах» болса исламды нақты түсінуді, көшбасшылық ізгі қасиеттер мен берілгендік, стратегиялық іс-әрекеттерді білдіреді [55, 12 б.].

ЛІМ Малайзияда ислам дінінің беделін көтеру ісін елдегі мұсылмандарға қолжетімді дүниелерден бастауды қолға алды. Бұл тұрғыда олардың «малай ұлтының артықшылығы» түсінігі ескірген деп қабылдады (кетуан мелау). Яғни, қазіргі рационалды ойлайтын адамдар бір ұлттың өзге ұлттан артықшылығына көне қоймайды. Осы себепті қазіргі жағдайдан исламға басымдық беретін жағдайға өту үшін статус-кво тұрақтылығын бұзбау керек деп ұйғарды. ЛІМ бұл үрдісті гомеостаз деп сипаттады. Француз ғалымы Клода Бернар әлеуметтік реформация саласында трансформация процесі жүйедегі фундаменталды күшті өзгертпеуі тиістігін осы ұғыммен берген болатын. Яғни қалыптасқан әлеуметтік экономикалық және саяси шеңберде қызмет етуіміз тиіс деп есептелді. Дегенмен ЛІМ гомеостаз тәсілін қолданып, негізгі бағытқа сәйкес күрес

жүргізуді ислах (реформация) және тадриж (сатылай) негізінде жүзеге асыруды жақтады. Бұл ислам бойынша реформа бағдарламасын барлық деңгейде, мейлі ұлттық, институционалды және жүйедегі инфроқұрылымдық деңгейде іске асыруды жүргізуді білдірді. Оның құрамына үздіксіз білім беру үрдісі, ислам ұстанымдары мен құндылықтарына сай әлеуметтік реформалау мақсатында қолға алынған малай қоғамындағы барлық шараларға қатысып, сананы көтеру қажеттігі кірді. Тадриж федералды заңдарға өзгеріс енгізуді, абсолютті әділдік орнату бағытында азаматтық құқықты қадағалауды қамтамасыз етуді білдірді. ИИМ-ның нық сенімі бойынша бұндай әдіс 2010 жылдан кешікпей Малайзияны ислам мемлекетіне айналдырады. Бұл мемлекет жоспарлаған Vision 2020 да елді өнеркәсіптік мемлекетке айналдыру жоспарынан он жылға ертерек мерзім. Дегенмен ИИМ исламдық мемлекет орнатуды міндет етіп қоймайды. Себебі ұйымды құрушылардың айтуынша, елді малайлар басқарып, малай артықшылығы сезіліп, олар исламға құрметпен қарап тұрған уақытта исламдық мемлекет құру идеясы қатты маңызды емес. Ұйымның қстанымы бойынша, исламға деген құрметтің өзі исламды қолдау бағытын күшейтеді. Ендеше, малай ұлты басқаруға қатты ықпал етіп отырған уақытта осы қалыпты үрдіс бұзылмастан жалғаса беруі тиіс. Аталған ұйым 22 жыл қызмет еткеннен кейін тарап, Pertubuhan икрам Малайзии (икрам) ұйымымен бірікті.

Малайзия халықаралық ислам университеті (Universiti Islam Antarabangsa Malaysia, UIAM) – 1983 жылы 23 мамырда Малайзия премьер-министрі Махатхир Мохаммадтың ұсынысымен құрылды. Алғашында ЖОО реформалаған малай ойшылы, лингвист ғалым Сайид Мухаммад Накиб әл-Аттастың «білімді исламдандыру» тұжырымын жүзеге асыруды негізге алды. Ол жұмыс істеген жылдары университет қабырғасынан 60 758 студент диплом алып шықты, олардың 7 500 ін шетелдіктер құрады. Бүгінгі күні онда шамамен әлемнің түкпір түкпірінен келген 30 500 студент білім алуда. Университет тек Малайзияның бюджеттік дотациясының есебінен емес, оған Ислам Ұнтымақтастық Ұйымының жеті мүшесі: Мысыр, Ливия, Мальдива республикасы, Бангладеш, Пакистан, Сауд Арабия мен Түркия да оған қаржылай қолдау білдіріп отырады. Исламабад халықаралық ислам университеті, Читтагонгтағы Халықаралық Бенгаль ислам университетімен де ықпалдастықта. Университетте білім алудың бакалавриат, магистратура, докторантура деңгейіндегі білім беру бағдарламалары толық циклда жұмыс істейді. Құрамында 14 факультет жұмыс істейді. Олар: Заң факультеті, IT-технология мен байланыс факультеті, Исламдық білім беру мен гуманитарлық ғылымдар факультеті, Инженерлік істер факультеті, архитектур мен ландшафты дизайн факультеті, Лингвистика мен менеджмент факультеті, Педагогика факультеті, Медицина факультеті, Денсаулық ғылымдары факультеті, Фармакология факультеті, Стоматология факультеті, Ғылым факультеті, Әпкелік істер факультеті. Бұдан бөлек, Исламдандыру орталығы, Малай әлемі мен Османдық зерттеулер орталығы, Стратегиялық білім беру және тренинг орталығы, Ислам банкингі мен қаржы орталығы, Халықаралық мұсылман бірлігі институты, Халал стандартын зерттеу халықаралық институты қызмет

атқарады. Университеттің міндетті бағдарламасына енгізілген оқу жоспары бойынша студенттерге идеологиялық, этикалық, мәдени негіздер беріліп, олардың білім деңгейін көтеру назарға алынған [56, 49 б.].

UIAM-нің басты кампусы Малайзия жоғарғы оқу орындары арасындағы ірілерінің бірі, ол Селангор сұлтандығында Гомбакта орналасқан. Білім беру ағылшын және араб тілдерінде жүргізіледі.

Мұсылман жастарының Азиялық федерациясы (AFMY) ресми түрде 2001 жылы құрылды. Азия континентінде ұлттық деңгейде жұмыс атқаратын мұсылман жастар мен студенттердің басты ұйымы саналады. Негізгі мақсаты – іс-шаралар ұйымдастыру, стратегияларды айқындау, күн тәртібіндегі мәселелер мен тәжірибе алмасуды үйлестіру, сондай-ақ пікір алмасу мен байланыс құруды координациялау мен нығайтуды талқыға салатын форумдар ұйымдастыру. Ол түрлі елдердегі қауымдастық жетекшілерін осы ұйымдарды басқаруға, жеке адами капиталды дамытуға, Құран мен Сүннет негізінде анализ жасап, өзара ақылдасу (шура) негізінде шешімдер қабылдауға, исламдағы теңдік пен әлеуметтік әділдікті орнатуға бағытталған істер атқарады. Бұған исламды қазіргі тілмен жеткізуде жалпы оқу бағдарламаларын жасау, іс әрекет жоспары мен ауқымды кампаниялар ұйымдастыру да кіреді. Жастар құқығын қорғау, бұндай орган жоқ аудандарда студенттер ұйымдарын құру да назардан тыс қалмаған. Бас хатшылықтың офисі Коломбода орналасқан. Куала-Лумпур, Лондон, Нью-Йорк пен БАӘ-да байланыс бөлімдері бар.

Зекет институты. Малайзияда зекет жүйесі отарлау кезеңінен бері институттық тұрғыда жолға қойылған әлеуметтік құбылыс. Ол кезеңде исламға және малай дәстүріне қатысты мәселелердің барлығы арнайы орган Мемлекеттік Ислам діні Кеңесі (Межлис Агама Ислам Негери) (MAIN) арқылы шешілетін. Одан бөлек істер британдық жүйедегі азаматтық және қылмыстық құқықпен қаралатын. Зекетке қатысты істерді MAIN қарастырды. MAIN-ға жұмысын жүргізуде Джабатан Агама Ислам Негери (Ислам бойынша мемлекеттік департамент) (JAIN) көмек беріп отырады. Зекет жүйелі түрде алғаш Келантан сұлтандығында қолға алынды, кейіннен өзге малай сұлтандықтары оны жалғастырды. Ол модель бойынша зекетке қатысты істерді қадағалауға имам құзыретті болып, зекеттің бір бөлігі штат басшылығына исламдық істерді қаржыландыруға берілді. Үкіметтік исламдық Кеңес бақылауымен зекет әкімшілігі бүгінге дейін осылай жалғасып келеді. Яғни Малайзияда зекетті жинау және оның тарату орталық мемлекеттік зекет мекемесі арқылы жүзеге асады.

Дегенмен бұған қоса зекет жинайтын өзге де жеке ұйымдар бар. Яғни Малайзиядағы зекет жүйесінде қоғамдық модель, жартылай қоғамдық модель және арнайы модель жұмыс істейді. Алғашқы модель бойынша зекетті жинау әрі тарату толықтай мемлекеттік мекеме арқылы жүргізіледі. Екінші модельде зекет мемлекет уәкілеттік берген арнайы зекет фирмалары арқылы жүргізіледі. Таратуын да мемлекеттің мекемелер жүргізеді. Соңғы модельде мемлекет уәкілеттік берген жеке сектор жұмыс істейді, арнайы фирмалар сол іспен айналысады [57, 145 б.]. Малайзияда зекет жүйесі анағұрлым дамыған сала екені

жалпы мойындалған шындық. Әрбір малай штатында Zakat Collection Centre (ZCC) деп аталатын штаттың діни кеңесі жұмыс істейді, сол кеңес зекетті жинау және тарату жұмыстарымен айналысады. Халыққа арнайы мамандар салықпен санаса отырып қанша зекет төлеуі керектігі турасында кеңестер береді. Зекет пен салық төлеу – Малайзияда бір біріне ықпал ететін экономикадағы құқықтық салмағы бар дүниелер. Себебі, кей жағдайларда толықтай не бөлшекті түрде бір бірін алмастыра алады. Дегенмен екеуі екі бөлек болғандықтан, оларға қатысты заңдар да әртүрлі. Заң бойынша салық төлеу міндетті, енді бір жағынан үкіметтің зекет беруді міндеттей алатын заңы да бар. Малайзияда мұсылмандық бірегейлікті негізге алатын алым түрін салықпен үйлесімді түрде зекет мекемелері жүргізеді. Мысалы, Малайзияда шамамен 31 млн халықтың 50%-ы мұсылмандар. Адам басына Рамазан айында берілетін пітір садақасы (закат-ул-фитр) шамамен 1,30 долларды құрайды, оны 15,5 миллион адамға көбейтсе, 20,15 млн долларға тең. Ал байлыққа берілетін зекет (закат-ул-мал) одан да ауқымдырақ. 2016 жылы Малайзиядағы зекет 2,5 млрд юанды құраған, ол шамамен 598 млн долларға тең. Халықтың барлығы ресми мемлекеттік зекет орталығы (ZCC) арқылы бере бермейтін болғандықтан, Малайзияда жиналатын зекет мөлшері ресми саннан әлдеқайда көп болуы мүмкін. Азман аб Рахман бастаған зерттеушілер, Малайзиядағы зекет әкімшілігі инфрақұрылым, адам капиталы, басқарудың ашықтығы мен жеткізу жүйесі бойынша ілгерілеу көрсетіп, тиімділігін арттыру бойынша бірқатар жұмыстар жүргізгенін, алайда әлі де осы бағытта шешімін күтіп отырған проблемалар барын жазған еді. Олар зекет әкімшілігі әлі де елдегі халықтық қажетін, әсіресе кедейлердің мәселесін толық шеше алмағанын алға тартып, мына мәселелерді тездетіп шешу керектігін айтады: зекетті тарату ісін жетілдіру, зекет алуға өтініш білдіргендердің құжат істерін реттеу, жеткізу жұмысын қадағалау, мұсылман халық саны мен зекет берушілер саны арасындағы сәйкессіздікті азайту, зекет туралы ақпараттық насихат жұмыстарын жандандыру, кедейлердің жағдайын оңалтуға үкіметтің қосымша қаржылай көмек беруін жолға қою, Зекет қоры арқылы кәсіп үйренуге оқыту әрі оларды өз кәсібін ашуға бастапқы кезеңде қаржылау көмек беру т.б. [58, 35-41 б.]

Малайзия ислам партиясы – Partai Islam Se-Malaysia (PAS) 1951 жылы үш саяси партия мүшелері (Малай ұлттық партиясы, Хизбул Муслимин және Біріккен малай ұлттық ұйымы UMNO) тарапынан құрылып, 1956 жылы саяси партия ретінде тіркелген. Партия ислам мемлекетін құруды жақтады. Партияның ресми сайтында оның мақсаттары былай деп берілген: «Адамзатты ауызша уағыздар, жазу және тәжірибе арқылы Алланың шарифаты мен пайғамбарының сүннетіне шақыру; Акида, шарифат ретінде, білім, әлеуметтік, экономикалық, әкімшілік басқаруды қосқанда барлық салада ілгерілеушілік пен әділетті қолдау тұрғысынан ислам құндылықтарының мемлекеттік билікте, саясатта жетекшілікке алуы үшін күресу; Исламдағы бауырластықты нығайту, бірлік сезімін күшейту, қоғам мен саяси өмірдің тұрақты, ізгілікті болуын қолдау; Органдар мен ұйымдарды, жекелеген тұлғаларды исламдық өмір салтын мойындауға, түсінуге шақыра отырып, олардың осы бағыттағы

әрекеттеріне қолдау білдіру; Қоғамдық институттар мен тәртіпті жақсартуға, саяси реформаларды, экономикалық, ұлттық әділеттілік, жалпы алғанда мұсылман адамдардың мүдделерін қорғау бағытында жоспар құрып, әрекет ету; PAS мақсатына қайшы келмейтін ұйымдар, ассоциациялар, органдармен ынтымақтасу, ол ұлттық заңдарға да қайшы келмеуі керек; Дара ресми тіл ретінде Малайзияда бахасаны қорғау, Құран тілін дамыту; Ислам іліміне қайшы келмейтін құндылықтарға негізделген ұлттық мәдениет үшін күресу; Ұлтаралық татулықты сақтай отырып, елдегі мұсылмандардың құқықтары мен мүдделері үшін күресу; Біріккен Ұлттар Ұйымымен, өзге де Халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен ынтымақтастықта әрекет ете отырып, бейбітшілікті қолдау, адамзат арасында қысымға, құлиеленушілікке, өтірікке, тирандық формалардың барлық түріне жол бермеу; Конституция мен елдегі заңдар шеңберінде осы мақсаттарға жетуге барынша күш салу.

Құрылғаннан он жыл бойы партия радикалды малай ұлтшылдығы мен Индонезияға қосылу идеясына басымдық берді. Бұл әрине мемлекет негіздері мен конституциялық құрылысына қайшы келетін. Бұл ұйым 1970-жылдары дәстүрлі ислам мақсаттарымен үйлесімді консервативті малай ұлтшылдығын дәріптеді. 1970-жылдардың соңына қарай үкіметті дәстүрлі рухани құндылықтардан ажырады деп сынап, Федералды Конституцияға исламның дәстүрлі формасына сай заңнамалық және әкімшілік басқару бойынша өзгерістерді енгізу бойынша үндеу тастады. Әйтсе де, 1982 жылдан бастап ұйым әсіре малай ұлтшылдығы мен исламшылдық риторикасын біршама бәсеңдетіп, реформаторлық ислам мақсаттарына басымдық бере бастады. PAS патриясының электораттары негізінен ауылдық тұрғындары мен Малайзияның консервативті солтүстік аймағы болып қала берді. Партия бүгінгі күні 13 штаттан жинақталған үкіметтік 222 орынның 18 орнына ие. Біріккен малай ұлттық ұйымына (UMNO) басты қарсылас. Нақтылай өтсек, XX ғасырдың екінші жартысында ислам әлемінде үні қатты шыққан исламизм құбылысының Малайзиядағы жергілікті көрінісі болып саналатын PAS секілді партиялар қазіргі кезде Малайзияның саяси өміріндегі палитраның біріне айналып, жақтасы аз болса да, тамырлы оңшыл бағыттағы патрияның бірі болып отыр.

Көріп отырғанымыздай, Малайзияда ислам – ең үлкен және ең ауқымды институционалданған діни бағыт: мемлекеттік MAIN, мүфтияттар, шарифат соттары, JAKIM тәрізді орталықтар арқылы үйлестіріледі. 1970–80-жылдардағы қайта жанданудан бастап жастар қозғалыстары (ABIM, JIM) бастапқыда радикалды бағыттан кейін ымырашыл және институционалдық ықпалға бейімделіп, исламдық білім мен ислам банкингін енгізу сияқты практикалық жобаларға барды. PAS сияқты саяси бағыттағы ұйымдар да уақыт өте өзгеріп, ішінара консервативті ұстанымдардан реформистік мүддеге ауысты. Қысқасы, исламдық ұйымдар қоғамдағы діни тіршілікті «жүйелендіру» арқылы қоғамдық-саяси салаға белсенді әсер ететін күшке айналды.

Малайзияда буддизм. Ник Адзриеман Абд Рахман мен Зулискандар бин Рамлидың зерттеуі бойынша, буддизм бұл аймақта б.з. V-X ғасырлар

аралығында басым дін болған. Малака түбегінде алғашқы буддизм орталығы батыс жағалаудағы Сунгай Мас (Кедах) орталығы. Дегенмен б.з. X ғасырда Малакка түбегінде индуизм басым рөлге ие болған [58, 468 б.]. Малайзияда бүгінде буддалық бағыттағы ұйымдар бар. Олар: Важраяна Буддизмі Кеңесі, Малайзия Тхеревада Будда Кеңесі (ТВСМ), Малайзия Будда Ассоциациясы (МБА), Малайзия Буддистерінің Жастар Ассоциациясы (ҮВАМ), Буддизм миссионерлігі қоғамы, Цзы Чи Будда қоғамы, Фо Куанг Шан тобы және т.б.

Малай Будда Ассоциациясының (МБА) мәліметінше, Малайзиядағы буддалық ұйымдардың жалпы саны шамамен 878: олардың 496 храмдар, ал 382 діни ұйымдар. 2010 жылы елде ірі діни азшылық болып есептелетін Малайзия қытайларының 83.6 % пайызы буддист қатарына жатқызылған. Малайзия буддистері қалыптасқан уақытынан бастап көптүрлі қалпын сақтап келеді. Қытай, тай, бирман және синигалдардан құралған түрлі иммигранттық қауымдастықтар Малайзияға түрлі буддалық дәстүрлер, доктриналар мен тәжірибелерді әкеліп, будда қауымдастығының көптүрлі сипатын қалыптастырған. Христиандармен салыстырғанда буддизм топтары аз орталықтанған, алайда үнді топтарына қарағанда көбірек ұйымдасқан [52, 321 б.].

Малайзиядағы буддизмге Қытай буддизмі дәстүрлі түрде ықпал еткені байқалады. Мәселен, Малайзиядағы жасы егде қытай будда монахтары Қытайда туған. Британия отарлауы кезінде немесе 1949 жылы Қытай коммунистік елге айналғанда олар миграция жолымен келген. Малайзиялық будда ассоциациясы 1959 жылы құрылған. Пенанг сұлтандығында орналасқан оның алғашқы басшысы түбі қытайлық, Чань медитациясын үйретуші – Чук Мор. Ұйым махаяна бағытындағы қытай діндарлары мен елдегі көптеген буддалық ғибадатханаларды қамқорына алған. Құрамында тәуелсіз басқарылатын Буддалық тегін мектеп пен Малайзиялық Будда институты (1969) жұмыс істеуде. Көп жылдар бойы Будда еркін мектебі білім алушы ересек шәкірттеріне жергілікті қолданыстағы тілдерді және өзге де пәндерді үйретіп келді. Малайзиялық Будда институты қабырғасында болашақ діндарлар үшін дінді терең оқып үйренуге үлкен мүмкіндіктер жасалған. Ұйымның қазіргі басшысы Чип Хонг та Серембан, Негри Сембиландағы ірі будда храмдарының басшылығын қатар атқаруда. Малайзиядағы буддизмге Тайваньның да ықпалы жоқ емес. 1966 жылы құрылған Цзы Чи Будда қоғамы осыған дәлел. Негізін Чжэн Йен қалаған. Қоғам Дхамма ілімін дәріптеу, қайырымдылық шараларын ұйымдастыруымен қоғамда танымал. 1993 жылы ел астанасында алғашқы ресми орталығын ашты. Кейіннен бұндай орталықтар басқа штаттардан да ашылды.

Будда ілімін белсенді таратушы әрі діни шаралар жиі ұйымдастыратын Фо Куанг Шан тобы да тайвандықтардың ықпалымен ашылған. 1970 жылы құрылған Малайзия Буддалық Жастар Ассоциациясы (ҮВАМ) елдегі осы бағыттағы жастар ұйымдарының жетекшісі рөлін атқарады. Шакьямуни Сидхартаның көзқарасына сай ұйым данышпандық, жанашырлық таныту және ризашылық тұрғысынан қоғамда оң өмір салтын дамытуды қалайды. Ұйым

елде буддалық ұйымдар құрып, жастар арасында осы ілімді таратып, болашақ жетекші мамандар даярлауға белсенді үлес қосуда. Ұйым жергілікті діни ғибадатханалар тұрғызуға көмек бергендіктен, жергілікті қауымдар құруда үлкен тәжірибе жинақтады. Ресми сайтында (www.ybam.org.my) ұйымның міндеттері былай берілген: «Малайзиядағы будда сенімін ұстанатын барлық жастардың ұлттық ұйымы болу; Жастар арасында будда ілімін, тәжірибесін дамыту, марапаттау; Буддист жастардың мүше ұйымдары арқылы діни, әлеуметтік және сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру; Буддист жастар арасында лидерлік тренингтер өткізу; Ұлттық Кеңес кездесуінде ұйғарылған буддист жастардың барлық мүдделерін қорғау.

Малайзия Буддалық Жастар Ассоциациясы 260-тан астам мүше ұйымдардың істерін үйлестірумен айналысады. Тұрақты үкіметтік мекемелер арқылы ұйым жалпы білім беретін буддалық қауымдастық мекемелерін де қамтуда. Малайзия Буддалық Жастар Ассоциациясы мемлекет мойындайтын мекеме ретінде елдегі басқа да буддалық ұйымдармен белсенді қарым-қатынас жасайды әрі будда іліміне қатысты түрлі басқосулар, конференция, панельдер жиі ұйымдастырады. 1990-1996 жылдары бұл ірі ұйымды Сик Чи Черн басқарды. YBAM ды екінші болып көп жыл басқарған кісі Ким Бенг. Ол елде буддизмді кең таратуға ерекше белсенділік танытты. Өзі әрі қаламы қуатты жазушы болғандықтан, дін таратудағы еңбегі еленіп, үкіметтің Jasa Setia Mahkota (JSM) марапатын иеленді. Важраяна Буддизмі Кеңесі 1998 жылы жергілікті Үкіметтің қолдауымен Малайзиядағы буддизмді үйлестіру комитеті негізінде бірнеше ұлттық будда кеңестерінен құрылған. Құрамындағы мүше-ұйым болып табылатын институттар Малайзия үшін дәстүрлі Важраяна бағытына өкілдік етеді. Бастапқыда буддизмнің осы бағытындағы ұйымдарға өкілдік ететін ешқандай кеңес болмады.

Оның үстіне өзге бағыттағы буддизм ағымы ұйымдарының саны артқандықтан, Үкіметпен байланыс ұстап тұратын важраяна бағытына да өкілдік ететін ұйым қажеттігі сезілді. Ресми сайтында (<http://vbcm.org>) ұйымның мақсаты былай деп көрсетілген: Важраяна буддалық ілімін дәріптеушілер арасында Будда ілімін ұстанушыларды қолдау әрі дамыту; Үкіметтік және өзге ұйымдармен қарым қатынаста барлық ұйымдар атынан өкілдік ету; Діни, әлеуметтік іс-шараларды осы ұйым мүшелері арқылы үйлестіру; Буддистер үшін, әсіресе важраяна буддизмі үшін жетекшілікті қамтамасыз ету; Буддизмді дамыту мақсатында өзге де заңды тіркелген ұйымдармен байланыстарды күшейту арқылы өзара түсіністікті арттыру; Важраяна буддизмін ұстанушылар арасында бірлікті, үйлесімдікті және өзара түсіністікті қолдау.

Тағы бір айта кетерлігі, жалған Важраяна орталықтарымен күресу де аталған ұйымның мақсаттарының арасына кіреді. Ұйымның штаб-пәтері Селангорда орналасқан. Ұйымның рухани кеңесін 2017-2019 жылдары аралығында 14 Далай Лама, Сангха кеңесшілері басқарды. Олардың ішінде танымалдары: Чодже Лама Зотпа Ринпоче, Лама Лхродро Тхайе және т.б.

Малайзия Тхеревада Будда Кеңесі (ТВСМ) Малайзия астанасында тхеревада бағытындағы буддалық ұйымдардың бас қосуымен 2011 жылы құрылған. Кеңес мақсаты осы бағыттағы ұйымдардың басын қосу, мүше-ұйымдарға қызмет ету және өзге де буддалық ұйымдармен қарым-қатынаста елдегі будда сенімін ұстанушылардың мүдделерін қорғауда Дхамманы тарату әрекеттеріне қарқын беру. Ресми сайтында (<https://www.tbcm.org.>) ұйымның алға қойған міндеттері былай деп көрсетілген: «Мақсат: Будда ілімі мен буддалық өмір салтын дәріптеу және кең тарату. Бұған қоса, ортақ шаралар мен тәжірибелік бағдарламалар арқылы елдегі тхеревада буддалық ұйымдары мен ұстанушылар арасында өзара түсіністік пен бірігуді қамтамасыз ету; Елдегі будда сенімін ұстанушылар арасында тхеревада ілімін, тәжірибесін түсіндіру, ақпарат ұсыну; Буддалық тхеревада бағытына қатысты мәселелер бойынша қоғамдық мәлімдемелер жасап, қоғамдық пікірге ықпал ету; Үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдармен, сұлтандықтармен жалпыға ортақ мәселелерді қарастыру; Бекітілген тхеревада бағытындағы ілім, тәжірибе, өнер, мәдениет, мұраны әлемге жаю үшін халықаралық деңгейдегі ұйымдармен ынтымақтастықты кеңейту әрі қолдау; Осы көрсетілген мақсаттарда түрлі БАҚ мүмкіндіктерін және мүлікті қолдану жағдайларын тиімді пайдалану.

Буддизм – Малайзияда негізінен қытай және басқа азиялық диаспоралар арқылы сақталған, әртүрлі ағымдарға бөлінген (махаяна, тхеревада, ваджраяна) әрі ұйымдық құрылымы салыстырмалы түрде тармақталған діни бағыт. Оған Малайзия Будда Ассоциациясы, ТВСМ, УВАМ сияқты ұйымдар кіреді. Олар діни білім, қайырымдылық пен жастарды ұйымдастыру арқылы қауымдастық қызметін жүргізеді. Олардың ерекшелігі – трансұлттық байланыс (Тайвань, Қытай, Шри-Ланка т.б.) және этникалық мәдениеттермен тығыз қарым-қатынас, яғни буддизм қоғам ішінде конфессияаралық тепе-теңдікті сақтауға үлес қосады.

Христиан діні Малайзияда азшылықты құрайды, негізінен елдің шығысын мекендейді, жалпы халықтың 9,2 пайызын құрайды. Малакка түбегін еуропалықтар жаулаған уақыттардан бастап христиан сенімі уағыздала бастаған. 1948 жылы құрылған Малай Христиан Кеңесі негізінен елдегі христиандық шіркеулер мен ұйымдардың бірлігін қамтамасыз етуді мақсат етті. Сондықтан да ол ірі діни ұйымдармен тығыз қатынаста. Дж. Леонарда Вильсон негізін қалады. Әдістемешілдер шіркеуі бастама көтерген ұйым құрылған соң 3 жылдан кейін атауын Малайзия мен Сингапурдағы Шіркеулер Кеңесі болып өзгертті. Кейіннен Сингапурдың жекеленуімен Кеңес екі ұлттық ұйымға бөлінді: қазіргі Малайзия Шіркеулерінің Кеңесі және Сингапур Шіркеулерінің Ұлттық Кеңесі. Шіркеу қызметін мынадай бағытта жүргізеді: Жалпы сенім бойынша Құдай өзінің адамзатқа деген мәңгілік мақсатын ұлы Иса Мәсіх және Қасиетті Рух арқылы ашты. Ұйым мүшелері сенім мен тәжірибенің жоғарғы көрсеткіші ретінде Көне Өсиет пен Жаңа Өсиет жазбаларын қабылдайды; Евангелизациялау ісін дамытуды негізгі міндет деп есептейді, жергілікті қауымдастықтар оның өмір сүруі мен куәгерлігіне негіз қалайды; Шіркеулер бірлестігін құрап әрі шіркеу Исаның денесі болғандықтан, әрбірі мұны Иса

Мәсіхтің қалауы деп қабылдап, насихат жүргізеді. Ұйымның мақсаты: Кеңес мақсаттарымен үндес: Өзін барлық шіркеулерді біріктіруші ұйым ретінде алға тартады, ерекшеліктерді ысыра отырып, тек бірлікпен ғана ауқымды істер атқаруға болады; Әлемде және Малайзияда шіркеулердің міндетіне ықпал ету, өз мүшелері арасында өз халқына Құдайдың сыйы болып табылатын христиан бірлігін дәріптеу, ортақ шаралар атқару; Жалпы кеңес беру және іс-әрекет арқылы христиандық қоғамдық бірлік қалыптастыру, қазіргі моралдық, әлеуметтік, ұлттық және халықаралық мәселелерді талқылау, әсіресе тұрғылықты елге қатысты мәселерге шешім іздеу; Шіркеулер бірлігіне қатысты Малайзиядағы шіркеулер мәселелерін талқылау; Малайзия үкіметімен не федералды әкімшіліктермен Кеңеске мүше ұйымдарға қатысты ортақ мәселелерде кеңесу; Өзге елдердегі христиан діни ұйымдармен байланыс орнату. Ұйымға мүше шіркеулер: Кучинг ағылшын епархиясы, Батыс Малайзия ағылшын епархиясы, Малайзиядағы Базел христиандық шіркеуі, Малайзиядағы Евангелшілдік, Лютеран шіркеуі, Малайзиядағы Сирия православ шіркеуі, Малайзиядағы әдістемешілік шіркеулері, Малайзиядағы Пресветериан шіркеуі, Сабах штатындағы Протестант шіркеуі және т.б. Мүше ұйымдар: Малайзиядағы Інжіл қауымдастығы, Малайзиядағы ұлдар тобы, Малайзиядағы қыздар тобы, Көмек беру бойынша Малайзия христиан ассоциациясы, Малайзиядағы христиан әйелдер ассоциациясы, Малайзиядағы теология семинары және т.б.

1964 жылы құрылған ұйым Малайзия, Сингапур, Бруней Католик Епископтары Конференциясы ұйымы. Бұл ұйым да үкіметтік емес ұйымға жатады. Мақсаты: епископтар министрлігін қолдау. Ұйым аталған елдердегі шіркеу жағдайын қарастырады, жастар, денсаулық сақтау және БАҚ-ты қамтитын шаралар ұйымдастырады.

Ал 1983 жылы құрылған Ұлттық Евангелистік Христиан Қауымдастығы (NeCF) Малайзиядағы евангелистік протестанттық қауымдастықтар мен шіркеулерді біріктіреді. Ұйым Әлемдік Евангелистік Одаққа мүше. Ұйымға мына шіркеулер мүше: Малайзия баптистер конвенциясы, Малайзиядағы христиан бауырлар, Евангелия еркін шіркеуі, Құдай Ассамблеясы, Құдай үміті шіркеуі, Құтқару әскері, Соңғы жаңбыр шіркеуі және т.б.

1985 жылы Малайзия Христиан федерациясы құрылды (CFM). Оның құрамына Малайзия шіркеулері кеңесі, Ұлттық евангелистік христиан және Малайзия католик епископтары Конференциясы кіреді. Ұйым елдегі зайырлы, діни органдармен, үкіметпен жақсы қатынас орнатқан. Бүгінгі күні аталған ұйым Малайзиядағы шіркеулердің тоқсан пайызына өкілдік етеді. Ұйым мақсаттары: Інжілдің беделін мойындайтын барлық христиандарды біріктіру; Диалог пен кеңес беру арқылы Малайзиядағы түрлі христиан топтарының арасын жарастыру; Федералды заңда бекітілгеніне сай христиан қауымының сенім еркіндігі мен құқын қорғау; Барлық мәселелер бойынша Малайзиядағы христиан қауымдарына өкілдік ету; Ортақ мәселелер бойынша барлық әкімшілік деңгейде үкіметтік және үкіметтік емес (діни және зайырлы) органдармен бірге жұмыс істеу, кеңес беру. Құрылғалы бергі уақытта ұйымды

түрлі конфессия өкілдері басқарып келеді. Әрбір штатта өзінің байланыс бөлімшелері жұмыс істейді.

Христиандық – негізінен діни азшылықты құрайды, бірақ жақсы ұйымдасқан конфессиялар арқылы (Католик епископтары конференциясы, Малайзия Шіркеулер Кеңесі, NeCF, CFM) жұмыс істейді. Шіркеулер білім, сауықтыру, әлеуметтік қызметтер арқылы қоғамға ықпал етеді және мемлекеттік деңгейде діни құқық пен діни-сенім бостандығын қорғайтын институттармен диалог жүргізуге тырысады. Христиан ұйымдарының тағы бір ерекшелігі – конфессияаралық координацияның жоғары деңгейі және мемлекеттік-заңдық мәселелерде ортақ позиция ұстауға бейімдігі.

1983 жылы құрылған тағы бір ұйым буддизм, христиандық, индуизм, сикхизм және даосизм бойынша Малайзия Консультативті кеңесі – конфессияаралық сипаттағы коммерциялық емес ұйым. Ол негізінен Малайзиядағы мұсылман емес қауымдастықтардың өкілдері кеңесі ретінде қоғамда келісімді орнатуға күш салады. Ұйымның ресми сайтында көрсетілгендей оның мақсаттары – (harmonymalaysia.wordpress.com) түрлі сенімдегі адамдар арасында өзара құрмет пен түсіністікті орнықтыруға күш салу; Дінаралық қатынастарға қатысты барлық түйткілді мәселелерге шешім іздеу; Қажет кезде діни мәселелерді көтеру; Діни ұйымдардың діни, мәдени, білім беру, әлеуметтік құқық және басқа да мәселелері шешім табуына ықпал ету; Міндеттері: Рукун Негарада көрсетілген идеяларды қолдап алға жылжыту; Түрлі шаралар ұйымдастыру арқылы әр дінге сенушілер арасында өзара түсіністік, үйлесімділік, бірлікке жетуге ықпал ету; Тиісті құзырлы мекемелерді мақұлдауымен өз сенімін таратудағы БАҚ мүмкіндіктерін барынша пайдалану.

Тәуелсіз Малайя Федерациясының (1957) және одан кейін Малайзияның (1963) құрылуымен елдің көпконфессиялық сипаты конституциялық кепілдіктермен мойындалды, сонымен бірге исламның «Федерация діні» ретіндегі ерекше ұстанымы да нығайтылды. Бұл мемлекет қаржыландыратын діни мекемелердің, әсіресе исламға қатысты мекемелердің құрылуына және бұрыннан барларының күшеюіне әкелді. Мемлекеттік дін істері жөніндегі кеңестер (Мәжіліс Агама Ислам Негері – MAIN): Әр штатта орналасқан және дәстүрлі түрде сұлтан (немесе монархсыз мемлекеттерде Ян ди-Пертуан Агонг) төрағалық ететін бұл кеңестер мемлекеттік деңгейде ислам істерін басқаруға жауапты негізгі институттар болып табылады. Олардың міндеттеріне мешіттерді басқару, исламдық білім беруді (әсіресе діни оқу орындарын) қадағалау, зекет жинау және бөлу, садақа беру, пәтуа беру процестерін басқару (муфтияттар арқылы) және шариғат соттарын басқару кіреді. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұл кеңестердің құқықтық мәртебесі мен әкімшілік мүмкіндіктері нығайтылды. Шариғат соттары (Mahkamah Syariah): Конституция мемлекеттерге мұсылмандар үшін жеке және отбасылық заңдарға (неке, ажырасу, мұра және т. Бұл соттар азаматтық соттардан бөлек сот жүйесі ретінде құрылымдалып, уақыт өте иерархиялық құрылымға (төменгі, жоғары, апелляциялық) ие болды. Мүфтилік кеңселер (Jabatan Mufti Negeri): Әр штатта діни мәселелер бойынша пәтуа (заңды пікірлер) шығаруға жауапты мүфтилік

бөлімі бар. Мүфти мемлекеттегі жоғарғы діни билік органы болып саналады және MAIN бағынады. Федералдық деңгейдегі үйлестіру және дамыту институттары: Бастапқыда ислам істері негізінен провинциямен шектелгенімен, уақыт өте келе федералды деңгейде үйлестіру мен стандарттау қажеттілігі туындады.

Кезекті мемлекеттік діни ұйымдарға берсек, әрине ислам мемлекеттік дін болғандықтан ерекше статусқа ие. **Малайзияның исламдық даму департаменті** (Jabatan Kemajuan Islam Malaysia - JAKIM): Премьер-Министрлік жанынан құрылған және уақыт өте келе оның өкілеттіктері кеңейтілген JAKIM федералды деңгейдегі ең маңызды ислам институтына айналды. Оның функциясына исламдық саясатты әзірлеу, мемлекеттер арасындағы үйлестіруді қамтамасыз ету, халал сертификатын стандарттау және бақылау, исламдық оқу материалдарын дайындау, федералдық деңгейде мешіттер мен діни мекемелерді басқару (Федералдық аумақтарда) мен исламдық баспа ісі және дағуат (насихат) қызметі кіреді. Ұлттық Ислами Істер Кеңесі (Majlis Kebangsaan Bagi Hal Ehwal Ugama Islam Malaysia - MKI): Билеушілер конференциясы (Мәжіліс Раджа-Раджа) мен Үкіметке исламдық басқару және құқық мәселелері бойынша кеңес беру үшін құрылған басқа федералды орган. Билеушілер конференциясы (Мәжіліс Раджа-Раджа) – Малай сұлтандары мен штат губернаторларының бұл конференциясы өзінің конституциялық міндеттерінен басқа, діни мәселелерде, әсіресе исламның ұлттық ұстанымы мен мемлекеттер арасындағы келісімнің қажеттілігінде маңызды рөл атқарады.

Басқа діндерге арналған институттар: Конституция басқа діндердің еркін жүруіне кепілдік бергенімен, оларға мемлекет ислам дініндегідей тікелей әкімшілік немесе қаржылық қолдау көрсететін орталық институттарды құрып берумен айналыспайды. Мұсылман емес қауымдар өздерінің діни мекемелерін (шіркеулерді, храмдарды, бірлестіктерді және т.б.) өздерінің ішкі құрылымдары мен ресурстарымен басқарады. Уақыт өте келе үкімет ішінде диалог пен қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін бөлімшелер немесе комитеттер құрады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Малайзияда исламның конституциялық ұстанымы аясында мемлекеттік және федералдық деңгейде жан-жақты және мемлекет қолдау көрсететін әкімшілік, құқықтық және білім беру мекемелері (MAIN, Шариғат соттары, мүфтияттар, JAKIM және т.б.) құрылып, дамыса, басқа дін өкілдері өз институттарын конституциялық кепілдіктер бойынша еркін ұйымдастыруды жалғастыра берді. Малайзияда азаматтық бірегейлік дамыды, дегенмен ол елдің күрделі этникалық, діни және саяси динамикасымен қалыптасатын даулармен астасып жатыр әрі әлі де жетілу үстінде. Бұл елде азаматтық бірегейлік этникалық, діни және тілдік ерекшеліктерден бөлек, жалпы азаматтыққа, құндылықтарға, құқықтар мен міндеттерге негізделген ұлтқа ортақ бірегейлік пен адалдық сезімі арқылы қалыптасқан. Дегенмен мұсылман көпшілік Малайзиядағы азаматтық бірегейлікті көбінесе этникалық бірегейлікпен, әсіресе малай-мұсылман ұлтшылдығымен астастыра түсінеді. Осы қиындықтарға қарамастан, Малайзия мемлекеті, әсіресе соңғы онжылдықтарда, неғұрлым инклюзивті азаматтық бірегейлікті ілгерілету үшін

күш салуда. Vision 2020 бастамасы (Премьер-министр Махатхир Мохамад енгізген) этникалық шекарадан асып түсетін «Бангса Малайзияны» (Малайзия ұлты) дамытуға бағытталған. Осы жағдайлар Малайзияда азаматтық бірегейлік негізі бар екенін, дегенмен әлі де қоғамдық келісім арқылы нығайтылу процесінде екенін көрсетеді әрі көпмәдениеттілік пен ұлттық құрылыстың күрделі өзара ықпалдастығын байқатады дей аламыз.

Түйіндер болсақ, Малайзияда тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезең ұлттық құрылымның ажырамас бөлігі ретінде діннің, әсіресе исламның институционалдық консолидациясының куәсі болды. Ресми дін ретінде ислам федералды және штат деңгейінде жұмыс істейтін діни кеңестер, ислам соттары және оқу орындарының құрылуы арқылы мемлекеттік құрылымдарға көбірек енді. Бұл институттар дін істерін қадағалап қана қоймай, ұлттық болмысты, құқықты және мемлекеттік саясатты қалыптастыруда да рөл атқарды. Сонымен қатар, діни-сенім бостандығына конституциялық кепілдік берілді, бұл басқа діни бірлестіктерге (буддистерге, христиандарға, үнділерге және т.б.) өздерінің институционалдық негіздерін дамытуға мүмкіндік берді. Храмдар, шіркеулер және исламдық емес діни ұйымдар Малайзияның діни әртүрлілігіне үлес қосып, белсенді жұмыс істеуді жалғастырып келеді. Дегенмен, исламдық басқарудың мемлекеттік биліктің қол астында орталықтандырылуы да зайырлы басқару мен діни ықпал арасындағы үйлесімді жолды табуға итермеледі. Әсіресе отбасы құқығы, білім беру және әлеуметтік саясат сияқты салаларда шиеленісті жағдай қалыптасып, оны шешудің механизмдері біртіндеп тиімді сипат табу жолына түсті. Яғни, осы қиындықтарға қарамастан, тәуелсіздік дәуірінде қалыптасқан діни институттар мен тиімді мемлекеттік басқару – қоғамдық тәртіпті сақтауға, моральдық құндылықтарды ілгерілетуге және Малайзияның көпконфессиялық қоғамының күрделілігін шешуге үлес қосты. Яғни, Малайзияда тәуелсіздік алғаннан кейінгі діни институттардың қалыптасуы исламның мемлекеттік дін ретінде бекітілуін де, елдің қоғамдық келісімі мен ұлттық бірегейлігі үшін маңызды болып қалатын нәзік тепе-теңдік – діни плюрализмнің жалғасуын да байқатады.

Қорыта айтқанда, мемлекет исламды федералды деңгейде ресми қолдап, оның институттарын (MAIN, JAKIM, шарифат соттары, зекет орталықтары) нығайтса да, Конституция басқа діндерге діни-сенім бостандығын кепіл етеді; сондықтан христиан, буддизм және индуизм қауымдары өз институттарын дамытып, көпконфессиялық практиканы жүргізуде. Нәтижесінде Малайзияда діни плюрализм пен мемлекеттік исламның арасы нәзік тепе-теңдікпен сипатталады: бұл тепе-теңдік әлеуметтік-экономикалық саясат пен институционалдық диалог арқылы сақталса, тұрақтылыққа жол ашылады; ал басқару немесе әділдік мәселелері шешілмей жатса, діни мәселелер әлеуметтік шиеленістерге айналуы мүмкін. Бұл енді бір шетінен күрделі, бір шетінен нәзік мемлекеттік дін саясатын талап ететін малай қоғамының өмір шындығы. Келесі бөлімде Малайзияның дін және конфессияаралық қатынастар саласындағы нақты саяси шешімдері мен институционалдық құрылымын қарастырамыз.

1.3 Қазіргі Малайзия мемлекетінің дін және конфессияаралық қатынастар саласындағы саясаты

Малайзиядағы дін-мемлекет қатынасы Батыстағы қатаң секуляризмге ұқсамайтын жолмен қалыптасқан әрі малай ұлтының ұлттық-діни бірегейлікті сақтау жолындағы күресінің нәтижесін кескіндейді деуге болады. Бұл шартты түрде «аралас модельді зайырлылық» деп сипаттауға келетін ерекше форма. Мемлекет заңдық құрылымы мен құқықтық тәртібін зайырлы нормаға сүйеніп жүргізсе де, исламға ресми мәртебе беріп, шариғат соттарын институционалды түрде жүйеге енгізіп отыр. Мұны «дифференциалдық жүйе» деп атауға да болады: яғни, азаматтық-құқықтық кеңістік зайырлы, ал мұсылмандардың отбасылық және жеке құқықтары діни нормамен реттеледі. Осы модель — этникалық малай бірегейлігі мен исламды конституциялық түрде байланыстыратын, бірақ сонымен қатар көпконфессиялық қоғамға құқықтық еркіндік беретін ерекше тепе-теңдік формасы. Төменде осы бір ерекше малайлық жүйенің құрылымдық талдауына кезек бермекпіз.

Басқару жүйесі Конституциялық монархияға негізделген Малайзия – көпұлтты әрі көпконфессиялы мемлекет. Елдегі халық саны – 31,8 млн. [59]. 2020 жылы жүргізілген санақ бойынша, халықтың 63,5 пайызы ислам дінін, 18,7 пайызы – буддизмді, 9,1 пайызы – христиандықты, 6,1 пайызы – индуизм және 1,3 пайызы конфуциандық, даосизм немесе өзге де дәстүрлі қытай сенімдерін ұстанады. Этникалық малай ұлтының саны шамамен тұрғындардың 55 пайызына тең [59]. Малайзиядағы христиандық ағымдардың ішінде католиктік бағыты басымдыққа ие (3 митрополия, 6 диоцез), сонымен қатар, англикан, баптист, квакерлер, лютерандар, әдістемешілдер, пресветериандар, елуіншілдер секілді қауымдар да бар. Малай Конституциясы 1957 жылы Одақ коалициясындағы үш этникалық саяси партия: Біріккен малай ұлттық ұйымы (UMNO), Малай Қытай Ассоциациясы (MCA) және Малай Үнді Конгрессі (MIC) арасындағы ұлттық келісім нәтижесінде қабылданған болатын. Малайлар либералды және жалпы азаматтық бірегейлікті мойындады, бұл сол кездегі қалыптасқан жағдайға қарай малай емес ұлттардың мүддесіне сай келді. Ал қытай мен үнді жетекшілері ислам дінін ресми дін, малай тілін ұлттық тіл, дәстүрлі малай билеушілерін мемлекет басшысы ретінде бекітуге келісті. Малайлардың күйсіздігі, әл-ауқатының нашарлығы әрі олардың түбектегі байырғы тұрғындар екенін ескере келе, ел басқышылығы әкімшілік лауазымдарда, жәрдемақы тағайындауда т.б. малайларға артық құқықтар беруге келісті. Осы келісімдер негізінде Конституция қабылданды [60, 219 б.].

1963 жылы Конституцияға бірқатар толықтырулар енгізілді. Мемлекет басшысы – Жоғарғы басшы (монарх) 9 сұлтандық басшыларымен 5 жылға сайланады. Конституцияға сәйкес үкіметтің кез келген шешімі Жоғарғы басшының келісімен, соның атынан жасалады. Іс жүзінде парламент пен үкіметтің ұсыныстарын негізге ала отырып, шешімді қабылдайды. Жоғарғы басшы парламент қабылдаған заңдарды бекітеді, үкімет басшысын, Жоғарғы

сот құрамын бекітеді, кешірім жасау құқына ие, қарулы күштердің бас қолбасшысы саналады. Заң шығару билігінің жоғарғы органы – қоспалаталы парламент. Атқарушы билікті үкімет басшысы басқаратын министрлер кабинеті жүзеге асырады. Көппартиялық жүйедегі жетекші партиялар: Ұлттық шеп, Ислам партиясы, Демократиялық партия, Әділеттілік партиясы. Ел тұрғындарының құқықтық жағдайы федералды Атаңзаңмен және жекелеген сұлтандықтардағы жергілікті заңдармен анықталады. 9 малай штатын мұрагер сұлтандар, 4 штатты Малайзия Жоғарғы басшысы тағайындаған губернаторлар басқарады. Әр штат жеке бірпалаталы заңдық маслихатқа ие. Бұл заңдық маслихат мүшелерінің саны әр сұлтандықты мекендеген тұрғындар санына байланысты белгіленеді. Әр штаттың басшысы өз аумағында дінбасы да болып табылады. Әр штат ислам құқына, шариғат сотына жауапты, олар мұсылмандар арасында жат діни ілім таралмауын қадағалайды. Федералды Конституция мұсылмандар арасында өзге дін насихатталуын бақылау және шектеу құқын штат сұлтандарына берген.

Біріккен ұлттар ұйымына мүше ретінде Малайзия Адам құқықтары бойынша жалпы декларация ұстанымдарын мойындайды. Ол бойынша негізгі құқы ретінде адамның діни-сенім бостандығы мен дінін таңдау еркіндігі қорғалады. Малайзия әйелдерге қатысты барлық кемсітушілікті жою бойынша Конвенцияға да қол қойған (CEDAW). Оған діни-сенім бостандығы секілді Федералды Конституция кепілдік береді. 3-бап (1) бойынша (жақша ішіндегі (1) тармақты білдіреді) Федерацияның ресми діні – ислам, өзге діндерге федерация аумағында толеранттылық пен келісімді сақтау шартымен еркіндік берілген. Бұл жағдай тәуелсіздікке дейінгі ұлтаралық бітімге келудің нәтижесі. 1956 жылы үш негізгі саяси партия жалпы қауымның құқы мен мүддесін қорғау мақсатында «Одақ меморандумына» қол қойған болатын. 11-баптың (1) тармағында «әр адам өз дінін ұстануға құқылы» делінген. Яғни әр адам өз сенімін ұстануға, құлшылық жасауға әрі 11-баптың (4) тармағы бойынша өз сенімін таратуға құқылы.

Діни бірлестіктер діни жұмыстарымен, мүліктік құқық және діни мекеме құруға қатысты кез келген істерімен айналысуға құқылы. 12-бап білім алу құқына қатысты, діни бірлестіктерге өз балаларының білім алуын қамтамасыз етуіне рұқсат етеді. 12- баптың (3) тармағы өз дінінен басқа діннің ғұрпына қатысуға нұсқау беруге, оны талап етуге тыйым салады. Жасы 18-ге толмаған балалардың сенімін ата-аналары анықтайды. 8-бап баршаның заңмен теңдей қорғалуын қарастырады. Егер Конституция бұған мүмкіндік бермесе, дінді де қосқанда Малайзия азаматтарының ешбірі түрлі себептермен алалауға ұшырамайды. Діни білім алу мәселесінде Үкімет елдегі барлық мұсылман қызметкерлердің мемлекет бекіткен дін сабағына қатысуын талап етеді. Мұсылман оқушылар да дін сабағына қатысуға міндетті. Өзге дін өкілдерінің балалары мен мемлекеттік қызметкерлері дін сабағына қатысуға міндетті емес, бірақ олардың балалары этика, әдеп сабағын оқуға міндеттеледі [61, 4 б.]. Конституцияның 11-бабында көрсетілген діни-сенім бостандығы басқа да Конституция баптарында қолдау тапқан. Біріншіден, экстремистік

әрекеттермен күресуде 149-бап заңдар қабылдауға рұқсат етеді, кері жағдайда ол сөз бостандығы не жеке еркіндік секілді тандалған негізгі құқықтармен сәйкеспес еді. Бір жағы ол діни-сенім бостандығын да қол сұғушылықтан қорғайды. Екіншіден, төтенше жағдай жарияланған күннің өзінде де осыдан кейін қабылданған кез-келген заң наным-сенім еркіндігін шектей алмайды. Үшіншіден, 8-бап дін бойынша мемлекеттік қызметкерлерді (мүлік иелену, сауда, кәсіп, мамандық иеленуде) алалауға жол бермейді [62, 669 б.].

Федералды қылмыстық кодексте тек исламмен шектелмей бірқатар қылмыстық істер қамтылған. Әсіресе, Қылмыстық кодекстің 298А-бабы (әртүрлі дінді ұстанатын адамдар арасында дінге байланысты келіспеушілік, алауыздық немесе араздық) нәтижесінде елдегі діни үйлесім бұзылып, дінге араласып, айыппұл төлеуге дейін апаратын жайттарды кең қамтыған. Малайзия үкіметі заңды бұзған дінде шектен шыққандарға қарсы шараларға барды. 1978 жылы үндістер храмын бұзбақшы болған мұсылман малайлар олардың жолына түсіп, өлтірілді, жараланды. Ғибадатханаларын қорғаған үнділер абайсыз кісі өлімі үшін кінәланды. Дегенмен осы оқиғаға түрткі болған мұсылмандардың тірі қалғандары сотталды.

Малайзия халқының этникалық құрамы күрделі болғандықтан, ол мемлекеттің ұлттық әрі демографиялық саясатына да ерекшелік әкелді. Малайзияның байырғы тұрғылықты халықтары (малайлар, даяктар, оранглауттар мен аслилар және басқалар) «бумипутра» деген ресми категорияға алынды. Мемлекеттік саясат «бумипутраның» туылуын арттырып, өмір сүру сапасын көтеруге бағытталған. Байырғы халықтар өкілдері мемлекеттік қызметке тұруда, жоғарғы оқу орындарына түсуде, мемлекеттен несие рәсімдеуде айтарлықтай артықшылықтарға ие [63]. Мәселен, Конституцияның 153-бабы байырғы халықтар ретінде этникалық малайлар, бумипатраның артықшылықтары мен құқықтарын қорғаса, 160-бабы «малай» ұлтына мынадай анықтама ұсынады: ол – мұсылман, тілі – малай, малай дәстүрін ұстанады, тәуелсіздікке дейін Малайя не Сингапурда туған. Осы бапта және де этникалық негіз бен діннің араласуы этникалық малайлардың діни еркіндігіне жаңа проблемалар туындататыны байқалады. Зерттеушілер Ван Норхасния Ван Хусин мен Хаслина Ибрахимнің пікірінше, бұл анықтама бойынша Конституция малайларды исламмен байланыстыруда. Яғни мынандай түсінік шығады: Конституция екі нәрсені меңзеуде: малайлардың дінін қорғау және малайларға діни сенімін ауыстыруының алдын алу. Конституция ешқашан толықтай шарифатқа сай қалыпта не шарифат үшін қажетті құжат ретінде дәріптелген емес. Тіпті Малайзия ислам мемлекеті ме, әлде зайырлы мемлекет пе деген талас та бар [64, 1217 б.].

Конституция қабылданғанда «зайырлы» деген сөзге сілтеме берілмесе де, мемлекет пен дін қатынастарында жетекші ұстаным ретінде зайырлылық негізге алынған [65, 288 б.]. Ахмад Фаузи Абдул Хамид пен Зауауи Ибраһим де Конституцияның еш жерінде «зайырлы» деген сөз кездеспегенімен, тәуелсіз Малайяның зайырлылық негіздері құжатты даярлаған партиялар тарапынан бекітілгенін алға тартады. Солтүстік атлантикалық одақ лидері, кейіннен

тәуелсіз Малайяның алғашқы үкімет басшысы Тунку Абдул Рахман (1903-1990) өзге жұмысшы партия мүшелерін Конституцияды даярлаудағы барлық үрдістің федерация зайырлы мемлекет болады деген түсінікпен жүргеніне сендірген [66, 171 б.]. Кевин Бойле мен Джулиян Шиин Конституция барлық азаматтарды шариғатпен басқаратын исламдық мемлекетті мақсат етпейтінін, мұсылман еместер ислам құқымен жүрмейтінін түсіндіреді.

1957 жылғы Конституция – этносаралық келісімнің өнімі. Онда ислам ресми дін ретінде белгіленеді, бірақ құқықтық жүйе толықтай шариғаттан тұрмайды. Конституция «малай» категориясын дінмен (ислам), тілмен (малай тілі), дәстүрмен байланыстырғандықтан, этникалық-діни бірегейліктің заңдық деңгейде бірігуіне жол ашты. Бұл өз кезегінде діни-сенім бостандығына қатысты ерекше ұстанымдарға негіз болды.

Сондықтан Малайзия Конституциясы «зайырлы мемлекет» ретінде жасалғанымен, оның ішкі механизмі этникалық малай мұсылмандарының мәртебесін күшейтетін құқықтық нормаларға сүйенеді. Бұл – құқықтық плюрализм мен этно-діни саясаттың аралас моделі.

Шариғат 1988 жылы қарастырылған отбасы құқығы, мұсылман әйелдердің мүлік иелену құқы, ажырасудың әділетті өтуі секілді тек малайзия мұсылмандарының жеке құқықтарын қарастырады. Яғни түрлі діндердің діни еркіндігі тең емес дәрежеде шектеледі. Дегенмен федералды үкімет исламды жалпыға тән дін ретінде мойындатуға ресми талпыныс жасаған емес. Сондай-ақ федералды саясат діни азшылыққа қысым жүргізген емес. Джоржтаун университетінің профессоры Ивон Тьюдің түсіндіруінше, секуляристер ислам ұстанымы формалды ғана болуын, Малайзия Конституциясының негізі зайырлы екенін жақтайды. Малайзияны ислам мемлекеті деп мойындаушылар 3-баптағы (1) қоғамдық салада исламның рөлі жоғары екенін негізге алады. 1988 жылы Жоғарғы сот 3-бапқа (1) сай исламның ұстанымы ғұрыптар, салтанаттармен шектелетінін, елдегі заң зайырлы құқыққа негізделетінін мәлімдеген болатын. Екі жылдан соң Жоғарғы сот Конституцияның негізі зайырлы екенін бекітіп, исламның мемлекеттік дін ретінде мойындалуы өзге діни өкілдерінің азаматтық құқын шектемейтінін мәлімдеді [67].

Осылайша, Малайзиядағы зайырлылық қатаң бөлінген шекаралармен емес, билік тармақтары мен діни институттар арасындағы келісімдермен өмір сүретін модель ретінде көрінеді. Бұл жүйе бір мезетте исламды мемлекеттік деңгейде қолдайды, бірақ сонымен бірге конфессиялық плюрализмді конституциялық кепілдік бойынша бекітеді – дәл осы екіжақтылық оның басты ерекшелігі.

Яғни, Малайзияның мемлекеттік құрылымы – конституциялық монархия, федерализм және діни институттар үйлесімінің ерекше нұсқасы. Тоғыз сұлтандықтың монархты кезекпен сайлауы, әр штатта ислам істерін басқаратын дербес діни кеңестердің болуы және азаматтық-соттық жүйемен қатар шариғат юрисдикциясының жүруі – бұл құрылымды Оңтүстік-Шығыс Азияда баламасыз етеді. Осы күрделі институционалдық модель федералды және штаттық билік арасындағы балансты сақтаудың бірден-бір жолы ретінде жұмыс

істейді. Шариғат пен азаматтық құқықтың шектеулі параллелизмі – Малайзияның діни-плюралистік қоғамын басқарудың ерекше тәжірибесін танытады.

2001 жылы сол кездегі Малайзия Үкімет басшысы Махатхир Мохамед «Малайзия – ислам мемлекеті болып табылады» деп мәлімдеген кезде бұл даулы мәселе тағы көтерілген болатын. Дегенмен бұл мәлімдеменің соңын ала Федералды Конституцияға қандай да бір өзгеріс енгізілмеді. Үкімет басшысының діни кеңесшісі профессор, доктор Тан Шри Абдул Хамид Отманның пікірінше, «Малайзия ислам мемлекетінің талаптарын орындады». Ол бұл сөзін Ван Захиди Ван Те жазған «Малайзия – ислам мемлекеті» атты кітапқа сүйеніп айтқан. Бұл кітапта автор Малайзия ислам мемлекеті деп айту үшін мұсылман ғалымдар анықтаған «ислам мемлекеті» талаптарына қарау керектігін жақтайды. Біріншіден, ұлтты мұсылмандар басқаруы тиіс, оны қорғау да мұсылмандардың қолында болуы керек және әрбір мұсылман оны қорғауы қажет. Екіншіден, ұлт бейбітшілікке жету үшін оны мұсылмандар бақылауы керек. Үшіншіден, ислам заңдары жүруі тиіс. Бірқатар заңгерлер бұл талаптар Малайзияның зайырлы мемлекет екенін өзгерте алмайды деген пікірде [61, 12 б.].

Саскиа Луси Шафер Малайзия үкіметінің отар кездегі қоғамды жіктеуді кейіннен де жалғастырғанына назар аудартады. Ол жерде аталған төрт топ: Бумипатра (негізінен малайлар), қытайлар, үнділер және басқалар. Ата заң малайларға көп артықшылықтар береді. 1971-1991 жылдар аралығында жүзеге асырылған жаңа экономикалық саясат та негізінен малай ұлтына көп жеңілдіктер (білім алу, несие алу секілді) береді. Аталған мемлекеттік бағдарлама тоқтағанымен, малай ұлтына берілген артықшылықтар сақталып қалды. Елде дін мен ұлтқа қатыстылық заң жүзінде де бекітілген. Малай Конституциясында малай тілінде сөйлейтін, малай дәстүрін, ислам дінін ұстанатын деген айырма анықтама бойынша екеуі екі бөлек болғанына қарамастан малай ұлты мен ислам діні біртұтас мән иеленіп келеді. Ұлтқа қатысты саясат дінге негізделуде [68, 115 б.].

Малайзия мұсылмандары сунниттік шафиғи мәзһабын ұстанады. 1996 жылы шыққан, үкіметтік заңдармен қуатталған пәтуа бойынша ел мұсылмандарынан тек осы мәзһабта болу талап етіледі, бұл мәзһабқа қарсы діни көзқарасты таратуға рұқсат етілмейді. Мохаммед Азамның түсіндіруінше, Конституцияның құқықтық құрылымындағы түйткілді мәселенің бірі шариғат пен азаматтық соттардың қосарланған жүйесі болып табылады. Елдегі барлық отандастар азаматтық заңдарға бағынады. Мұсылман еместер азаматтық заңдарды басшылыққа алуы тиіс. Мұсылмандар көбіне отбасы құқы (некеге отыру, ажырасу) және мүлік иелену құқы (мұрагерлік) секілді мәселелерде шариғат соттарына жүгінеді. Осы аталған салаларда шариғат соттары шектеулі құзыретке ие. Яғни Малайзияда шариғаттың осы шектеулі құқығы тек мұсылмандарға жүреді. Шариғат соттары шығаратын шариғат актілері әр штаттың жарғылық құрылымына қарай өзгереді [61, 2 б.].

АҚШ-тың демократия, адам құқықтары және еңбек департаментінің 2018-жылғы баяндамасында Малайзияның құқықтық жүйесінде шариғат пен азаматтық құқық байланысы бір-бірінен толық ажыратылмағаны айтылған [59, 1 б.]. Федералды Конституцияның 160-бабында кездесетін «заң» сөзі мұсылмандық құқықты білдірмейді. Онда шариғат соттарының заңдық құзыреттіліктері де көрсетілмеген. Тек 121-бапта (1А) ғана азаматтық соттардың құзыреттілігінен бөлек шариғат соттары да аталып өткен. Ислам құқы өкілеттілігі Тоғызыншы қосымшаның II мемлекеттік тізімінде қарастырылып, тек ислам дінін ұстанушылар үшін екендігі нақтыланған [61, 15 б.]. Ата заңға енгізілген өзгеріс бойынша, 121 (1А) негізінде Малайзияда азаматтық және исламдық сот жүйесі бір-бірінен 1988 жылы ажыратылды. Онда шариғат соттары қарастырған мәселелерге азаматтық соттардың құзыреті жүрмейтінін көрсетілген. «Яғни мұсылмандар шариғат заңдарына бағынады, ислам заңдарына қайшы қылық жасап қойса, заңдық негізде сотқа тартылады. Бұл бап құқықтық тұрғыда кейін көп қақтығысқа әкелетіні ол кезде болжанбады. Әзірше сол енгізген өзгеріспен реттелуде. Шариғат – ислам құқын меңгерген мамандар айналысатын ерекше сала» [69, 673-674 б.]. Кейде құқықтық істі кім қарауы тиіс: зайырлы сот па әлде шариғаттық сот па деген мәселе де туындайды.

Өзге дінге өткісі келетін мұсылмандар алдымен шариғат сотының құптауын алып, «діннен шыққандар» ретінде жариялануы тиіс. Шариғат соттары бұндай өтінішті сирек қанағаттандырады, әсіресе ол адам мұсылман болып туған болса, оның өзге сенімге өтуін жылы қабылдамайды. Өз дінінен бас тартуға бекітілген айыппұл мөлшері әр штаттың басшылығында әртүрлі. Айталық, Перак, Мелака, Сабақ, Паханг секілді сұлтандықтарда ол қылмыстық іс болып табылады, жазасы айыппұл немесе абақтыға қамалу. Пахангта алты рет сабау болса, Келантан мен Теренггануда өлім жазасына кесіледі. Бұл заңдар әлі қолданылған емес, оның құқықтық тұғыры әлі де тексерусіз қалып отыр. Ұлттық деңгейде азаматтық соттар исламға қатысты істерді шариғат соттарына бағыттайды. Федералды заңдарға сәйкес кәмелетке толмаған бала (он сегіз жасқа дейін) ата-анасының рұқсатынсыз өзге дінге өте алмайды. Дегенмен кейбір сұлтандықтарда он бес жасқа толысымен ата-анасының рұқсатынсыз таңдау жасауға рұқсат етеді. Федералды заңдар негізінде наным-сенім еркіндігі бұзылған жағдайда азаматтар мен ұйымдар үкіметке арыздана алады. Федералды үкімет пен сұлтандықтар үкіметі мұсылмандар ортасында жат діни сенімді уағыздап таратушыларды бақылауға және шектеуге құқылы. Ата заң әр штатты басқарып отырған сұлтандарды дәстүрлі билеушілер ретінде анықтап, оларды өз басқару аймағындағы исламның басшысы ретінде қабылдайды.

Жоғарыда айтқанымыздай, елдегі 13 штаттың тоғызын мұсылмандар арасында беделі жоғары Сұлтандар басқарады. Қалған төрт штат пен федералды аймақтарды жоғарғы исламдық беделге ие губернатор басқарады. Ислам заңдарының орындалуын әр сұлтандық өзі қадағалайды. Басшыға ислам құқына қатысты істер бойынша кеңес беретін әр сұлтандықтың өз муфтияты қызмет етеді. Шариғат соттарын сұлтандар қадағалап, сот істерін бақылайтын

исламдық үкіметтік діни департаменттер мен кеңестердің талаптарына сәйкес соттарды тағайындайды. Үкімет жоқ штаттарда федералды аймақтарда бұл жауапкершілік губернаторға жүктеледі. Ислам құқығынан өзге мәселелер бойынша федералды заң штат заңдарының алдында конституционалық басымдыққа ие. Конституцияға енгізілген өзгеріс бойынша шариғат соттары қарастыратын мәселелерге азаматтық соттардың араласуы негізсіз. Тек 2015 жылы ғана азаматтық соттар үкіметтік исламдық биліктің әкімшілік шешімдерін қарауға құзырет алған. Конституция Парламентке мұсылмандық істерді реттеуші, шешім қабылдаушы өкілеттігін береді. Шариғаттық сот департаменті (JKSM) шариғат соттарының жұмысын үйлестіру ісі табысталған федералды агенттік болып табылады. Исламды дамыту бойынша федералды департамент (JAKIM) пәтуа федералды комитетінің тұрақты хатшылығы болып табылады, оның құрамына әр сұлтандықтан бірден 14 муфтият кіреді (біреуі федералды аймаққа өкілдік етеді). Бас прокурор палаталары жанындағы Шариғат және азаматтық-техникалық комитеті федералды деңгейде шариғат заңы үрдістерін бақылайды [59].

Малайзияда барлық діни ұйымдар үкіметтің қоғамдық ұйымдарды тіркеу жүйесіне (RoS) тіркеліп қызмет атқарады әрі жыл сайын жұмыстары туралы есеп беруге міндеттеледі. Аталған мекеме діни бірлестіктердің қоғам тәртібін, әдебін бұзбауын, елдің денсаулығына зиян келтірмеуін қадағалай алады. Негізгі талап: ұйымның мақсаты, ұйымдасу ережесі, басшылығына қатысты құжаттарды өткізу және тиісті төлемақы төлеу. Негізі исламнан тыс діни бірлестіктерден тіркелу туралы құқықтық талап жоқ болса да, олар бекітілген коммерциялық емес ұйым ретінде жұмыс істеу үшін өз еріктерімен тіркеледі. Салық заңдары тіркелген діни ұйымдарды садақа, салық бойынша жеңілдіктер жасауына мүмкіндіктер береді әрі жекелеген донор субъектілерді салықтан босата алады. Зекетін мұсылман діни ұйымдарға өткізетін донорлар салық төлеуде жеңілдік иеленеді. Донор ретінде мақұлданған үкіметтік қайырымдылық ұйымдары (кейбір мұсылман емес діни бірлестіктерді де қосқанда) салықтан босатылмаса да, жарна үшін салықты аз төлей алады. Әр сұлтандық шариғатқа сай заңның қолданысын өзі қадағалайтындықтан, екі жақты келісіммен болған бір жыныстылардың жұптасуы, жезөкшелік, адам ұрлау, зорлау, тонау секілді қылмыстарға түрмеге қамауға дейінгі жазалар бекітілген. Заң өзге дін өкілдерінің діни сенімін ауыстыруына шектеу қоймайды. Өзге дін өкілі мұсылманмен некеге отырғысы келсе, неке ресми қабылдануы үшін ислам дінін қабылдауы міндеттеледі. Мұсылмандарға өз ішінде дінді насихаттауға тыйым жоқ. Малайзияның бір ерекшелігі дұға жасау, ауыз бекіту секілді істерге дейін бәріне қатысты ережелер мен тәртіп бекіткендігінде.

2006 жылы Келантан штаты үкіметі мұсылман әйелдердің жеке сауда дүкендері мен тойханалардағы «ерсі киімі» туралы заң қабылдады. Бұл заң бойынша мұсылман әйелдерден басына орамал тағып, дәстүрлі киім кию талап етілді. Өзге дін өкілдері әйелдері де тым ашық-шашық әрі ерсі киінбеуге міндеттелді. Заңды сақтамағандарға 146,19 доллар көлемінде айыппұл төлеу

бекітілді [61, 4 б.]. Өзге дін өкілдерінің діни қызметіне қатысқан немесе діни әдебиеттерін алған мұсылмандар өз дінінің міндеттерін бұзушы ретінде жауапқа тартылады. Мұсылман студенттеріне өзге діннің діни әдебиетін не философиялық көзқарастарын ұсынған оқытушылар да жауапқа тартылады. Үкіметтік органдар діни құлшылық жасау, дін ғимараттары үшін және баршаға жерлеу орнын бөлуде арнайы құқыққа ие. Барлық мұсылмандық ғибадатханалар, сураулар (құлшылық үйі) қосқанда, ДЖАКИМ мекемесіне қарасты. Мешіт салуға рұқсатты осы мекемеден алады. Исламдық білім беру мемлекеттік мектептерде мұсылман балалар үшін міндетті болып табылады. Өзге сенімдегі студенттер мазмұны діни емес мораль мен этика жайлы курс алуға міндетті. Жеке мектептер өзге сенім өкілдеріне мазмұны исламдық емес діни бағдарламалар ұсына алады. Қоғамдық тәртіпті бұзған жағдайда мұсылмандарға қосымша наным-сенім еркіндігін шектеу бар (Конституция І пункт, II тізім, 9 жағдай бойынша). Бұл үкіметтік ассамблеяларға зина, діннен бас тарту, құмар ойындар, арақ ішу, жалтару секілді ислам ережесін бұзғандарды жазалау мүмкіндігін береді. Байқалғандай, наным-сенім еркіндігі белгілі бір деңгейде әр штаттағы діни мәселелерді реттеуші заңдардың жағдайына да байланысты. 1952-1962 жылдар аралығында шамамен штаттардың барлығы ислам құқына қатысты өз заңдарын бірізділендіру үшін қайта қарады, бұл жағдай мұсылман міндеттемелерін қатаңдатып, өзге дін өкілдерінің діни еркіндігін біршама шектеді.

Малайзия Адам құқығы комиссиясы наным-сенім еркіндігін шектейтін екі шарт бар екенін алға тартады: а) 11- тармақтың 4-бабы бойынша жекелеген штаттардың заңдық деңгейінде әрі жалпы Федерация деңгейінде мұсылман дінін ұстанушылар ортасында бөтен сенімге, жат діни доктринаға үгіт жүргізуге шектеу қойылған. Мәселен, Ұлттық Кеңестің 1996 жылы 5 мамырдағы пәтуасы бойынша, шииттік сенімді ұстануға рұқсат еткенмен, оны мұсылмандар арасында насихаттауға тыйым салынған. Ахмадия ағымына да тыйым бар. Бұл жағдай жіті бақылауда. Ә) Дінді ұстану және дінге шақыру еркіндігі қоғам баяндылығы мен моралы секілді қоғамдық тәртіпке, жалпы заңдарға қайшы келмеуі тиіс [62]. Шад Фаруқи бұндай шектеу мұсылмандарды ұйымдасқан халықаралық миссионерлік әрекеттерден қорғайтынын, әлеуметтік үйлесімдікке негізделгенін, ол қандай да бір нақты сенімнің басымдығын көрсетпейтінін алға тартуда [70, 663 б.].

Мұсылмандар арасында өзге діни сенімді насихаттап таратуға белгілі бір деңгейде жаза қарастырылған. 1997 жылғы шариғат заңының федералды аумақтардағы қылмыстық істер бойынша заңының 5 бабында мұсылман ортада өзге дінді насихаттағандардың жазасы екі жыл мерзімге түрме немесе үш мың ринггит қаржы төлеу деп көрсетілген. Мысалы, мұсылмандар ортасына барып христиандыққа үгіт жүргізгені үшін ұсталып, айыппұл салынған діни бірлестіктер де болды. БҰҰ арнайы баяндамашылары Малайзия үкіметіне өтініш жасап, Жаңа өсиет шіркеуі өкілдеріне тағылған айыпты алып тастауды, бұл олардың наным-сенім еркіндігі бұзылғанын көрсететінін алға тартты. Нәтижесінде шіркеу тіркеуден алынып, еңбектері мен жарнамалары тәркіленіп,

мүшелері діни ілімі үшін тұтқындалды. Бұған қоса, өзге дін иелеріне мұсылмандар қолданатын Алла, муфти, қады, ғұлама, қағба, солат секілді сөздерді де қолдануға тыйым салынған. Өзге дін өкілдері бұл сөздерді тек цитата немесе сілтемеге ғана пайдалана алады [60, 221 б.]. 2005 жылы Үкімет басшысы малай тіліндегі Інжілдерде «Мұсылман еместерге» деген жазу болу керектігін, ондай әдебиеттер тек шіркеулерде және христиан кітап дүкендерінде болуы қажеттігін, этникалық малай отбасыларына рұқсат етілмейтінін білдірді. Малай тілінде Інжіл басып тарату малайлар ортасында христиан сенімін үгіттеуге жататынын тілге тиек етті [61, 4 б.].

Дегенмен, Малайзияда ислам дінінің басымдығына наразы өзге дін өкілдерінің шағымдары да жоқ емес.

1984 жылы құрылған Буддизм, христиан, индуизм және сикхизм бойынша Малазия консультативті кеңесі сондай шағымдардың бірқатарын былай тізіп көрсеткен:

1. Мектептер, бірқатар жоғарғы оқу орындары мен колледжерде «Ислам өркениеті» курсын барлық оқушыларға оқу міндеттелген, оның ішінде өзге дін өкілдері де бар. Пәнді өтетін мұғалімдердің көпшілігі ислам теологтары болғандықтан, пән дінді үйретуге жақындау.

2. Болашақта шіркеу не храм тұрғызуға, сондай ақ өзге дін өкілдеріне ірі қалаларда жерлеуге, кремацияға жер қарастырылмаған.

3. Белгілі бір аудандарда өзге дін өкілдері жергілікті биліктер шіркеу не храм тұрғызуға рұқсат алуда кедергілерге кездеседі, рұқсат алған жағдайдың өзінде құрылыс жоспарын бекіту (өзге діннің рәміздері айшықталатындықтан) қиындығы кездеседі.

4. Электронды БАҚ-та ислам бағдарламаларына сағат саны көп бөлінген, өзге дін өкілдеріне эфир уақыты тек мереке кездерінде бұйырады;

5. Қоғамда келеке, мазақ, сынау тұрғысынан исламның қатаң қорғалғанындай өзге діндердің қорғалмағаны;

6. Малай үнді тілінде белгілі бір сөздерді қолдануға өзге дін өкілдеріне тыйым салынуы (көпшілігі араб сөздері);

7. Өзге дін өкілдері шетелдік дін қызметкерлерін әкелуде, жұмыс істеуіне рұқсат алу, елден шығу, кіру визасын дайындау мәселесінде миграциялық билік өкілдері тарапынан қиындықтарға кезігуде;

8 Бірнеше штатта мұсылмандар арасында өзге дінді таратуды заңмен шектеу арқылы өзге дін иелерінің жағдайы қауіпте;

9 Бірнеше штаттардың өз конституциясына ислам талабымен өзгеріс енгізгені: 18 жасқа толған, балиғат жасына толған қыздың ата-анасының рұқсатынсыз өз сенімін (исламды) ауыстыра алмауы, бұл үкімді Федералды Жоғарғы сот шығарған болатын;

10 Мұсылмандар өз балаларына діни білім бере алады, ал өзге дін өкілдері өз балаларына мектептерде діни білім бере алмайды [60, 223-224 б.].

Бұл шағымдардың бірқатар 1990-1993 жылдары Үкімет басшысымен жеке кездесулерде шешімін тапқан. Заңгерлердің халықаралық комиссиясы (ICJ) 2019 жылы Малайзиядағы наным-сенім еркіндігі саласындағы бірқатар

мәселелерді анықтады. Жариялаған ақпараттық құжатта мынадай алты түйткілді мәселе барын алға тартты:

1. Діни азшылыққа қатысты кемсітушілік;
 2. Ислам заңдарының қарастыруындағы жеке мәселелерде балалар құқықтарының шектелуі;
 3. Жаңа дінді қабылдауда, өз сенімін өзгертуде кемсітушілік;
 4. Прозелитизмге қарсы мұсылмандардың қылмыстық іс қозғап, сотпен қудалауы,
 5. Өзге дін өкілдеріне «Аллаһ» деген сөзді айтуға тыйым салу;
 6. Пікір еркіндігін айту бүлікке шақыру ретінде қабылдануы.
- Заңгерлердің халықаралық комиссиясы бұл мәселелерді шешуде Малайзия үкіметіне халықаралық заң нормаларын бірқатар халықаралық нормаларға сәйкестендіру қажеттігіне кеңес берген [70, 3-4 б.].

Үкімет діни ұйымды тіркемеуге құқылы, бұл жағдай мемлекеттік субсидия мен жеңілдіктерден де айыруды білдіреді. Үкімет сондай ақ өзге дін өкілдерінің ғибадатханалары мен зираттарына да бақылау жасайды, тіпті тіркелмеген діни ұйымдардың мүліктерін де құртқаны кездескен. Үкімет «исламнан ауытқушылық ретінде» санаған діни топтарға саяси қысым көрсетеді. Шииттер, трансцендентальды медитация және бахаи сенімі осылардың қатарында. 2005 жылы Дін істері министрі Ішкі қауіпсіздік заңы бойынша «ауытқушылығы бар» 22 діни ағымның өкілдерінің тұтқындалатынын хабарлады. Яғни сотпен кінә тағылмастан бақылауға алынып, тіпті оңалту жұмыстары жүргізіледі. Дарул Арқам ұйымы да 1968 жылы Ашари негізін қалаған, кейіннен тез қарқын алып, институцияланған сопылық ұйым болатын. Ұйымның құрамында 200 ден астам білім мекемесі, жиырма діни мектеп, медициналық орталықтар, баспалар, тіпті бірқатар өндіріс орындары мен шаруашылық фермалар да болды. Белсенді қолдаушылары мыңдап табылған ұйым да 1994 жылы мемлекет тарапынан ауытқыды деген желеумен таратылды.

XX ғасыр басында малай елінде реформаторлық қозғалыстарда Kaum Muda, Kaum Tua атты екі ағым ерекше көзге түсті. Әуелгісі Таяу Шығыс пен әл-Әзхар университетінде білім алғандар бастаған реформаторлық ислами қозғалыс, екіншісі елдегі ұзақ мерзімді исламизациялау үрдісінде қалыптасқан билік пен халыққа тән дәстүршіл ислам түсінігі. Осы фактор және 1960 жылдардан бастап елде мұсылмандардың жаңа заманға сай білімге ұмтылысы, жоо- лардың артуы, шетелде білім алу мүмкіндіктерінің өсуі нәтижесінде университет корпустарында жаңа діни ағымдар пайда бола бастады. 1968 жылы Сұлтаннар кеңесі Малайзияның Ислам істері жөніндегі ұлттық кеңесін құрды, бұл исламдық мәселелерде ел деңгейінде стандарттау ісіне серпін берді. Малайзия исламды дамыту департаменті (JAKIM) жұмыстары экономикалық өрлеуге де жол ашты. Ислам банкі және сақтандыру, Такафул, Қажылық басқармасы және вақф/қор комиссиясы, Ислам құқығы (шариғат) соттары, Халықаралық ислам университеті, университет корпустарында Ислам орталықтары (Pusat Islam), жоғарғы білім беруде ислам мәдениеті дәрісін міндеттеу, халал өнім, ислами мода мен музыка, және т.б. 1972 жылы Федералдық білім басқармасына

қарасты «Діни білім беру» бөлімі қызметін бастады. Одан бөлек, Малай қоғамына исламды дұрыс үйрету мақсатында Үкіметке қарасты Исламдық зерттеулер орталығы құрылды. Бұл орталық исламды насихаттау (дағуат) және зерттеулер жүргізуді үйлестірді. Малайзияда Исламдық партия да белсенді (ПАС). ПАС көбінесе дәстүрлі исламдық білім беру мекемелеріне, яғни пондоктарға сүйенді. Дегенмен УМНО мен Махатхир ол білім беру мекемелеріне балама түрде жаңа заманғы жүйелерді дамытты. Халықаралық ислам университеті, Ислам экономикасы қоры (IEF), Азия-Тынық мұхиты мешіті кеңесі, Малайзия Исламды тану институты (IKIM), Исламдық ой мен тарихы мекемесі (ISTAC), Исламдық ой мен мәдениеті институты-1997, Ислам жұмыстары бағдарламасы (1997), Малайзия ислам университеті колледжі (KUIM) және т.б. Ұлттық білім беру министрлігіне қарасты мектептерде діни білім барлық малай оқушылар үшін міндетті. Қазіргі уақытта оны министрлікке қарасты Ислам/діни білім беру басқармасы жүргізуде. Бұл басқармаға діни білім беру бағдарламасы, араб тілін үйрету, ұстаздармен қамтамасыз ету істері қарайды. Бұған қоса, Министрлікке қарасты Имам Хатибке ұқсайтын мемлекеттік діни орта білім беру мектептерімен қатар, мемлекет қолдайтын жекеменшік діни мектептер де елдегі діни білім алу саласында ерекше көзге түсетін мекемелер.

1990 жылдардан бастап орта білім беру мекемелерінде араб тілі дәрісі, Исламдық ойлау, Құран мен Сүннет, Ислам құқығы, Пән және әлеуметтік ғылымдар саласындағы оқушылар үшін элективті пән ретінде оқытылуда. Дін мамандарын жетілдіретін Діни оқытушы білім беру мекемелері деп аталатын орындарда да діни білім беру кадрлары даярланады. Ислами білім беруге қатысты Федерация деңгейінде және штат деңгейінде екі түрлі тәжірибе бары байқалады. Федерацияға қарайтын мектептер Ұлттық білім беру министрлігіне қарасты Исламдық білім беру басқармасының құзыретіне кіреді. Штаттарда жұмыс жасайтын екінші түрдегі мектептер болса әр штаттағы Ислам кеңестерінің жауапкершілігінде. Қалалық діндар отбасылар балалары үшін «Арнаулы діни мектептер» (SMAS) мектептері жұмыс жасайды. Оның демеушілері ауқатты жеке тұлғалар. Яғни діни білім беру мемлекеттік және арнаулы мекемелер арқылы жүзеге асуда. Кедах, Келантан, Теренггану секілді солтүстік пен шығыс штаттарда дәстүрлі діни мектептер, пондоктар әлі де бар. Бұл мектептердің бір бөлігі жаңа заманға сай білім беру жүйесіне интеграцияланған, ал кейбірі ұстаздың басқаруымен ижазат беруге сүйенетін дәстүрлі түрде жүруде. Жалпы исламның елдің саяси өміріндегі және әсіресе экономикалық даму мақсаттарын жүзеге асыру Махатхир Мұхаммедтің билігі кезінде қарқын алды. 1980 жылдардың басында доктор Махатхирдің Үкімет басшысы болып тағайындалуымен басталған процестің академиялық және саяси ортаның үлкен назарын аударуының ең маңызды себебі – исламдандыруға бағытталған маңызды құрылымдық әрекеттердің көрсетілуінде. Махатхир Мұхаммед өзінің экономикалық даму саясаты арқылы елдегі әртүрлі этникалық топ өкілдерін қанағаттандырумен қатар жердің

бастапқы иелері (бумипутра) мұсылман малайлардың басын біріктіріп, олардың жаңа заманға бейімдеуіне әрі ұлттық айқындалуына ерекше күш салды.

Қазіргі Малайзияның діни саясатында исламның ресми мәртебесі мен оның көпконфессиялы халқы үшін діни-сенім бостандығының конституциялық кепілдіктерін қолдау арасындағы үздіксіз теңгерімді ұстап тұруға басымдық береді. Федералдық Конституцияның 3(1)-бабы исламды Федерацияның діні ретінде бекітеді. Бұл мәртебе ислам институттарын мемлекеттік қолдауға, жеке және отбасылық мәселелерде жеке шариғат соттары арқылы мұсылмандарға шариғатты (ислам құқығы) қолдануды және қоғамдық өмірде ислам құндылықтарын насихаттауына мүмкіндік береді. Штаттардағы исламдық істерді басқару сол штаттардың сұлтандарының юрисдикциясына жатады. Елде өзге діни бірлестіктердің бейбіт қатар өмір сүруі қамтамасыз етілген, дегенмен мұсылман қауымдастығымен қарым-қатынаста, әсіресе дінге келу мен таратуға қатысты айтарлықтай шектеулер бар. Халал және исламдық қаржыландыру секторлары арқылы экономикалық мүмкіндіктерді кеңейту, экстремизм мен терроризм қауіптерінің алдын алудан бөлек, діни келісім және әлеуметтік келісім – Ұлттық бірлік саясаты (2021-2030) дінаралық дауларды бейбіт жолмен шешуге және ұлттық бірлікті ұстап тұруға бағытталған. Малайзияның діни саясатының бұл басымдықтары стратегиялық теңдестіру әрекетін көрсетуде.

Малайзияда діни-сенім бостандығы Конституцияға негізделген. Көп ұлтты әрі көпконфессионалды мемлекет ретінде онда ислам Конституцияда Федерацияның діні мәртебесіне ие, дегенмен бұл жағдай өзге дін өкілдерінің құқықтарын шектемейді. Малайзиядағы мемлекеттік басқару жүйесі зайырлы ма, әлде діни ме деген талас әлі де толық шешімін таппаған күйде. Елдегі азаматтар жалпы азаматтық заңдармен жүргенімен, мұсылмандар отбасы, мүліктік қатынастар секілді бірқатар мәселеде шариғат соттарының шешіміне жүгінеді. Бұлай азаматтық соттар мен шариғат соттарының қатар жұмыс істеуі – Малайзиядағы қалыпты дін қатынастарының бір ерекшелігін құрайды. Конституциянан бөлек, әр штатты басқарушы сұлтан сол аймақтағы дінбасы болып табылады, штат заңдары да дін қатынастарын реттеуде айтарлықтай маңызға ие. Сұлтандар ислам діні мен малай дәстүрінің қорғаушысы рөлін атқаруда. Әр штаттағы «Діни мәжілістер» (Jabatan Agama Islam) сұлтанға кеңес берумен дін істерін жүргізуде көмектеседі. Сұлтандар бар әр штатта зекет, пітір садақа жинау, мешіттерді салу, күтім жасау, т.б. дінге қатысты мәселелер штаттардағы тиісті мекемелер арқылы жүзеге асады. Әр бес жылда тоғыз штат сұлтандарының бірі Конституцияның 32 және 33-бабы 1 тармағы бойынша кезек тәртібімен Монархиялық Парламент жүйесінің талабымен Федеративті жүйені басқаруға өтеді.

Мемлекетте индуизм, буддизм өкілдері мен христиандардың діни мереке күндері ресми мойындалған. Конституцияның 11-бабы 1-тармағы бойынша, әр дін иелері өздеріне тән дін істерін реттеу құқығына ие, діни, азаматтық көмек мақсатында мекемелер құру, осы мақсатта мүлік иелену құқығына ие. Сол баптың 2-тармағы бойынша, осы діни істер мен мекемелер салықтан босатылған. Жаңа замандағы қайта реттелген мемлекет пен дін қатынастары әуелгі кезекте малай

ұлтының бірлігі мен тұтастығын қамтасыз етуде ерекше рөл ойнауда. Бұл бойынша малай ұлтындағылар мұсылман болып есептеледі. Мемлекет малай ұлтының дін өзгертуіне заңдар арқылы тосқауыл қоюда. Ислам елдің ресми діні болып бекітілуі бұған негіз қызметін атқарады, яғни малайлардың мұсылмандығының сақталуы мемлекеттің кепілдігінде. Бұған қоса, Конституцияның 11-бабы 4-тармағы өзге дін өкілдерінің мұсылмандарға бағытталған миссионерлік жұмыстарына тыйым салады. Жаһандану заманында Малайзияда мемлекетінің басты міндеттерінің бірі – ел ішіндегі исламдық дәстүрлерді қорғау, ислам ұстанымдарына беріктік таныта отырып, оны әлемнің даму бағыттарымен үйлестіру, қоғамды жаңарту, исламдық өркениет ұстанымдарын тәжірибеде жүзеге асыру.

Малайлардың мемлекеттік қызметте басымдықты иеленуі 1970 жылдардан бастап ұлттық білім беру жүйесінде исламның жаңғыруына әлеуметтік-саяси ыңғайлы жағдай туғызды. Малайлардың бірегейлігі туралы ресми тұғыр себеп ретінде алынды. Малайзия Конституциясының 160 бабында малай халқы «исламды ұстанатын, малай тілінде сөйлейтін, малай дәстүріне берік» ретінде анықталған. Конституция қабылданған уақытта нақтыланған осы жағдайдың 1970 жылдардың соңына қарай саяси мәні артып, ислам діні қоғамдық қатынаста елеулі орын ала бастады. Жоғарыда да тоқталғанымыздай, Пондок деп аталған көбіне халықтың қолдауымен қызмет еткен медреселер XIX ғасырдың соңына таман Мысыр, Пакистан, Үндістан мен Меккеге оқуға шәкірттер жібере бастаған еді. Сол елдерде білім алып келген мамандар кейіннен Малайзияның саяси әрі қоғамдық өміріндегі елеулі өзгерістерге мұрындық болды. Исламдандыру бағытына да тың серпін берді. Әсіресе, сол уақыттарда бұл мамандар ислам әлемінде қызу пікір таластарға себеп болған Мухаммед Абдух (1849-1905) пен Жамаладдин Афғани (1838-1897) секілді ғалымдар қолдаған жаңашыл пайымдардың ықпалын сезінді. 1979 жылғы Ирандағы революция да саяси өзгеріс жасауға деген ислам белсенділеріне демеу болды. Үкімет басшысы орынбасары Анвар Ибрагим де бұл өзгерістерге бей-жай қарамады. Үкімет 1979 жылы сол кездегі үкімет басшысы орынбасары Махатхир Мохамедтің басшылығымен арнайы есеп дайындады. М. Мохамед өзі үкімет басшысы болған уақытта Малайзияда исламды жаңғыртуды қолға алудың қажеттігін мәлімдеді. Малайзия Тун Абдул Разақ басқарған 1970-1976 жылдары алғаш рет мұсылман ұлттық сипатына басымдық бере бастады. Тун Абдул Разақ ол уақытта Ислам ынтымақтастық ұйымын басқарып тұрды (1971-1973). Кейіннен Малайзия осы ұйымның шараларына белсене қатысты. Содан бергі уақытта Малайзияның ішкі және сырты саясатында исламның рөлі күшейді [71, 31 б.].

Малайзия Путра университетінің оқытушысы Затул Химмах Аднан мен авторлар ұжымының түсіндіруінше, соңғы отыз жылда, яғни 1981-2003 жылдар аралығында төртінші үкімет басшысы болып Махатхир Мохамед келген тұста мемлекеттік жүйедегі исламдық нышандар артып, қоғамдық салаға да дендей түсті. Исламдық басқару, исламдық білім беру, исламдық банк ісі, ислам құқығы кеңейе түсіп, «исламдандыру саясаты» деген тенденция қалыптасты.

Махатхирдің басқаруы мемлекеттік саясаттың түрлі салаларында исламның рөлін кеңейтуге негізделді. Оған дейінгі басшылар уақытында ислам салтанаттық шараларда рәміздік кейіптен аспайтын.

Зерттеулер көрсеткеніндей, биліктің исламдандыру саясатын елдегі топтар түрліше қабылдады. Исламды мемлекеттік саясатқа қосу ауқымына әсіресе мұсылман емес дін өкілдері өздерінің сенім бостандығын шектеу тұрғысынан алаңдаушылық білдірді. Мұсылмандар ортасында оппозициялық исламдық саяси партия PAS мемлекеттің таза ислам деген атпен жүргізген өзгерістеріне күмәнмен қарады. Өзге дін өкілдері Малайзияның шарифатпен басқарылатын толықтай ислам еліне айналуынан қауіптенді. 2001 жылы Махатхирдің «Малайзия – ислам мемлекеті» деп мәлімдеуі осы қауіпті қоюлата түсті. Осыдан келіп елдің зайырлылық тұрпаты турасындағы пікірталастар артты [72, 196 б.].

«Исламдандыру саясаты біржақты саясат емес. Ол Малайзия саясатындағы таласты терминология, даулы ұғым. Бұл ұғым ғалымдар, қоғам белсенділері, БАҚ, мемлекеттің ислам бойынша бағдарламаларына қатысты түрлі саяси пікірталастарда көп қозғалды. Мохди Ясин Н.Ж., Камали М. секілді ғалымдар бұл құжатталған саясат емес, сол себепті теориялық анықтамасы жоқ деген пікірді ұстанды. Билік саясатында исламның болуы «исламдандыру саясаты» барын көрсетеді, алайда бұл саясаттың мәнін кең ашатын үкіметтік құжат не басылым жоқ. Дегенмен үкіметтің исламдандыру «тұжырымы» тіке не жанама түрде министрлер, саясаткерлер мен бюрократтардың сөздерінен аңғарылады. Ұлттық саясатты дамыту туралы құжаттарда үкімет өз стратегиясына исламдық кейбір құндылықтарды қосатынын әдетте білдіреді. Мәселен, бұл туралы Үшінші Малайзия жоспарында (1976) қысқаша айтылып, кейіннен ол жоспар жалғасын тапты [72, 197 б.].

М. Зенгин тәуелсіздіктен кейін малай басшыларының исламдандыру саясатына бет бұруының астарында екі себеп жатқанын алға тартады: алғашқысы – малайлар мен елде статусы нақты белгіленбеген қытай және үнді этностары арасындағы саяси, экономикалық күштің тартысы. Отарлық кезеңде еңбек күші ретінде әкелінген қытайлар мен үнділер уақыт өте келе елдің әлеуметтік, экономикалық өмірінде өз салмағын байқата бастады. Ағылшындар мен жапондар отарлауы кезінде малайларға артықшылықтар берілгені тәуелсіздіктен кейінгі жылдары этникалық негіздегі жанжалдарға жол ашты. 1966 жылы елде этносаралық қақтығыс өршіп, 177 адамның өліміне алып келген болатын. Малай мәдениеті мен ислам дініне сіңісіп кете алмаған қытай мен үнділер балаларын мемлекеттік мектептерден гөрі жекеменшік мектептерде оқытуды жөн көреді. Оған қоса, мемлекеттік қызметтерде малайларға басымдық берілуі себепті аталған этникалық топтар көбіне жеке меншік секторларына ойысты. Осы секілді этносаралық келіспеушіліктер салдарынан малайлар исламға тек дін ретінде ғана емес, ұлттық бірегейлігінің ажырамас нышаны ретінде көбірек мән берді. Малайларды саяси исламға бағыттаған екінші себеп – басшылар арасындағы саяси таластар. Елдегі елеулі әрі ұзақ мерзімде келе жатқан саяси қозғалыс UMNO (Біріккен Малай Ұлттық

Ұйымы) батыстық үлгіде білім алған, либерал көзқарастағы басшылар тарапынан құрылған партия. UMNO-ға қарсы тарапта Әл-Әзһар секілді университеттерде діни білім алған, Мысырдағы Мұсылман бауырлар ұйымынан бастап ислам әлеміндегі идеялық қозғалыстардан әсерленген кісілер құрған PAS (Parti se Islam Malaysia) тұрды. Осы екі партия арасындағы саяси таластар тәуелсіздіктен кейін бастау алған елдегі исламның институциялануына негізгі серпін берді [73, 252 б.].

Исламдық білім беруге тоқталсақ, 1957 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Малайзияда білім беру жүйесі үш түрге бөлінді: пондоктар мен медреселерде діни білім беру, малай тілі мектептері және ағылшын мектептері. Кейінгі екі мектеп зайырлы білімге негізделді. Пондоктар мен медреселерде діни білім беру жалғасты. 1970 жылы үкімет діни оқу орындарын еркіне қалдырып, малай және ағылшын мектептерін ұлттық мектептерге айналдырды. Бұл екі жүйе дами келе, екі түрлі дүниетанымда қалыптасқан адамдар арасында қақтығыстарға әкелді. Малайзияда діни және зайырлы мектептер жұмыс істеуін жалғастырды. Дегенмен исламдық білім беруді күшейтуде жекелеген мұсылман ұйымдары мен қозғалыстары белсенділік танытты. Айталық, Малайзия Мұсылман Жастары Қозғалысы (ABIM) 1980 жылы жаңа заманға сай мектепке дейінгі сыныптар (TASKI) аша бастады. Себебі бұл уақытта мектепке дейінгі білім беру мен бастауыш сыныптарын шіркеулердегі христиан миссионерлері жүргізіп келген еді. Кейіннен ұйым мұсылман бастауыш мектептерін ашты. Ұйым ісін сол кездегі Дарул Арқам мен Малайзия Ислам Жамағаты (JIM) жалғастырды. Тіпті PAS бірқатар бастауыш мектептер де ашты. Бұл мектептер пайда табу мақсатында емес, әлеуметтік қызмет беру мақсатында жұмыс істеді. Дегенмен кейіннен коммерциялық ұйымдар ADNI, SRI, Abim, Setiabudi, Wadi Sofia және Al-Ameen секілді мұсылмандық арнайы мектептер ашылды.

Исламдық білім берудегі реформаларға келсек, 1987 жылы Ұлттық білім беру философиясы (NPE) қабылданды. Ол ұлттық ұстанымдарға (Rukun Negara) сәйкес қабылданды. NPE бірыңғай прогрессивті қоғам мен ұлт қалыптастыруды көздеді. NPE төрт білім беру мақсатына негізделді:

- а) лоялды, біртұтас малай ұлтын қалыптастыру,
- ә) адал, жақсы тәрбие алған, білімді, білікті әрі өркендеуші адамдар қалыптастыру,
- б) даму қажеттілігіне сай ұлттық адам ресурстарын құру
- в) барлық малайзиялықтар үшін білім алуға мүмкіндік беру.

Бұдан бөлек, NPE кейпі алты негізгі факторға сүйенді: дін, қоғам, саясат, экономика, адамдар және жаһандану. «Малайлық және исламдық дүниетанымның білім беру саласына енуі 1988 жылы қабылданған Білім берудің ұлттық философиясымен басталды. 1989 жылы орта мектептің оқу бағдарламасына енгізілді» [74, 78 б.]. Индонезияға қарағанда Малайзиядағы исламдық білім беру анағұрлым институцияланған деп айтуға болады. Малайзияда ислам ілімдері бойынша жоғарғы білім беретін мекемелер ауқымды болып келеді. Алғашқыларының бірі – Klang Islamic College. Бұл колледж 1955 жылы педагог дипломымен ислам ілімдерін үйретуші ұстаздар

даярлау үшін құрылды. Колледж кейіннен 1970 жылы Universiti Kebangsaan Malaysia (UKM) Ислами ілімдер факультетіне айналған. Осы бағыттағы өзге жоғарғы оқу орындары: 1981 жылы құрылған Малайя университеті Ислами ілімдер академиясы (UM), 1983 жылы құрылған Халықаралық Малайзия ислам университеті (PIUM), 2009 жылы құрылған Universiti Sains Islam Malaysia (USIM). Малайзиядағы мұсылман мектептерін үш мемлекеттік орган басқарып, бақылады: Білім министрлігі (Кементериан Пендидикан), Үкіметтік діни кеңестер (Меджлис Агама Ислам Негери) және Исламдық даму департаменті (Джабатан Кемаджуан Ислам, JAKIM). Осы үш органның міндеттері жекелей үйлесімді, дегенмен басымдық Білім министрлігі мен JAKIM-де. Конституцияның 3-бабы әр штатқа белгілі шекте исламдық істерді басқаруға толық өкілеттік бере отырып, Малайзиядағы исламдық білім беруді басқарудың екі деңгейлі жүйесін қарастырады: ұлттық және үкіметтік [74, 65 б.].

Ұлттық деңгейде Білім министрлігінің Исламдық білім беру бөлімі (Bahagian Pendidikan Islam, BPI) барлық ұлттық діни орта білім беруге, мектептердегі исламды зерттеу пәні бойынша оқу бағдарламасына, ұлттық білім беру жүйесіне және исламтану оқытушыларын сертификациялауға жауапты. Бұған қоса, BPI үкімет қолдайтын діни мектептерді штаттың исламдық кеңесімен бірге басқарады. Министрлік пен үкіметтік исламдық кеңес Халықтық діни мектептер (Секолах Агама Ракъят) мен Үкіметтік діни мектептерді (Секолах Агама Негери) өзара бөліседі. Министрлік бұл мектептердегі ұлттық оқу бағдарламаларының жүзеге асуын қадағалайды, Штаттың исламдық кеңесі болса барлық исламдық пәндерге деген оқу бағдарламаларын енгізеді. Пондок секілді ұлттық білім беру жүйесінің бөлігі болып табылмайтын мектептер Үкіметтік исламдық кеңестің аясында жұмыс атқарады. Малайзияның барлық штаттарындағы мектептер исламдық білім беру сапасы мен түрлі стандарттарын үйлестіруші Исламдық даму департаменті бөлімдері (Jabatan Kemaajuan Islam, JAKIM), SAR да Исламдық білім беруді рационализациялау және исламдық зерттеулер бойынша Кеңес агенттігі құрамына кірді. Жергілікті деңгейде федералды бюрократия ұлттық білім беруді, исламдық білім беруді бақылап, басқарады. Бұл Білім министрлігінің әрбір департаменті, секторы мен бөлімшесіне сәйкес әрбір штат пен аймақта департаменттер мен секторлар, бөлімшелер бар дегенді білдіреді. Тюнь Г.Т. мына дерекке назар аудартады. 2006 жылы Әлемдік экономикалық форум жер бетіндегі 125 елдің білім сапасының әлемдік рейтингін анықтау үшін ұлттық білім беру жүйесін саралаған. Нәтижесінде ең үздің елу ел қатарына мұсылман елдеріндегі мына елдер кірген: Малайзия - 10 орын, Тунис - 11, Катар - 20, Индонезия - 23, БАӘ - 32, Иордания – 44 орын. (Салыстыру үшін: АҚШ - 15, Ресей – 54 орын) [76, 327 б.].

Мұсылман елі ретінде Малайзияның бұндай жетістікке жетуінің астарында исламдануды негіз ретінде қарастыратын ішкі саясаттың жатқаны анық. 1997 жылы Исламды дамыту департаменті (JAKIM) құрылды. Аталған ұйымның басшылығы қызметін Үкімет басшысы қатар алып жүреді. Бұндай

ұйымның құрылуына оған дейінгі жиырма жыл көлеміндегі исламды дамыту бағытындағы институттар негіз қалағаны анық:

а) Дін мен тәрбие ісін жаю (дағуат) бағытындағы ислам институты;

ә) Дінді жаю (дағуат) Малайзия ислам қоры;

б) Ислам ілімдері Малайзия колледжі; в) Саравактағы діни орта мектептер;

г) Ислам зерттеу орталығы; Құран және діндермен қатар академиялық пәндер оқытылатын мектептер (Махаад Тахриз әл-Құран уәл-Қират);

ж) Исламдық тәрбиені үйлестіретін Білім министрлігі.

1974 жылы осы министрліктің исламды дамыту хатшылығының статусы Үкімет басшысының тікелей қадағалауындағы дін мәселелері бойынша департамент ретінде өзгерді. Бұған қоса, негізінен әр университетте исламтану факультеттері бар. Одан бөлек ислам университеттері мен зерттеу орталықтары, олардың ірілері барша ислам әлеміне танымал. Мәселен, Куала Лумпурдағы Халықаралық ислам университеті, Исламдық ойлау мен өркениетінің Халықаралық институты (1987). Бұдан бөлек, исламдық ілімді жаю қоры (дағуа исламия) – Yayasan Dakwah Islamiah Malaysia (YADIM); Исламдық қайырымдылық Малайзия ұйымы – Pertubuhan Kebajikan Islam Malaysia (PERKIM); Исламды пайымдау Малайзия институты – Jabatan Kemajuan Islam Malaysia (JKIM); «Мұсылман әпкелер» ұйымы; Малайзия ислам жастары қозғалысы – ABIM; Қытай мұсылман Малай ассоциациясы – MАСМА секілді ұйымдар да исламды дамыту бағытында жұмыс жасауда [75, 329-330 б.]. Бұл идеяны сәтті жүзеге асырудың бір көрінісі Малайзия халықаралық ислам университеті (МХИУ). Әлемдегі жоғарғы білімге қызығушылық танытатын әлеуметтанушылар мен мамандарға бұл назар аударарлық, себебі: біріншіден, бұл жас оқу орны, онда исламдық білім берудің жаңа тұжырымы енгізілген дәстүрлер қалыптасқан. Екіншіден, МХИУ халықаралық деңгейдегі жоғарғы оқу орны ретінде теология, ислам тарихы секілді салаларда маман даярлаумен қатар менеджмент, банк ісі, компьютер технологиясы, саясаттану, әлеуметтану, кітапхана ісі секілді мамандықтар да даярлайды. Үшіншіден, МХИУ ұлттық-этникалық құрамы біркелкі емес ортада құрылды. Ол жерде ислам сенімін ұстанатын малай, пакистан қауымдары өзге діндерді ұстанатын қытай, үнді секілді көпсанды қауымдармен қатар өмір сүруде. Төртіншіден, МХИУ тәуелсіз университет ретінде өмір сүру үшін барынша бәсекеге қабілетті болуға тиіс. МХИУ 1983 жылы Малайзия үкіметінің шешімімен құрылды. Оның ресми құрылтайшылары Малайзия, Бангладеш, Мысыр, Ливан, Мальдив, Пакистан, Сауд Арабия, Түркия үкіметтері және Ислам ынтымақтастығы ұйымы [75, 330 б.].

Байқағанымыздай, Малайзиядағы білім беру жүйесі – зайырлы пәндер мен исламдық білімнің бір жүйеде тоғысқан ерекше құрылым болып келеді. Мемлекеттік мектептердегі міндетті ислам пәндері, араб тілі, сондай-ақ JAKIM бақылауындағы діни мектептер мен халықаралық ислам университеттерінің болуы елдің білім жүйесіне діни-моральдық компонентті терең енгізген білім

бағдарламасы болды. NPE (Ұлттық білім философиясы) да «малайлық және исламдық дүниетанымды» білімнің іргетасы ретінде қарастырады.

Бұл модель жаңа буынды ұлттық-исламдық бірегейлік негізінде қалыптастырады. Жүйе бір мезетте модернизацияны да, дәстүрлі исламды да қолдап, «қосарлы модернизация» механизмін жасайды – бір жағынан зайырлы ғылым, екінші жағынан діни-этикалық тәрбие.

Мемлекеттің білім беру саясатында білім беру мекемелерін тікелей қаржыландыру басты орында тұрған жоқ. Мемлекеттің оған қатысуының мәні мынада: мұсылман жоғарғы білім беруді дамытуға мүдделі елдің заңы студенттер мен оқытушыларға барынша ыңғайлы жағдай жасауға негізделдеген. Атап айтқанда, либералды көші-қон заңнамасы; шетелдік студенттер үшін оқу кезеңінде жұмыс істеуге ресми рұқсат беру; исламдық банк жүйесі арқылы білім беру несиелеріне қол жетімділік. Білім беру қызметтеріне деген бағаны тұрақты ұстап тұру да айтарлықтай дәлел. 2006 жылы Малайзияда исламды дамыту бағытында «Өркениетті ислам» (ислам хадари) тұжырымы қабылданды. Бұл тұжырым Малайзияға ғана тән айтулы ерекшелік. Идея Махатхир Мохамадтың ізбасары Ахмад Бадавиге тән. Жоғарыда тоқталып өткендей бұл идея жылдар бойы Махатхир Мохаммед дәріптеп келе жатқан идеяларды біріктірген еді. Тұжырымның он негізін тағы да қайталап өтсек:

1. Жаратушыға сену әрі бағыну;
2. Үкіметке әділетті әрі тиісінше сенім арту;
3. Еркін қоғам;
4. Ғылым, білімді игеру;
5. Теңгерімді әрі ұдайы экономикалық даму;
6. Тұрғындардың өмір сапасын арттыру;
7. Азшылықтар мен әйелдердің құқын қорғау;
8. Жоғарғы моралдық құндылықтар мен мәдениет;
9. Қоршаған орта мен табиғат ресурстарын қорғау;
10. Мемлекеттің жоғарғы деңгейдегі қорғану қабілеті.

«Ислам хадариды саяси исламмен салыстыру мүмкін бе?» деген сұраққа жоғарыда да жауап беріп өттік. Малайзиялық профессор А. Зиннің жауабы мынадай: Ислам хадари төменнен жоғары, яғни халықтан билікке қарай жүйелі жұмыс жүргізеді, саяси ислам болса жоғарыдан төменге бағыт алады. Саяси ислам көбіне бұл әдіспен ештеңеге де қол жеткізе бермейді. Осы тұста Малайзия мен Индонезияға ықпалы зор болған модернист ойшыл Фазлур Рахманның саяси исламның Пәкістандағы діни өмірге тигізген зиянды нәтижесі жайлы пікірін келтіре кетсек. Ол Пәкстандағы саяси ислам қозғалысы Жамағат-и Ислами туралы былай деген еді: «Медреседен бөлек жеке сектордағы ықпалы орасан исламдық құбылыс әрине Жамағат-и Ислами қозғалысы болды. Жамағат қырқыншы жылдардан бастап белсенді саяси және қоғамдық қызмет жүргізіп келеді. Исламдық білім берудің маңызды проблемаларына қатысты алғанда бұл ұйымның атқарған істері жеткіліксіз ғана емес, тіпті зиянды болды дей аламыз. Лидерлері ислам саласына қатысты оқу орнын салу былай тұрсын, өздерін халық алдындағы бірегей исламның өкілі етіп мәлімдеп жеке

секторлағы прогрессивті исламдық білімнің дамуына айтарлықтай кедергі келтірді. Исламдық білім берудің қандай да бір жетілген нұсқасы жасалмаған болса, мұнда Жамағат қозғалысының тікелей кінәсі бар десем қателескен болмаймын. Бұған себепті алыстан іздеп қажеті жоқ. Жастарды дәстүрлі ғұламалардан алшақтатқан Иқбал мен басқа да маңызды фигуралар туғызған исламға қатысты жаңа өзгерістің лебін Жамағат-и Исламидің негізін қалаушысы әрі лидері Маудуди (1979 жылы қ.б.) иемденіп алды (Ислам мемлекетін құру идеясы тікелей туындаған бұл өзгерістің мәні исламды тұтас өмір салтына айналдыру болды, ғұламалардың «бес парызбен» шектелген исламынан айырмашылығы осы еді). Маудуди ғұлама болмағанымен, өзі оқып жетілген, айтарлықтай интеллект иесі болды, классикалық ислам әдебиеттерін оқып түсіне алатындай арабша білетін. Оның айқын әрі терең ғалым болмағаны анық, десе де дәстүрлі медресе әбден тұншықтырып тастаған атмосферада таза жұпар ауадай сезілгені күмәнсіз. Әрі ағылшынша білетіні бар, Батыс жазушыларының кейбір шығармаларын оқығаны бар, оның бойынан ғұламаларға қарағанда белгілі бір прогресс байқалатын. Иқбалдың үндеуінен шабыт алған зайырлы білімді жастар автоматты түрде Маудудидің ізбасарына айналып шыға келетін. Бірақ Маудуди исламның бұл дүниедегі орнына қатысты терең бір көзқарас паш ете алған емес. Салмақты ғалым дегеннен гөрі журналист болған ол аса қарқынмен көп жазатын, нәтижесінде ойлары тым бетсыдырғы болып шығатын ол білімге сусаған жас оқырмандарының сұранысын қанағаттандыруға барын салатын. Сондықтан үздіксіз жазатын. Ол ешқандай оқу орнын құрмады және исламдық білім беруді реформалайтындай ешқандай оқу бағдарламасын ұсынған емес. Егер оқиға дұрыс өрбігенде, яғни оның ізбасарлары ағартушылықтан өтіп салмақты Исламдық білім алғанда, табиғи түрде азат болар еді әрі прогрессив жаңа оқу орындарын ашу ісін де дөңгелетіп кетер еді. Бірақ, Маудудидің бірде бір ізбасары Исламның салмақты зерттеушісіне айналмады, нәтижеде экономикалық саясат немесе саяси теория секілді базалық мәселелерде ауық- ауық өз сөзіне өзі ашық қайшы келгеніне қарамастан, ізінен ергендер үшін Маудудидің көзқарастары Исламның ең соңғы инстанциясы болып қала берді. Осылайша ниеті таза энтузиаст жас буын бір адамның идеясына шырмалды. Бұл шынымен де Жамағат-и Ислами және Ихуан-и муслимин сынды саясиланған ислам топтарының басты ерекшелігі еді. Дегенмен соңғысының кейбір мүшелері маңызды аспектілерде күн өткен сайын жақсы дамуды көрсетіп келеді. Десек те олардың ұстанымы басынан бастап антиинтеллектуалдық бағытта: олар ислам шын мәнінде «қарапайым» әрі «түсінікті», пайғамбар ешқашан интеллектуал қозғалыстың орталық фигурасы болмаған, оның қозғалысы адамгершілік-практикалық бағытта болды, ал ғұламалар табы мен сопылар дүнияуи мақсаттары үшін исламды күрделендіріп, өз ілімдерінің үйіндісінің астында қалдырды деп тұжырымдайды. Аргумент айтарлықтай тартымды көрінеді, кейбір тұсында келісетін жерлер де бар, бірақ адамдарға мұндай формада ұсынылуы өрескел қате әрі қауіпті. Өйткені Құран уахиының енуі мен пайғамбардың қызметі жиырма үш жылға жуық уақытқа созылды, содан бері он төрт ғасыр уақыт өткендіктен Құранның түпкі мұраты

мен пайғамбардың қайраткерлік жолының мағынасы не еді соны түсіну қажет болады. Бұл енді оңай шаруа емес. Бұған қоса пайғамбар сүннетін ұғуда қиындықтар пайда болды, себебі оған көптеген тарихи исламдық институттар мен құқықтық ережелер негізделіп, күрделеніп кетті. Сондықтан қанша жерден белсенді тұлға болса да мұның бәрін зерделемей өтіп кету мүмкін емес. Магистр дәрежесін сәтті қорғап болып Лахорда докторлық диссертациямды жазумен жүрген кезімде, Маудуди менің зерттеулерім жайлы сұрап, сосын былай дегені есімде: «Көп оқыған сайын амалың әлсірей береді. Бізге келіп жамағатқа қосылсаң қайтеді? Жасайтын жұмыстар жеткілікті» деді. Сонда мен: «Маған ғылыммен айналысқан ұнайды» деп жауап бердім...». Бұл ұзақ үзіндіден мынаны ұғуға болады: Малайзия білім беру институттары мен исламды зерттеу орталықтары арқылы саяси исламның зиянды салдарынан аман қалған мемлекет әрі 70-жылдардағы саяси ислам ықпалын өркениетті жолмен шеше білген. Оның негізінде жүйелі мемлекеттік саясат пен әлеутеттік-экономикалық өсім көрсеткен даму жатыр десек қателеспейміз. Әрі толеранттылықты негізге алған конституциялық плюрализм мемлекет–конфессияаралық қатынасты байсалды жүргізуге мүмкіндік берген. Өркениетті ислам немесе хадари ислам дегеннің пратикалық мәні осында болса керек.

Жоғарыда айтып өткендей, ислам хадари мына салаларға көңіл бөле отырып, өмір сапасын көтеруге тырысады:

1. Білім: Ислам сауаттылыққа шақырады. Білімнен келіп адамдағы моралдық жауапкершілік қалыптасады. «Құдайдан қорқу – даналықтың бастауы».

2. Теңгерімді даму: дінді де қосқанда барлық салада даңғазалыққа жол бермеу.

3. Байлық жинау үшін адал еңбекті қолдау.

4. Денсаулық сақтау, салауатты өмір салтын ұстану [51, 4-5 б.].

Хадари исламның мазмұнына қатысты профессор Абдулла Мадзиннің сөзін тағы да бере кетсек: «Ислам хадари тұжырымына байсалдылық тән бе?» деген сұраққа Малайзия Дін істері министрі, профессор Абдулла Мадзин былай деп түсіндірме берген: «Уасатия немесе байсалды өмір салты ислам хадариды дәл сипаттар еді. Тағы бір қырынан алғанда байсалдылық – ол зиянды дәстүрлерді қабылдамауға дейін баратын сақтықты білдіреді. Ислам ғалымдары әдетте «байсалды» сөзін қолданбауға тырысады, себебі бұл ұғым бұрмалауға, сыртқы ықпалдарға қолдануға ашық. Осы секілді ғалымдар «заманауи» немесе «модернизм» сөзіне де абаймен қарайды, себебі оны батыстық өркениетпен байланыстырады. «Прогрессивті» сөзін де ислам хадариды сипаттау үшін қолдануға болады, дегенмен уасатия дәлірек келеді» [51, 2-3 б.]. Малайзия Ислам ғылымы университеті профессоры Мохамед Шариф Башир Ислам хадари тұжырымының Малайзиядағы мақсатын сегіз пунктпен былай атап көрсеткен:

1. Халықты да, мемлекетті де нығайтуда байсалдылықты негізге алу;

2. Мұсылман үмбеті әрі жалпы адамзат үшін көркем мінез-құлықты үлгі ету;

3. Қоғамның негізгі мәселелерін шешуде байсалдылық пен ашықтық әрі есеп беру салты;
4. Әлеуметтік қатынастарды сенімділік пен адамгершілікке негіздеу;
5. Заң мен тәртіпті құрметтеу;
6. Бірлікті, ынтымақтастықты бағалау;
7. Шынайы исламдық ілімді енгізу және шарият (ислам құқығы) мақсаттарын жүзеге асыру;
8. Мемлекеттің жетекші ұстанымын күшейту [51, 2-3 б.].

Бұл тұжырымды исламдағы жаңа бағыт ретінде қарастыруға да келмейді. Бүгінгі күні дін, әсіресе ислам қоғамға, жеке адамға да ерекше серпін беретін күшке айналып отыр. Бұл орасан күшті дамуға бастайтын ізгілікке бағыттау керек. Ислам хадаридың түпкі мәні сонда. Осы тұжырымды қолдау мақсатында 2007 жылы Малайзия ұлттық университетінде Өркениетті Ислам Институты құрылды. Институттың алдына қойылған мақсат: Малайзиядағы, Оңтүстік Шығыс Азия, тіпті әлемдегі мұсылман елдерін дамыту үрдісінде өркениетті ислам ұстанымдарына негізделген әдістерді енгізуде жетекші исламдық орталыққа айналу. Институт мұсылман халықтардың қазіргі трансформациясы жағдайындағы тенденциялар мен өзгерістерді зерттеп, исламға қатысты мәселелерді қарастыратын ғалым, сараптамашыларды даярлауы тиіс болды. Бұған қоса, орталық мұсылман зиялы қауыммен халықаралық байланыстарды арттырып, оларға Малайзияны және Малайзия ұлттық университетімен таныстыруды міндетіне алды. Оған исламның бай мұрасына қатысты дүниелерді жинау, ислам өркениетін дамыту үшін мұсылман ғалымдардың зерттеу әлеуетін көтеру де кірді. «Ислам хадари білімді дамыту, денсаулық сақтау, физикалық кемелдену арқылы өмір сапасын арттыруға арналған» [76, 120 б.]. Ефимова Л.М. бұл тұжырымды қабылдауға негіз болған алғышарттарды былай түсіндіреді: «Ислам хадари тұжырымы қазіргі белсенді, бастамашыл, инновациялық әрі кәсіпкерлік рухта бумипатраны қайта тәрбиелеуге негізделген. Бұрынғы тұжырымдардан басты ерекшелігі бұл қайта тәрбиелеуде батыстық не корей, қытай, жапондықтардың конфуциандық моралдық-этикалық құндылықтары емес, исламмен сабақтасқан ұлттық дәстүрлер негізге алынды. Екінші себеп, Малайзияның өз ішінде және халықаралық деңгейде исламдық экстремизм мен лаңкестікпен күрес. А. Бадави өзге дін өкілдерінің исламға күдікпен, үреймен қарауына мұсылмандардың радикалды әрекеттері себеп деген пікірде. 2001 жылы 11 қыркүйекте АҚШ-тағы жарылыста және басқа да орын алған лаңкестік актілерде жазықсыз адамдардың қырылуы Халықаралық қауымдастық назарында исламның да, мұсылмандардың да беделін түсірді. Осы себепті Өркениетті ислам тұжырымы исламның күш көрсетуге қарсы, бейбіт дін екенін халықаралық қауымдастыққа дәлелдеуді көздеді. Үшінші себеп, тұжырым Батыстан дамуда кенже қалуына байланысты барлық мұсылман халықтарға бағытталған. Ислам хадари «мұсылман елдері діни себеппен артта қалды» деген ойды жоққа шығарып, исламның дамушылыққа тұсау еместігін дәлелдеуді мұрат етеді. А. Бадави: «Біздің міндетіміз, сөзбен және іспен ислам мемлекетінің жаңа заманға сай,

демократиялық, толерантты әрі экономикалық жағынан бәсекеге қабілетті екенін паш ету» [76, 125 б.]. 2008 жылдан бастан Малайзия Кебангсаан университеті халықаралық «Islam Hadhari» журналып шығарып келеді. Журналдың ресми веб парақшасы: <http://ejournals.ukm.my/jhadhari/index>. Малайзия бұл тұжырымды шетелдерде де дәріптеп, мұсылман халықтары өзгермелі қазіргі әлем жағдайына тез бейімделуін қалауда.

Малайзияда исламдық қаржы мекемелері тәуелсіздіктен кейінгі жылдары ерекше қарқын ала бастады. Ұлттық институттардың дамуымен қатар малайлар экономика саласында діни қажеттіліктерін де алға тартты. Малайзия – исламдық экономикалық институттар қалыптасқан алғашқы елдердің бірі. Малайзиядағы алғашқы исламдық қаржы мекемесі 1969 жылы құрылған Lembaga Tabung Haji атты қажылар қоры болып табылды. Үкімет бұл қорды қажылыққа барам деушілер дін ережелерін бұзбастан қаржысын жинауы үшін құрған. Дегенмен жиналған қаражаттың тез ұлғаюы ол үшін арнайы исламдық банк құру қажеттігін сездірді. Малайзияның қаржы жүйесі екі компоненттен тұрады. Елде дәстүрлі және исламдық қаржы құралдары бір уақытта қатар қолданылуда. Қаржы жүйесі Малайзия қаржы жүйесін реттейтін құқықтық актілер мен 2013 жылы қабылданған исламдық қаржы қызметтерін реттеу туралы заңдар арқылы бақыланады. Малайзияның қаржы жүйесі үш негізгі сегменттен құралған: банкттер, банктік емес қаржы-несиелік мекемелер мен қаржылық нарықтар. Малай экономикасында қалыптасқан исламдық сектор бірнеше сегменттен тұрады: банк ісі (banking syariah), банк депозиттерін сақтандыру (takaful syariah), облигациялар шығару (obligasi syariah – sukuk; reksa dana syariah), адал (халал) өнімдер өндіру. Ислам банкингінің өзіндік ерекшелігі шарифат этикалары мен нормаларын сақтауда. Ол жүйе 1960-жылдары құрылған болатын. Шарифат талабы бойынша өсімге (риба), белгісіздік жағдайына (майсир), үлкен тәуекелге (гарар), тыйым салынған салаларға (қаржы ссудналары: банкттер, сақтандыру, құнды қағаз нарығы және т.б.) қаржы құюға, операциялар жүргізуге рұқсат етілмейді [77, 120 б.]. Оған қоса, зекет пен садақа беріліп отыруы тиіс. 1963 жылы Малайзия аймақта алғаш болып ислам банкін құрды (Bank Islam Malaysia Berhad). 1999 жылы Bank Muamalat Malaysia Berhad құрылды. «Ислам банкі жайлы», «Ислам жүйесі жайлы» кейіннен қабылданған заңдар (1983) елдегі ислам банкінің дамуына жол ашты. XX ғасырдың алғашқы он жылдығында Малайзияда жиырма ислам банктары іске қосылды. Бұл банкттардың актив үлесі (90 млрд. доллар) елдегі барлық банкттердің жалпы активтерінің бес бөлігін құрады [78, 138 б.].

Такафул (араб тілінде өзара кепілдік бер) сақтандыру жүйесі, онда пайда мен шығын қатысушылар арасында бөлінеді, шарифат нормалары негізге алынады. Бұл тұжырым компенсация ережелері мен қоғамның біріккен жауапкершілігіне сай келеді. «Такафул» ұғымы әдетте исламдық сақтандыруды білдіреді. Ол сақтандыру келісімі мен кафала (кепілдік) келісімі арасындағы ұқсастықтан туындауда. Мұсылман заңгерлер исламдағы сақтандыру жүйесі өзара жауапкершілік, ортақ компенсация, жалпы мүдде мен ынтымақтастық ұстанымдарына негізделуі керектігін айтады. Исламдық сақтандыру туралы заң

1984 жылы қабылданды. Осы заңға сәйкес екі исламдық сақтандыру компаниясы тіркелді: «Syarikat Takaful Malaysia Berhad» және «Takaful Nasional Sdn Bhd». Исламдық сақтандыру туралы алғаш қабылданған заң 2013 жылы исламдық қаржы қызметтері ретінде өзгерді. Малайзия үкіметі исламдық құнды қағаздар нарығын (Islamic Private Debt Securities) шығаруды 1983 жылы мақұлдаған болатын. Исламдық нарық капиталы Малайзия нарық капиталдарының құрамдас бөліктерінің бірі ретінде оның өнімдері қоғамға, әсіресе мұсылман қауымдастығына ашық. Малайзияда исламдық қаржы секторы мен исламдық сақтандыру жүйесі бірнеше кезеңдерде қалыптасты:

1. 1982-1993 жж. Бұл кезеңде негізгі құқықтар мен реттеуші нормалар қабылданды. Атап айтқанда, Islamic Banking Act 1983, Takaful Act 1984, Government Funding Act 1983, бұған қса, алғашқы такафул компаниясы мен ислам банкі құрылды.
2. 1993-2001 жж. Шариғат нормаларымен үйлесетін қаржы нарығы дамып, ұйымдар саны көбейді. «Исламдық терезе» пайда болып, екінші такафул компаниясы мен ислам банкі ашылып, Bank Negara Malaysia жанынан Шариғат кеңесі құрылды.
3. 2001-2010 жж. Нарықты либерализациялау, инфрокұрылымын модернизациялау, банк саласында шетел банктарының қатысуына мүмкіндік беретін балама қаржы ұйымдарының рөлін күшейту, жаңа исламдық бағынышты ұйымдар мен такафулдегі жаңа лицензияға арналған он жылдық тұжырымдама жасалды. Central Bank of Malaysia 2009 қабылданып, Халықаралық Малай исламдық қаржы орталығы (MIFC) құрылды.
4. 2010 жылдан бүгінге дейін қаржы нарығының белсенділігін көтеретін шаралар жасалуда. Малай институттары International Centre for Education in Islamic Finance (INCEIF) пен International Shari'ah Research Academy for Islamic Finance (ISRA) білім беру саласындағы ірі орталықтарға айналды. 2013 жылы Islamic Financial Services Act (IFSA) күшіне енді. Бұл заң шариғатқа негізделген ислам банк жүйесінің нормативтік құқықтық базасын нықтады. Малайзия орталық банкі мен Bank Negara Malaysia бүгінгі күні негізгі исламдық келісімдер үшін бірнеше стандарттар әзірлеу үстінде [79, 21-22 б.].

Малайзияда исламдық сақтандырумен қатар дәстүрлі сақтандырушылар да жұмыс атқарады. Қазіргі уақытта Малайзия әлемде отбасылық такафулдың ірі сегментіне ие (75%). Бұл нарықтағы жинақталған сыйақы мөлшері 1,6 млрд долларды құрайды. Елде 16 такафул операторлар жұмыс істеуде. Экономиканың үнемі өсу үстінде екендігін әрі мұсылман тұрғындарының жастығын да есепке алар болса, такафулды дамытуда Малайзия алдыңғы орында [80, 214 б.].

Такафул жүйесі Малайзияда исламдық экономиканың басты сегменттерінің біріне айналған. Ол классикалық сақтандырудан тәуекелді бөлудің исламдық этикалық моделін қолдануымен ерекшеленеді: қатысушылар табыс пен шығынды бірге көтереді. Зерттеушілер мұны «ортақ жауапкершілік

модели» деп сипаттайды. Малайзия бұл жүйені сәтті институционалдаған алғашқы елдердің бірі, себебі мемлекет көлемінде шарифат кеңестері мен қаржы реттеу агенттіктері бірігіп, такафул операцияларын толық құқықтық базаға енгізген. Мұны бір шетінен капиталистік әлемдегі экономикалық қатынастарға исламның әлеуметтік-экономикалық әділдік пен текдікке негізделген этикалық мазмұнын сәтті енгізу деп бағаласақ болады. Әрине, қатаң капиталистік қатынастармен ерекшеленетін әлемдік қаржы жүйесінде бұған күмәнмен қараушылар табылады, дегенмен, қуатты экономикасы бар Малайзия елінде бұл жүйе өзінің тиімділігін көрсетіп отыр. Бұл ғасырлар бойы қалыптасқан әрі институтционалды түрде екшеліп, ғылыми тұрғыда зерделенген экономикалық ізденіс екені даусыз. Шарифат талабы деп енгізе салған атүсті шешім болғанда экономикада жұмыс істеуі мүмкін емес екені даусыз. Малайзиядағы исламдық зерттеу институттары осылайша шарифат негіздерін экономикалық жүйеге кіріктіре алып отыр десек қателеспейміз. Бүгінгі таңда Малайзия отбасылық такафул нарығында әлемдік көшбасшы, ал оның табысы – исламдық қаржы этикасын мемлекеттік қаржы реттеу стандарттарымен үйлестіре алғанында. Бұл модель исламдық экономиканың жаһандық картасындағы Малайзияның автономды рөлін айқын көрсетеді.

Д.К. Хусейнова мен М.К. Хусаиновтың түсіндіруінше, исламдық несиелік дәстүрлі банктер беретін несиелерден түбегейлі ерекшеленеді. Ислам банктері қандай да бір кәсіпорынға не жобаға қаржы құя отырып, келісімнің барынша тазалығын, пайда мен шығында қатысушылардың теңқұқықтылығын қадағалайды. Яғни, шарифат қаржыландырушы жақ пен кәсіп иесінің рөлі мен тәуекелін теңестіреді. Исламдық банктердің түсім алу көздері «мушарака», «мудароба» және «қардул хасан» операцияларымен байланысты. Мушарака – ол қаржы саласында ынтымақтасудың исламдық тәсілі, екі жақ қандай да бір жобаны қаржыландыруда капиталдарын біріктіреді, пайданы белгілі бір тәртіппен алдын ала бөледі, ал шығынды қаржыдағы үлесіне қарай анықтайды. Мудароба – екі жақтың келісімі, бір жағы жобаға керекті қаржыны шығарады, екінші жағы кәсіпкерлік қабілетімен сол жобаны жүргізуге жауапты болады. Қардул хасан (ізгі несиелік) – пайызсыз несиелік. Көбіне мұқтаж жандарға, ұйымдар мен аймақтарға материалды көмек немесе банктің серіктесі болып табылатын фирмаларға қысқа мерзімге берілетін субсидия [81, 265 б.]. Малайзияға ислам келгелі шарифат заңы бірге жасасып келеді. Отарлау кезеңінде британдықтар дін мәселесін малайлардың өз еркіне қалдырғанын ғылыми жұмыстың алдыңғы бөлімінде айттық.

Малайзияның жаңа әкімшілік астанасы Путраджаядан өзге штаттардың барлығында өзінің діни кеңесі жұмыс істейді. Бұл кеңестің міндеті жергілікті басшыға мұсылман діні бойынша кеңес беру. Бұл кеңестер штаттардың заңдарымен құрылған. Федералды конституция да штаттың заңды органы мұсылмандардың жеке, отбасылық мәселелері, уақып, зекет, пітір, байтул мал, мешіт, қылмыс жасағаны үшін мұсылманды жазалау, ислам заңдарын орындамау, мұсылман соттары, мұсылмандар арасында сенімді жаю, ислам құқы мәселелері бойынша заңдар қабылдауға мүмкіндік берген. Штат

басшылығы құзырет берген мұсылман соттары федералды заңдарда қарастырылмаған қылмыстық істер бойынша тек мұсылмандарға ғана құзырет жүргізе алады. Мохамед Нурдиннің пікірінше, Малайзия штаттарында қабылданған ислам заңдарының басым көпшілігі жеке тәуелсіз құқықтық жүйені құрауда, олар отбасылық құқынан өзге заңдарда исламның қатал шариғат заңдарынан айтарлықтай айырмашылыққа ие [82].

Тәуелсіздіктен кейінгі 1988 жылы Конституцияға өзгеріс енгізілді, 121 (1 А) - бабы бойынша Шариғаттық соттардың құзіретіндегі істерге Азаматтық соттардың құзыреті жүрмейтіндігі бекітілді. Ислам Федерация діні ретінде бекітілгенімен Конституцияда ислам құқы не шариғат заңдары туралы қарастырылмады. Басқаша айтқанда, ислам дінінің бекітілген тұғыры оның құқықтық басымдығын білдірмейді. Конституцияның 4-бабында елдің жоғарғы заңы Конституция болып табылады әрі ол әрқашан басымдыққа ие, ал мердеке күнінен кейін қабылданған өзге заңдар екінші деңгейдегі, штаттардағы құзыреті шектеулі, көбіне моралға қатысты заңдар болып табылады. Малайзияның сот жүйесі ағылшын жүйесіне ұқсас. Дегенмен екі жоғарғы сот бар: Малайя Жоғарғы сот және Сабах пен Саравак Жоғарғы соты. Бұл соттар ағылшындардыкі тәрізді бөлімшелерге бөлінбейді, дегенмен шариғат соттарына қарасты мәселелерден өзге мәселелердің барлығына құзыретті. Шағымдар 1994 құрылған Апелляциялық сотқа түседі, ол жақтан Федералды сотқа (бұрынғы Жоғарғы сот 1994 дейін) өтеді. Федералды сот бас сотқа ие, екі жоғарғы соттың да бас соты бар. Кейбір шариғат соттарынан бөлек олардың басым көпшілігі ағылшын тілінде, жалпы құқық негізінде білім алған. Федералды конституцияның 9 қосымшасы және 76 бабы бойынша заң шығарушы және атқарушы билік Федерация мен штаттар арасында бөлінген, ал ислам және ислам құқығы үкіметтік билік саласына қарайды [83, 63 б.]. 1952 жылдан бері ислам құқы бойынша түрлі үкіметтік заңдық актілер арасындағы бірізділендіру жүріп келеді.

Үкіметтік деңгейде әкімшілік және соттық құрылымды төмендегідей етіп көрсетуге болады: Сұлтан (немесе Ян ди-Пертуан Агонг) ислам басшысы ретінде адат (малай әдет-ғұрпы) әкімшілігіне жауапты. Оған муфти басқаратын Үкіметтік діни кеңес (Меджлис Угама Ислам) кеңес береді. Муфти беретін пәтуаны Меджлис тағайындайтын Құқықтық комитет те бере алады немесе осы бағытта ұсыныстар жасайды. Дін істері комитеті шариғат соттарына, шариғат адвокатурасына, соттарды тағайындау мен жалпылай алғанда ислам құқығын бақылауға жауапты. Штат заңдары да мұсылмандық неке мен ажырасулардың/талақ тіркелуін қарастырады. Қолданыстағы құқық ұстанымдары Шафиғи мәзһабына негізделген. Дегенмен шариғат соттары қоғам мүддесімен үйлескен жағдайда өзге мәзһабтарға да жүгіне алады. Пәтуа сонымен қатар әдет-ғұрыпқа да сүйенеді. Кейбір штаттарда Меджлис өзінің қызметін жүзеге асыруда адатты негізге алады.

Дегенмен, 1996 жылы Малайзия үкіметі Конституцияға өзгеріс енгізуге ұсыныс жасап, 3-бапта тұтас Федерацияның діні сунниттік мектеп деп таныды. Андрей Хардинг бұл шешімді доктриналдық емес, саяси себептен туындаған

дейді. Оның айтуынша, Үкімет бірнеше жыл бойы Иран мен Ливияның елдегі мұсылмандарға кері ықпалынан, яғни ислам радикализмінен қауіптеніп келді. Конституцияға Сунниттік мектепке деген сілтеме енгізу үкімет үшін қауіпті деп есептелетін шииттік бағытты ұстанушыларға қарсы бірқатар заңдарға сәйкес мәжбүрлеуші шаралар қабылдауға мүмкіндік бермек еді. Осы арқылы малайзиялық мұсылмандардың бірлігін қамтасыз ету көзделді: негізгі басымдықта шафиғилер, алайда үнді тегінен келетін мұсылман ханафилар да болды. Бұл екеуі де сунниттік мектепке тән болғандықтан, (жат деп қабылданған) шииттер одан шеттетілді. Шариғат соттары мұсылмандарды жеке заңдармен басқарады, алайда қалыпты қылмыстық соттар ислам заңдарымен басқару турасындағы түрлі заңдарда қарастырылатын исламдық қылмыстық істерге қатысты құзыретке ие. Бұл заңдарға мұсылмандар арасында өзге сенімді таратпау кіреді. Мысалы, Перак штатында өзге дін өкілдеріне исламдағы жиырма бес сөзді қолдануға тыйым салынады, ислам туралы жазба рұқсатсыз сабақ беру, кейбір штаттарда исламдық мазмұндағы кітапты рұқсатсыз басуға тыйым салынған, заңсыз жыныстық қатынасқа бару, халват туралы да ережелер бар [83, 66 б.]. Шариғат заңдары қатарында Малайзияда жазалау түрлері худуд та орындалады. Малайзия халал стандарттау мәселесінде де әлем елдері арасында алдыңғы қатарда тұр әрі осы салада өте белсенділік танытып келеді.

Малайзияда халал өнімдерге сұраныс мұсылмандар арасында 1960 жылдары басталды. Әсіресе, 1970 жылдары импорт азық тауарлары санының артуы, өзге дін өкілдері ашқан кафе, ресторандардың көбеюі елдегі мұсылмандардың халал өнімге деген қажеттілігін тудырды. Осы себепті қоғам талабын ескере келе үкімет ел ішіндегі әрі импортталған азық өнімдерінің халалдығына қатысты бірқатар тыйымдар мен реттеу істерін қолға алды. 1972 жылы Сауда анықтамалары заңы аясында 1975 жылы шығарылған әрі азық өнімдерінде жалған халал таңбасын қолдану жаза ретінде қарастырылатын Сауда анықтамалары (халал белгісі анықтамасы) өкімі және Сауда анықтамалары (халал таңбасын қолдану) өкімі Малайзияда халал өнім шығауға қатысты алғашқы заңдық өкімдер болып табылады. 1982 жылы Үкіметке қарасты Ислам істері бөлімі мұсылмандардың азық өнімдерін қарастыратын комиссия құрды. Алғаш Халал харам комиссиясы деген атпен білінген топ кейіннен «Мұсылмандар қолданысындағы азық өнімдерін зерттеу комитеті» деп аталды. Бұл комиссия азық өнімдерін ұсынатын мекемелерде, қонақүйлер мен ресторандарда, азық-түлік орындарында ұдайы бақылау жүргізуді қолға алды. Сол жылы Малайзия үкіметі заң негізінде импортталған барлық еттердің Малайзия Үкіметіне қарасты Ислам істері бөлімі (BAHEIS) не Ветеринар қызметі бөлімі мақұлдаған қасапханалардан жеткізілуін әрі халал сертификатын иеленуі қажеттігін міндеттеді. Яғни алғашқы уақыттарда халал өнімдерді бақылау осы BAHEIS мекемесіне жүктелді. Осы кезеңде үкімет басшысы болған Махатхир Мохамед халал өнімдер мәселесіне жіті көңіл бөліп, бұл жеке сектордың дамуына қажетті қолдау білдірді.

1994 жылдан бастап halal logo белгісі жасалып, халал сертификатын алған өнімдерге жапсырыла бастады. Пакеттелген өнімдерге осы логоны жапсыру

міндеттелсе, асхана, кафе, ресторан секілді орындарда «Халал» деген ескертпе жазу болуы кең тараған. ВАНЕИС кейіннен халал өнімдердің молаюымен Үкіметтен бөлініп, Малайзия ислам даму офисі (JAKIM) деген атпен бөлек мекеме ретінде қызмет атқарды. 1997-2008 жылдар аралығында JAKIM халал сертификаттарын беруші негізгі мекеме ретінде жұмыс атқарды. JAKIM бұл бағытта тек өндірушілермен ғана жұмыс істемеді, тұтынушылар арасында нарықта кездескен мәселелерге дереу шешім іздейтін белсенділік танытты. Бұған қоса, әр штаттағы Ислам кеңестері (Majilis/Jabatan Agama Islam Negeri (MAIN/JAIN)) де халал өнім мәселесіне жауапкершілікпен қарады. Бұл ұйымдарда халал сертификатын және халал логосын беру құқына ие. 2008 жылы Халал индустрияны дамыту мекемесі (HDC) халал сертификаттарын беру ісін өзіне алғанмен, бір жылдан соң Малайзия министрлер кеңесі халал сертификат беру ісін JAKIM-ге қайтарды. Мемлекет JAKIM мен үйлесімде қызмет атқаратын бірқатар мекемелер арқылы халал сертификаттау жүйесін бақылауда. Малайзияда халал сертификатын беретін ірі мекемелер:

1. Малайзия ислам даму бөлімі (JAKIM).
2. JAIN мен MAIN. Аймақтардағы діни мекемелер. Өз аймақтарында JAKIM нің атынан халал сертификаттары мен халал логосын дайындайды.
3. Халал индустрияны дамыту мекемесі (HDC).
4. Ішкі сауда кооперативті және тұтынушы министрлігі (MDTCC).
5. Денсаулық министрлігі. Азық өнімі халал сертификатын алуы үшін әуелі денсаулық министрлігінің мақұлдауын алуы тиіс.
6. Ауылшаруашылық министрлігі. Мал саулығы, мал соятын орындар, мал етіне қатысты өнімдерге қатысты халал сертификатын қадағалауға жауапты.
7. Химия департаменті. Азық өнімдеріне сараптама жасауға жауапты. Алғашқыда халал сертификатын алу үшін лабораториялық сараптамалар осы министрлікте жасалатын.
8. Жергілікті университеттер мен Зерттеу институттары. Халал тақырыбында курстар мен тиісті білім береді. Бірқатар университеттерде осы мақсатта құрылған институттар бар.
9. Ветеринар қызметтері департаменттері. Адал мал өсіру, өсіруін бақылау, жүзеге асыру мәселесінде кеңес береді. Қасапханаларды бақылау ісіне қатысады. Экспортқа рұқсат, ветеринар саулық сертификатын реттестіреді.
10. Сауда және өндіріс министрлігі. Халал өнім мен қызметінде сауда мен инвестицияны қолдау үшін стратегия жасауға ынталандырады.
11. Малайзия стандарттары мен индустриалдық зерттеу институты. Халал өнімдерді өндіру саласында Аргэ қызметін ұсынады. Малайзия стандарттарын дамыту, жаңалау міндетін атқарады.
12. Малайзия ауылшаруашылық және дамыту институты. Халал өнімдерге арналған технологияны дамыту үшін Аргэ қызметін ұсынады. Күмән туғызбау үшін ауылшаруашылық істерде қолданылатын тыңайтқыштарға доңыз араласпауын қамтамасыз етеді [84, 95 б.].

JAKIM халал құжаттандыру саласын кеңейту әрі осы бағытта жұмыстарды жүргізу мақсатында өз аясында Халал хаб бөлімін де ашқан. Бұл бөлім

Малайзияда халал сертификат беруге бірден бір құзыретті мекеме. Халал хаб бөлімі бес бөлімнен құрылған:

А) Халал маман мекемесі. Малайзия үкіметі тарапынан халықаралық деңгейде осы салада маман даярлауға құзырет берілген.

Ә) Халықаралық Малайзия халал академиясы. Халал өндірісі саласында технократтық ұрпақ жетілдіру жобасымен құрылған.

Б) Халықаралық Халал зерттеу академиясы. Халал индустриясын халықаралық деңгейде жүргізуді мақсат етуде.

В) Халықаралық халал авторитарлы мекемесі. Әлемдегі барлық халал сертификатын беретін беделді ұйымдармен қатынасты мақсат етеді.

Г) Халал жаңалану және технологиялар орталығы. Халал индустриясы саласында жаңалану жоспарларын қадағалайды [84, 90-91 б.].

Малайзияда халал өнімдерге қатысты бірқатар зертханалар да жұмыс істейді. Осы зертханалардың сараптауымен өнімнің халал талаптарына сәйкестігі анықталады. Алғашқыда осы мақсатта химия зертханалары мен Денсаулық министрлігінің зертханалары пайдаланылғанымен, кейіннен кейбір арнаулы зертханалар да іске қосылды. Дегенмен бұл зертханалар тек халал өнімдермен шектелмей көп мақсатта пайдаланылады. Осы себепті арнаулы халал өнімдерді ғана сараптайтын зертханаларға қажеттілік туған. Соның бірі 2005 жылы құрылған Малайзия халал сараптама орталығы. JAKIM мойындаған өзге де зертханалар:

а) TPM Biotech Sdn Bhd;

ә) Халал өнімдерді зерттеу институты. Малайзия Путра университеті аясында құрылған. Ол 2018 жылы Халал білім және зерттеу марапатына лайық деп табылды.

б) Melaka Biotechnology Corporation. 2016 жылы құрылған ұйым химия, азық технологиясы, микробиология, халал және молекулярлы биология, токсикология секілді түрлі маңызды зертханаларға ие.

в) Unireq Sdn Bhd. Ол Малайзия Кебангсан университетін аясында құрылған орталық. Орталық әсіресе азық-түлік индустриясына бағытталған техникалық мүмкіндіктер беруде. Алькогол мен доңыз етіне ДНА анықтама сараптасымен қатар халал сертификат үрдісінің маңызды бөлігін құрайтын Халал басқару, Халал ішкі бақылау, Халал сенімді басқару жүйесі секілді тақырыптарда білім беруде [84, 92-93 б.].

1983 жылы қабылданған Азық-түлік заңы да ислам құқы ұстанымдарын негізге алды. Аталған заңдағы доңыз еті, алькоголды өнімдердің т.б. адам денсаулығына кері әсер етпеуі мәселесіндегі ұстанымдар оның исламға негізделгенін көрсетті. Малайзияда халал өнімдер тек азық өнімдерімен шектелмей, тазалық, денсаулық, білім, банк жүйесі секілді өзге салаларда да кең қолданыста. Бүгінгі күні Малайзия халал сертификаты ISO, HACCP, GMP, GHP секілді халықаралық стандарттарға сәйкес болуы себепті әлемге танымал. «Шамамен соңғы отыз жыл бойы Малайзияда жүзеге асып келе жатқан Халал өнімдер тәжірибесі БҰҰ тарапынан әлемдік деңгейдегі ең үздік деп таңдалып, 1997 жылы Женевадағы жиналыста «халал» сөзі қолданысқа енгізілді» [85, 165]

б.]. Бұдан бөлек, 2000 жылы Малайзия халал стандарттарын жариялады. Алғаш белгіленген бұл стандарт халықаралық деңгейде қызығушылық тудырды. 2009 жылы бірқатар өзгерістер енгізіліп: MS1500: 2009 Халал азықтар өндіру, даярлау, сақтау жайлы жалпылама нұсқаулық» атпен жүзеге аса бастады. Соңғы рет 2019 жылы үшінші ревизиясынан өткен стандарт «MS1500: 2019 Халал азық жалпылама нұсқаулық» деген атпен қайта жарияланды. «Өзге елдермен салыстырғанда Малайзия халал сертификаты мен халал логосын мемлекет беруі әрі халал сертификатын жүзеге асыруда мемлекеттің бірқатар мекемелермен толықтай қолдауы тұрғысынан алға шығуда. Ислам ынтымақтастығына мүше мемлекет ретінде халал жүзеге асыру орталығын құрғаны әрі әлем деңгейінде қолданылатындай стандартқа келтіруі, өз үкіметі мойындаған логоны иеленуі тұрғысынан Малайзия халал сертификаттау саласында ерекше орынға ие» [84, 88 б.]. Астана Куала-Лумпурда халал өнімдер ұсынатын кафе аттары жазылған жолнұсқаушы бар. «Halal Food: A Guide to Good Eating» деп аталатын бұл кітапша туристерге арналып шығарылған. Дегенмен, Малайзияда халал стандарттар мәселесінде кездесетін келеңсіздіктер де жоқ емес. Атап айтқанда, халал сертификат үшін берілген өтініштерді қарастыру, сертификат алған мекемелерді бақылап, қадағалап отыру, жалған халал маркасы жапсырылған жағдайда сотқа жүгіну әрі істі соңына дейін жеткізу, қажетті мамандар тапшылығы т.б. 2019 жылы әлем деңгейінде JAKIM мойындаған 45 елдегі 81 түрлі халал өнімдердің ішкі нарыққа келгенде халал сертификат берген мекеме логосын алуы себепті тұтынушының түрлі логолармен бетпе-бет келуі де қиындықтар қатарында [84, 102 б.].

М. Фындық есімді малай зерттеушісі Малайзияда халал бағытында білім беру бағдарламаларына назар аудартады. Оның ойынша, Халал индустрияны дамыту мекемесі осы бағытта елеулі жұмыстар атқаруда. Жахандық халал қолдау орталығы (GHSC) фирмалар, инвесторлар, зерттеушілер, мамандар мен осы бағытта қызмет жасаушылардың халалға қатысты біліктілігін (халал ұстанымдары, өндірістік статистика, нарықтың беталысы, сертификатқа сәйкестігі, соңғы зерттеулер, жаңашылдықтар) арттыруға жұмыс жасауда. Малайзиядағы кейбір университеттер де JAKIM мен HDC мекемелерімен үйлесімді түрде халал турасында білім беруде. Атап айтқанда, Малайзия Путра университетінде Халал өнімдерді зерттеу институты, Малайзия халықаралық ислам университетіндегі Халықаралық халал зерттеу және білім институты, Малайзия Ислам білімі университетіндегі Халал зерттеу және Басқару институты негізгілері қатарында. Білім беру бағдарламаларынан бөлек, аталған оқу орындарында халал өндірісі саласында магистратура мен докторантура деңгейінде білім берілуде әрі зертханаларда сараптамалар жүргізу мүмкіндіктері жасалған [84, 93 б.].

Халал сертификаттаудың алғашқы бастамалары АҚШ-тағы мұсылман азшылықтар қауымдастықтарында пайда болғанымен ислам елдері арасында осы салада жетекші орын алатын және бүгінгі күнге дейін белсенді қызмет көрсетіп келе жатқан елдердің ең алдымен бірі Малайзия екенін айта кеткен жөн. Малайзияның бұл салаға белсенді араласуына әсер еткен басты факторлар

қатарында елде көпшілікке тән емес, алайда азық-түлік саласында ықпалы бар ауқымды басқа дін өкілдерінің болуы мен нарықта елеулі орын алатын трансұлттық азық-түлік брендтері мен халықаралық мейрамхана желілерінің қызмет етуін көрсетуге болады.

Малайзияда халал сертификаттау процесіне қатысатын мемлекеттік органдар мен заңнамалық-стандарттық актілер мемлекеттік қолдаумен үндесіп, университеттер мен зерттеу институттары, сондай-ақ құрылған ғылыми-зерттеу орталықтары арқылы халал азық жұмыстары үйлестірілген түрде жүргізілуде. Осындай жүйелі ұйымдастыру мен ғылыми-техникалық негіздеу басқа ислам елдері мен халал сертификаттау мекемелерінің назарын аударуда және Малайзияда жүзеге асырылған халал сертификаттау тәжірибесі қарқынды түрде халықаралық экономикалық мүдделерді біріктіруші орталыққа айналдырып отыр. Сонымен қатар, Малайзия мемлекеті халал саласын тек қана діни талап тұрғысынан қарастырмай, оны жүйелеу арқылы ұлттық шеңберде енгізіп, жетілдіруді және осы тәжірибені басқа мемлекеттер үшін модель ретінде ұсынуды мақсат етеді. Қоғамдық-құқықтық тәжірибеде халал қызметтерінің көп бөлігі әдетте қауымдастықтар мен үкіметтік емес ұйымдар арқылы жүзеге асырылатын болса да, Малайзияда бұл қызметтерге тікелей мемлекеттік қолдау көрсетілуі елдегі халал жүйесіне ерекше артықшылықтар береді. Тәжірибе көрсеткендей, шамамен елу жылдық кезең ішінде халал сертификаттау жүйесіне айтарлықтай инвестиция сала отырып, ғылыми-техникалық зерттеулер жүргізіп, зерттеу орталықтары мен институттар құрып, аккредиттеу қызметін халықаралық деңгейге дейін кеңейткен Малайзияның халал индустриясындағы рөлі өте маңызды [84, 83 б.].

Халал индустриясы Малайзия үшін жәй ғана шарифат талабы емес, экономикалық жаңа нарық. Бұл көпконфессиялы елдегі діни прюларизм аясында исламды тек символизм тұрғысынан емес, нақты өміршең экономикалық жүйе ретінде көретін ұстанымды танытады. Әлемнің көптеген елдерінде тұтынушыларға ұсынылатын азық-түліктің ислам қағидаларына сай екендігін дәлелдеу мақсатында әртүрлі мекемелер тарапынан сертификаттау жүйесі енгізілген. Бұл жүйені тиімді қолдану үшін халал азық-түлік сертификаттауы саласында зерттеулер жүргізіліп, нарыққа шығарылатын өнімдердің халал екендігін анықтайтын, өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы дауларда делдалдық және сарапшылық рөл атқаратын, сондай-ақ сол қызметті жүзеге асыра алатын қадағалау механизмдерімен қамтамасыз етілген делдалдық институттар мен ұйымдар қалыптастырылуда. Бүгінде ұлттық және халықаралық деңгейде осындай қызмет көрсететін жүздеген халал сертификаттаушы орган бар және олардың саны жыл сайын өсіп келеді.

Қорыта келгенде, Қазіргі Малайзияның діни-конфессиялық саясаты исламның ресми мәртебесі мен оның көпконфессиялы халқының діни-сенім бостандығына конституциялық кепілдік беру арасындағы үздіксіз теңгерімді ұстап тұруға басымдық береді. Федералдық Конституцияның 3(1)-бабы исламды Федерацияның діни ретінде бекітеді. Бұл мәртебе ислам институттарын мемлекеттік қолдауға, жеке және отбасылық мәселелерде жеке

шариғат соттары арқылы мұсылмандарға шариғатты (ислам құқығы) қолдануды және қоғамдық өмірде ислам құндылықтарын насихаттауына мүмкіндік береді. Штаттардағы исламдық істерді басқару сол штаттардың сұлтандарының юрисдикциясына жатады. Елде өзге діни бірлестіктердің бейбіт қатар өмір сүруі (coexistence) қамтамасыз етілген, дегенмен мұсылман қауымдастығымен қарым-қатынасында, әсіресе дінге шақыру мен өз дінін таратуына қатысты айтарлықтай шектеулер бар. Халал және исламдық қаржыландыру секторлары арқылы экономикалық мүмкіндіктерді кеңейту, экстремизм мен терроризм қауіптерінің алдын алудан бөлек, діни және әлеуметтік келісім арқылы «Ұлттық бірлік» (2021–2030) стратегиялық бағдарламасын жүргізуді жақында қабылдаған еді. Ерекше тарихи тәжірибесімен танымал бұл ел діни дауларды бәсеңдетудің әрі дінаралық дауларды бейбіт жолмен шешудің практикалық отаны саналады. Бәлкім ислам малайлар үшін ұлттық бірлікті сақтаудың маңызды факторы саналғандықтан болса керек, көпэтникалық және копконфессиялық сипатына қарамастан Малайзия қоғамдық тұрақтылық пен экономикалық дамудың аймақтағы үлгісіне айналып келе жатыр. Малайзияның дін саясатының бұл басымдықтары стратегиялық тұрғыда теңгерімді екенін көрсетуде.

Қорытар болсақ, конституциялық құрылымнан бастап діни институттар мен білім беру жүйесін, малай бірегейлігі мен оның этно-конфессиялық саясаттағы рөлін, сондай-ақ халал стандарты мен такафул/исламдық банкинг сияқты экономикалық институттарды біріктіре қарастырғанда Малайзияның көпдінді қоғамындағы келісімнің өзіндік ерекшелігін тұатстай көре аламыз. Мұндай тәсілді таңдаудағы мақсатымыз – Малайзиядағы діни келісім мен конфессиялық толеранттылық тек құқықтық шеңбер мен идеологиялық дискурстарға ғана емес, сонымен бірге экономикалық өсім, әлеуметтік әділдік және әлеуметтік қамту механизмдерімен тікелей байланысты екенін көрсету еді. Яғни халал индустриясы, исламдық қаржы, әлеуметтік қауіпсіздік жүйесі, діни білім және малай-мұсылман бірегейлігінің саяси-институционалдық мәртебесі бір-бірін толықтырып, елдегі діни әртүрліліктің теңгерімді түрде басқарылуына ықпал ететін кешенді құбылыс. Экономикалық инклюзия мен әлеуметтік әділдікке бағытталған саясат конфессияаралық қатынастарды жұмсартып, мемлекеттегі зайырлылықтың «теңгерімді» моделін тұрақты ұстап тұруға мүмкіндік береді дегіміз келеді. Осылайша Малайзияның мысалы діни-плюралистік қоғамда тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз етудің құқықтық, мәдени және экономикалық тетіктерінің өзара байланыста дамуы қажет екенін айқын көрсетеді десек қателеспеген болар едік.

2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН МАЛАЙЗИЯ ФЕДЕРАЦИЯСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ ПЕН ДІН ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

2.1 Қазақстан мен малай қоғамының ұлттық бірегейлігін нығайтудағы дін және дәстүр құндылықтарының рөлі

Малайзия мен Қазақстанды салыстырмалы түрде қарастыру екі елдегі мемлекет пен дін қатынастарын саралау тұрғысынан өзекті, дегенмен екі елдің исламға қатысты саясатында құрылымдық айырмашылықтар бар. Исламға конституциялық басымдық берген Малайзия аталмыш діннің мемлекет қолдау білдіретін байсалды әрі өркениеттік даму жолын іздеуімен ерекшеленеді. Әрі исламды малай бірегейлігінің негізі ретінде қарастырады. Оны тек символдық тұрғыдан ғана емес, өркениеттік тұрғыда зерделеуімен, институттық негізде дамытуымен көзге түседі. Бұған Малайзияның күрделі тарихи өткені мен исламды ұлттық бірлігінің негізі ретінде қарастыруы әсер еткен десек қателеспеген болар едік. Малайзия шариғат институттарын, халал индустриясы мен белсенді азаматтық қоғамды (оның ішінде конституциялық тұрғыда бекітілген плюларизм мен толеранттылық саясаты да бар) мұсылман демократиясының біртұтас келбеті ретінде біріктіре отырып жартылай зайырлы немесе гибридік мемлекеттік идеологияны жүргізеді. Қазақстан конституциялық тұрғыда зайырлы, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы арқылы исламды үйлестіреді әрі «Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі» сияқты беделді форумдар арқылы өзін конфессияаралық диалогтың еуразиялық хабы ретінде көрсете отырып, «дәстүрлі, толерантты исламды» қолдайды.

Құрылымдық айырмашылықтарға қарамастан Малайзияның дінге негізделген федералды моделі мен Қазақстанның зайырлы моделі екеуі де дін саласындағы модерацияны тұрақты даму мен қоғамдық тұрақтылықтың стратегиялық негізі ретінде қарастыратынын көрсетеді. Малайзия мемлекеттік қолдау тұрғысынан халал экономиканы дамытуға мүдделі болса, Қазақстан прагматикалық мүдде тұрғысынан жаңа нарықтың көзі ретінде қарайды. Екі ел де радикализмнің алдын алу үшін құқықтық-нормативтік базаны әрдайым күшейтумен айналысады. Әрбір елдегі әлеуметтік медиа динамикасы прогрессивті және консервативті дискурстарды бақылауға алып, қоғамдық қатынастарды реттеуге ұмтылып келеді. Малайзия мен Қазақстан қоғамның көпшілікті құрайтын мұсылман бөлігін плюрализм мен қауіпсіздікті сақтауға, ұлттық бірегейлікті нығайтуға, әлеуметтік-экономикалық дамуды ынталандыруға әрі жұмсақ күш арқылы жаһандық процестерге араласуға мүдделі.

Малайзияда исламдандыру үрдісі 1970 жылдардан бастап ерекше қарқын алды. Оған сол кездегі халықаралық жағдайлар, мұсылман ойшылдардың жаңаша пайымдары, этносаралық күрделі ахуалдағы малай ұлтының бірегейлігін анықтау, елдегі UMNO мен PAS секілді партиялардың

бәсекелестігі, үкімет басшыларының мемлекеттік дін ретінде исламды қолдауы секілді т.с.с. жағдайлар ықпал етті. Малайзияның заманауи исламдық дискурс пен принциптерді дамытуы, көпмәдениеттілік және жаһандық ықпалдастықтың талаптарымен үйлестіру бойынша ойластырылған мемлекеттік стратегияны көрсетеді. Көбінесе «уасатия» концепциясымен құрылған бұл дискурс исламды прогресске тосқауыл ретінде емес, демократиялық құндылықтарды, ғылыми жетістіктерді және қоғамды біріктіруді қолдайтын моральдық және интеллектуалдық негіз ретінде көрсетуге тырысады. Малайзияның исламдық дискурсты дамытып отырғаны елдегі зайырлы және шарифаттық қосарлы сот жүйесінен, исламдық білім беру, исламдық қаржы саласы, ислам банкингі, исламдық сақтандыру жүйесі, исламдық құқық, ислам хадари тұжырымдамасы, халал индустриясын дамыту салалары арқылы анық көрініс беретінін алдыңғы тарауда айттық. Сонымен қатар заманауи исламдық дискурс Малайзияның плюралистік, технологиялық дамыған және жаһандық байланыста өркендеуге ұмтылатын, дамып келе жатқан интеллектуалды және саяси жобаны білдіреді. Малайзия осы салаларды реттіп, мұсылман әлеміндегі сенім мен қазіргі заманауи үйлестіру бойынша жүргізіліп жатқан ұмтылыс бойынша бүгінгі күні өзге мұсылман елдері үлгі алатын жағдайға жетіп отыр.

Малайзияға тән мәдени ерекшелік елдегі этно-діни құрылыммен тығыз байланысты. Жұмыстың алдыңғы бөлімдерінде қарастырғанымыздай, Малайзияда негізінен малайлар, қытайлар және үнділер мекендейді. Конституциясында атап көрсеткеніндей, малайлар сенімі негізінен ислам, қытайлар даосизм, буддизм, конфуциандық, тіпті анимистік ритуалдар секілді синкреттік сипаттағы түрлі сенімге ие, ал үнділер индуизм дінінде. Дегенмен аталған ұлттарға қоса камазандар мен даяктарды атау бұл тым қарабайыр болып, елдегі бай мәдени әртүрлілікті толық ашпасы анық. Себебі бұл ұлттардың өзі біртекті емес, әрбірі өз ішінде түрлі жекелеген топтардан құралады. Мысалы, малай этникалық атауы Оңтүстік-шығыс Азиядағы ачехн, боян, буга, яван, минангкабау, Рава және мандайлинг, тіпті үнді түбегінен тамыр тартатын мұсылмандарды да алғанда индонезиялық халықтарды кең қамтиды. Малайлар малай ғұрпын (адат) ұстанып, малай тілінде сөйлейді. Бірақ ресми малай тілінен бөлек, малай тілінің бірқатар диалектілері де бар. Мысалы, Келантан малайлары Перак пен Лохар тұрғындарына қарағанда өзіндік ерекше диалектімен (логхат) сөйлейді. Түбектің байырғы тұрғындары болып табылатын жергілікті «оранг асли» өздерін малайларға жатқызғанмен, сенімі ислам емес, тілі мен дәстүрі де малайларға ұқсас, бірақ басқаша. Оранг асли да өз ішінде дәстүр салты басқа он тоғыз топқа бөлініп кеткен [86, 80 б.].

Әр штаттағы және елдің әр аймағындағы малайлардың мәдени болмысында да ерекшеліктер бар (дәстүрлі киім, сәулет өнері, қолөнер, бейнелеу өнері, би өнері т.б.). Бұған қоса, жас жұбайлардың той киімдері де әр штатта әртүрліше сәнделеді. Малаккада малай қалыңдығы бас киімін сәнді етіп, алқа сырғаларын тағынумен қатар аяғына да білезік тағады және өз штатының сәнді киімін киеді. Әр штаттағы тұрғын үйлерге қатысты сәулет өнері де әркелкі. Ас түрлерінде де әр штаттың өзіндік тағам түрлері бар. Амарджит

Каурдың түсіндіруінше, Сабах пен Саравак штаттарының өзіндегі мәдени көптүрлілік жағдайы күрделі. Айталық, Сабахта тұратын 1,3 миллион халық 31 ден астам түрлі этникалық топтардан құралады, олар 80 нен астам белгілі тілдер мен диалектілерде сөйлейді. Сабахтағы ең байырғы тұрғындар дусундар, қазіргі уақытта ресми кадазандар деп атайды. Дусундар да өз ішінде бір-бірінен ерекшеленетін темпасук, пенампунг, рунгус, ранау және тамбун секілді топтардан құралады, олардың мәдениеті де әркелкі. Сабахтағы тағы бір ерекше тұрғындар олар муруттар, олар елдің ішкі жағын мекендейді, сондай-ақ жағалауда тұратын бажаулар да бар, бұлар көбіне теңіз көшпенділері немесе теңіз сығандары деген атпен танымал. Саравакта да ибан, Кайан, Кениях секілді ұсақ этникалық топтар аз емес. А. Каур Малайзияда португалиялық евразиялықтар, бюргерлер, баба қытайлар (перанакан чина), мелақан читталары секілді басқа да ұлттар барына назар аударады, бұлар ұлттар арасындағы аралас некеден қалыптасып сіңісіп кеткендер [86, 83 б.]. Түбі португалиялық евразиялықтар малай мәдениетін сақтаса да негізі өз тілдерінде сөйлейді және сенім тұрғысынан католик дінін ұстанады. Малай өнеріне ең бірінші кезекте үнді мәдениеті ерекше ықпал еткен. Міне, осы жағдайлар Малайзияда орныққан мәдени плюрализмді көрсетеді.

Дегенмен ислам діні келгеннен бергі уақытта байырғы үнді мен қытай мәдениеттерінің ықпалы бәсеңдеген. Малай мәдениеті мен дәстүрін зерттеуші Джэйм Хок пен Стефани Хоның пайымынша, аймақта ислам дінінің өркендеуі буддалық империя Шривиджая мен үнділік империя Маджапахиттің әлсіреуіне тұспа-тұс келді [87, 29 б.]. Осы уақыттардан бастап Малакка исламның орталығына айналды. Жаңа ислам орталығы бұл жерде Махдум Сайид Абдул Азиз, Маулана Абу Бакар, Кади Юсоф, Кади Менуа, Кади Мунавар Съя, Маулана Садар Йохан секілді жергілікті көптеген ғалымдар қалыптасуына жол ашты. Бұлар бенгаль, араб, пасай, гуджарат пен парсы сынды түрлі ұлттардан құралды. Бұндай ғалымдар үкімет кеңесшілері ретінде діни мәселелерді қарастырып, сарай, сурау және мешіттерді білім жаю орталықтарына айналдырды. Кейінгі үкімет те сол дәстүрден таймады. Дін ғалымдарының белсенділігі мемлекеттік деңгейдегі қабылданатын құжаттарға да ықпалын тигізді. Атап айтқанда, Малакка заңдарының кодексі мен Малакка теңіз құқы ислам ілімдері мен жергілікті әдет-ғұрыптың синтезіне негізделді. Бұндай заңдар өз кезегінде өзге штаттардағы заңдарға да әсер етті [88, 1202 б.].

Жергілікті мұсылман ғалымдар арасында Тун Мухаммад Шафиғи мәзһабы құқымен шұғылданды. Ол араб тілін жетік білді. Шафиғи құқы бойынша көптеген ғалымдар жетілдірді. Аче штатында да Шафиғи мәзһабы бойынша Нураддин әл-Ранири, Абдул Рауф Сингкел мен Жалаладдин әл-Турсани секілді жергілікті ғалымдар шейхул-Ислам деңгейіне жетті. Нураддин әл-Ранири «әл-Сират әл-Мустақим» Шафиғи фикһына негіздеп, исламдағы құлшылыққа қатысты кітап жазды. Бұл кітап Малай теңіз архипелагындағы 1634 жазылған алғашқы фикһ кітап ретінде белгілі. Абдул-Рауф Сингкелдің әйгілі «Мират әл-Туллаб» еңбегі әл-Ранири еңбегіне қарағанда Шафиғи құқы жайлы толығырақ мәліметтерді қамтыды (1672 ж.). Жалаладдин әл-Турсанидың

«Сафинат әл-Хуккам» еңбегінде биліктегілер үшін муамалат (қоғамдық қатынас), жинаят (қылмыс) турасындағы таласты құқықтық мәселелер тарқатылды [88, 1204 б.]. Бұндай ғалымдар шәкірттер тәрбиелеп, дін қызметіне жан-жаққа үздіксіз жіберіп отырды.

Ислам діні келгеннен бастап штат басшылары өздерін «сұлтан» деп атады. Пасаи патшалары дәстүрлі «ража» атауын қолданғанымен, Малакка билеушілері мөрлерінің өзіне «сұлтан», «шах» деген аттарды жазғызды. Одан бөлек, «Насру ад-дуния уа ад-дин» (дүние мен дін көмекшісі), «Зиллуллах фи ал-алам» (әлемдегі Алланың көлеңкесі) деген атауларды да иемденді. Тіпті отар болған уақыттарда да дәстүр мен дін істеріне жауапты қызметтерін сақтап қалды. Яғни дін істерін басқару, қадылар (би) тағайындау, діни комитеттерді құру, діни заңдар, діни білім беру мен құлшылық жасауға қатысты істердің барлығы соларға қарады. Сұлтандар қажетті жерлерге дін мамандарын жіберіп отырды, ауылдық жерлердегі дін істерін көбіне молда не тариқат шейхтары жүргізген. Діни иерархия жайлы көп мәліметтер кездеспейді, дегенмен қады (би, сот), имам және хатып деген атаулардың қолданылғаны, сарайдағы ең жоғарғы беделдің қады (би) болғандығы, одан бөлек, билеушілердің жеке ұстаз, молда ұстағандары білінуде. Әсіресе, Джохар штатындағы ең абыройлы әрі сарайға жақын уламалар арасында тағайындалған билер министрлерден кейінгі ең жоғарғы ықпалға ие болған. Діни соттардың төрағасы болған билер бұдан бөлек діни тақырыптарда сұлтанға кеңесші болып, орталықтағы мүфти мен мешіт қызметкерлерін тағайындауда оған көмек берген. Ауылдық жерлерде балаларды оқытуда, діни рәсімдер мен жиналыстар жүргізілетін ауыл мешіттеріндегі имам, хатип және «біләл» деген атпен танымал азаншылар негізінен ислам діні өкілдері болған. Олар әрі діни дәрістер, әрі жалпы пәндер оқытылатын медреселер де ашуға ықпал етті.

XV ғасырдың екінші жартысында Малакка сарайы шеттен келген ғұламалардың да үлесімен ислам мәдениетінің аймақтағы барлық аралдарға, Филиппиннің оңтүстігіне, Борнео мен Жаваға да жайылуында айтарлықтай маңызға ие болды. Ислам орныққан уақыттан бастап Малай түбегінде шарифат соттары қызмет атқарды. Британдық отарлау кезінде де шарифат соттары мұсылмандардың құқықтық істерін жекелей қарастыру құқына ие болды. Американдық этнолог Давид Дж. Банкс «Малайядағы ислам: мәдени қақтығыс па әлде исламдық революция ма?» атты мақаласында «мұсылмандық құқықтың малай өміріне дендеп енгені соншалықты, малай мәдениетін Оңтүстік Шығыс Азиядағы Ұлы Ислам мәдениетінің бір бөлшегі ретінде бағалауға болады» деген тұжырым жасайды [89, 573 б.].

Малайзияның қазіргі сот жүйесі қосарлы: федералды және шарифат соттар қатар жұмыс атқарады. Шарифат соттары мұсылмандардың отбасы құқығын, мұрагерлік, уақып, исламға қайшы әрекеттер үшін жаза тағайындау мәселерімен айналысады. 1988 жылы Конституцияға енгізілген толықтырумен шарифат соттары қарастырған мәселелерді федералды соттардың қайта қарауына тыйым салынады. Фарид С. Шуайб Малайзиядағы исламдық заңдық жүйені талдай келе, соңғы он жылдықта Малайзияда ислам құқының рөлі

өскендігін, бұл елдегі үкіметтік исламдық құқық жүйесінің эволюциясы және дамуының арқасында екенін айтады [90, 85 б.]. Бұған қоса, Малайзияда «Джави» деген атпен танымал діни полиция да жұмыс атқарады. Олар ішімдік ішкен, көшеде сүйісіп отырған, құмар ойындарын ойнаған, исламға тіл тигізген, Рамазан айында көшеде ашық тамақтанған, біржыныстылық секілді әсіре саналған қылықтарды қадағалайды. Олар негізінен мұсылмандарды бақылап, барлық қоғамдық орындарда тексеріс жүргізе алады. Зайнал Клинг ірі тарихи, мәдени жағдайдағы күрделі ықпалдастықты бастан өткергендіктен (Үнді өркениеті, Батыс Азия, Қытай, кейіннен Европалықтар) малайлардың дәстүрлі отбасылық құндылықтарын саралағанда, ислам ықпалы, жергілікті әдет (адат) және Британияның отарлау кезіндегі заңдары негізінде бұған көз жүгірту керектігін алға тартады. Ол «адат» сөзінің этимологиясы арабша екенін, исламға дейінгі қоғамның қалыптасқан элементтерін білдіретінін, сол нормалар мен құндылықтар адатқа біріккенін түсіндіреді. Дегенмен, малай түсінігінде адаттың ұғымы кеңірек, ол қоғамының исламға дейінгі элементтері мен мәдениетін ғана емес, ол исламдық емес топтардың да барлығының мәдени элементтерін қамтиды. Нәтижеде адат – ол қоғамның таза исламдық негіздерден бөлек, айқын дәстүрлі мәдени конфигурациясы ретінде көрініс берді. Ол малай қоғамын қалыптастыруда адат пен діннің қос құрылымдық ұстаным ретінде қызмет атқарғанына назар аудартады [91, 48 б.].

Ислам малайлардың неке-отбасылық қатынастарына елеулі ықпалын тигізді. Нақтырақ айтқанда, малайлар өздерінің тектік жағынан қосарлы жүйесіне (Негери-Сембилан секілді кей штатта ғана әйел жағынан туыстық сақталған) әкелік жағынан өрбитін патриархалды туыстықты қабылдады. Дәлірек, неке кезінде, мүлікті бөлісу, қамқорлық жасау (опекунство) басқа да діни ғұрыптар кезінде мұсылмандық талаптар негізге алынды. Қызды күйеуге беруде ең басты қамқоршы (опекун) әке болып табылды. Ол жоқ болса ғана өзге жақындары кезегіне қарай қамқорлық жасай алды. Мүлік бөлісуде де ислам заңдары бойынша ер кісіге әйелге қарағанда екі есе көп мүлік бөлінді. Тіпті әйел не ананың өзі күйеуі өмірден озғанда артта қалған мүліктен ұлынан көп ала алмайды. Кіммен некеге отыруды анықтайтын (махрам) мәселесінде де малайлар ислам шариғатын басшылыққа алады. Неке қидыру да ислам шариғатына сай жүргізілді. Неке кезінде «келістім» (ижаб), «қабыл алдым» (қубул) айтылып, қалыңдықтың жақындары мен қауымнан екі ер кісі куәгер болды. Дегенмен ресми заңның қабылдануы мұсылман соттың (қады) некені не қамқоршының (әкесі) атынан, не ресми куәгердің атынан жүргізуін талап етеді. Осы келісім кейіннен ерлі-зайыптылар мен жауапты діни тұлғаның қол қойып, мөр басуымен неке реестріне тіркелді. Дәстүрлі неке қиюда ресми тіркеу болмағанмен, кейіннен британдық құқық оның ресми тіркелуіне жүйелендірді. Ислам дәстүрлі малай отбасылық әрі тек жүйесіндегі аналық өрбуге кең қарағандықтан, кей штаттарда қалыптасқан әйел жағынан тектік қатынастарға (адат перпатих) патрилинейлік ислам элементтері де енгізілді. Малай отбасындағы осы жүйе бүгінгі күні исламның ықпалы тиген дәстүрлі адат жүйесі ретінде қабылданады [91, 48 б.].

«Ислам малайларға тән ана жағынан жүретін құрылымға өзгеріс әкеліп, отбасындағы әкенің орнын күшейтті. Ислам отбасында әкенің қамқоршы ретіндегі рөлін арттырды, ол отбасыға бірден бір жауапты тұлға. Қызын күйеуге сол береді, әйелімен ажырасу құқы да негізінен соған тән. Отбасында шешуші рөл атқарады. Ал матрилинейлік жүйеде (адат перпатих) дау тудыратын тұстар да бар. Мысалы, ислам бойынша отбасыға жауапты әке адат бойынша әпкесінің жанұясын қорғау құқы жүктелетін анасының ағасы да болып табылады. Туыстық пен мұра ана сызығымен есептелетін отбасында әйел не әпке үшін күйеу мен аға арасында осыдан кикілжің туындап жатады. Ал мұсылман малай отбасыларда бұған жол берілмейді, олар ислам заңдарын адаттан жоғары қойып, оны адат ұстанымдарымен де бекіткен: «Адат берсенди сырак сырак берсенди китаб Аллах» (адат діни заңға негізделген, ал діни заң Құдайдың кітабына негізделген). Бұған қоса, адат заңдары бітімге шақыру сипатына да ие: «Раджа адат пада муафакат» (адат басшысы – ол келісімнің негізі). Бұл адат нормаларының патрилинейлік сипаттағы ислам ережелері мен екіжақты ұстанымдарға сай белгілі бір деңгейде өзгертінін көрсетеді» [91, 53-54 б.].

Малайларда мұсылмандар арасындағы ажырасулар да ислам заңдары бойынша реттеледі. Заң және дәстүр бойынша төрт түрлі жолмен ажырасу жүзеге асады. Әдетте ер кісі «талақ» деген сөзді әйеліне бір, екі не үш рет айтумен ажырасу жүзеге асады. Талақ сөзін бір не екі рет айтумен ерлі-зайыптылар ажырасқанымен, олар идда мерзімі аяқталған жүз күннен кейін қайта татуласа алады. Егер үш мәрте талақ айтылған болса, онда әйел басқа ерге тұрмысқа шығып, ажыраспайынша, бұрынғы ерімен қосыла алмайды. Екінші жолы, пасах әдісі. Дін соты (қады) күйеуі асырай алмағанда әйелге ажырасу құқын береді. Күйеуі төсек қатынасына жарамаса не исламнан бас тартқан жағдайда да әйелге ажырасу құқы беріледі. Үшінші жолы таалиқ, ол неке келісінде заңда арнайы көрсетілетін бап. Үш ай бойы ері өз міндеттерін орындамаса, әйел онымен ажыраса алады. Төртінші жолы, кхулу не тебус талақ. Бұл күйеуін жаратпаған әйел некені бұзу төлемі есебінде оған ақшалай өтем жасайды [91, 55-56 б.].

Бүгінгі күні Малайзияда әр штаттың исламдық дін кеңесі неке, ажырасу, мүлікті бөлісу, балаларға қамқорлық жасаушы мен жәрдемақы төлету мәселелерімен айналысады. Малайлар өмірге келген сәбидің құлағына азан шақырып атын қояды. Бұл оның жақсы мұсылман болып ержетуіне тілектестіктен туындайды. Жас босанған келіншек 44 күндей ерекше күтінеді. Ол уақытта көбіне енесі қолғабыс етеді. Босанар кезде де жас келіншек жылы суға шомылады. Ол денедегі қан айналымын жақсарту үшін лимон және имбир қосылғандығымен ерекшеленеді. Босанғаннан соң маманнан дәстүрлі массаж (урут) қабылдайды. Сол арқылы босаған бел, жамбас, сан бұлшықеттерін қалыпқа келтіру көзделеді. Жас ана беліне төрт метрлік мата (бенгкунг) орап, жатырды сақтап, көлемін қайта кішірейтуге әрекеттенеді. Қазіргі уақытта бенгуктың орнын корсет те алмастырады. Сәбидің шашын алу малайларда «Sukur rambut» деп аталады. Көбіне бұл рәсім сәби туылғанына жетінші күні жасалады. Дегенмен одан кейінгі уақытта жасауды дұрыс көретіндер де бар.

Осы рәсім кезінде табаққа жас кокос дәнін үш жағын кесіп гүлдермен сәндеп салады. Бұл кезде көбіне туыстар мен достар жиналып, рәсімді Берзанджи мен Мархабан (Мұхаммед пайғамбарға арналған ән) айтумен бастайды. Сәбиді ата-анасы көтеріп алып келеді, енді бір туысы табақта әзірленген ұшы кесілген кокос дәнін әкеледі. Әр қонақ жеке жеке жақындап келіп, сәбидің шашынан кішкентай кесіп алып, кокос дәнінің үстіне қоя тапсырылады. Сәбидің шашы толық алынып біткенде, шашты таразыға тартып, соның салмағындай алтын немесе ақша садақа етіп таратылады. «Тахник және ақиқа» дәстүрінде ата-ана сәбиге алғашқы дәм татырады. Тахник құрманың жұмсақ жерінен сәл езіп немесе балдан алып сәбидің таңдайына жағуды білдіреді. Артынша дұға (дао) оқылады. Ақиқа болса сәби үшін ата атасының шүкіршілігін рәміздейді. Ол ұл бала үшін екі, ал қыз бала үшін бір қой не ешкіні құрбандыққа шалудан тұрады. Тахник пен ақиқа көбіне бала туылғанына жеті, он төрт не жиырма бір күн толғанда жасалады. Ұл баланы сүндетке отырғызу мұсылман малайларда «хитан» деп аталады.

Ахмад Фахми Ирсиад бин Азиз Азмидың түсіндіруінше, малай дәстүрінде қазаны жөнелту, мәйітті жерлеу кезінде алдымен имамға хабар беріледі. Себебі имам сол жаназа рәсімін өткеруші тұлға болып табылады. Мәйіт үйдің қонақ бөлмесінде денесі толық матамен жабылған жағдайда қойылады. Басы құбылаға қаратылып, оң қолы сол қолының үстіне көкірегіне қойылады. Мәйітпен қоштасуға кірген кісілер Құраннан сүре оқиды. Мәйіт үйде болған кезінде ешқандай банкет жасалмайды. Дегенмен мәйітті де көп ұстамауға тырысады. Іле мәйітті міндетті болып табылатын жуу рәсімін жасайды. Оны қайтыс болған кісінің жақын туыстары атқарады. Мәйітті ақ матамен орап, ақ матамен буады. Ер кісілердің мәйітін бес қабаттан тұрады, ал әйел кісілердікі жеті қабаттан тұрады. Мәйіт дайын болғанда отбасынан жақын адамдары оны апарып жерлеуі тиіс. Алайда мәйітке көз жасы тамбауын қадағалайды. Мәйітті табытқа саларда жақыны не мұрагері қайтыс болған кісінің айыптары болса, жұрттан кешірім сұрап тіл қатады. Ол сондай-ақ егер марқұмның қарызы болса, соны мұрагері өтейтінін де жариялайды. Мәйітті жерлерде әсіресе бейіт басында әйел кісілердің шариятқа қайшы түрде дауыс көтеріп жылауына тыйым салынады. Мәйітті жерлемей тұрып жақын маңдағы мешітке не сурауға (ғибадатхана) апарады. Жаназасынан кейін садақа ретінде ақша не мата таратылады. Сосын барып дайындалған қабірге апарады. Жерлемей тұрып қабірге түскен адам табытты ашып, мәйіттің басындағы байлауды шешеді. Мәйіттің басын жерге сүйейді. Жерлеуден кейін қабірге шағын екі құлпытас орнатылып, оған марқұмның атын жөнін, туған және өмірден қайтқан уақытын жазады. Осыдан соң қажы, лебай не ғалым дұға жасап, қабірге су шашады. Кісіні жерлеген соң алғашқы күні, үшінші күні, жетінші не қырқыншы күні де рухы айналсоқтап жүреді деген де сенімдері бар. Барзах әлемінде жағдайы дұрыс болсын деп осы кездері дұғаларын арнайды. Кейбір малай халқы жерлеуден жүз күн өткен соң қабірін тұрғызуды әдет еткен [92, 255-256 б.].

Малай шаруалары қайырымдылық жасауды өздеріне міндет деп біледі. Оны «седекуха» деп атайды. Бұл сөз қоғамдағы кедей жандарға қарасу деген мағынаны береді. Зукут болса – ол байлығының бір бөлігінен басқаларға тарату мағынасында. Фитра – Рамазан айы бітісімен кедейлерге таратылатын көмек. Ауыз бекіту кедейлер мен науқастардан талап етілмейді. М. Фадели келтірген бұл мәліметтер ислам дініндегі садақа, зекет, пітір садақа ұғымдарын білдіретіні сөзсіз. Мұсылман малайлар күніне бес уақыт намаз оқып, Рамазан айында ауыз бекітеді. Мешіттерде Тарауих намазын да оқиды. Малай мәдениетіндегі ислам тақырыбы бірқатар зерттеушілердің қызығушылығын тудырды. Атап айтқанда, Сайид Мухаммад Накиб Алатаас (1972), Джон Бусфилд (1983), Владимир Брагинский (1993), Исмаил Хусейн (1995), А. Х. Джон (1985), Мохд Таиб Осман (1980), Сидек Фадзил (1999), Мохд. Усман Эль-Мухаммади (1977), Абдул Азиз Дераман (1992), Хамдан Хасан (1980) и Исмаил Хамид (1986) және т.б.

Жоғарыда да тоқталғанымыздай, аймаққа ислам діні келген XV ғасырлардан бастап араб жазуына негізделген джави әліппесі қолданысқа енді. Ол малай тілінде жазу үшін кеңейтілген төте жазу секілді араб әліпбиі. Исламның келуімен әр штаттың билеушілері өзіндік әдеби дәстүрін дамытты. Кітап басу ісінің қолға алынуы әдебиеттің тарауына кең жол ашты. «Малай шежіресі», «Билеушілердің тегі» – XV ғасырда жазылған көне әдеби жәдігерлердің бірі. XV ғасырға тән тағы бір айтулы жәдігер ол «Хикаят Раджа Раджа Пасай». Ханг Туахе батырдың билеушіге адалдығы мен ерлігін суреттейтін «Ханг Туаха әңгімесі» (Hikayat Yang Tuah) атты шығарма да маңызды. «Хикаят Нур Мухаммад», «Хикаят Наби», «Пайғамбардың Миғраж оқиғасы», «Омар сахабаның оқиғасы», «Хикаят Искандер Зулқарнайн», «Хикаят Амир Хамза», «Хикаят Мухаммад Ханафия», «Хикаят Наби Сулейман», «Хикаят Мухаммад» атта діни шығармалар малай әдебиетінің мазмұнын байыта түсті. Сол уақыттағы кең танымал әдеби жәдігерлер қатарында «Хикаят Раджа», «Хикаят Баян Будиман», «Хикаят Мелаю», «Хикаят Панджи Конь Семиранг», «Хикаят Меронг Махавангса», «Хикаят Пеландук Дженака», «Шах Резе жайлы аңыз». Идрис Закария малай халқының осындай әдебиеттермен толығуы ислам келгеннен кейін мына аймақтарда көзге түскенін алға тартуда: Пасаи (1250-1524), Малака (1400-1511), Джохор (1511-1779), Ачех (1500-1900), Палембанг (1650-1824), Риау (1779-1911) және басқа да аймақтарда [93, 95 б.].

XV ғасырда парсы, араб тілінен малай тіліне небір классикалық еңбектер аударылды. Малайлар арасында өте жақсы қызығушылық тудырған еңбектер қатарында «Хикаят Амир Хамза», «Хикаят Раджа Хандак», «Кисас әл-Өнбия», «Хикаят Мухаммад Али Ханафия», «Хикаят Искандар Зулқарнайн» т.б. шығармалар бар. Малай әдебиеті туралы сөз қозғағанда, дін тақырыбына еңбегі сіңген танымал жазушылар мен ғалымдарды атап кеткен орынды. Сайед Хусейн Жамалуддин әл-Кубра, Хамза Фансури, Сямсуддин әл-Суматеран, Нуруддин әл-Ранири, Абдул Рауф Синкель, Шейх Юсуф әл-Макасари, Шейх Дауд әл-Фатани, Хаджи Ван Ахмад бин Мухаммад Зайн бин Мустафа әл-

Патани, Абдул Самад әл-Палембани, Сийх Ахмад Хатиб әл-Минангкабави, Шейх Мухаммад әл-Фатани. Сийх Мухаммад Арсяд әл-Банджари, Сайед Абдул Кадир Кедах, Шейх Абдул Малик Тук, Теренгтану, Хаджи Абдул Самад бин Мухаммад Салле әл-Келантани (Туан Табал), Мухаммад Юсуф бин Ахмад әл-Опознай (Тук Опознай), Шейх Мухаммад Идрис Абдул Рауф аль-Марбави және т.б.

Малайзия Куала Лумпур университетінің оқытушысы Арбаиях Мохд Нур Малай түбегінде исламның орнығуына мына жағдайлардың ықпал еткенін талдайды. Алғашқы қолға алған істердің бірі билеуші сарайында малайлардың тілі мен мәдениетін үйрене отырып, дін ғылымын оқыту қолға алынды. Билеушілердің мұсылмандармен аралас некеге отыруы да ел ішінде мұсылман қауымының түзілуіне жол ашты. Бұған қоса, мешіттерде де дін ғылымдары оқытыла бастады. Автор сарайда дін ғылымының оқытылғанын Малай дін тарихынан Маулана Абу Бакрдың суфизм аралас теология кітабын (усулуддин) Малака сұлтаны Мансур Шахқа (1459-1477) әкелгенін дерек ретінде келтіреді. Аталған «Дур әл-Манзум» атты діни кітаптың авторы Абу Ысхақ. Шах Малаккадан бұрын бұл кітаптың Пасайда оқылып, түсіндіріліп, талдануына бұйрық береді. Осы себепті Пасай малай ислам тіліндегі діни әдебиеттердің орталығына айналған алғашқы сарай ретінде танылған [94, 31-32 б.].

Ескендір Зұлқарнайн ерлігі малай діни әдебиетінде ерекше дәріптелгендіктен, бірқатар сұлтандар өз атына Ескендір атын қосуды әдет еткен болатын. Атап көрсетер болсақ, Раджа Искандар Шах (Мелаканың алғашқы билеушісі: 1394-1414), Сұлтан Махмух Искандар Шах (Перак билеушісі 11: 1654-1720), Сұлтан Искандар Зукарнайн Шах (Перак билеушісі 14: 1756-1765), Сұлтан Алауддин Мансур Искандар Муда Халифатур Рахим (Перак билеушісі 16: 1773-1792), Сұлтан Искандар Муда Махкота Алам (Аче билеушісі 12: 1607-1636), Сұлтан Искандар Тхани (Аче билеушісі 13: 1636-1641). Арабиях Мохд Ноор «Хикаят Амир Хамза» шығармасының да малай үшін өте әсерлі болғанын айтады. Хазірет Хамза Мұхаммед пайғамбардың жақын туысы ретінде оның Ухуд соғысындағы ерлігі осы шығармада кең суреттеле отырып, ол оқырмандарға жауынгерлік рух береді. «Хикаят Мухаммад Ханафия» шығармасында Муғауия ибн Абу Суфиянға қарсы соғыстағы әхлі бейт ерлігі кең берілген. Автор малайларға тән көне «Хикаят Раджа-Раджа Пасай» еңбегінің желісі де осы шығармамен үндесетіндігін алға тартады [92, 43 б.].

«Хикаят Раджа Хандак» шығармасында әзірет Әлидың Ор шайқасында жаумен қалай арпалысқаны кең суреттелген. Ал «Қисас әл-әнбия» еңбегінде бұрынғы пайғамбарлардың өмірі мен өнегелі хикаяттары суреттелген. Осы секілді діни тұлғалардың дәріптелуі, ислам тарихындағы оқиғалардың кейде проза, кейде поэзия тілімен берілуі ерте кездегі малай аймағындағы исламдық әдебиеттердің кең тарағанын көрсетеді. Ғалымдардың айтуынша, жаңа заманғы малай бейнелеу өнерінде исламдық өнердің өріс алған кезі 1980 жылдарға тұспа-тұс келді. Осы кездердегі сурет көрмелері мен семинарлар, ғылыми еңбектерде исламдық өнер мен мәдениет көбірек талқыға түсті. Малай

мұсылман суретшілері жаңа заманның өнерге деген көзқарасына исламдық көзқарасты үйлестіруге тырысты. Сулейман Эса, Закарии Аванг, Ахмад Халид Юсоф пен Пони-Рина Амина еңбектерінде исламдық эстетикалық талғам ерекше үйлесім тапқан. Бұл суретшілер көбіне мұсылман үмбетіне тән дизайнерлік жұмыстарында араб жазуларын, джави (төте) жазуын, каллиграфиялық мотивтер мен арабескалар, Жаратушыны мадақтайтын аяттар мен хадистерді бере отырып, жанды нәрсенің суретін салуға тартынды, тәухид сенімінен шықпады. Джоэла С. Канның пікірінше, Жаңа экономикалық саясат та осы уақыттарда орта тап малай өкілдерінде Ислам жаңғыру кезінде мұсылман суретшілер де өнер арқылы ұлттық бірегейлікке үлес қосты [95, 17 б.].

Киім кию дәстүріне келсек, ерте кездегі әйел киімі жалпы Малай теңіз архипелагына тән «кембан» болған. Ол жамылғы матадан (саронг) тұрады. Әйелдердің белден төмен оранғаны «каин саронг», ал денесін жапқаны «каин кембан» деп аталған. Үшінші түрдегі матаны «каин келубунг» басын, иығын, қолын қорғану күн ыстығынан қорғану үшін қолданған. Ал ер кісі киімі тек екі бөліктен құралған. Белден төмен жағын жапқан мата мен басын бүркеген жамылғы. Дәулетті кісілердің киімі матасының сапасынан білінген. Олар бұқараға қарағанда батик, икат, сонгкет не тенун секілді қымбат маталарды, қымбат әшекей бұйымдармен бірге пайдаланған. Қазіргі уақытта ерте кездегі иығы ашық киім түрі малай дәстүрлі билері мен рәсімдерде Келантан секілді аймақта ғана сақталған. Қазіргі заман консервативті малай мұсылман әйелдері киетін көйлек «баджу куронг» деп аталады. Бұл көйлек әйелдің дене мүшелерін сыртқа көрсетпейтіндей яғни ислам талабына сай киім түрі болып табылады. Малакканың алтыншы билеушісі Мансур шахтың малай әйелдерінен тек «кембанмен» шектелмей, исламға сай киінуді талап еткені айтылады. Мұсылман малай әйелдері басына орамал салуды әдет еткен, ол «тудонг» деп аталады. «Баджу куронг» киімі мемлекеттік мектептердегі бекітілген мектеп формасы ретінде де белгілі.

Жалпы алғанда, киім мәселесінде штаттарға қарай өзіндік ерекшеліктер де кездеседі. Ларри Франциз Хиллариан «Гамбус аспабы және оның малай мұсылмандарының мәдениетіне тигізген рәміздік ықпалы» атты мақаласында малай мұсылмандарының ұлттық музыкалық шертпе аспабы Гамбус екенін және оның өзіндік соған ұқсас басқа аспаптардан ерекшеліктеріне тоқталады. Қара ағаштан жасалатын бұл музыкалық аспаптың бүйірінен теріге бедерленген арабша құран аяттары бар жазуларды да көруге болатынын суреттерімен келтіреді. «Музыка мен ислам малай қоғамында көне уақыттан бері маңызды рөлге ие. Ол әсіресе діни исламдық әндер мен дәстүрлі музыка мен бидің түрлі формаларында көрініс береді. Мемлекеттік діни ислам болғанмен Малайзия ислам елі емес. Гамбус аспабының тарауы исламның тарауы терминдерімен жеткізіледі. Осыған қарап бүгінгі Малайзияда гамбустың мелюнеспен және исламмен тығыз астасып кеткенін айта аламыз. «Мелаяунесс» сөзі күрделі, таласты термин. Оның мәні туралы әлеуметтанушылар мен антропологтар жиі пікірталастырып жатады. «Мелаяу» не «малайлық» сөзінің дәл анықтамасы әлі

де нақты емес. Бұл терминді басқа да пәндермен бірлестіре отырып ашу керек» [96, 57 б.].

«Гамбуста ойнау және оның музыкалық жанры - Малазияның мелаю халқын басқа малай әлемімен ортақ музыка мәдениеті мен бірегейлікте тоғыстырады. Мелаюнесс пен гамбус жекелей алғанда «мелаюн болу» мен исламды ұстанудың күшті рәміздік көрсеткішін айқындайды» [96, 58 б.]. Бүгінде малай мұсылмандар мәдениетінде орны бар бұл музыкалық аспаптың Малайзиядағы қолданыс қарқыны бәсең. Оның орнын дәстүрлі әндер басып, енді бір жағынан діни исламдық әндер кең танымалдыққа ие болуда. Әйгілі исламдық топтар қатарын Райхан, Хаджаз, Раббани, Бауырлар, Хава и Солеха және т.б. құрап отыр. Дегенмен ислам дінінде музыкаға тыйым бар ма деген мәселе де пікірталастар тудырып отырады. Малайзия көпұлтты әрі мультимәдениетті ел болғандықтан, онда жыл бойы бірқатар мерекелер аталып өтіледі. Дегенмен олардың көпшілігі белгілі бір ұлтқа не дін өкілдеріне тән. Негізгі діни мерекелерде демалыс жарияланған. Айтулы ұлттық деңгейдегі мерекелердің қатарында «Тәуелсіздік күні» (Хари мердеке), ол 31 тамызға белгіленген. 1 Мамыр «Еңбек күні», королдың туған күні, аумақ тұтастығын білдіретін «Малайзия күні» (16 қыркүйек) ретінде де белгілі. «Федералды аумақ күні» мерекесі әр штатта аталады. Жаңа жыл, Қытай жаңа жылы және мұсылмандық күнтізбе бастауы бұлар мемлекеттік мерекелерге жатады. Осы мерекелердің арасында исламдық мерекелер де орны ерекше. Ең ірісі Хари Райя Пуаса, ол қасиетті Рамазан айының аяқталғанын білдіретін ораза айт мерекесі.

Малай мұрасы мен мәдениетін зерттеуші М. Фадели мен С. Фадзилдың түсіндіруінше, Рамазан айында ораза ұстауды діни міндет деп білетін Малайзия мұсылмандары үшін бұл мереке көңілді өтеді. Бұл күні отбасылар жаңа киім алып, үйлерін де жаңа жиһаздармен жаңалайды. Мешіттер, үкіметтің мекемелер ашық түстермен әшекейленеді. Айт күн ерлер ертемен айт намазына мешіттерге барады, ал балалар ата-аналары үшін кешіріп тілеп дұға етеді. Жас балаларға айттыққа жасыл пакеттермен «дуит рая» немесе ақшалай сыйлықтар таратылады. Айттың алғашқы үш күні отбасылар есігін баршаға ашық ұстап, көршілер бір-бірінің үйлеріне бас сұғып, дәстүрлі түрде түрлі тәттілерден, дәмнен ауыз тиіп, көңілді әңгімелесіп, арқа-жарқа болысады. Құрбан айт мерекесі «Хари Райя Аудиладха» деп аталады. Малайзия мұсылмандары құрбан шалу дәстүрін Ибраһим пайғамбардың ұлы Исмаилмен болған әйгілі оқиғамен байланыстырады. Құрбан шалуды мешіттер де ұйымдастырып, штат әкімшілігі де оған қолғабыс етеді. Құрбандық шаларды дұға оқылып, еті ислам тәртібі бойынша үшке бөліп таратылады. Мемлекеттік мереке ретінде Құрбан айт та мерекелік киім киюмен, дәстүрлі дәммен т.б. атқарылады [92, 188-198 б.].

Бұдан басқа, Аваль Мухаррам мен Маулидур Расул мерекелерінің де орны ерекше. Малайзиядағы ең көне тарихи мешіттер: Кампунг Хулу мешіті, Кампунг Келинг мешіті, Тенгкера мешіті, олар Малака Тенга аумағында орналасқан. Осы үш мешіт Малакадағы ең көне әрі қайта өңдеулерден өткенмен, бастапқы дизайнын сақтап қалғандығымен ерекшеленеді. Буйонг Адил, Мохда Джамиля Мукмина секілді зерттеушілер Малакканың өз

уақытында теңіз архипелагына исламды таратқан орталық болғанын растайды. Малакка ол уақытта исламды таратқан орталық қана емес, Индонезиядағы Ачех королдығы мен Пасайдан кейінгі орында ислам өркениетінің де орталығы рөлін атқарды. Бүгінгі күні Малаккада 100 жылдан астам ғұмыры бар 54 көне мешіт бар, үкімет оларды мәдени мұра ретінде қорғауға алған. Португалдық отарлау кезінде (1511 ж.) Малаккада көптеген христиандықтан өзге діни ғимараттар қираған, арасында мешіттер де бар. Эда. Мартин мен Хасан-Уддин-ханның айтуынша, бұл қираған мешіттер кейіннен голландтық отарлау кезінде шамамен 1700 жылдары қайта тұрғызылған. Бұл голланд үкіметінің діни көптүрлілікті тәжірибе ретінде сынаған саясатына қатысты қолға алынған [97, 1342 б.].

Малайзия Кембангсаан университеті ғалымдары Юсоф Н., Харон Н., Муталиб Н. «Malacca Mosque: The Aesthetics of old mosques in Malaysia» атты мақаласында осы ең көне үш мешіттің архитектуралық дизайны туралы мәліметтер келтіреді. Айтуларынша, Малаккадағы ең көне мешіттердің архитектурасы өте әдемі, бірегей қалыпта қазіргі күнге дейін сақталған. Ясин, Малака Тенга және Алор Гаджадағы мешіттер дизайн жағынан бір-біріне ұқсас келеді. Малакка мұражай корпорациясы зерттеушілері малайлардың кезінде өзіндік философиялық көзқараста болғанын алға тартады. Айталық, мешіт төбесінің әрбір ярусы өзара байланыста белгілі бір мәнге ие. Жоғарғы ярус «адамның құдайға сенімін», екінші ярус «адамның адамға қатысын», үшінші ярус адамды құдаймен байланыстыратын «табиғатты» білдіреді деп сенген. Дегенмен мешіттерге Үнді, Қытай, араб елдерінен келген саудагерлердің ықпалы болды деген көзқарасты аталған мекеме жоққа шығаруда. Олар жергілікті малай қоғамының қолөнершілері мен шеберлері салған деген пікірде. Жергілікті зерттеулер мешіт төбесі, қабырғаларындағы жазулар табиғат мотивтерін бейнелейтінін, өсімдіктер негізге алынғанына назар аудартады. Мешіт төбесіндегі «сулур баюр», «махкота» және «аван ларат» мотивтерімен берілген көркем оюлар малай шеберлерінің қолтаңбасын байқататын дәлелдейді. Оның үстіне мешіт қабырғасына жараған құрылыс материалдары ақ жұмыртқа, құм мен гранит қосындысынан жасалған. Кампунг Хулу мешіті болсын, басқалары да бәрінде үшбұрышты шатыр, ғимаратты ұстап тұрған төрт негізгі бағана бар. Бұл малай Нусантара сәулет өнерін айғақтауда.

Абдула Халимның айтуынша, Тенгера Кампунг Хулу мешітінің салыну жобасында аумағы шамамен 18,30 м x 18,30 м, ал жерден шатырға дейінгі биіктік шамамен 14,6 м. құраған. Мешіттің 4 негізгі, ал верандасының 12 бағанасы бар. Мешіттердің дәстүрлі малай-қытай архитектурасымен салынуы оны мұсылман қытайлар мен малайлардың бірге салуымен де байланысты. Мысалы, Кампунг Хулу мешітін исламды қабылдаған қытай капитаны тұрғызған. Бұл өз кезегінде мешіттің өзіндік ерекше стильде салынуына ықпал еткен [97, 1347 б.].

Бүгінгі күні Малайзиядағы айтулы қасиетті орын Ұлттық мешіт. Ол 1965 жылы Куала-Лумпурда салынды. Оның дәл орталықта орналасуы елдегі исламның беделі зор екенін аңдатуда. Бес уақыт намазға азан тек мешіттерден

ғана шақырылмай, бұл азан теледидар арқылы да беріледі. Діни даталар қатарында Мәуліт шәріп, Меккеге қажылық, рамазан айын бұқаралық ақпарат құралдарында кең насихатталады. Ораза айт мерекесі кең көлемді аталып өтіледі. Малайзияның қоғамдық өмірінде діни ғимараттар, діни дәстүрлер мен мерекелер тұрғысынан алғанда өзге діндерге қарағанда ислам дінінің ықпалы басым. Бұл өзге дін өкілдерінің ғибадатханаларын салуды шектеу тұрғысындағы үкіметтік саясатпен де ұштасып жатыр. Малайзияда өзге діндегілердің айтулы діни мерекелері: Рождество, Дипавали (үнділік жарық мерекесі) және Уасақ (Будда өмірін мерекелейді). Үнділік Тайпуссам мерекесі де өте салтанатты түрде аталып өтіледі.

Малайзиядағы тілдер мәселесіне келсек, ол жерде тарихта португал, Нидерланд, қытай, ағылшын және араб тілдерінің ықпалы жүргені белгілі. Дегенмен төменде біз зерттеу нәтижелерін келтіретін зерттеушілер араб тілі Құран тілі ретінде күнделікті (әсіресе) мұсылмандардың рухани өмірінде қолданыста екенін айтады.

Малайя университеті ғалымдары Зайдан Н., Зайлайни М., Исмаил У. «Малай тіліне араб сөздерінің сіңісуі» (*Absorption of Arabic words in Malay language*) атты мақаласында араб тілі мен малай тілінің ықпалдастығын талдайды. Олар «Қамус Диуан» атты малай тілі сөздігі мен «Муғжамул уасыт» атты араб тілі сөздігін қатар ала отырып салыстырып қараған. Зерттеу нәтижесі бойынша «Қамус диуанда» 1791 араб тілімен ықпалдасқан сөз бар, ол сөздіктегі барлық базалық сөздердің 6,25% ын құраған. Қазіргі күнделікті малай тілі мен жазуындағы араб тілімен ықпалдастықтағы сөздер де анықталып, олар 1005, яғни сөздіктегі араб тілімен ықпалдасқан сөздердің 56,1%-ын құрауда. Классификацияға сүйене отырып, нәтиже мынаны көрсетуде 708 сөзді, яғни 70,4% сөздерді малай тілі өзіне сіңірген. Ал 29,6%, яғни 297 сөз фонетикалық (phonemically) тұрғыдан өзгеріске ұшыраған. Араб тілімен ықпалдастықтағы сөздердің көп бөлігі (70,4%), араб тілімен ықпалдасқан сөздерге сіңген сөздердің барлығын да араб тілі мамандары тіл үйрету мен дінді үйретуде өз кәделеріне жарата алады [98]. Бұдан араб тілінен малай тіліне енген сөздер мен терминдердің қолданыстағы малай тіл жүйесіне сіңіп кеткенін көруге болады.

Малайзияда исламдық тәжірибе тарихи сабақтас пен көп қырлы мәдени ықпалдардың нәтижесі ретінде қалыптасқан: XV–XVI ғғ. Малакка орталығынан басталған исламның таралуы жергілікті адат-ғұрыптармен (adat), парсы-араб діни әдебиетімен және теңіз саудагерлерінің әкелген жаңа идеялармен синтезделіп, біртекті емес, бірақ үйлесімді тәсілді туғызды. Малайзия мемлекеті құрылған XX ғасырдың орта тұсынан мемлекеттік деңгейде ислам институттарының (шариғат соттары, муфтиаттар, JAKIM секілді агенттіктер) жүйелі түрде дамуы, ислам хадари тұжырымдамасының және халал-индустрияның өркендеуі арқылы дін ұлттық бірегейліктің негізгі белгісіне айналды; мұнда дін символдық қана емес, басқару, білім және экономиканың институционалдық элементтеріне тікелей енген еді. Нәтижесінде малайлардың мәдени контекстінде ислам мен дәстүр (adat) бір-бірін толықтырып, ұлттық бірегейлікті нығайтатын агент қызметін атқарып келеді.

Қазақ мәдениетіне де ислам діні кең ықпал еткен. Қазақ даласына Ислам дінінің жетуімен діни сауаттылыққа ерекше көңіл бөлінген. Қазақ даласында дінге жанашыр дәулетті кісілердің көмегімен мешіттермен қатар медреселер де көптеп салынған. Қазақ тарихындағы ұлт зиялылары арасында медреседен білім алғандары аз емес. Медреселер көбінесе оңтүстік аймақтағы отырықшы жерлерде көбірек кездескен. Мектеп, медреселердегі білім жүйесі бірқатар зерттеушілердің қызығушылығын тудырған. Атап айтқанда, Н. Сабитовтың «Мектебы и медресе у казахов: (Ист.-пед. очерк)» еңбегі осыны дәлелдей түседі. Ал, Назира Нуртазинаның Исторический процесс исламизации Казахстана (VIII-XVIII вв.) атты диссертациясы исламның қазақ даласына таралуы тарихы мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрге ықпалын жан-жақты қарастыра отырып, қоғамдық құрылысқа әсерін бағамдауымен құнды. С. Негимовтың «Ақ бата», М. Есламжанұлының «Баталар» жинақтары да исламның қазақтардың мәдени өміріне, фольклорлық мұраларына әсерін дәлелдей түседі.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы да қазақ халқындағы дін мен дәстүр сабақтастығын дәлелдеп, бірқатар кітаптар шығарған. Осы «Дін мен дәстүр» көптомдығында азан шақырып ат қою, мұсылманша есімдер мен тыйымдар, ақиқа, қалжа, техник жасау және баланың аузына түкіру, қырқынан шығару (баланың шашын алу), емізу мәселесі, шілдехана бесік той, тұсаукесер; сүндет той, бәсіре, бата сұрау, ұлттық ойындар, имандылық тәрбие, медресе, әліпті таяқ деп білу, құран үйрену, сауат ашу, шежіре тарқату, жеті ата, қазақ жүздері мен рулары, түрік шежіресі, еңбекке баулу; айттыру, сырға салу (хитба), құдалық, той, қалыңмал, мәһір мен қалыңмалдың айырмашылығы, жеті ата сақтау дәстүрі, қыз жасауы, беташар, уақыт пен денсаулық қадірі, талақ, әмеңгерлік; намаз, ораза, зекет, қажылық; жыртис, құранды хатым ету, қабір зияраты, өліге құрмет, ас, садақа беру жоралғылары кеңінен талданған. Қазақ мәдениеті, дәстүріндегі ерекшелік, ұлттық салт-дәстүрлерді әр қырынан зерттеген ғалымдардың еңбектері де исламның айшықты із қалдырғанын құптайды.

Зерттеуші М. Исаханның тұжырымдауынша дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында әдет-ғұрып пен шариғат синтезі жүрген. Ол былай дейді: «Алтын Орда дәуірінен бері қазақ қоғамында биліктің негізі «алтын ұрық» өкілдері, яғни Шыңғыс хан ұрпақтарының қолында болды. Хандық жүйедегі билік құрылымы бірнеше деңгейден тұрды: хандар, сұлтандар, бектер, тархандар, рубасылар, ақсақалдар. Бұл жүйе рулар мен тайпалардың әкімшілік бөлінісіне сәйкес қалыптасты. Әдеп-ғұрып заңдары осы құрылыммен бірге дамыды. Дегенмен, ислам дінінің Алтын Орда дәуірінен бері қарай, Қазақ хандығы бөлініп жеке-дара отау тіккен (XV ғасырдың II жартысы) кезеңнен бастап қоғамдық өмірді реттеуші функциясы арта түсті. Ислам діні мен дәстүрлі дала заңдары қазақ қоғамында қатар өмір сүрді. «Айла-шарғы» әдісі, яғни, жергілікті дәстүр мен шариғатты үйлестіру кеңінен қолданылды. Саяси билік төрелерде, әскери билік батырларда, құқық билігі билерде, экономикалық билік байларда, ал діни жауапкершілік дін иелерінде болды» [99, 12 б.]. Оның ойынша, бұл – мемлекет пен дін қатынасының қазақи үлгісі. Мемлекет

қазынасы төрт түлік мал мен дәнді дақылдан алынатын салықтардан құралды. Ислам діні үстемдік ете бастағанда зекет, ұшыр, хараж сынды діни салықтар енгізілді. Отбасы құрылымы түркілік дәстүр мен шариғаттың синтезі негізінде қалыптасты. Некені қожа-молдалар қиып, балаға ат қою, талақ секілді мәселелер діни иелерінің қолында болды [99, 13 б.].

Қазақ сот процесінде шариғат нормалары (ант, құн, куә) мен дәстүрлі элементтер (жан беру, барымта) қатар қолданылды. Бұл заң жүйесі Қасым хан, Есім хан, Өз-Тәуке дәуірлеріндегі құқықтық ережелерге негізделді. Жерлеу рәсімдерін – қазақ дәстүрінің ерекше қыры десек болады. Ас беру, жетісі, қырқы, жылы секілді дәстүрлер исламмен үйлестіріліп, қасиетті міндет ретінде қабылданды. Ислам діні күшейгенде шариғи терминдер сөздік қорға ене бастады. Бұл үрдіс ХІХ ғасырда күшейіп, ресми құжаттарда кеңінен қолданылды [99, 13 б.].

Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында өнер иелерінің де рөлі жоғары болған. Тіпті, қылмыстық жағдайларда өнер иелерінің құны қарапайым адамнан екі есе жоғары есептелінді. Өз-Тәукенің Жеті жарғысында мқны өнер құны деп қарастырды. Өнер иелерінің қатарына ақын-жыраулар, шешендер, сал-серілер, балуандар, ұста-зергерлер, тәуіп-емшілер, сынықшылар секілді әлеуметтік топ өкілдері енді. Қоғам мүддесі үшін қажетті сала өкілдерінің ішінде саяси билікке ақын-жыраулардың ықпалы басым еді. Асан қайғы, Сыпыра, Шалкиіз, Доспамбет, Қазтуған, Жиенбет, Бұқар, Махамбет және т.б. ақын-жыраулар билік пен халық арасында алтын көпір еді. Әрі олардың өнегелі ғұмырлары қазақ даласындағы сөз бостандығының көрінісі-тін [99, 245 б.]. Зерттеушінің пікірінше, дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы бойынша діни жауапкершілікті қожалар, пірлер, ишандар, муфтилер, ахундар, молдалар, мұхтасибтер атқарды. Аталған дін иелерінің ішінде қазақ қоғамына қожалар институтының орны өте жоғары болды. Қазақ жеріне сонау VIII ғасырдың екінші жартысынан пайғамбар әулетінің өкілдері дін таратуға келіп, діни-рухани мектептер қалыптастырды. Олардың еңбегінің арқасында қазақ халқы мұсылмандыққа бет бұрды. Көшпелі өмір сүргендіктен қазақтардың көпшілігі мешіт-медресе ұстай алған жоқ. Алайда, бұл қажеттілікті қожа әулеттері ру-тайпалармен бірге көшіп-қонып жүріп атқарды [99, 245 б.].

Көріп отырғанымыздай, қазақ халқының өмірінде ислам Алтын Орда дәуірінен бастап жалпы халықтық сипат алған әрі көшпелі тұрмыстың әлеуметтік-экономикалық қатынастарына сай туған дала заңдарымен ислам шариғаты үйлесе келе өзіндік ерекшеліктері қалыптасқан. Малай қоғамымен салыстырғанда қазақ қоғамында ислам дәстүрлері біртұтас діни қауымдастық ағысында жүрсе, малай қоғамы сонау XV ғасырдағы Малакка сұлтандығы кезінен көп дінді күрделі қоғамда өмір сүріп келеді. Дегенмен екі қоғам да отарлықты бастан кешірген, ХVІІІ ғасырда басталған Ресей отаршылдығы христиандықтың православие бағытын шоқындыру саясаты арқылы енгізгісі келгенімен, малай қоғамындағыдай күрделі діни алуандықты қалыптастыратындай сипат тапқан емес. Дегенмен ХХ ғасырдағы діни қысым,

Кеңес кезеңіндегі атеизм идеологиясы мен діни қайраткерлерге болған қуғын-сүргінді малай қоғамы бастан кешірген емес.

Қазақ халқының күнделікті тұрмысына исламның бұлай енуі әрине бұған дейінгі дәстүрдің жалғасы екенін даусыз. Орталық Азия немесе Түркістан аумағындағы діни білім беру орталықтары мен Түркістан, Самарқанд және Бұхара сынды исламның Орталық Азиядағы ренессансын туғызған аймақта терең діни білім алған тұлғалардың дінді халық мұрасына сіңіргені анық. Дегенмен, дәл қазіргі Қазақстан аумағында өмір сүрген Әбу Наср әл-Фараби (872–950) Әбу Аббас Ахмет ибн Мұхаммад әл-Исфиджаби (XII ғ.) Әбу Абдуллах Мұхаммад ибн Әли әл-Женди (XII–XIII ғ.) Қожа Ахмет Ясауи (1093–1166) Әбу Ибраһим Исхақ ибн Ибраһим әт-Тарази (XII–XIII ғ.) Шараф әд-Дин Әли ибн Мұхаммад әл-Итқани (1280–1350) Хусам әд-Дин Хусайн ибн Әли әс-Сығнақи (–1310) сынды әлемге танылған ғұламалардың шығуы қазақ халқының діни және ұлттық дәстүрлерінің ислами мазмұнмен толығына әсер еткен дәстүрдің болғанын дәлелдей түседі.

Жалпы алғанда, Қазақстанда исламның ықпалы малай қоғамынан басқаша тарихи жолмен жүзеге асты. Көшпелі өмірдің ру-тайпалық қатынастарымен және құқықтық және әлеуметтік нормаларымен үйлесіп, ханафи құқықтық мектеп пен сопылық ықпалды мұра арқылы бейімделді. Ислам элементтері қазақтардың отбасылық, әлеуметтік және ритуалдық тәжірибелеріне сіңіп, дәстүрлі әдет-ғұрып пен шарифатты үйлестіретін «айла-шарғы» механизмдері арқылы қоғамның күнделікті өміріне енді. Тарихи сынақтарға қарамастан (отаршылдық, кеңес дәуірі), исламдық сипаттағы дәстүрлер қазақтың ұлттық-мәдени өзін-өзі айқындауына ықпал етіп, бүгінгі Қазақстанда дінді мәдениет пен ұлттық тарихпен байланыстырушы маңызды факторға айналды.

Тұжырымдай келе, бүгінгі малай қоғамында ислам дінінің ықпалын кең екендігін көруге болады. Сәби өмірге келгенде құлағына азан шақырып атын қою, ұл баланы сүндеттеу, неке қию, мұсылманша жерлеу ғұрыптары, ауыз әдебиеті, ислам құқығы, шарифат заңдарын қосымша басшылыққа алуы, ораза айт, құрбан айт, Мәуліт мерекелері, бес парызды ұстануы, қоғамда мұсылман әдебін қадағалауы, мұсылман киім киіс мәдениеті, халал жүйесі, мешіт, медресе, исламдық оқу орындары т.б. жағдайлар малай мұсылмандары мәдениетіне исламның терең сіңгенін байқатуда. Қазіргі күні Малайзия ислам дінін мемлекеттік дін ретінде ресми бекітіп, мұсылман елдері үшін дамудың өзіндік моделін көрсетіп отыр. Ислам құндылықтары мен дәстүрлері қазіргі малай ұлтының мәдени болмысын қалыптастыруда іргелі рөл атқарады. Рухани және өркениеттік күш ретінде ислам жеткеннен бері малай тіліне, әдебиетіне, өнеріне, әдет-ғұрыптарына және басқару жүйесіне әсер етті. Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңде, әсіресе 1970-жылдардағы исламдық қайта өрлеуден кейін, исламдық принциптер ұлттық саясатқа, білімге және қоғамдық моральға терең еніп, малай-мұсылман сәйкестігінің ұжымдық сезімін нығайтты. Дәл қазіргі уақытта исламдық нормалар күнделікті өмірге – киім үлгісінен бастап, тамақтану стандарттарына дейін еніп отыр. Көпшілікті құрайтын малай ұлты

үшін бұл көпконфессионалды қоғамда діни символизм ғана емес, нақты исламдық және ұлттық болмыс аясында өмір сүрудің кілті. Қазақстанда да дәстүрлі қазақ қоғамындағы исламның қазақи формасына қатысты немесе дәстүрлі исламға қатысты ресми әрі қоғамдық дискурс бар. Ол Орталық Азиядағы Ханафи мектебі мен қазақ даласында мәдени өзек болған Ясауидің сопылық ілімі. Мұны Қазақстан билігі тұрақты риторикаға айналдырған әрі ұлттық бірегейлік пен қоғамдық тұрақтылықтың негізі ретінде қарастырады. Дәстүрлі ислам туралы түсініктің діни салаға енгеніне 20 жылға жуықтады десек қателеспейміз. Яғни, Малайзия шафиғи мәзһабын дәстүрлі діни танымының өзегі ретінде қарастырса, Қазақстан билігі ханафилік исламның тарихи рөлін мойындайды. Бұл діни саланы реттеудің мәдени-тарихи негізі болып саналады.

Екі елдің тәжірибесі көрсеткендей, дін мен дәстүрдің араласуы ұлттық бірегейлікті күшейтудің тиімді құралы болуы мүмкін, дегенмен бұл үрдістер әр елдің тарихи, әлеуметтік және саяси контекстіне тәуелді. Малайзияда ислам мемлекеттің институционалдық құрылымына енгізілген және экономикалық-әлеуметтік жобалар арқылы ұлттық бірегейлікке ықпал етеді; Қазақстанда ислам тарихи мұра ретінде құқықтық-әлеуметтік жүйемен синтезделу арқылы ұлттық мәдениеттің бір бөлігіне айналған. Осылайша, дін мен дәстүрдің өзара үйлесуі ұлттық бірегейлік пен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ететін әртүрлі жолдар ұсынады. Маңыздысы осы сүрлеудің тарихи, құқықтық және мәдени ерекшеліктерін ескеріп, қоғамның көпқырлы құрылымына сәйкес реттелуі.

2.2 Қазақстан мен Малайзиядағы саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік қарым-қатынас тенденциялары

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялаған уақыттан бастап демократиялық даму жолына түсіп, Еуразия кеңістігіндегі өзінің геосаяси орнын бағамдай отырып, көпвекторлы саясатты ұстануға шешім қабылдады. Қазақстанның сыртқы саясатта көпвекторлы саясатты ұстануы – әлемдік нарықта күтпеген жағдай орын алып, ахуал күрделене қалса, қандай да бір елге қатаң қатысты не тәуелді болмау қажеттілігінен туындады. Ол сондай-ақ ұзақ мерзімді стратегиялық бағыт ретінде бірқатар аймақтық әрі мемлекетаралық кикілжіңдер мен қақтығыстардан алыс болуды көздеді. Қазақстан Республикасының президенті Қ. К. Тоқаев та бұл турасында «Қазақстан тәуелсіздік жылдарында біршама интеграциялық үдерістерге бастамашы болды. Бұл бағытта дәстүр сабақтастығы сақталады, саясатымыз өзгермейді. Көпвекторлы стратегия алдағы уақытта да Қазақстан дипломатиясының басым бағыты болып қала береді» деп нақтылады [1].

Біз жоғарыда Малайзияның халал стандарты мен ислам банкингін күрделі капиталистік экономикаға бейімдей алуы жайында айттық. Ислам хадари сынды исламды өркениеттік тұрғыда тұжырымдауға септесетін мемлекеттік стратегиялық даму бағыты арқылы білім беру жүйесінен бастап күрделі әлеуметтік-экономикалық саясатты сәтті жүргізіп келе жатқан мемлекетке

айналып отырғанын да сөз еттік. Осы бөлімде Қазақстанның көпвекторлы саясатты бағдарға алатын мемлекет ретінде Малайзияның халал стандартынан бастап, экономикалық моделін прагматикалық тұрғыда болсын қалай пайдаға асырып жатқанын зерделейміз. Ол үшін екі ел арасында басталған 30 жылдан аса тарихы бар дипломатиялық әрі экономикалық интеграциялану процесіне талдау жасаймыз. Бұл бір шетінен, халқының басым бөлігі мұсылман саналатын малай экономикасының негізгі элменеттерінің Қазақстан қоғамында қандай мүмкіндіктер ашатынын болжауға әрі тиімді, прагматикалық ұстанымдар қалыптастыруға септеседі.

Қазақстанның тәуелсіздігін, яғни әлемдік қауымдастыққа тең құқылы мүше болып енуін алғашқылардың бірі болып Малайзияның мойындауы 1991 жылдың 31 желтоқсанында жүзеге асты. Іле сала араға бір жыл салып, 1992 жылдың 16 наурызында екі ел арасында елшілік, дипломатиялық қатынастар орнады. Осы кезден бастау алған саяси қатынастар, конструктивті және сенімді диалог нәтижесінде 1996 жылы Куала-Лумпур қаласында Қазақстан Республикасыны Елшілігі ашылып жұмыс істей бастады. Мемлекет басшыларының ең жоғарғы деңгейдегі сапарлары әрдайым екі ел арасындағы қатынастарды кеңейте түсті. ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Малайзияға қатарынан үш рет жоғарғы деңгейдегі сапармен барды. Нақтырақ айтсақ, 1996 жылдың 25-29 мамырында ресми сапармен жол тартса, ал 2006 жылдың 25-27 маусымы және 2012 жылдың 17-18 сәуірінде мемлекеттік сапарлар ұйымдастырылды.

Малайзияның жоғары басшылығы Қазақстанға 4 рет келді (18-20 шілде 1996 ж. – Премьер-Министр М.Мохамадтың ресми сапары; 11-14 қыркүйек 2003 ж. – жоғарғы билеуші С.Сираджуддиннің мемлекеттік сапары; 5-7 маусым 2011 ж. – Премьер-Министр Н.Разактың ресми сапары; 22-24 мамыр 2014 ж. – Премьер-Министр Н.Разактың VII Астана экономикалық форумы мен II Дүниежүзілік дағдарысқа қарсы конференциясы жұмысына қатысумен бірлескен ресми сапары). Малайзия Үкімет басшысы Наджиб Разак 2011 жылы елбасының шақыртуымен Астанаға алғаш рет ресми сапар жасаған болатын. Н. Назарбаев өзінің сөзінде ИЫҰ құруда Малайзияның рөлі жоғары екенін, оған төрағалық етуде, әлемдік қаржылық дағдарыстан шығуда, стратегиялық жоспарлау мен экономикалық дамуда осы елдің тәжірибесінің маңыздылығын, Малайзияның аграрлық елден Оңтүстік Шығыс Азияның дамыған елдерінің қатарына көтерілгенін жоғары бағалайтынына тоқталды [100]. Осы кездесуде бұдан бөлек, Малайзиядағы ислам банкингін Қазақстанға енгізу, 2009 жылы Малайзияға әуе жолының ашылғаны, екі мыңдай студенттің сол елде білім алып жатқаны туралы айтылды. Бұдан бөлек, Қазақстанды Орталық Азия аймағы үшін халал өнімдердің хабы ретінде қарастыратынын білдірді. Н. Назарбаев сол кездесуінде Малайзияның әлемде халал индустрияның орталығы саналатынын, Қазақстанның да Орталық Азияда осындай рөлді өзіне қабылдап ала алатынын айтты. Осы кездесудің нәтижесінде Қазақстан мен Малайзия арасында үш жақты келісім жасалып, Жамбыл облысында малшаруашылығы кешені құрылуына шешім қабылданды. Сол уақыттан бері халал өнімдерді шығару

бағытында ҚР Индустрия және сауда министрлігіне қарасты № 57 техникалық реттеу және метрология комитетінің халал стандарттау қауымдастығы жұмыс істейді. Осы қауымдастықтың аймақтық өкілі Б. Қызылқұловтың түсіндіруінше, елімізде «халал» индустриясының нормативтік қорын құруда бірқатар жұмыстар қолға алынған. Алғашында Қазақстанның діни басқармасы ұйымдастыруымен «Қазақстан қажылар қауымдастығы» республикалық діни қоғамына «Халал» стандарттау жөніндегі комитет құруды және мүдделі министрліктермен және салалармен бірлесе халал стандарттары ережесін әзірлеу тапсырылған. Осының нәтижесінде, 2005 жылдың 11-сәуірінде «Халал» тамаққа қолдануға рұқсат етілген өнімдердің өндірісіне және саудасына бақылауды жүзеге асыру, өндірісті және сауданы ұйымдастыру тәртібі туралы ереже» әзірленіп бекітілді. ҚР Индустрия және сауда министрлігінің техникалық реттеу және метрология комитетінің 2005 жылғы 10 қарашадағы №386 бұйрығымен Қазақстан Республикасында СТ 1353-2005 «Халал» пісірілген шұжықтардың жалпы техникалық шарттарының мемлекеттік стандарты бекітілді. 2005 жылы сауда және индустрия министрлігі жанынан Халал стандарттау комитеті құрылды. Техникалық комитеттің негізгі қызметі - ұлттық экономиканы, өндірісті дамыта отырып, адамдар мен қоғамның денсаулығына және қауіпсіздігіне жағымды әсер ету, тұтынушыларды қорғау құралы ретінде, ішкі және сыртқы саудаға, сондай-ақ шариғаттың негізгі ережелеріне сәйкес «Халал» индустриясының дамуына көмектесу және нығайту. Бұл комитет қазірде Қазақстандағы әрбір халал өнім өндіретін кәсіпорындардың өнімдерін тексеріп, тексеру қанағаттанарлық жағдайда өткен соң оларға Халал стандартының сертификатын береді. Қазір Қазақстанда осы сертификатты иеленген 350 ден астам халал өнім өндірушілер бар [101].

ҚР Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің Ұлттық аккредиттеу орталығының бас директордың бірінші орынбасары Қ. Тайжановтың сөзіне сүйенсек, 2021 жылы Сауда және интеграция министрлігі «Халал» белгісінің 15 стандартын жасап шығарған [102].

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанынан ашылған «Халал Даму» ЖШС 2014 жылдан бері қазақстандық және шет елдік өнімдерді стандарттаумен айналысуда. Орталықтың алғашқы директоры Ә. Елжановтың түсіндіруінше, орталық халықаралық үш стандарт бойынша сертификат береді. Ол: мал бауыздау және ет өңдеу, азық-түлік және қызмет көрсету, халал өнімдерін өндіру, даярлау, өңдеу, сату. Қазіргі кезде 2000-нан астам компанияға «Халал» белгісін берген. Бұл сертификаттың жарамдылық мерзімі бір жыл [103].

2019 жылы Үкімет басшысы Қ. Мамин Ауылшаруашылығы министрлігі мен қызығушылық танытқан мемлекеттік органдарға «Халал өнімдерді дамытудың жол картасын» жасауды тапсырды. Халал сертификаттау тәжірибесі АҚШ-тағы азшылық мұсылмандар арасында алғаш рет пайда болғанымен, Малайзия ислам елдері арасында халал сертификаттау зерттеулерінің пионерлерінің бірі.

Екі ел арасында өзара қолдау үрдісі қалыптасқан. «Ядролық қарудан азат әлемге қол жеткізу бойынша жалпы декларацияны» (2015 ж.), «Терроризмнен азат әлемге қол жеткізу тәртібінің кодексін» (2018 ж.), «Ядролық қарудан азат әлемге қол жеткізу бойынша жалпы декларацияны» (2018 ж.) қарарды қабылдау бойынша ҚР бастамаларын Куала Лумпур қолдады. Қазақстан да өз кезегінде мына бастамаларда Малайзияға қолдау көрсетті: БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне 2015-2016 жылдарға арналған тұрақты емес мүшелікке сайлау бойынша (2014 ж.), 2017-2020 жылдарға арналған Халықаралық азаматтық авиация ұйымының кеңесі (ИКАО) (2016 ж.), 2017-2021 жылдарға арналған Халықаралық құқық жөніндегі БҰҰ комиссиясы (2016 ж.), 2018-2020 жылдарға арналған БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесі (2017 ж.), Халықаралық теңіз ұйымының Ассамблеясы (2017 ж.), 2019-2025 жылдарға арналған БҰҰ Халықаралық сауда құқығы комиссиясы 2019-2025 жж. (2018 ж.) [104].

Малайзия ел аумағында халал сертификатының бірыңғай жүйесін құруда жетістікке жетіп, аз уақыт ішінде халал индустриясы саласындағы аймақтық державаға айналды. Малайзия Халал сертификатында қатаң және сенімді критерийлер мен ISO бар, ол HACCP, GMP және GHP сияқты халықаралық стандарттарға сәйкестігімен бүкіл әлемде танылған. Сондай-ақ; Тайланд, Жапония, Корея, Қытай, Австралия мен Бразилия сияқты көптеген мұсылман емес елдер Малайзияны бұл мәселеде мойындайды. Малайзияны жаһандық халал орталығына айналдыру мақсатында Малайзия үкіметі көптеген жаңа шараларды жүзеге асырды. Малайзиядағы халал сертификаттау процесіне қатысатын бірнеше мекемелер мен ұйымдар бар. JAKIM (Малайзияның Ислам даму басқармасы) Малайзияда халал сертификатын ұсынатын компания жалғыз уәкілетті мекеме болғанымен, халал сертификаттау процесін жүзеге асыратын жалғыз мекеме онымен шектелмейді. Малайзиядағы халал сертификаты Халал индустриясын енгізу мен дамытуға үкімет тарапынан үлкен қолдау көрсетілгендіктен, жүйеге түрлі мемлекеттік органдар жауапты. Оның әртүрлі нүктелерде жұмыс істеуіне ықпал етеді. Үкімет халал сертификаттау жүйесін JAKIM және JAKIM-мен келісе отырып әрекет ететін көптеген мекемелер арқылы бақылайды. Біз осы институттардың көрнектілерін және олардың өкілеттіктерін қысқаша қорытындылай аламыз:

I. Малайзияның Ислам даму басқармасы (JAKIM): Ішкі және сыртқы нарыққа халал сертификаты мен халал логотипін дайындайды. Бұл мекеме Малайзияда халал сертификаттау жүйесін енгізуге және бақылауға жауапты негізгі ұйым болып табылады.

II. JAIN және MAIN: Бұл штаттардағы діни мекемелер. Олар өздері орналасқан штаттарда JAKIM атынан халал сертификаттары мен халал логотиптерін береді. Олар ішкі нарықтағы халал аудиті мен халал сертификаттау мәселелерін қолдайды.

III. Халал индустриясын дамыту корпорациясы (HDC): Халал стандарттары, халал брендтерін, халал саудасын және халал индустриясын дамыту бойынша іс-шараларды жүзеге асырады.

IV. Ішкі сауда кооперативі және тұтынушылық

Министрлік (MDTCC): Бұл халал өнімдерге қатысты істерге жауапты министрлік. Ол сондай-ақ орындау және бақылау бағдарламасын ұсынады. Тұтынушылардың мүдделерін қорғауға тырысады.

V. Денсаулық сақтау министрлігі: Азық-түлік қауіпсіздігіне жауапты. Азық-түлік өнімі халал сертификатын алу үшін алдымен Денсаулық сақтау министрлігінің рұқсаты болуы керек.

VI. Ауыл шаруашылығы министрлігі: Мал денсаулығы, мал сою алаңдары мен мал өнімдеріне қатысты халал сертификатын бақылауға жауапты.

VII. Химия бөлімі: Тағам өнімдерін талдауға жауапты. Бұған дейін халал сертификатына қажетті зертханалық талдаулар негізінен осы бөлімшеде жүргізілетін.

VIII. Жергілікті университеттер және зерттеулер

Институттар: R&D зерттеулерін жүргізеді және халал мәселелері бойынша курстар мен тренингтер ұйымдастырады. Көптеген университеттерде осы мақсатта институттар құрылған.

IX. Ветеринариялық қызмет бөлімі:

Халал мал шаруашылығы, мониторинг және енгізу бойынша консультациялық қызмет көрсетеді. Мал сою пункттерін тексеруге қатысады. Ол сондай-ақ экспортқа рұқсаттар мен ветеринарлық денсаулық сертификаттарын береді.

X. Сауда және өнеркәсіп министрлігі: халал өнімдер мен қызметтерге сауда мен инвестицияны ынталандыру үшін стратегияларды жасайды және қажетті ынталандыруды қамтамасыз етеді.

XI. Малайзияның стандарттар және өнеркәсіптік зерттеу институты (SIRIM): Ол халал қосымшалары үшін озық материалдар мен озық өндіріс салаларында ҒЗТҚЖ қызметтерін ұсынады. Оның міндеттеріне Малайзия стандарттарын әзірлеу және жаңарту кіреді. Халал стандарттарының дамуына да септігін тигізеді.

XII. Малайзия ауылшаруашылық зерттеулері және Даму институты (MARDI): Халал тағамды өңдеу технологиясы және технологиялық даму бойынша ғылыми-зерттеу қызметі сыйлықтар береді. Сондай-ақ барлық күмәнді жою мақсатында ауыл шаруашылығы қызметінде қолданылатын тыңайтқыштардың шошқа текті емес екеніне көз жеткізуге тырысады [84, 94-95 б.).

Куала-Лумпур АӨСШК-тің бақылаушы мемлекет мәртебесіне ие, ҚР Тұңғыш Президенті Ню Назарбаевтың «Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымын құру» туралы бастамасына қолдау білдірді және қазіргі уақытта осы ұйымның қызметіне қосылу мүмкіндігі бойынша жұмыс жүргізілуде. Малайзия Қазақстан ұйымдастыратын «Әлемдік және дәстүрлі діндер съезінің» тұрақты қатысушысы. 2006 жылы елдің бұрынғы Премьер-министрі М.Мохамад әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің II съезіне қатысты. Әлемдік және дәстүрлі дін жетекшілерінің II съезді алғашқы съездге қарағанда әлемге танымал саясаткерлер мен мемлекет қайраткерлерінің, халықаралық ұйым өкілдерінің қатысуымен ерекшеленді. Малайзия «ЭКСПО-2017»

көрмесіне белсенді қатысты, оның павильонын 100-ден астам компания ұсынды. Іс-шара аясында екі елдің мемлекеттік және іскер топтары арасында мұнай-газ секторындағы, энергетика және «жасыл технологиялар» салаларындағы ынтымақтастық туралы 11 меморандумға қол қойылды. Маңызды келісімдердің бірі Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі мен Малайзияның энергетика, жасыл технологиялар және су ресурстары министрлігі арасындағы екіжақты ынтымақтастық болып табылады.

Қазақстан мен Малайзия мәдени-гуманитарлық ынтымақтастыққа да айтарлықтай көңіл бөліп келеді. Малайзиядағы Қазақстан елшілігінің қолдауымен осы бағытта ұйымдастырылған шаралар елшіліктің ресми сайтында көрсетілген. Сол мәліметтерге жүгінсек, Қазақстандық шығармашылық ұжымдар «Sabah International Folklore Festival» халықаралық фольклорлық фестиваліне үнемі қатысады. Қазақстанның кәсіби велокомандалар жыл сайын малайзиялық «Tour de Langkawi» веложарысына қатысады. 2020 жылдың ақпан айында «Vino Astana Motors» велокомандасының спортшысы Евгений Федоров негізгі жіктеуден екінші орын алып, «Азияның үздік көшбасшысы» номинациясын жеңіп алды. ҚР-да өткізілетін іс-шараларды жариялау мақсатында Ерлер командалары арасындағы бірінші дивизион А тобының хоккейден Әлем чемпионаты, Астана экономикалық форумы, Еуразиялық Медиа форум, «Astana Finance Days» халықаралық конференциясы, Жазушылар форумы, сондай-ақ Еуразия парламенттері спикерлерінің 4-Кеңесі шеңберінде Малайзияның жетекші БАҚ өкілдерінің баспасөз турларына қатысуы қамтамасыз етілді. Баспасөз турларының қорытындысы бойынша жергілікті БАҚ-та біздің еліміз туралы ондаған имидждік мақалалар жарияланды.

2019 жылғы 1-31 қазанда Куала-Лумпур қаласындағы Малайзия Ұлттық музейінде «Әлем мұражайлары бойынша Алтын адамның шеруі» халықаралық жобасы аясында алғаш рет Оңтүстік-Шығыс Азия аймағында «Ұлы дала: тарих және мәдениет» атты көрме ұйымдастырылды. Ашылу рәсіміне Малайзияның туризм, өнер және мәдениет министрі М.Кетапи және ҚР Ұлттық музейінің директоры А.Мұхамедіұлы, ресми және бизнес-орта өкілдері, Куала-Лумпурда тіркелген дипломатиялық миссиялардың басшылары, мәдени және қоғам қайраткерлері қатысты. Өзінің құттықтау сөздерінде мәртебелі қонақтар көрменің бірегейлігі мен екіжақты ынтымақтастықты нығайтудағы, Қазақстан мен Малайзия арасындағы халықтардың жақындасуы мен мәдени алмасудың маңыздылығын атап өтті. Қазақстандық мәдениетті және кинематографты танымал ету шеңберінде Дж.Веспаның «Әміре» және А. Сатаевтың «Анаға апарар жол» фильмдерінің Малайзия киноклубында (kelab Seni Filem Malaysia) премьералары өтті. Елдің шет елдердегі оң имиджін арттыру мақсатында Елшілік «MIHAS-2019», «MATTA-2019», «UKM Global Day», «Limkokwing University International Cultural Festival», «Kazakhstan Movie Days», «University Malaysia Cinema Day» сияқты халықаралық мәдени фестивальдар мен көрмелерге белсенді қатысты.

2020 жылғы 29 сәуірде Елшіліктің қолдауымен Малайзия Ұлттық кітапханасының Бас Директоры Маизан Исмаил Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының ұйымдастыруымен өткен «Кітап карантинге қарсы: жаңа форматтағы кітапханалар» атты халықаралық онлайн-форумына қатысты. Іс-шара барысында Covid-19 пандемиясы кезінде кітапхана мамандары, ғалымдар мен қоғам қайраткерлері арасындағы ынтымақтастық үшін ақпараттық және ғылыми-мәдени онлайн алаң құру мәселелері талқыланды. Форумға сонымен қатар Ресей, Қытай, Франция, Италия, Германия, Чехия, Түркия және т.б. ұлттық кітапханаларының өкілдері қатысты. «Тұңғыш» және Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған деректі фильмдерді дайындау аясында, 2020 жылғы 5 маусымында Қазақстанның Малайзиядағы елшілігі белгілі саяси қайраткер, Малайзияның 4- және 7- Премьер-министрі Махатхир Мохамадпен бейне сұхбат өткізді. Елшілік өз кезегінде туризм саласындағы ынтымақтастықты да қолға алуда. Қазақстан Республикасының туристік әлеуетін кеңейту және осы бағыттағы екіжақты өзара іс-қимыл шеңберінде 30 сәуір – 3 мамыр күндері Түркістан облысы әкімдігінің қолдауымен Қазақстан Республикасына Малайзияның 12 жетекші туристік операторларының өкілдері үшін ақпараттық тур өтті. Шетелдік қонақтар Түркістан облысының көрікті жерлерімен және «Ұлы Жібек жолының» тарихи ескерткіштерімен танысты. 2019 жылы 7 мамырда Куала-Лумпур қаласында Елшіліктің қолдауымен 80-нен астам малайзиялық туристік және инвестициялық компаниялардың, мемлекеттік органдар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен «Visit Almaty» туристік конференциясы өтті. Конференция барысында діни, сауықтыру және экологиялық туризм туралы ақпарат ұсынылды, қысқа мерзімді турлар, танымал қонақ үйлер, демалыс базалары және өңірдің инфрақұрылымын дамыту бойынша алдағы жоспарлар таныстырылды.

2019 жылғы 6-8 қыркүйекте елдің туристік әлеуетін ілгерілету мақсатында «Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Қ.Сәдуақасов бастаған қазақстандық делегация жыл сайынғы «MATTA Fair 2019» туристік көрмесіне қатысты. Қазақстандық стендтің тақырыбы «Ethnic food» тұжырымдамасымен қысқы туризм таңдалды. Ұйымдастырылған кездесулер мен келіссөздер қорытындысы бойынша Лангкавай аралын даму жөніндегі әкімшілікпен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды (Langkawi Development Authority – LADA), Малайзия туризм, мәдениет және өнер Министрлігі жанындағы «MATEX» агенттігі, сондай-ақ Малайзияның шаңғы спорты қауымдастығы. Тараптар инвестициялар тарту саласында тәжірибе алмасу, оқыту, ынтымақтастықты дамыту, ерекше туристік аумақтарды басқару, дестинацияларды өзара ілгерілету және сертификаттау жүйесін дамыту, сондай-ақ малайзиялық спортшылар мен белсенді демалыс әуесқойлары арасында қазақстандық тау шаңғысы туризмін танымал ету туралы келісті.

Қазақстанның аталған көрмеге қатысуы 2018 жылдың қазан айында Алматыда Қазақстан-Малайзия Іскерлік кеңесінің отырысы барысында жасалған «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ мен «МАТТА» арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумның жүзеге асырылуының нәтижесі болды. 2019 жылдың 18-20 қыркүйегінде Нұр-Сұлтан қаласында Азия-Тынық мұхиты аймағының «РТМ 2019» ірі туристік көрмесі өтті.

2017 жылдың ақпан айынан бері Малайзияның ҚР-дағы Елшісі қызметін Саид Мохаммад Бакри Саид Абдул Рахман атқарып келеді, ал 2021 жылдың ақпан айында ҚР Малайзиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Болат Болатұлы Сүгірбаев тағайындалды. Деректерден байқалғандай, Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып мойындауымен Малайзиямен арадағы дипломатиялық қатынастар халықаралық құрылымдар аясында да жақсы дамып келеді. Қазақстан үшін Малайзия бүгінде Оңтүстік Шығыс Азиядағы сенімді серіктестердің бірі. Тез қарқынды дамыған, көп ұлтты, аграрлы ел ретінде Малайзия Қазақстанға Орта Азиядағы дамушы ел ретінде қарап, оның табиғи ресурстар тұрғысынан мүмкіндігі мол екенін тиісінше бағалауда. Екі ел халықаралық жобалар мен бастамаларда өзара бір-бірін қолдап, негізінен сауда-экономикалық байланыстар мен гуманитарлық-мәдени байланыстарға ерекше басымдық беруде.

Бөлімді қорытындылар болсақ, тәуелсіз Қазақстан мен Малайзия арасындағы саяси, экономикалық, мәдени және әлеуметтік қатынастардың қалыптасуы мен дамуы тұрақты өсумен, өзара құрметпен, аймақтық және жаһандық ынтымақтастыққа ортақ көзқараспен сипатталды. Саяси тұрғыда екі ел 1990 жылдардың басынан бері жоғары деңгейдегі сапарларға, үкіметаралық келісімдерге және Ислам Ынтымақтастық Ұйымы мен Біріккен Ұлттар Ұйымы сияқты халықаралық платформалар аясындағы ынтымақтастыққа қатысып, берік дипломатиялық байланыстар орнатты. Экономикалық тұрғыда Қазақстан мен Малайзия сауда, инвестиция және технологиялық ынтымақтастықты кеңейтуге, әсіресе энергетика, инфрақұрылым және халал индустриясы салаларында өзара қызығушылық танытты. Мәдени және әлеуметтік тұрғыдан қарым-қатынас білім алмасу, туризм және конфессияаралық диалог пен мәдени түсіністікке бағытталған бірлескен бастамалар арқылы байыды. Малайзияның даму моделі басқару мен экономиканы жаңғыртудың түрлі салаларында Қазақстан үшін құнды сілтеме болды. Тұтастай алғанда, екіжақты серіктестік өзара тиімділік пен стратегиялық үйлесімге негізделген көп қырлы қарым-қатынасқа айналды, бұл өзара байланысы барған сайын артып келе жатқан әлемде болашақ ынтымақтастықтың берік негізін қалады. Тәуелсіз Қазақстан мен Малайзияның саяси-экономикалық және мәдени-әлеуметтік қарым-қатынасының қалыптасуы мен даму тенденцияларын қарастыру ғылыми жұмыстың қорытынды бөлімінде Малайзия мен Қазақстан Республикасындағы дін- мемлекет және конфессияаралық қатынастардың өзіндік ерекшеліктері мен ортақ тұстарын салыстыруға мүмкіндік береді.

2.3 Қазақстан мен Малайзиядағы дін және мемлекет қатынастарының өзіндік сипаты мен ерекшеліктері

Жалпы тәуелсіз Қазақстан мен Малайзия арасындағы саяси, экономикалық, мәдени және әлеуметтік қатынастардың қалыптасуы мен дамуы тұрақты өсумен, өзара құрметпен, аймақтық және жаһандық ынтымақтастыққа ортақ көзқараспен сипатталды. Саяси тұрғыда екі ел 1990 жылдардың басынан бері жоғары деңгейдегі сапарларға, үкіметаралық келісімдерге және Ислам Ынтымақтастық Ұйымы мен Біріккен Ұлттар Ұйымы сияқты халықаралық платформалар аясындағы ынтымақтастыққа қатысып, берік дипломатиялық байланыстар орнатты. Экономикалық тұрғыда Қазақстан мен Малайзия сауда, инвестиция және технологиялық ынтымақтастықты кеңейтуге, әсіресе энергетика, инфрақұрылым және халал индустриясы салаларында өзара қызығушылық танытты. Мәдени және әлеуметтік тұрғыдан қарым-қатынас білім алмасу, туризм және конфессияаралық диалог пен мәдени түсіністікке бағытталған бірлескен бастамалар арқылы байыды. Малайзияның даму моделі басқару мен экономиканы жаңғыртудың түрлі салаларында Қазақстан үшін құнды сілтеме болды. Тұтастай алғанда, екіжақты серіктестік өзара тиімділік пен стратегиялық үйлесімге негізделген көп қырлы қарым-қатынасқа айналды, бұл өзара байланысы барған сайын артып келе жатқан әлемде болашақ ынтымақтастықтың берік негізін қалады.

Қазақстан мен Малайзияға тән мемлекет пен дін қатынастарындағы ерекшеліктерді саралар болсақ, бұған дейін айтып өткендей, тарихи тұрғыдан да, қазіргі саяси институттық басқару тұрғысынан да айырмашылықтар бар. Гоегнграфиялық тұрғыда бір құрлықта орналасқанмен тарихи қалыптасуы, мемлекеттік басқару құрылымы, этно-конфессионалдық құрамы, діни және мәдени плюрализм, діни бірлестіктердің қызметі, дінаралық диалог, толеранттылық, ішкі біртұтастық пен даму жоспары, діни экстремизм және терроризммен күрес тұрғысынан екі ел өзіндік ерекшеліктерге ие. Малайзия мемлекеттік-аумақтық құрылымы жағынан Қазақстаннан айтарлықтай ерекшеленеді. Федерация болып табылатын Малайзия құрамына, бұған дейін егжей-тегжейлі тоқталып өткеніміздей, 13 штат пен 2 федералды аумақ (Кулала Лумпуп мен Лабуан аралы) кіреді. Штаттардың құқықтық жағдайы федералды конституциямен және жекелеген штаттардың конституцияларымен реттеледі. 9 штат басшылары – сұлтандар, Пинанг пен Малакканы губернатор басқарады. Басқару формасы - конституциялық монархия. Ал Қазақстан болса - президент басқаруындағы унитарлы, біртұтас мемлекет. Ол ресми түрде демократиялы, зайырлы, унитарлы, конституциялық республика болып табылады. Малайзияда халық саны - 31,8 млн. [59]-ды құраса, Қазақстан халқының саны - 20 286 084 [105].

Қазақстанда 2025 жылғы үкіметтік статистикалық мәлімет бойынша елдегі басым ұлтты қазақтар құрады - 71,3 %, орыстар - 14,6 %, өзбектер - 3,3 %, украйындықтар - 1, 8 %, қалғандарын өзге ұлттар құрады [106]. Дегенмен Малайзиямен салыстырғанда Қазақстанда байырғы әрі басым ұлт ретінде қазақтардың арнайы статусы не қандай да бір құқықтық артықшылықтары

жоқтығын айтуға болады. Малайзиядағы этникалық жағдайдың қалыптасуына батыстық отарлаушылардың саясаты, көші-қон, еңбекшілердің ағыны, сауда үрдістері ықпал етсе, Қазақстандағы бірқатар азшылықтар мысалы, украиндықтар, корейлер, немістер, шешендер, месхет түріктері мен саяси қарсыластар Қазақстанға 1930-1940 жылдары жер аударылды. Өзге ұлт өкілдерінің Қазақстанға ауып келуі тың игеру секілді басқа да жағдайлармен байланысты орын алды. Малайзияда мемлекеттік тіл малай тілі, екінші деңгейде қолданыстағы тіл халықаралық ағылшын тілі. Қазақстанда мемлекеттік тіл қазақ тілі, орыс тіліне ресми мәртебе берілген, ұлтаралық қатынас орыс тілінде жүруде. Діни жағдайға келсек, Малайзия аумағында ерте кезден Брахманизм, Индуизм мен Буддизм сияқты Үндістаннан жеткен діндер таралды. Дегенмен бүгінгі күні елде ислам дінін ұстанушылар басымдыққа ие. 2010 жылы жүргізілген санақ бойынша, халықтың 61,3 пайызы ислам дінін, 19,8 пайызын - буддизм, 9,2 пайызын - христиан, 6,3 пайызын - индуизм және 1,3 пайызын конфуциандық, даосизм немесе өзге де дәстүрлі қытай сенімдері кұрайды [59].

Христиандықтың Католицизм бағыты басымдыққа ие (3 митрополия, 6 диоцез), оған қоса, англикан, баптист, квакерлер, лютерандар, әдістемешілдер, пресвитериандар, елуіншілдер секілді қауымдар да бар. 2007 тамыз айында Малайзия қоғамы реестріне 41, 528 ұйым тіркелген. Ұйымдардың он үш категорияларының ішінде ең көп ұйымдар дінге тән: 7,228. Қоғамды классификациялау жүйесі реестрінің мәліметінше, дін категориясына ислам, христиан, буддизм, индуизм, сикхизм және қытай храмы жатады [52, 321 б.].

Ислам дінін ұстанушылардың басым болуы Қазақстанмен ұқсас. Дегенмен ресми тіркелген діни бірлестіктер саны Малайзияда екі есе көп. Қазақстанда 2017 жылғы 1 қаңтарда ресми тіркелген 18 конфессия атынан өкілдік ететін 3658 діни бірлестікпен олардың филиалдарының қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті жағдай жасалған. Олардың ішінде саны жағынан ең көбі Ханафи мәзһабындағы ислам мен православиелік христиан діні. Сондай-ақ католиктер және протестанттар, иудейлер, буддашылар және басқа да қауымдар бар. Республикада 3464 ғибадат үйі тіркелген, оның ішінде 2550 мешіт, 294 православие және 109 католик шіркеуі, 495 протестант храмы мен ғибадатханасы, 7 иудей синагогасы, 2 буддашылар храмы, 7 «Кришна санасы қоғамы» және бахаи қауымының ғибадатханасы бар.

Қазақстанда дәстүрлі әрі басым дін ретінде исламның сунниттік тармағы, оның ішінде Ханафи мәзһабы басшылыққа алынса, Малайзия мұсылмандары Сунниттік Шафиғи мәзһабын ұстанады. 1996 жылы шыққан, үкіметтік заңдармен қуатталған пәтуа бойынша ел мұсылмандарынан тек осы мәзһабта болу талап етіледі, бұл мәзһабқа қарсы діни көзқарасты таратуға рұқсат етілмейді. Малайзия мұсылмандары негізінен Шафиғи мәзһабын ұстанумен қатар аз санда тегі үнділік болып келетін Ханафи мұсылмандар да кездеседі. Ислам құқын ұстануда мемлекеттік Шафиғи мәзһабын негізге алады. Дегенмен көп жағдайда қатаң мәзһабшылдықтан гөрі жалпы қоғамның мүддесі ескеріледі. Бірақ зәрулік туған жағдайда өзге мәзһабтардың үкіміне де жүгіну

тәжірибесі кездеседі. Бұған күн сайын даму үстіндегі сауда қатынастары, қаржы мәселелерінің де ықпалы жоқ емес. Осы себепті Малайзияда мәзһаб мәселесіне кең тұрғыда қарауда.

Қазақстанның зайырлы жүйесі Малайзиядан айтарлықтай ерекшеленеді. ҚР Конституциясының 1-бабының 1-тармағында «Қазақстан Республикасы өзін зайырлы, ашық, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады» делінген. Қазақстан Республикасының зайырлы сипаты «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңында айқын көрсетілген. Бұл Заңның 3-бабының 1-тармағында мемлекеттің дін мен діни бірлестіктерден бөлінгендігі аталады. Қазақстан зайырлы ұстаным негізінде барлық діни бірлестіктерге тең қарауда әрі ешбіріне басымдық бермеуде. Яғни ислам діні дәстүрлі дін ретінде мойындалғанмен, елде мұсылман діні өкілдері басымдықта болғанына қарамастан, ол құқықтық басымдыққа ие емес. Оның заң шығару не басқару саласына қандай да бір ықпалы жоқ. Діни бірлестіктермен жұмысты «Дін істері комитеті» бақылайды. Ол діни бірлестіктердің қызметін заң шеңберінде реттеп отыратындықтан, дін субъектілерінен заңдар мен құқықтық нормаларды қатаң сақтауын және өз қызметтерін заң шеңберінде жүзеге асыруын талап етеді. Мемлекеттік органдар діни бірлестіктердің ішкі ісіне (заң бұзылмаса) араласпайды, сондай-ақ, діни бірлестіктер мемлекеттік міндеттерді атқармайды. Мемлекет тарапынан көмек немесе қолдау көрсетуге конфессиялық ерекшеліктер негіз болмайды. Осы нормалар аясында мемлекеттердің діни бірлестіктерге бейтараптығы (нейтралитет), діни бірлестіктердің заң алдында теңдігі (паритет), ешбір дінге басымдық берілмеуі арқылы барлық діндерге бірдей қатынас пен көзқарастың орнықтырылуы (толеранттылық) қағидаттары қамтылған.

Қазақстанда халықтың басым көпшілігі ұстанатын діннің тарихи-рухани құндылық ретінде бағалануы 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның преампуласында құқықтық тұрғыдан негізделген еді. Онда Қазақстанда православие христиандығы мен ханафилік исламның тарихи рөлін мойындайтыны туралы жазылған. Мысалы, Қазақстанда жоғары білікті исламтанушыларды дайындайтын «Нұр-Мүбарак» университетінің мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылуы және имамдарды жалақымен қамтамасыз ететін «Уақып» қорының құрылуы, сондай-ақ, Құрбан айт пен Рождество мерекелерінің демалыс күндері болып бекітілуі және т.б. да мемлекет қамқорлығымен жасалынып жатқан іс-шаралар, ал діни радикализмге қарсы күреске имамдар мен ислам теологтарды тарту ісі, мешіттердегі жамағатпен орындалатын діни рәсімдерде ханафи мәзһабының ережелері бұзылса, заң жүзінде айыппұлдың салынуы сынды қадамдар, осының нәтижесінде іске асуда [107, 159 б.]. Зерттеуші Қ. Молдашев тәуелсіздіктің алғашқы жылдары байқалған этносаралық теңсіздікке қарамастан қазіргі түрлі этникалық топтар Малайзияда өз идентификациясын сақтай отырып бейбіт қатар өмір сүруде екенін айтады. Ол нақ идентификацияны сақтау мәселесі Малайзияда дін мен мемлекет қатынасы моделін айқындауда үлкен рөл ойнағанын алға тартады [108, 137 б.]. Малайзияда мемлекет пен дін

қатынастарының моделіне тән негізгі белгілер 1957 жылы тәуелсіздік алып, ұлттық құрылымның қалыптасуы жылдарында нақтылана түскен. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Малай Федерациясындағы түрлі штаттар арасындағы келіспеушіліктерде жергілікті малай элитасы ұлттық құрылым үшін діннің біріктіруші рөліне жүгінген [108, 137 б.].

Ал, Малайзияда діни-сенім бостандығына Федералды Конституция кепілдік береді. Федералды Конституцияның 3 бап (1) бойынша Федерацияның ресми діні - Ислам, өзге діндерге федерация аумағында толеранттылық пен келісімді сақтау шартымен еркіндік берілген. Федералды Конституцияның 11 (1) бабында «әр адам өзі сенімін ұстануға құқылы» делінген. Яғни әр адам өз сенімін ұстануға, құлшылық жасауға әрі 11 (4) бойынша өз сенімін таратуға құқылы. Діни бірлестіктер өз діни жұмыстарымен, мүліктік құқық және діни мекеме құруға қатысты кез келген істерімен айналысуға құқылы. Малайзияда барлық діни бірлестіктер Қоғамның үкіметтік регистраторына (RoS) тікеліп жұмыс істейді әрі жыл сайын жұмыстары туралы есеп беруге міндеттеледі. Аталған мекеме діни бірлестіктердің қоғам тәртібін, әдебін бұзбауын, елдің денсаулығына зиян келтірмеуін қадағалай алады. Негізгі талап: ұйымның мақсаты, ұйымдасу ережесі, басшылығына қатысты құжаттар өткізу және тиісті төлемақы төлеу. Негізі исламнан тыс діни бірлестіктерден тіркелу туралы құқықтық талап жоқ болса да, олар бекітілген коммерциялық емес ұйым ретінде жұмыс істеу үшін өз еріктерімен тіркеледі. Салық заңдары тіркелген діни ұйымдарды садақа, салықтан кеміту және жекелеген донорлар үшін салықтан босата алады. Зекетін мұсылман діни ұйымдарға өткізетін донорлар салық төлеуде жеңілдік иеленеді. Донор ретінде мақұлданған үкіметтік қайырымдылық ұйымдары (кейбір мұсылман емес діни бірлестіктерді де қосқанда) салықтан босатылмаса да, жарна үшін салықты аз төлей алады. Әр штат шарифатқа сай заңның қолданысын өзі қадағалайтындықтан, екі жақ келісіммен болған бір жыныстылардың жұптасуы, жезөкшелік, адам ұрлау, зорлау, тонау секілді қылмыстарға түрмеуге қамауға дейінгі жазалар бекітілген. Заң өзге дін өкілдерінің діни сенімін ауыстыруына шектеу қоймайды. Өзге дін өкілі мұсылманмен некеге отырғысы келсе, неке ресми қабылдануы үшін ислам дінін қабылдау міндеттеледі. Мұсылмандарға өз ішінде дінді насихаттауға тыйым жоқ.

Малайзияда діннен тыс салаларда жұмысқа тұру үшін дін негіз бола алмайды. Ал, діни қызмет бойынша мұсылман, христиан, будист, үнді әрқайсысы тек өз ғибадатханасында ғана міндет атқара алады. Малайзия федералды Конституциясының 8 (2) бабында «Осы Конституцияда тіке қаралмаған мәселелерден тыс ешкім де дін, нәсіл, туған жері, мемлекеттік мекемеде жұмысқа тұрғаны үшін ешқандай заңмен алалаушылыққа ұшыратылмайды» делінген. Малайзия федералды Конституциясы Малайзияда дінді тарату мен оның тәжіриесін бөліп көрсеткен. Әркім өз дінін ұстана алады, алайда басқа сенушілер арасында насихаттай алмайды. Өзге дін өкілдері үшін діни сенімді таратуда кейбір шектеулер кездеседі. Бұл шектеулер штат заңдары мен конституцияға енгізілген. Мысалы, Малайзиядағы көптеген штаттар

мұсылмандар арасында өзге сенімді уағыздауға рұқсат етпейді. Мұсылмандар да өз әулетінен тыс мұсылман ортада ислам дінін уағыздау үшін мемлекеттік діни органдардан рұқсат алуы міндетті. Себебі діни басшылық мұсылмандар арасында адастырушы, жат исламдық ілімдердің таралуын да құп көрмейді. Малайзия федералды Конституциясында дінді ұстану мен уағыздау арасы бөлінген: «Әр адам (4) пунктке сәйкес өз дінін ұстануға құқылы, оны таратуға...» (11) бап, 1 тармағы. Малайзия федералды Конституциясы малайларды діни салық төлеуге мәжбүрлемейді. (11) баптың 2 тармағында «Кірісі толық не бір бөлшегін жабуға діни мақсаттағы істерге арналған салық түрлерін төлеуге ешкім мәжбүр етілмейді». Әр діни топ өз мүшелерінен салық жинай алады. Мысалы, мұсылмандар тек мұсылмандардан салық жинай алады, басқа дін өкілдерінен жинауына рұқсат етілмейді. Малайзияда әр діни қауым тек өз мүшелерінен ғана салық жинай алады.

Қазақстанда наным-сенім бостандығына Конституцияның 22-бабымен «Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар» еркіндік берілген. Дін саласы бірқатар заңнамалық және құқықтық-нормативтік актілер, Конституция, Азаматтық кодекс, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» (2011 ж.) Заң арқылы реттелуде. ҚР Конституциясына (14 бап) сәйкес азаматтарды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты, сондай-ақ басқа да жағдаяттар бойынша кемсітуге тыйым салынған. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы заңының 3-бабының 5-тармағында «Азаматтардың дінге көзқарасына байланысты олардың азаматтық құқықтарының бұзылуына, діни қызметіне заңсыз кедергі келтіруге немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір дінді ұстанушылар қадір тұтатын заттарды, құрылыстар мен орындарды қорлауға жол берілмейді» деп атап көрсетілген.

Қазақстан Республикасы әрбір адамның діни сенім бостандығы құқығын құрметтейтін демократиялық, зайырлы мемлекет болып табылады, азаматтар діни сеніміне қарамастан тең құқылы, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін діндердің мәдени және тарихи құндылығын және конфессияаралық келісімнің маңыздылығын, діни төзімділікті және азаматтардың діни нанымдарын құрметтейді. Діни сенім бостандығы – адамның жеке өзі немесе басқалармен бірге қандай да бір дінді ұстануға немесе ұстанбауға, еркін тандауға, діни сенімде болуға және таратуға, соған сәйкес әрекет етуге құқықты адамның негізгі жеке бостандықтарының бірі. Діни сенім бостандығы демократияшыл қоғамның іс-әрекет етуінің қажетті өмірлік шарты, адамның құқықтары мен бостандықтары жүйесінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының азаматтары дінге деген көзқарасына қарамастан экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени өмірдің барлық салаларында өзара тең. Азаматтардың дінге көзқарасына қарай олардың құқықтарын тікелей немесе жанамалап шектеу, қандай да бір артықшылықтар белгілеу, өшпенділік пен жеккөрушілік туғызу, азаматтардың сезімдерін жәбірлеу, сондай-ақ, қайсы бір дінді ұстанушылар қадір тұтатын заттарды,

құрылыстар мен орындарды қорлау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке тартылады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының азаматтары дінге деген көзқарасына қарамастан заң алдында бірдей жауапты. Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, ешкімнің де өз діни сенімдерін себеп етіп азаматтық міндеттерін атқарудан бас тартуға қақысы жоқ. Діни наным себебімен атқарылуға тиіс бір міндетті екіншісімен алмастыруға тек қана Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жол беріледі [109].

Қазақстанда діни бірлестіктер коммерциялық емес ұйымдар болып есептелгендіктен олар қосымша салықтан босатылған. ҚР Салық заңының 498 бабы 3 пункті 7 тармағы бойынша діни бірлестіктер жерге салықтан босатылған. Дегенмен осы заңның 498 бабы 4 пункті бойынша діни бірлестіктер салық төлеуге міндеттелетін жер телімін жалға берсе не сенімді кісіге өткізіп, қолдануға сенімді кісіге табыстаса, онда жер телімі үшін салық төлеуге міндеттеледі. ҚР Салық заңының 517 бабы 3 пунктінің 4 тармағы бойынша діни бірлестіктер мүлікке салық төлемейді. Дегенмен олар салық төлеу міндеттелетін мүлікті жалға берсе не сеніммен басқаға табыстаса, қолданыстағы мүлкіне салық төлеуге міндеттеледі. Малайзиядағы ықпалды діни ұйымдар қатарына исламдық: 1971 жылы құрылған Малайзиядағы исламдық жастар қозғалысы (Muslim Youth Movement of Malaysia), Пертубухан Джамаа Ислам Малайзия (JIM) 1990 ж., Малайзия халықаралық ислам университеті (Universiti Islam Antarabangsa Malaysia, UIAM) – 1983 ж., Мұсылман жастарының Азиялық федерациясы (AFMY) 2001 ж., Зекет институты, Partai Islam Se-Malaysia (PAS) Малайзия ислам партиясы 1951 ж., Исламдағы әпкелер (1988) және т.б. Малай Будда Ассоциациясының (МБА) мәліметінше, Малайзиядағы буддалық ұйымдардың жалпы саны шамамен 878: олардың 496 храмдар, ал 382 діни ұйымдар. 2010 жылы елде ірі діни азшылық болып есептелетін 83.6 % Малайзия қытайлары буддист қатарына жатқызылған. Малайзия буддистері қоғам қалыптасқан уақыттан бастан көптүрлі қалпын сақтап келеді. Қытай, тай, бирман және сингалдардан құралған түрлі иммигранттық қауымдастықтар Малайзияға түрлі буддалық дәстүрлер, доктриналар мен тәжірибелер әкеліп, будда қауымдастығының көптүрлі сипатын қалыптастырған. Христиандармен салыстырғанда Будда топтары аз орталықтанған, алайда үнді топтарына қарағанда көбірек ұйымдасқан [52, 321 б.].

Малайзияда бүгінде буддалық бағыттағы бірнеше ұйымдар жұмыс істеуде. Ең негізгілерін атап көрсетер болсақ, Важраяна буддизмі Кеңесі, Малайзия Тхеревада Будда Кеңесі (ТВСМ), Малайзия будда Ассоциациясы (МБА), Малайзия Буддистерінің Жастар ассоциациясы (YBAM), Буддизм миссионерлігі қоғамы, Цзы Чи Будда қоғамы, Фо Куанг Шан тобы және т.б. Христиан діні Малайзияда азшылықты құрайды, негізінен елдің шығысын мекендейді, жалпы халықтың 9,2 %. 1948 жылы құрылған Малай Христиан Кеңесі негізінен елдегі христиандық шіркеулер мен ұйымдардың бірлігін қамтамасыз етуді мақсат етті. Бұдан басқа да христиандық ірі діни ұйымдар:

1964 жылы құрылған ұйым Малайзия, Сингапур, Бруней Католик Епископтары Конференциясы ұйымы, 1983 жылы құрылған Ұлттық евангелистік христиан Fellowship (NeCF) Малайзиядағы евангелистік протестанттық қауымдастықтар мен шіркеулерді біріктіреді. 1985 жылы Малайзия Христиан федерациясы құрылды (CFM). 1983 жылы құрылған буддизм, христиандық, индуизм, сикхизм және даосизм бойынша Малайзия Консультативті кеңесі конфессияаралық сипаттағы коммерциялық емес ұйым.

Қазақстанда ислам бағытындағы ірі діни бірлестік - Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ) болып есептеледі. 2550 мешіт осы республикалық діни бірлестік меншігіне кіреді. Бүгінгі күні Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының мынандай бөлімдері жұмыс істеуде: Шариғат және пәтуа бөлімі, Дін мен дәстүр бөлімі, Уағыз-насихат бөлімі, Діни білім және кадр дайындау бөлімі, Діни сараптама бөлімі, Халықаралық байланыс және хаттама бөлімі, Қажылық бөлімі, Іс басқарушы, Мешіт істері бөлімі, Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі, Цифрлық даму бөлімі, Ақпарат және қоғаммен байланыс бөлімі, «Зекет және қайырымдылық» қоры, «Халал даму» стандарттау және сертификаттау орталығы, «Уақып» қоры, «Qamqor-Sharapat» орталығы, Әйел-қыздар секторы, Жастар ісі секторы.

«Қазақстан православие шіркеуі» республикалық діни бірлестігі (бұдан әрі – ҚПШ) өкілдерінің саны жағынан екінші орында. Оның құрамына 325 діни субъект, оның ішінде 301 приход, 9 епархия және 294 діни құрылыс, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы Митрополит округі кіреді. Республика аумағында Армян апостол шіркеуі, шетелдегі Православие шіркеуі, Помор православие шіркеуі және 3 ескі ғұрыптық шіркеу жұмыс істейді. Қазақстандағы Рим католик шіркеуі (бұдан әрі – РКШ) 85 діни қауымнан тұрады, оның 5 қауымы Грек католик шіркеуіне қарайды. РКШ орталығы Католик шіркеуі провинциясына (митрополия) жататын Астана қаласындағы Әулие Мариям Архиепархиясы болып табылады. РКШ Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 19 мамырдағы № 141 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мен Қасиетті Тақ арасындағы Өзара қатынастар туралы келісім негізінде 1998 жылдан бері жұмыс істейді. 667 протестанттық діни субъект қызмет атқарады. Ең ірі протестанттық қауымға елуіншілер шіркеуі, інжіл христиан-баптистер шіркеуі, пресвитериан, жетінші күн адвентистері және інжіл-лютеран шіркеулері жатады. Республикада 13 конфессияның 531 миссионері тіркелген. Тіркелген миссионерлердің арасында саны жағынан РКШ өкілдері басым (257). Православиені 84 миссионер насихаттайды, оның басым көпшілігі Ресей Федерациясының азаматтары болып табылады.

Малайзияда дінге тіл тигізуге жол берілмейді. Мемлекет қаржыландыратын мектептер жас мұсылмандарға сунниттік ислам қағидаларын үйретеді және мұсылман емес жастардың этика мен моралды үйренуге жағдай жасайды. Үкімет азаматтарды тиісті мінез-құлық пен көзқарастар туралы хабардар етеді және мұсылман мемлекеттік қызметкерлердің сунниттік исламдық білім алуын қамтамасыз етеді. Үкімет

хабар тарату және жариялау БАҚ келіспеушілік немесе бағынбаушылық тудырмауын қамтамасыз етеді. Егер біреу Құдайға тіл тигізсе немесе басқаша түрде девиантты мінез-құлық жасаса, Малайзия мұндай бұзушылықты шарият заңы немесе Қылмыстық кодекс сияқты заңнамаға сәйкес жазалайды. Малайзия Қылмыстық кодексінің 295-298А тарауларында дінге қарсы қылмыс жасағандар үшін жаза қарастырылған. Жаза үш жылға бас бостандығынан айыру немесе 1000 АҚШ долларына дейін (шамамен) айыппұлды қамтиды. Құдайға тіл тигізу үшін қудалау әдетте исламды қорлайтындарға бағытталған, бірақ кез келген дінді қорлау әрекеті қудалауға әкелуі мүмкін. Діни білім мәселесіне келсек, ғылыми жұмыстың алдыңғы бөлімдерінде қарастырғандай, Малайзиядағы ерте кездегі діни білімге формалды емес жүйе тән: ол король сарайларында, мешіттерде, дін ұстаздарының құлшылық залдары мен үйлерінде қолға алына бастаған Құран мектебі ретінде белгілі. Оның дамуының келесі сатысы Пондок жүйесі, ол исламдық білім берудің үйге не мешітке өткен эволюциясын, дәстүрлі білім берудің формалдылыққа ұласуын білдірді. Медресе не исламдық колледждерде білім бер жүйесі діни мектептердің жаңаша дамуы ретінде діни әрі дәстүрлі пәндерді қатар қамти отырып, білім берудің кешенді жүйесін қамтамасыз етуде. Үкімет діни білім алушылардың әлемдік деңгейде білім алуын қамтамасыз ету мақсатында көптеген жергілікті университеттерде исламдық факультеттер ашты әрі бірнеше исламдық университеттер мен исламдық университет колледждерін құрды. Мәселен, Малайзия Ұлттық университетінің ислам факультеті, Малай университетінің исламдық зерттеу академиясы, Малайзия Халықаралық ислам университеті, Малайзия ғылыми университеті және университет колледжі Инсания. Яғни Малайзияда зайырлы біліммен қатар мектептерде «исламтану» пәні оқытылады. 2004 жылы үкімет оқушылар мектептерде оқушылар араб тілінде құран үйренетінін, оны қазіргі заманғы прогрессивті исламды насихаттау шеңберінде жүзеге асыратындарын мәлімдеді. Бұны ислами сауатты болған жағдайда оқушылар экстремистік идеологияларға арбалмайды деген көзқарас тұрғысынан қолға алды.

2002 жылы үкімет жеке діни мектептерді қаржыландыруды қысқартты, себебі олардың қатарындағы исламдық мектептердің көпшілігін оппозициялық Исламдық партия (PAS) басқаратын. 2000-жылдардың басында шамамен 520 жеке діни мектептер жұмыс істеп, оларда 74 000 оқушы білім алған. Бұл мектептер үкіметтің қатаң бақылауында. Солтүстік-шығыстағы бірқатар малай аудандарында пондон атты діни мектеп-интернаттар жұмыс істейді, оларды «ток гури» деп аталатын оқымыстылар басқарады. Дегенмен, қауымдастырылған профессор Saodah Binti Abd. Rahman соңғы бірнеше он жылдықта Пондок жүйесі құлдырауға ұшырағанын айтады, өйткені оның заманауи білім беру шарттарына қолдану мүмкіндігі әлсіреген. Пондок мектептері Малайзияны британдық отарлау, әлеуметтік-экономикалық даму мүмкіндіктерін кеңейтетін заманауи және ресми білім беру жүйесінің пайда болуы, әкімшілік және білім беру мәселелері, әлеуметтік-мәдени құндылықтардың өзгеруі сияқты көптеген факторлардың әсерінен өзектілігін

жоғалтқан. Малайзия қоғамында және т.б. медресе институты исламдық діни білім берудің озық жүйесі болып табылады. Бұл оқу орнында ислам және академиялық пәндер оқытылады. Көптеген медреселерді Дін басқармасы жанындағы Мемлекеттік Ислам діни кеңесі қаржыландырады. Кейбіреулерін жеке адамдар немесе жеке ұйымдар салады және ұстайды. Бұл оқу орындарының студенттері оқу орны мен Малайзия Білім министрлігі өткізген емтихандарда жақсы нәтижелерге қол жеткізсе, Таяу Шығыстағы немесе жергілікті университеттерде оқуын жалғастыра алады [110, 39 б.].

Діни білім мәселесінде Малайзияда Федерация Конституциясының 12 бабы білім алу құқына қатысты, діни бірлестіктерге өз балаларының білім алуын қамтамасыз етуіне рұқсат етеді. Сол 12 баптың (3) тармағы өз дінінен басқа діннің ғұрпына қатысуға нұсқау беруге, оны талап етуге тыйым салады. Жасы 18-ге толмаған балалардың сенімін ата-аналары анықтайды. 8 бап баршаның заңмен теңдей қорғалуын қарастырады. Егер Конституция бұған мүмкіндік бермесе, дінді де қосқанда Малайзия азаматтарының ешбірі түрлі себептермен алалауға ұшырамайды. Діни білім алу мәселесінде Үкімет елдегі барлық мұсылман қызметкерлердің мемлекет бекіткен дін сабағына қатысуын талап етеді. Мұсылман оқушылар да дін сабағына қатысуға міндетті. Өзге дін өкілдерінің балалары мен мемлекеттік қызметкерлері дін сабағына қатысуға міндетті емес, бірақ олардың балалары этика, әдеп сабағын оқуға міндеттеледі [61, 4 б.].

Үкіметтік органдар діни құлшылық жасау, дін ғимараттары үшін және баршаға жерлеу орнын бөлуде арнайы құқыққа ие. Барлық мұсылмандық ғибадатханалар, сураулар (құлшылық үйі) қосқанда, ЖАКІМ мекемесіне қарасты. Мешіт салуға рұқсатты осы мекемеден алады. Исламдық білім беру мемлекеттік мектептерде мұсылман балалар үшін міндетті. Өзге сенімдегі студенттер мазмұны діни емес морал мен этика жайлы курс алуы тиіс. Жеке мектептер өзге сенім өкілдеріне мазмұны исламдық емес діни бағдарламалар ұсына алады. Қоғамдық тәртіпті бұзған жағдайда мұсылмандарға қосымша наным-сенім еркіндігін шектеу бар (Конституция І пункт, ІІ тізім, 9 жағдай бойынша). Бұл үкіметтік ассамблеяларға қылу, зина, діннен бас тарту, құмар ойындар, арақ ішу, жалтару секілді ислам ережесін бұзғандарды жазалау мүмкіндігін береді. Байқалғандай, наным-сенім еркіндігі белгілі бір деңгейде әр штаттағы діни мәселелерді реттеуші заңдардың жағдайына да байланысты. 1952-1962 жылдар аралығында шамамен штаттардың барлығы ислам құқына қатысты өз заңдарын бірізділендіру үшін қайта қарады, бұл жағдай мұсылман міндеттемелерін қатаңдатып, өзге дін өкілдерінің діни еркіндігін біршама шектеді [63, 390 б.].

Қазақстанда болса 15 діни білім беру ұйымы, мешіттер мен жексенбілік мектептер жанындағы 400 бастауыш курс, ғибадат үйінен тыс діни іс-шараларды өткізуге арналған 383 үй-жай, оның ішінде намазхана, ғибадат бөлмесі және шіркеулер бар. Қазақстандағы діни және дінтанулық білім туралы айтқанда, ең бастапқы негізделетін құжат бұл Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы. Заңда діни білім беру туралы

төмендегідей делінген: рухани (діни) білім беру ұйымдары - дін қызметшілерін даярлаудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орындары (1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар) және рухани (діни) білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау орта білімі бар адамдар арасынан құрылтайшы белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады (26-бап. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білім беру ұйымдарына қабылдауға қойылатын жалпы талаптар). Бұл жалпы діни білімнің заңдағы көрінісі. Ал дінтанулық білім деген жеке түсініктеме жоқ, себебі дінтанулық білім зайырлы білім болып табылғандықтан, оған ерекше анықтама беріліп тұрған жоқ. Қазақстан Республикасында діни білім Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанында имамдардың біліктілігін жетілдіру институты, 9 медресе және Құран қариларды дайындайтын 2 орталық бар. 9 медресенің біртіндеп колледж статусына көшіріліп, бір жағынан зайырлы пәндердің беріле бастауымен және екінші жағынан медресе-колледжді бітірген түлектердің тек діни емес, сонымен қатар зайырлы оқу орындарына да оқуын жалғастыру мүмкіндігін беретіндігімен қоғам үшін тиімді. Дінтанулық білім беру орта білім мекемелері мен жоғары оқу орындарында беріледі. Мектепте алғашқы кезде «Дінтану негіздері» деген атпен, кейіннен «Зайырлылық және дінтану негіздері» деп беріліп жүр. Жоғары оқу орындарында дінтанулық пәндер таңдау пәні ретінде енгізілген және 6 жоғарғы орындарында: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қ.А. Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті, Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Іскерлік карьера және шет тілдер академиясында дінтанушы мамандар дайындалады [111]. Малайзиямен салыстырғанда, қазақстандық жалпы білім беретін мемлекеттік мектептер зайырлы сипатта діннен ажыратылған. Теологиялық білім беру міндеттілігі жоқ әрі медреселер қаржыландырылмайды. Қазақстанда орта білім беру орындарында мектеп оқушылардың орамал салуына, ұл балалардың жұма күндері жұма намазына баруына және сабақ беретін ұстаздардың орамал тағуына тыйым салынады.

Құқықтық жүйе тұрғысынан Қазақстаннан ерекшелігі ретінде Малайзияда қосарлы жүйе жұмыс істейтінін айтуға болады. Малайзия бұрынғы Британ отары ретінде және Ынтымақтастықтың бір мүшесі ретінде ағылшын жалпы құқы мен әділеттілік құқы нормаларын басшылыққа алады. Дегенмен жекелеген топтардың: малай, үндіс, қытайдың жеке статусын реттейтін басқа да құқықтық жүйелер жұмыс істейді (мыс, мұсылмандық құқық, үндістік құқық, дәстүрлі конфуциандық нормалар). Малайзия федералды Конституцияы штаттардағы малай билеушілеріне мұсылмандық істерді басқаруды тапсырған. Шариғат соттарына исламға қатысты істерді қарау, құқық бұзушыларды шариғатпен жауапқа тарту құзыреті берілген. Мохаммед Азамның түсіндіруінше, елдегі барлық азаматтар азаматтық заңдарға бағынады. Мұсылман еместер азаматтық заңдарды басшылыққа алуы тиіс. Мұсылмандар көбіне отбасы құқы (некеге отыру, ажырасу) және мүлік иелену құқы (мұрагерлік) секілді мәселелерде шариғат соттарына жүгінеді. Осы аталған

салаларда шарифат соттары шектеулі құзыретке ие. Яғни Малайзияда шарифаттың осы шектеулі құқы тек мұсылмандарға жүреді. Шарифат соттары шығаратын шарифат актілері әр штаттың жарғылық құрылымына қарай өзгереді [61, 2 б.].

Малайзияда діни-сенім бостандығы мәселесінде кездесетін келеңсіздіктер де жоқ емес. діни-сенім бостандығы әсіресе мұсылмандардың исламнан бас тарту жағдайларында бұзылады және ол Федералды конституцияның 11 бабының 1 тармағында бекітілген наным-сенім еркіндігіне қайшы келеді. Бұндай қайшы келу жағдайларын штаттардағы заңдардан, ондай адамды бақылауға алу әрі оңалту орталығына жіберу секілді діннен бас тартуға белгіленген жазалардан байқауға болады. Бір жағынан Федералды конституцияның наным сенім еркіндігіне кепілдік беруі, екінші жағынан ислам талабын бұзғандарды жазалауға жол бергені өкінішті. Діннен бас тартушыны жазалау Федералды Конституциямен сәйкес деп қараушы ғалымдар кейіннен қабылданған баптарға иек артады. Олар бұндай жаза ешқашан федералды конституциядағы наным-сенім еркіндігін бұзуға жатпайды деп есептейді. Дегенмен енді бірқатар ғалымдар наным сенім еркіндігі екітүрлі мәнде жүрмеуі тиіс деп санайды. Исламнан бас тартқысы келген адамды жазалау, оны оңалту орталығына жіберуді міндеттеу ол жеке адамның құқын бұзушылық. Федералды соттар өздерінің көптеген шешімдерінде мұсылмандардың еркін түрде исламнан бас тарта алатындығын бекіткен. Қойылатын бір ғана талап - олар өтініштерін шарифат соттарына білдіруі тиіс. Шарифат соттары ол адамның исламнан шыққандығын анықтағанға дейін ол мұсылман болып есептеледі әрі оған барлық мұсылмандық заңдар қолданылады. Дегенмен исламнан бас тартуға өтініш білдіруге әркімнің батылы жете бермейді. Себебі ол үшін қарастырылған жаза бар. Атап айтқанда, Перак, Теренгтану, Келантан штаттарындағы секілді үш мың ринггит мөлшерінде айыппұл төлеу немесе үш жылға түрмеге қамау, үш жылға оңалту орталығында болу секілді. М.Адил діннен бас тарту жазаларына өзге үкіметтерге қарап отырып өзгеріс енгізу керектігін жақтайды. Ол исламды қабылдағысы келетін адамды оңалту орталығында ұстау міндеттілігін алып тастап, оның орнына кеңес беру тізбегін енгізу керектігін айтады. Осы тұрғыда Негри Сембилан тәжірибесі біршама дұрыс деген пікірде. Аталған штатта исламнан бас тартуға аз ғана шектеулермен ерік беріледі. Тәубеге келу үшін берілген кеңестер оң нәтиже беруде [112, 24 б.].

Малайзия мемлекеті полиэтникалық әрі поликонфессиялық құрылымына байланысты әрдайым бітұтастықты сақтауға ерекше көңіл бөліп келеді. Мемлекеттің ресми идеологиясы 1970 жылы жариялаған «Рукунегара» (мемлекеттілік негіздері) болып саналады. Полиэтникалық қоғамда ол біртұтас малайзиялық ұлт қалыптастыруға бағытталды. Құжаттың кіріспесінде ұлт қалыптастыру ісін жаңарту әрі сол бағыттағы күшті еселеу туралы айтылды. Құжат екі бөлімнен тұрады: «Сенім» және «ұстанымдар». Алғашқы бөлімде елдегі ұлттардың бірлігі, демократиялық өмір салты, ұлттық байлықты тең бөлуде әділетті қоғам құру, Малайзиядағы мәдени дәстүрлердің бай әрі

көптүрлілігін ортақ игілік ету, жаңа заманғы ғылым мен техникаға арқа сүйеген прогрессивті қоғам құру мәселелері қамтылды. Бұл мақсаттарға жетуде «Рукунегарада» мына ұстанымдар бекітілді: құдайға сену, монарх пен мемлекетке адалдық, Конституцияды құрметтеу, заңдарға бағыну, адамгершілік нормаларға сай жүріп тұру. Малайзия демократия мен адам құқықтарын құрметтеуді арттыра түсу, тұрақтылық пен бейбітшілікті ұстап тұруда бірқатар қатаң шараларға барды, атап айтқанда, нәсілшілдікті қоздыруға, діни төзімсіздікке, коммунистік көзқарастарды таратуға, көтерілістің барлық түріне, рұқсат етілмеген шерулер өткізуге, қоғамның тыныштығын бұзатын кез келген әрекеттерге тыйым салды. Үкімет басшысы Тун Абдул Разақтың 2009 жылы «Бір Малайзия (Satu Malaysia)» тұжырымын қабылдауы да көп дінді, көп тілді әрі мәдени плюралистік ортада баршаны біріктіруді көздеді. Бұл жоба аясында «сегіз құндылықты» тірілту қолға алынды. Ол құндылықтар: табандылық, келістілік, қабылдау, адалдық, білім, кішіпейілділік, дұрыстық пен артықшылық. Бұл ұстанымдарды қоғамға сіңіру арқылы арада туындаған мәселелерді шешу, діни әрі этникалық бірегейлікті сақтау әрі күшейту, біртұтас Малайзияға қол жеткізу, бірліктен қуат ала отырып дамуға күш салу мақсат етілді. Аталған тұжырым айтарлықтай оң нәтиже бергенін айтуға болады. Аз уақытта Малайзияның қарқынды дамуы, өмір сүру сапасының жақсаруы, көптүрлілікке қарамастан ортақ мақсатқа жұмылу соның айғағы. Бұл жоба әлеуметтік психологиялық тұрғыдан көп конфессиялы әрі көп ұлтты малайзиялықтардың арасында біртұтас ел түсінігін қалыптастыруда оң серпін берді. «Үкіметтің «Бір Малайзия» тұжырымы аясында экономикалық, діни әрі әлеуметтік схемалары жұмыс істеді. Үкімет экономикалық тұрғыда «People Market of one Malaysia» атты ең арзан базар, «People Restaurant of One Malaysia» атты ең арзан тамақтану орындарын, «People Clinic of One Malaysia» деген атпен ең арзан дәрігерлік қызмет ұйымдастырды. Бұдан бөлек, Малайзия үкіметі бюджет қаржысынан мемлекеттік және жеке оқу орындарында оқитындарға, бастауыш, орта мектеп және студенттерге нәсілге және дінге бөлместен бәріне қаржылай жәрдемақы тағайындады» [113, 415 б.].

Малайзия үкіметінің діни толеранттылық пен үйлесімділікті сақтауына діни мерекелер, діни қаржылай көмек, діни экстремизм мен терроризмнен бас тарту, ұлттық негіздер ықпал етуде. Малайзия үкіметі бұл тұрғыда мұсылман, христиан, үндістер мен буддистердің де мерекелеріне ресми статус берген. Мұсылмандар үшін ай күнтізбесі бойынша діни мерекелер (Ораза айт, Құрбан айт, Мәуліт) белгіленсе, буддистердің діни мерекесі Весак күні деп аталып, әр жылдың 1 мамыры ретінде белгіленген. Үндістердің діни мерекесі тайпус деп аталады, ол әр айдың 1 ақпанында белгіленген, Дипавали болса 8 қарашада аталып өтіледі. Христиандардың діни мерекесі Рождество әр жылдың 25 қаңтарында аталып өтіледі. Малайзияда ресми үкіметтік екі Қытай жаңа жылы аталып өтіледі. «Басты діни мерекелерді малайзиялықтар кеңкөлемді атап өтеді. Малайзия үкіметі бұл мерекелерді ашық есік күні ретінде ұйымдастыратындықтан, оған мұсылмандар да, мұсылман емесер де келеді. Үкімет басшысы, үкімет басшысының орынбасары, басқа да министрлер

мемлекеттік деңгейде бұл шараларды өткізеді. Ашық үйлер келушілерге тамақ пен сусынды қамтамасыз етеді. Малайзия үкіметі мұсылмандық және мұсылмандық емес діни мақсаттарда қаржылай қолдауын кеңейтті. Үкімет мұсылмандар үшін кейбір мешіттерді тұрғызуға, үндістер мен буддистер храмына, христиандардың шіркеулеріне арасында көмек береді» [113, 414 б.].

Малайзияда дінаралық диалог мұсылман билігінің ислам құндылықтарын билік жолымен енгізе бастаған 1981 жылдан басталады. Осы кездегі мұсылман және мұсылман емес діни лидерлердің көзқарастары Дінаралық диалогтың ресми бастауы ретінде қабылданады. Махатхир Мохамедтің исламдандыру саясатына әсіресе мұсылман емес діни ұйымдар қарсылық танытты. Ислам құндылықтары ретінде шариғатты енгізуі, Інжіл сөзінің орнына «әл Китаб» сөзін енгізуі, діни ғимараттарға жер беруі, электронды БАҚ тың хабар тарату құқығы, білім саласындағы үкіметтің саясаты бәрі де Малайзияны стратегиялық тұрғыдан ислам мемлекеті етіп қалыптастыру ретінде қарастырылды. Осы тұрғыдан сауалдарға мұсылман еместердің жауап талап етуі дінаралық диалогтың жандануына негіз қалады. 1983 жылы мұсылман емес діни лидерлер Буддизм, христиандық, индуизм және сикхизм бойына консультативті кеңес құрды, ол Малайзия діндері бойынша консультативті кеңес ретінде белгілі. 1992 жылы мұсылмандар да Малайзия исламдық түсінік институтын (ІКІМ) құру арқылы дінаралық диалог жұмыстарына серпін берді. Үкімет дінаралық үйлесім құруда ерекше рөлге ие. Малайзиядағы полиэтникалық әрі поликонфессиялық ортада тұрақтылықты сақтауға арналған Малайзия үкіметінің түрлі бағдарламалары мен шаралары аз емес. Дегенмен діндер арасындағы кикілжіңдер де баршылық.

С.М. Ясин дінаралық диалогқа ықпалды сыртқы факторларды талдайды. Айтуынша, кикілжіңдер діндердің бір-бірі жайлы таяз, күңгірт пайымдарынан туындайды. Ол дін саласында мынандай фактілерді келтіреді. 1950 жылы 11 қыркүйекте Натрахта мың шақты мұсылман полиция күзетін бұзып, сотқа басып кірген. Екінші көтеріліс Сұлтан мешітінде және Сингапурдың маңындағы кейбір орындарда орын алған. Британдық армия және полициямен болған қақтығыста 18 адам өліп, 173 адам жарақаттанған. Сингапурда өмір сүріп жатқан Британдық азаматтарға шабуыл жасалып, ғимараттары мен көліктері өртке оранған. Сингапурда салдарынан екі күн, екі түн коменданттық сағат енгізілген. 1969 жылы 13 мамырда Куала Лумпурда трагедия орын алып, көптеген малайзиялықтардың өліміне себеп болды. Жалпы сайлаудан кейін орын алған тәртіпсіздікте саяси қарсыластар қанды қақтығысқа барды. Салдарынан 196 кісі өлім құшып, 180 адам жарақаттанды, ғимараттарға зақым келді. Тағы бір оқиға 1998 жылдың 13 мамырында Кг. Рава, Пенангта мұсылмандар мен үндістер арасында Кампунг Джавада орын алды. Кампунг Джавада салынған храмдар да, мешіттер де бар болатын. Екі діннің өкілдері азан мен храмдағы қоңырау үшін бір біріне айтарлықтай зақым келтірді. Тағы бір ірі оқиға 2001 жылдың 4 мамырында Кг Меданда, Селангорда орын алды. Мұсылмандар мен үндістер арасындағы төбелес алғашқыда кішігірім ауылда басталған. Мұсылмандар тойға, ал үндістер жерлеу рәсіміне дайындалып

жатады, үндістік бір отбасы адасып кеткен болатын. Осы кезде туындаған жанжалдан алты адам өліп, 73 адам жарақаттанған.

2001 Куала Лумпурда мұсылмандар мен христиандар арасында дұрдараздық артып, мешітке христиандар екі доңыздың басын әкеліп тастап кеткен. Бұл жағдай екі діннің өкілдері арасындағы кикілжіңдердің ушыққанын аңғартады. Бұған қоса, Лина Джой, Жули Жалаладдин, Хажа Сити әл-Вузара, Сити Фатима және басқалардың да сотта көтерген мәселелері Малайзияда түрлі дін өкілдері арасындағы қысымды арттыра түсті.

2013 жылы сот жүзінде «Алла» сөзін мұсылман еместерге қолдануға тыйым салынуы байланысты христиандар сотқа жүгінді. Олар Інжілде, басылымдар мен дұға мінәжаттарында және әнұрандарында осы сөзді қолдануға өтініш түсірді. Бұл мәселе Малайзияда қызу пікірталастарға себеп болды. Шіркеулерге шабуыл, өткір айыптаулар, сот шешімдері, Шахул, Кельвин ИП, Кики секілділердің әлеуметтік желілерде азанға тиісуі, исламды қаралауы нәтижесінде мұсылмандар мен христиандар арасы шиеленісе берді [114, 118-120 б.].

Малайзияда діни бірлестіктердің миссионерлік жұмыстарына қатысты даулар да орын алды. Батыстық миссионерлік топтардың қоғамды христиан сеніміне тарту, әсіресе жергілікті малайлар мен қытайлар арасында жаю әрекеті байқалуда. Осы мақсатта «Алла» сөзін пайдалануға жергілікті малайлар қарсылық танытып, тиісті мемлекеттік мекемелерден бұған шара қолдануды талап етті. Тіпті кейбір діни топтар шіркеуді өртеуге дейін барды. Ұзақ пікірталастардан кейін Жоғарғы Сот «Алла» сөзін христиандарға қолдануға тыйым салып, бұл іске нүктесін қойды. “Christians in Search of a Name for God: The Right to Allah” атты зерттеу еңбектерде бұл туралы мәліметтер кең берілген. «Дінін өзгерту, apostasy» мәселесі де конфессияаралық қатынастарда өзектілік танытуда. Ибн Аббас жеткізген хадис бойынша «Кім исламды қабылдағаннан кейін дінін өзгертсе, ол өлім жазасына кесіледі» (Бухари, №6922). Дінін өзгерту діни ғана емес саяси да мәселе. 2005 жылы 840 кісінің өз сенімінен бас тартуға өтініш білдіріп, 62 кісі діннен қайтқандықтан, үкімет мынадай тосқауыл қоюға мәжбүр болды: «Ислам дініне бас тартқысы келген немесе осы уақытта ол діннен шыққан адам егер ислам дінін жамандайтын ешқандай істерге қосылмаса, не қосылмаған болса, оған жаза берілмейді» [115, 110 б.]. Яғни, осындай конфессияаралық нәзік мәселелер әрдайым үкіметтің араласуымен шешімін тауып отырады. С.М. Ясин Малайзиядағы дінаралық диалогқа ықпал еткен ішкі факторларды да атайды. Алғашқы фактор ретінде кез-келген дінді бұрмалап түсінуді алға тартады. Мысалы, мұсылмандардың таухид түсінігі төңірегінде Малайзияда түрлі келеңсіздіктер туды. Сондай-ақ жалған діни ілімдер (Аят пин, Хасан Анак римау, Ашабулкахфи, Расул пайғамбар және т.б.) де діни ықпалдастық керектігіне жол ашты. Одан басқа ішкі проблемалар ретінде Парламенттен орын алуға бәсекелестік пен партизандық саясатты көрсетеді. Елде діни әрі нәсілдік кикілжіңдер жиі тұтанатын 28 ыстық нүкте бар. Ол ыстық нүктелер көбіне Селангор, Куала-Лумпур, Пенанг, Кедах пен Джохор маңайында. Статистикалық мәліметтер бойынша 2006 жылдың

қаңтарынан желтоқсанға дейінгі аралықта 306 адамның қатысуымен осы ыстық нүктелерде 909 оқиға тіркелген. 2007 жылдың қазанында малайлар мен үнділіктер арасында 44 төбелес орын алған [114, 121 б.]. Осы аталған фактілердің өзі Малайзияда нәсілдік әрі діни негізде азаматтарды бір-біріне жақындатып, ортақ түсіністіктерін арттыратын диалог жұмыстарының қажеттілігін сездірді. Осы себепті діни толеранттылық тақырыбы Сайед Осман және Файзал, Махатхир, Мохд Нор Манути секілді көптеген қазіргі заманғы авторлардың еңбектерінде қарастырылды. Махатхир плюралистік қоғамда мұсылмандар мен өзге дін өкілдері арасында туындайтын ұлтаралық қақтығыстарға көбірек алаңдаушылық танытты.

Полиэтникалық әрі поликонфессиялық жағдайына байланысты ел ішіндегі рухани келісімді, біртұтастықты, дінаралық диалог пен толеранттылықты дәріптеуде Қазақстан республикасымен ортақ ерекшеліктер барын айтуға болады. Полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің тұрақты дамуы әрі этносаралық қатынастарды жоғарғы деңгейде шешу, сенім мен өзара түсіністік үлгісін орнату мақсатында 1995 жылы 1 Наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Аталған ұйым этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін қалыптастыруға үлес қосуда [116, 93-94 б.].

2006 жылы Құрбан айт пен Рождествоның алғашқы күндері мерекелік демалыс етіп бекітілді. Қазақстан республикасында дінаралық диалогқа алғаш 2003 жылы тұңғыш президент Н.Ә. Назарбаев бастама көтерді. Әлемдік және дәстүрлі дін жетекшілерінің съездері әр үш жыл сайын ұйымдастырылып, онда діннің бейбітшілікке қосатын үлесі жан-жақты талқыланып келеді. Осы мақсатта Астана қаласында Бейбітшілік пен келісім сарайы арнайы салынды, Діндер мен мәдениеттер орталығы, Діни лидерлер клубы осы аяда жұмыс жасайды. 2010 жылы «Ел бірлігі» доктринасы қабылданып, онда елдегі барлық этнос өкілдерін жарастырып, татулық пен бірлікте ұстаудың маңызды негізгі мақсаттары мен ұлттық біртұтастыққа жетудің міндеті қойылды. Осы жылдары «Ұлтаралық және дінаралық келісімнің Қазақстандық моделін жаңғырту жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бағдарлама» қабылданып, сәтті жүзеге асырылды. 2012 жылы «Қазақстан 2050 - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты маңызды жалпы ұлттық іс-шаралар жоспары қабылданды.

2006 жылдан бастап Малайзия үкіметі толық қорғаныс тұжырымдамасын (HANRUH) жүзеге асырды. Ол ұлттық қорғаныс доктринасының бөлігі ретінде қабылданды. Малайзия Үкіметі жалпы қорғаныс тұжырымдамасын Малайзияның егемендігі мен тұтастығын қорғау үшін мемлекеттік органдарды, жеке секторды, үкіметтік емес ұйымдарды және Малайзия азаматтарын тартатын жалпы және біріктірілген қорғаныс түрі ретінде анықтады. Осы тұжырымдаманың бөлігі ретінде Малайзия үкіметі 5 жалпы қорғаныс құрамдастарын анықтады: Психологиялық тұтастық; Малайзиялықтардың шоғырлануы мен бірлігі; Қоғамдық дайындық; Экономикалық тұтастық; Қауіпсіздікке дайындық. Малайзияда терроризмге қатысты екі негізгі заң бар, атап айтқанда 2012 жылғы Қауіпсіздік қылмыстары (арнайы шаралар) актісі

(SOSMA) және 2015 жылғы Терроризмнің алдын алу туралы заң (POTA). SOSMA 1960 жылғы Ішкі қауіпсіздік актісін (ISA) ауыстыру ретінде қабылданды, ал POTA «Ислам мемлекеті» (ИМ) террористік тобының күшеюімен байланысты өсіп келе жатқан терроризм қаупіне жауап ретінде қабылданды. SOSMA және POTA сияқты алдын алу іс-қимылдары мен ұстау туралы заңдар күзет қызметтеріне алдын алу операцияларын жүргізуге және террорлық акт сияқты ауыр қылмыс жасалғанға дейін әрекет етуге мүмкіндік береді. Оған қоса, елдегі террористік элементтердің өсуін тежеуде және бақылауда шешуші мәнге ие болды және Малайзияның ұлттық қауіпсіздік аппаратының шешуші бөлігі болып табылады. SOSMA-ның 12-бөлімінде Заңға сәйкес қауіпсіздік саласындағы барлық құқық бұзушылықтар Жоғарғы сотта қаралуға тиіс екендігі нақты көрсетілген [117].

Малайзияның діни экстремизм, терроризммен күресі оның жаһандық құбылыстармен байланысы болғанын айту керек. Малайлар мен қытайлар арасындағы этникалық қысымның ушыққаны 1945 жылы Джохар Баруда орын алды. Қызыл белбеулі қасиетті армия (Gerakan Tentara Sabil Selendang Merah) деп аталған малайлар мен Малайлық жапонға қарсы халықтық армиядан (Bintang Tiga) күш алған қытайлар өзара қатты қақтығысты. Малай мұсылмандары экстремистік әрекеттеріне діни сезімді ушықтыруды себеп етті: қытайлардың мешітке тіл тигізуі, діни тәжірибе еркіндігінің шектелуі, мұсылмандарға мешітте құлшылық жасауға шектеу қойылуын [118, 108 б.].

Тағы бір ауыр жағдай Малайзияда 1969 жылы 13 мамырда орын алды. Осы жылғы сайлау қарсаңында болған бұл жайт Малайзиядағы екі ірі этникалық топ малайлар мен қытайлар арасындағы ең қанды қақтығыс ретінде сипатталды. Зақым көрген аудандар негізінен Куала Лумпурдың шегінен аспады. Бұған жалпы сайлаудан кейін малайлар мен қытай қатынасының нашарлауы, одан басқа, экономикалық мүмкіндіктерден шектелуінен туған малайлардың ызасы да себеп болды. Қақтығыс салдарынан өлгендердің жалпы саны екі жүз адамды құрады. Дегенмен ол сан мың адамға дейін барғаны айтылады. Малайзия Ұлттық қауіпсіздік комитеті бұл оқиғаны этникалық, идеологиялық, діни әрі саяси қақтығысқа апарған экстремизм ретінде бағалаған. М.И. Жафар мен Е. Ахметованың айтуынша, Малайзияда экстремизмнің кейінгі дамуы XX ғасырдағы жаһандық қозғалыстардың ықпалымен жүрді. Әлем түрлі экстремистік ағымдардың өскеніне куә болды, оған қырғи-қабақ соғыс, Палестинаны Израильдың басып алуы, мұсылман елдеріне шетелдердің басып кіруі және аймақтық кикілжіңдер түрткі болды. Халықаралық саясаттағы бұндай оқиғалар үшінші әлем елдерінің батыстық басқыншыларға деген жеккөрушілігіне алып келді. Әлемдегі көптеген мұсылмандар бұндай әділетсіздікке қарсы қарулы күрестерге қосылуға ынта білдірді. Кейіннен батысқа қарсы күй экстремистік топтар үшін бейбіт тұрғындарға қарсы жауластыққа негіз қалады. Малайзияда қырғи-қабақ соғыс Батыс пен Кеңес Одағына деген жеккөрушілікті арттырды. Мысалы, Насир Абас атты малай Кеңес одағына қарсы пиғылмен Ауғанстандағы Талибан ұрысшылдарының қатарына барып қосылған. Соғыс көрген көптеген Ауған

ұрысшылдары кейіннен өз елдерін исламның экстремистік түсінігін алып барды [118, 109 б.].

Бүгінгі күні Малайзияда экстремистік діни топтар қатарында жихадшыл салафизм мен уаххабизмнің ықпалымен мынадай діни топтар қалыптасқан: Tentara Sabiullah, Darul Dakwah (Исламға шақыру үйі), Kumpulan Crypto (Crypto тобы), Kumpulan Mohd Nasir Ismail (Мохд Насир Исмаил тобы), Kumpulan Jundullah (Құдай әскері тобы), Kumpulan Revolusi Islam Ibrahim Libya (Ибрахим Ливия Ислам революциясы тобы), Kumpulan Mujahidin Kedah (Кедах мужахидтар тобы - КМК), Kumpulan Perjuangan Islam Perak (Перак ислам қозғалысы тобы - KPIR), Al-Maunah, Kumpulan Mujahidin Malaysia (Малайзия мужахидтар тобы) және Jemaah Islamiyah (Ислам жамағаты). Елде Шиға, Ахмадия секілді ағымдар да бар. 2005 жылғы есеп бойынша, Малайзияда 281 мыңға жуық, %2 мөлшерінде шиғалар кездескен. Қадияния, Ахмадия секілді теріс ағымдар Малайзияда азшылықта. Жоғарыда аталған діни топтар Малайзияда діни экстремизмді тудырып, өз көзқарастарын қоғамға таңуға әрекеттенді. Бәріне ортақ мақсат ретінде үкіметті төңкеру және солардың түсінігіндегі исламға сай келетін басқару органын құру екені байқалды. Экстремистік діни топтардан AlMaunah мен КММ, мысалы, өз мақсаттарына жету үшін күш қолдануға болады деп сенді [118, 111 б.].

АҚШ Халықаралық даму Агенттігінің баяндамасына сәйкес (2016 г.) 10 жылда (1985-1995 жж.) Ауғанстан мен Пакистанда антисоветтік әскерилер ретінде шамамен 300-400 малай мен индонезиялықтар арнайы дайындықтан өтіп, елге оралған. 1986 жылы малайзиялық жихадшылдар Халаку Пакиндо (Persatuan Bekas Mahasiswa Pakistan, India and Indonesia немесе Пакистан, Үндістан мен Индонезия түлектерінің Малайзия ассоциациясын құрды), ол кейіннен Malaysia Mujahidin Group (КММ) деген атпен танылып, 1995 жылдары Зайнон Исмаилдың басшылығында болды. 1999 жылдан бастап КММ көптеген бейбіт тұрғындарға шабуыл жасады, діни экстремизммен қатысты қылмыстарға барды, шіркеулерде, үнді храмдарында жарылыс жасады, жергілікті саясаткерді өлтірді, екі этникалық үндісті өлтіруге әрекеттенді, тіпті қарулы тонауға да барды [118, 111 б.].

Малайзиядағы тағы бір радикалды исламдық ұйым әл-Қаида террорлық ұйымының ықпалындағы Ислам жамағаты ұйымы (JI). Оның негізін индонезиялық азаматтар Абдулла Сунгкар мен Әбу Бакар Басир 1985 жылы қалаған болатын. Бұған қоса, Малайзияда экстремистік идеялардың тарауына жергілікті медреселердің де ықпалы тиген. Себебі медреселерде Ауған соғысына қатысып келген мужахидтер де сабақ берген. 2002 жалпы саны 47 малайзиялық Әл-Қаида террористік ұйымымен байланысы болғаны үшін ұсталды. Экстремистік діни ұйымдар көбіне Малайзияда мұсылмандар мен мұсылман еместер арасында жеккөрушілік тудырумен айналысты. 2001 жылы әл-Қаидамен, Жамаға исламиямен байланысты топтар өздерін ары қарай қаржыландыру үшін банктерді тонаған.

2016 жылы Малайзияда алғашқы терорлық шабуыл орын алды. ИШИМ мен қатысы бары анықталған ұйым Куала Лумпурдан жеке тұрған аудан

Пучонгтағы клубты гранатамен атқылаған. АҚШ Халықаралық даму Агенттігінің 2016 жылғы мәліметі бойынша, Ирак пен Сириядағы ИШИМ құрамына 300-450 малайзиялық пен индонезиялық барып қосылған. Американдық Пью зерттеу орталығының 2015 жылғы мәліметі малай мұсылмандарының 11 пайызы ИШИМ ға оң қабақ танытатынын анықтаған, ал индонезиялықтардың тек 4 пайызы осы жағдайды көрсеткен. Бұл сандар Малайзиядағы діни экстремизмнің қаупін көрсетуде. Лаңкестікпен күрес арнайы бөлімінің директор көмекшісі М. Питчай 2016 жылы ИШИМ құрамына барып қосылғысы келетін малайзиялықтардың 98 пайызы онлайн түрде әлеуметтік желілер арқылы арбалғанын мәлімдеді [118, 111-112 б.].

Малайзия үкіметі діни экстремизмге қарсы тұру үшін бірнеше қадамдар жасады. Олар дерадикализация бағдарламалары, профилактикалық заң, оңалту бағдарламалары және экстремизмге қарсы ағарту жұмыстары. Елде әсіресе мұсылмандар арасындағы жергілікті діни экстремизмге қарсы күрес сәтті жүргізілді. Малайзияда Дерадикализация бағдарламаларының мақсаттары «...экстремистік ұйымдар туралы ақпарат алу, екіншісі - экстремистік идеологияны дискредитациялау», «Исламның балама түсіндірмесі арқылы экстремистік идеологияға қарсы тұру, содырлардың дүниетанымын тұрақты түрде өзгертуге және қылмыстың қайталану қаупін азайтуға ғана емес, сонымен бірге радикалды әрекеттердің тартымдылығын әлсіретуге ықпал ету көздеді [119].

Малайзияның негізгі дерадикализация бастамасы қайта тәрбиелеу мен оңалтуға негізделген Діни оңалту бағдарламасы болып табылады — біріншісі содырлардың саяси және діни қате түсініктерін түзетуге бағытталған, ал екіншісі содырлар бостандыққа шыққаннан кейін ұсталғандарды мұқият бақылауға бағытталған. Ұсталғандардың отбасы мүшелері процеске қамтылады және содырлар қамауда отырғанда қаржылық қолдау көрсетіледі. Бостандыққа шыққан соң содырларға қоғамға қайта қосылуына көмек көрсетіледі.

Жоғарыда көрсетілгендей, Корольдік Малайзия полициясы (PDRM) дерадикализация бағдарламаларына жауапты негізгі партия болып табылады. Бұл процесс алғашында «Ішкі қауіпсіздік туралы» Заңды (1960) басшылыққа алды, ол кейіннен «Қылмыстың алдын алу туралы» Заңмен (POCA) және терроризмнің алдын алу туралы заңмен (POTA) алмастырылды. 2016 жылы Ішкі істер министрлігі ұсталғандарды (немесе Пемулиханды) кешенді дерадикализациялау модулін дайындады, бұл құжат мазмұны ұсталған содырларды ақтау міндеті жүктелген ведомстволар, офицерлер және басқа да адамдар үшін бағыттаушы қызметін атқаруға арналған құжат болып табылады. Пемулиханды оңалту бағдарламасы үш негізгі компоненттен тұрады: психологиялық оңалту, діни оңалту, әлеуметтік оңалту. Күзетпен ұстаудың барлық кезеңінде ұсталғандарға кеңес беретін және психикалық күйзеліске төтеп бере алатын қабілетін бағалайтын психологтар үнемі барып отырады. Бұл психологтарға ұсталғандардың психологиялық уәждемесін зерттеуге және сол арқылы олардың өшпенділік пен зорлық-зомбылыққа бейімділігін, сондай-ақ радикалды әсерлерге бейімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ,

ұсталғандардың оңалту кезінде ілгерілеуінің мінез-құлықтық және танымдық аспектілерін тиісті бағалауды жүргізуге даярланған психологтар тартылады.

Полиция департаментіндегі терроризмге қарсы бөлімнің рөлінен басқа, Малайзияның Жастарды зерттеу институты (IYRES) арқылы Жастар министрлігіне қарасты дерадикализация бағдарламасы да бар. Институт жастар мен жалпы Малайзия қоғамын діни экстремизм мен радикалдану қаупі және отбасы, жастар және үкіметтік емес ұйымдар терроризмге қарсы күресте қалай көмектесетіні және қолдауы туралы білім беру үшін *Жастар мен қоғам арасында экстремизм мен радикализмнің алдын алу бойынша нұсқаулықты* (2017) жариялады. Онда радикалды топтың қауіп-қатері, олардың қалай әрекет ететіні және олардың идеологиясының мазмұны, әсіресе әлеуметтік желілер арқылы қоғамды ескерту мәселелері қамтылған. Малайзияның терроризмге қатысты саясаты Ұлттық қауіпсіздік кеңесі шығарған №18 (Қайта қаралған) директивасында анық көрсетілген. Малайзия мыналарға назар аударады: Террорлық әрекеттердің кез келген нысанын жоққа шығару; Кепілге алынғандардың өмірі мен мүлкін қорғау; Келісімшарттық шешімдерге артықшылық беру; Дағдарысты шешу үшін кепілге айырбастау жоқ; Келіссөздер сәтсіз аяқталғаннан кейін соңғы шара ретінде ереуіл.

Қазақстанда экстремистер әрекеті лаңкестік әдіспен күреске ұласып, билікке қарумен қарсы шығу ретінде исламдық экстремизм 2011 жылы басталды. 2016 жылғы Ақтөбедегі лаңкестік шабуылға негізінен жастар қатысты. Қазақстанда лаңкестік әрекеттер негізінен құқыққорғау өкілдеріне қарсы бағыттала отырып, жарылыс ұйымдастыру әрекеттерімен көзге түсті. А. Избаиров секілді мамандардың пайымынша, «Жунд ал-халифат» (Халифат сарбаздары), «Ансар уд-дин» (Дінге жәрдем берушілер), «Бейбарыс батальоны» секілді жаңа лаңкестік құрылымдар өздерінің идеялық негіздерін исламдық тақфиризм бағытынан алады [120].

Жоғарыда аталған Ақтөбе қаласындағы лаңкестік шабуылдан соң мемлекет экстремизм және лаңкестікпен күреске баса назар аударып, бұл тұрғыда бірқатар шаралар қолға алды. «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама» бойынша жұмыстар жасалды және «Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды және тұжырымдама негізінде заңға өзгерістер енгізілді. 2018 жылы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Таяу Шығыста Сирия мен Иракқа 800 Қазақстан азаматы аттанғанын, олардың шамамен 120-сы қазақстандық ерлер, 250 әйелдер, 500 кәмелетке толмаған жас балалар екенін мәлімдеді. Бірнеше рет ұйымдастырылған «Жусан» операциясы нәтижесінде Сириядан 406 баланы қосқанда, 595 адам Қазақстанға қайтарылды [121].

Бүгінде Қазақстан аумағында экстремистік деп табылған мына діни ұйымдарға заңмен тыйым салынған: «Аль-Каида», «Шығыс Түркістандағы исламдық қозғалыс», «Өзбекстандағы исламдық қозғалыс», «Күрд Халық Конгресі» («Конгра-Гел»), «Асбат аль-Ансар», «Братья-мусульмане»,

«Талибан» қозғалысы, «Боз гурд», «Орталық Азиядағы Жамаат моджахедтер», «Лашкар-е-Тайба», «Әлеуметтік реформалар Қоғамы», «Хизб-ут - Тахрир» ұйымы, «АУМ Синрикё», «Шығыс Түркістан азат ету ұйымы», «Түркістан ислам партиясы», «Джунд-аль-Халифат», РҚБ «Сенім. Білім. Өмір», «Таблиги джамагат», «Ат-такфир уаль-хиджра», «Ислам мемлекеті» (ДАИШ), «Ан-Нусра фронты», «Йакын Инкар». Діни экстремизм мен терроризмге арбалушыларға әлеуметтік желілердің себеп болуы екі елге де ортақ.

Малайзияда радикализацияның төрт кезеңі бар: – pre-radicalisation, self-identification (өзіндік айқындалу), indoctrination, action (әрекет). О. Скобелева өз мақаласында Малайзиядағы дерадикализация ісінің ерекшеліктерін талдаған. Корольдік Малайзия полициясы Исламдық даму департаментімен (ЈАКІМ) бірлесе жүргізетін дерадикализация бағдарламасы Ішкі қауіпсіздік заңын басшылыққа алынады. Дерадикализация бағдарламасы діни кеңес беруден кәсіптік оқыту мен психологиялық қолдау көрсетуге дейінгі көптеген түрлі құрамдастарды қамтиды. Оны ЈАКІМ ұйымының психологтары мен дін мамандары, полиция қызметкерлері және отбасы мүшелері жүзеге асырады. Бағдарламаның мақсаттары мыналар болып табылады:

1) сотталушыны бұрын қылмыс жасауға итермелеген радикалды идеологияға қарсы шығып, оның ислам ілімінің басқа қағидаларына қайшы келетінін көрсету;

2) тиісті азаматтық құндылықтарды сіңіруге;

3) сотталушының өзін-өзі бағалауын арттыруға психологиялық қолдау көрсетуге;

4) босатылғаннан кейін өмірге дайындау үшін кәсіптік оқытуды қамтамасыз етеді. Оқыту бағдарламаларының көпшілігін түрме қызметкерлері жүзеге асырады, бірақ сырттан келгендер де маңызды рөл атқарады. ЈАКІМ дінтанушылары діни нұсқау береді; бұл сеанстар күн сайын өтеді және орташа есеппен 90 минутқа созылады. Үкіметтен тәуелсіз деп санайтындықтан, тұтқындар ерекше құрметпен қарайтын университет оқытушыларының дәрістері де қамтылады [122, 210 б.].

Малайзияда дерадикализация исламның экстремистік түсіндірмелерін түзетуге баса назар аудара отырып, қауіпсіздік және идеологиялық сынақ ретінде қарастырылады. Дерадикализация бағдарламасы өте-мөте ұсталған немесе радикалданған адамдар білікті ислам ғалымдарымен теологиялық диалог жүргізетін құрылымдық діни қайта тәрбиелеумен ерекшеленеді. Бұл психологиялық кеңес беру, отбасының қатысуы және босатылғаннан кейінгі мониторингпен толықтырылады. Малайзияның түрмеге негізделген оңалту жүйесі тиімді болып саналады, қатысушылар арасында қылмыстың қайталануының алдын алуда табыс деңгейі 90%-дан асады.

Қазақстан, керісінше, дерадикализацияға ұлттық қауіпсіздік, зайырлылық және ұлтаралық келісім аясында жақындайды. Дін істері комитеті ұлттық күш-жігерді үйлестіреді, ал Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ) қалыпты ислам ілімдерін таратуда ықпалды. Қазақстанның стратегиясында жастар мен халықтың осал топтарына баса назар аудара отырып, діни

сауаттылыққа, қоғамдық білімге және ақпараттық қарсы әңгімелерге баса назар аударылады. Теологиялық оңалту амалдың бір бөлігі болғанымен, ол Малайзиямен салыстырғанда аз институционалды және көбінесе түзету бағдарламалары емес, білім беру бастамалары арқылы жүзеге асырылады. «Жусан» операциясы Қазақстанның дерадикализация стратегиясының халықаралық деңгейде мойындалған тұстарының бірі саналды. Яғни қызу соғыс ошағы Сирия мен Ирактағы қақтығыс аймақтарынан Қазақстан азаматтарын, әсіресе әйелдер мен балаларды елге қайтару жөніндегі гуманитарлық миссияның сәтті орындалуы. Бұл қайтқан азаматтарға мемлекет көңіл бөліп, баспана, медициналық көмек, психологиялық қолдау білдірді. Олар оңалту орталықтарында қайта бейімдеуден өтіп, теологиялық білімдерін дұрыстады, кейбірі жазаларын түрмелерде өтеді. Бұл қауіпсіздік мәселелерін реинтеграциямен және әлеуметтік қолдаумен теңестіретін тұтас көзқарасты көрсетеді.

Салыстырып айтар болсақ, Қазақстандағы Қазақстан халқы Ассамблеясына (ҚХА) ұқсас Малайзиядағы екі институтты атап кетуге болады. Олар: Ұлттық бірлік және интеграция департаменті (JPNN) және Ұлттық бірлік кеңесі (National Unity Council). ҚХА Конституциялық мәртебеге ие, Парламент Мәжілісіне депутат сайлау құқығы бар, Президент жанындағы кеңесші орган. Ұлттық бірлік және интеграция департаменті болса, Премьер-министр кеңсесіне қарайды. Мақсаты – ұлтаралық және дінаралық келісімді сақтау, әлеуметтік интеграцияны нығайту. Ол ҚХА аймақтық этно мәдени орталықтарынан да кеңірек әлеуетке ие. Екінші мекеме Ұлттық бірлік кеңесі қоғамдағы этникалық және діни саясатты үйлестіреді. Кеңес құрамына түрлі ұлт өкілдері, дін жетекшілер және ғалымдар кіреді. Ол Қазақстандағы Ассамблеяның кеңес беру және талқылау қызметіне ұқсайды. Малайзия этникалық әртүрлілікті басқару және институционалдық, құқықтық және саясатқа негізделген тетіктер арқылы этносаралық қақтығыстардың алдын алуда мына екі негізге сүйенеді: 1. саяси және институционалдық тәсілдер; 2. идеологиялық және саяси негіздер. Әуелгісіне консоциациялық демократия ретінде JPNN-нің Рукун Тетангга (Көршілер бірлігі комитеттері) және Ұлттық бірлік консультативтік кеңесі жұмыстарын жатады. Идеологиялық бағытқа Рукун Негара (Ұлттық принциптер) мен Ұлттық бірлік жобасы 2021–2030 негізге алынады. 1969 жылғы этникалық тәртіпсіздіктерден кейін енгізілген ол Құдайға сенуді, патша мен елге адалдықты, заң үстемдігін, сыпайылықты және адамгершілікті баса көрсететін Малайзияның ұлттық бірлігінің идеологиялық негізі ретінде қызмет етеді. Малайзия мен Қазақстан Республикасындағы дін-мемлекет және конфессияаралық қатынастарды салыстырмалы талдау олардың көпұлтты, көпконфессиялы қоғамдары қалыптастыратын ерекше ұлттық көзқарастарды да, елеулі ортақтықтарды да көрсетеді. Малайзия Ислам Федерацияның ресми діні болып табылатын және оның рөлі елдің конституциялық, құқықтық және мәдени негізіне енгізілген үлгіні ұстанады. Ислам институттары мемлекет тарапынан қолдау алады, ал шариғат құқықтық жүйесі мұсылмандар үшін жеке және отбасылық мәселелерде азаматтық заңмен

қатар жұмыс істейді. Дегенмен, Малайзия сондай-ақ мұсылман емес қауымдастықтардың өз діндерін еркін ұстану құқығын қолдайды және өзара түсіністікке ықпал ететін бірқатар конфессияаралық кеңестер мен бастамалар бар, дегенмен дінаралық шиеленіс кейде дінге келу, діни бостандық немесе прозелитизация мәселелеріне байланысты туындайды. Қазақстан, керісінше, барлық діндер заң алдында формальды түрде тең және мемлекет бірде-бір сенімге артықшылық бермейтін зайырлы мемлекеттік үлгіні ұстанады. Алайда қазақ қоғамындағы мұсылман халқының басым бөлігі және исламның мәдени мұрасы мойындалып, құрметтеледі. Үкімет Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі сияқты мемлекет жетекшілік ететін диалог бастамалары арқылы конфессияаралық келісімді белсенді түрде ілгерілетуде және діни қызмет қоғамдық тәртіп пен ұлттық қауіпсіздікті сақтау үшін реттеледі. Малайзияның дінге негізделген федерализмі және Қазақстанның зайырлы конституционализмі әртүрлі үлгілеріне қарамастан, екі ел де діни төзімділік, ұлтаралық келісім және ұлттық бірліктің маңыздылығын атап көрсетеді. Олар экстремизм мен терроризмнің алдын алу және бейбіт қатар өмір сүруге ықпал ету үшін диалог алаңдарына, азаматтық білім беру және діни сауаттылық бағдарламаларына инвестиция салады. Сонымен қатар, екі үкімет те дін істерін басқарудың институционалдық тетіктерін пайдаланады – Малайзия Исламдық даму департаменті (JAKIM) арқылы және Дін істері комитеті мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ) арқылы. Яғни, Малайзия мен Қазақстан конфессияаралық татулық пен дін-мемлекет тепе-теңдігін сақтаудың әртүрлі, бірақ бірін-бірі толықтыратын тәсілдерін көрсетеді. Олардың тәжірибесі діни келісімді сақтау ұлттық тұрақтылық, даму және жаһандық ықпалдастық үшін маңызды саналатын қазіргі қоғамдардағы плюрализмді басқару туралы құнды түсініктер ұсынады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасы мемлекет пен дін арақатынасын реттеу тәжірибесін зайырлылық қағидаттары аясында жүргізіп, нығайтып келеді. Енді бір жағынан тәуелсіздікке қол жеткізген уақыттан бері елде кең көлемді рухани жаңғыру процесі жүріп, дінге бетбұрыстың қарқынының күшейгені де белгілі. Осы орайда, өзге елдердегі мемлекет пен дін қатынастарының тәжірибесін зерделеу – өзекті. Диссертациялық жұмысымызда Малайзиядағы мемлекет пен дін қатынастарының эволюциясы және оның ерекшеліктері тақырыбын зерделеу барысында бірқатар мәселені кеңінен қарастырып шықтық. Белгілеген мақсат пен міндеттер аясында айқындалған міндеттерді шешу және жасалған өзіндік ой-тұжырымдар нәтижесінде төмендегідей қорытындыларға қол жеткіздік:

Біріншіден, XVI ғасырда Малакка феодалды әрі аймақта ықпалды мемлекет ретінде Оңтүстік-Шығыс Азияда маңызды сауда базасы рөлін атқарды. Отарлық жылдар Малайяның әлеуметтік- қоғамдық өмірінде күрделі өзгерістерге жол ашты. Ол елдің табиғи байлығы тоналған, қаналған, аса ауыр кезең ретінде сипатталғанмен, әлемдік капиталистік шаруашылық жүйесіне енуі экономикалық өзгеріске өріс ашып, дәстүрлі қоғамдық өнім салаларын капиталистік қатынастарға бейімдеді. Қоғам этникалық, діни және әлеуметтік белгілері бойынша күрделі сипат тауып, «плюралистік қоғамға» айналды. Бұл бөлінулер британдық «бөліп ал да, билей бер» саясаты арқылы күш алған еді. Малай ұлты тәуелсіздіктен айрылғанымен билікте, мемлекеттік қызметтегі орнын сақтап қалды, ал қытай мен үнді ұлты экономика саласында ықпалға ие болды. Малайлар өздерінің дәстүрлі әдет-ғұрыптарын (адатты) ислам құқығымен араластырып ұстады, бірақ британдықтар ислам құқығын жеке және отбасылық мәселелермен шектеді. Дегенмен, Малайяда этникалық бөліну діндердің (ислам, буддизм, индуизм) бейбіт қатар өмір сүру тәжірибесін арттырып, діни төзімділігін туғызған ерекше жағдай болды, сегрегация салдарынан туындайтын жанжалдарды болдырмайтын тарихи тәжірибе ретінде өзін паш етті десек қателеспейміз.

Екіншіден, Малайзияның мемлекеттік және діни институттары 1957 жылы UMNO басқарған келіссөздер арқылы бейбіт тәуелсіздікке қол жеткізуде ерекше орын алды. Исламды федерацияның діни ретінде Конституцияға енгізді (3-бап), сонымен бірге, көп этникалық плюрализм мен азшылықтардың құқықтарын қорғауды да құқықтық негізге айналдыра білді. Көптеген саяси партиялар этникалық және діни бірлестіктерге негізделді және діни көшбасшылар саяси және мемлекеттік шешімдерге әсер ете алды. Дегенмен, Малайзия өміріндегі діннің маңызды орнына қарамастан, бұл ел діни-сенім бостандығы мен діндердің әртүрлілігі қағидаттарын да мойындайды. Конституция азаматтардың кез келген дінді ұстану құқығына кепілдік береді, ал діни ұйымдар жұмыс істеуге және өз рәсімдерін орындау ісінде еркін. Тұрақтылық үшін JAKIM және штаттық шариғат кеңестері сияқты федералды құрылымдар исламдық тәжірибелерді қалыпты жағдайға келтірді. Мұсылмандар үшін отбасы заңдарын орындап, сұлтандар/муфтилердің оңалту

және пәтуалары арқылы радикалдануға қарсы тұра білді. Басқарушы коалициялар арқылы исламдану процесін символдық мәнде жүргізумен (мысалы, UMNO) теократиялық биліксіз малай бірлігін нығайтып, консолидациялық демократия арқылы этникалық шиеленістерді шеше білді. Бұл ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың ерекше тәжірибесі.

Үшіншіден, қазіргі Малайзия мемлекетінің дін және конфессияаралық қатынастарға қатысты саясаты конституциялық түрде федералдық Конституцияның 3-бабында бекітілді, ол исламды Федерацияның ресми діні деп жариялады, сонымен бірге мұсылман еместердің өз діндерін «бейбітшілік пен келісім» аясында ұстану құқығын қорғады. Бұл құрылым исламдық басқару элементтерімен қатар зайырлы азаматтық жүйені қолдады, мұнда Малайзияның Исламдық даму департаменті (JAKIM) және мемлекеттік шарифат соттары сияқты федералдық органдар мұсылмандар үшін жеке және отбасылық мәселелерді реттеді, радикалдануға қарсы шараларды іске асыра отырып, теократияны енгізбестен қалыпты діни тәжірибелерге пәтуалар шығару ісін үйлестіріп келеді. Конфессияаралық қатынастар үкімет қолдайтын диалогтар, буддизм, христиандық, индуизм, сикхизм және даосизмнің Малайзия консультативтік кеңесі (MCCBCHST) және Рукур Негараның өзара сыйластық пен төзімділік, көпұлтты және көпдінді қоғамдағы этникалық шиеленістерге қарсы тұру принциптеріне баса назар аударатын саясаты арқылы ілгерілетілді. Дегенмен, мұсылмандарды прозелитизациялауға қойылған шектеулер және PAS сияқты исламистік топтардың кейде консервативті қысымдары бұл тепе-теңдікке күмән туғызғанымен, жалпы осы саясаттың ұлттық тұрақтылық үшін прагматикалық плюрализмді дамытудағы рөлі позитив сипатта көрініс тапты.

Төртіншіден, қазақ халқының ұлттық болмысының қалыптасуы дәстүрлі ислам (Ханафи мазхабы) мен қазақтың бай әдет-ғұрыптары, дәстүр-салты арасындағы үйлесімді синергиямен айқындалды. Көшпелілер мұрасынан бастау алған қазақ салт-дәстүрлері этникалық бірегейлікті нығайта отырып, қоғамдық өмірді, рәсімдерді (туу, неке, өлу), қауымдық әдептің жүйелі формасына айналды. Ұлттық дәстүр мен шарифаттың үйлесімі – қазақ болмысының өзегі. Мұндай синтез ұлттық һәм діни құндылықтардың рухани байланысын бекіте отырып, мәдени құндылықтардың сабақтастығын қамтамасыз етті. Малай (Малайзия) қоғамында болса, Конституцияның 3-бабында ресми дін ретінде бекітілген ислам көп ұлтты плюрализм жағдайында тұрақты ұлттық бірегейлікті құру үшін адат (әдет-ғұрып) сияқты дәстүрлі құндылықтармен тығыз астасты. XV ғасырдағы синкретизмге негізделген «малай-исламдық» парадигмасы мемлекет демеушілік ететін білім, пәтуалар және мәдени саясаттар (мысалы, Ұлттық мәдени саясат) арқылы малай бірлігін нығайтты, Рукур Негара деп аталған өзара сыйластық принциптері арқылы этникалық шиеленістерді бәсеңдетті. Қазақ қоғамы тәрізді бүгінгі малай қоғамына да ислам дінінің ықпалы кең. Салыстырмалы түрде алсақ, екі қоғам да дін мен дәстүр сабақтастығына ерекше мән береді. Қазақстан тәуелсіздік жылдары мәдени және рухани жаңғыруға баса назар аударса, ал Малайзияның институционалдық дамудың көрсеткен исламы федералдық үкіметтің

плюралистiк саясаты арқылы этникалық және бiртұтас малайлық келiсiмнiң қоғамда басым сипат алуына жағдай жасады.

Бесiншiден, Қазақстанның Малайзиямен арадағы дипломатиялық қатынастары халықаралық құрылымдар аясында да жақсы дамып келедi. Қазақстан үшiн Малайзия бүгiнде Оңтүстiк-Шығыс Азиядағы сенiмдi серiктестердiң бiрi. Тез қарқынды дамыған, көп ұлтты Малайзия Қазақстанға Орта Азиядағы дамушы ел ретiнде қарап, оның табиғи ресурстар тұрғысынан мүмкiндiгi мол екенiн тиiсiнше бағалауда. Малайзия жан-жақты MS 1500 халал стандартының пионерi ретiнде жаһандық халал хаб болуды мақсат ететiн ел әрi Малайзия Ислам Даму департаментi (JAKIM) сертификаты халықаралық деңгейде мойындалған. Жеткiзу тiзбегiн қадағалауда Blockchain, сапаны бақылауға арналған AI технологиясын қолданатын аталмыш ел, сертификаттау мен растау процестерiн оңтайландыру үшiн сандық платформаларды (мысалы, Halal Digital Chain, Ұлттық Halal Digital Platform - NHDP) дамыту сияқты озық технологияларға ие. Екi ел халықаралық жобалар мен бастамаларда өзара бiр-бiрiн қолдап, негiзiнен сауда-экономикалық байланыстар мен гуманитарлық-мәдени байланыстарға ерекше басымдық беруде.

Алтыншыдан, екi мемлекет көпконфессиялы әрi көпұлтты ел ретiнде толеранттылық, дiнаралық диалог, дiни бiлiм беру, наным-сенiм еркiндiгi, дiни экстремизммен күрес мәселелерiнде, исламды ұстанушылардың басымдығы тұрғысынан ортақ ұқсастықтарға ие. Негiзгi ерекшелiктерi: Қазақстан – Орталық Азияда орналасқан, унитарлы, қатаң зайырлы ел. Малайзия болса, Оңтүстiк-Шығыс Азияда орналасқан, Федеративтi конституциялық монархия. Қазақстанда барлық дiни бiрлестiктер заң алдында теңдей құқықтарға ие, ешбiрiне басымдық берiлмейдi. Малайзияда ислам дiни мемлекеттiк дiн ретiнде Конституцияда бекiтiлген. Қосарлы сот жүйесiне ие: азаматтық және шарифаттық. Қазақстанда дiни бiлiм алу мiндеттелмейдi. Малайзияда мемлекет мектептерiнде мұсылмандардың ислам туралы бiлiм алуы мiндеттеледi. Қазақстанда қазақ ұлтының этно-дiни бiрегейлiгi заңмен қорғалмаған, Малайзияда малайлардың этно-дiни бiрегейлiгi заңмен қорғалған. Қазақстанмен салыстырғанда Малайзияның исламдық дискурсты дамытуы мемлекеттiк қолдауға ие.

Жетiншiден, Малайзияның мемлекет заңдық құрылымы мен құқықтық тәртiбiн зайырлы нормаға сүйенiп жүргiзсе де, исламға ресми мәртебе берiп, шарифат соттарын институционалды түрде жүйеге енгiзуiн талдап шықтық. Мұны «дифференциалдық жүйе» деп атауды ұсындық: яғни, азаматтық-құқықтық кеңiстiк зайырлы, ал мұсылмандардың отбасылық және жеке құқықтары дiни нормамен реттеледi. Осы модель – этникалық малай бiрегейлiгi мен исламды конституциялық түрде байланыстыратын, бiрақ сонымен қатар көпконфессиялық қоғамға құқықтық еркiндiк беретiн ерекше тепе-теңдiк формасы ретiнде тұжырымдалып, малайлық ерекше жүйе ретiнде құрылымдық тұрғыда талданды.

Зерттеу жұмысымызда Малайзияға тән жеке үлгi тiкелей Қазақстанға көшiруге келмейтiнiн ескертеміз. Дегенмен мемлекет пен дiн қатынастарының

Малайзиялық үлгісін қарастыра келе өз тарапымыздан мынандай ұсыныстар жасамақпыз:

- Малайзиядағы исламның конституциялық мәртебесі мен өзге дін өкілдеріне еркіндік беруі, плюрализмді қорғауы Қазақстан үшін преференциялды зайырлылық үлгісіне көшу үлгісін таңдауды өзекті ете алады;

- Малайзия Үкіметінің исламдық мекеме, мешіт-медресе, діни білім беру орындарына қаржылық қолдау көрсетуі сол діни инфрақұрылымның сақталуына және діни білімнің таралуына ықпал етеді. Дегенмен өзге діни бірлестік өкілдері шектеулі де болса ғибадатханаларын салып, діни білім беруге құқылы. Қазақстан преференциялды зайырлылық үлгісін қолдау арқылы осы тәжірибені пайдаға асыра алады.

- Діни және төл мәдени мұрасы арқылы Малайзияның туризмді жоғарғы деңгейде дамыту тәжірибесін саралай келе, Қазақстанның киелі жерлерінің туристік әлеуетін арттыруға болады.

- Малайзияның қаржы саласындағы реттеуші инновациялары, халал және исламдық қаржыландыру жүйелері, әлемдегі ең ірі сукук хабына көтерілуі

- Қазақстан үшін экономикалық мүдде тұрғысынан болсын осы бағытты жандандыру түсуге мүмкіндік береді.

- Малайзияның діни кеңестер мен Дін ұстанушылар арасындағы түсіністік пен келісімге жәрдемдесу комитеті арқылы жүзеге асырылатын конфессияаралық диалог жөніндегі бастамалары Қазақстанның «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезімен» тығыз үйлеседі және Қазақстанның конфессияаралық түсіністік пен ынтымақтастыққа бағытталған күш-жігерін арттыруы мүмкін.

- Көп этникалық коалициялық басқару арқылы құрылған Малайзияның билікті бөлісетін саяси моделі әлеуметтік тұрақтылықты сақтауда инклюзивті өкілдік пен консенсус құрудың маңыздылығын дәлелдейді;

- Малайзияға тән Жаңа Экономикалық Саясат (ЖЭС) шеңберіндегі әлеуметтік-экономикалық теңгерім саясаты этникалық топтар арасындағы экономикалық теңсіздіктерді жою шиеленістің ықтимал көздерін қалай азайтуға болатынын көрсетеді;

- Малайзияның исламдық дискурсты дамытуы: исламдық білім беру, исламдық қаржы саласы, ислам банкингі, исламдық сақтандыру жүйесі, исламдық құқық, ислам хадари тұжырымдамасы, халал индустриясын дамытуы – бүгінгі күні өзге мұсылман елдері үлгі алуға тұрарлық.

Диссертациялық зерттеу міндеттерінің толықтылығын бағалау

Қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда кең қолданыстағы әдістемелік негіздер мен зерттеу әдіс-тәсілдері алған қойылған зерттеудің міндеттеріне қол жеткізуге толықтай мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелерін практикалық қолдануға байланысты ұсыныстар

Диссертацияда қол жеткізілген ғылыми-теориялық және практикалық нәтижелер жоғарғы оқу орындарында «Мемлекет және дін», «Қазақстандағы мемлекет пен дін қатынастары», «Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің дамуы»

тәрізді арнайы курстар оқуда, жалпы орта білім беру мектептерінде «Дінтану және зайырлылық негіздері» пәнін оқытуда қолданыла алады. Диссертация материалдарын елімізде діни қатынастарды зерттеу орталықтары, дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын ұйымдардың қызметінде пайдалануға болады. Сонымен диссертация нәтижелері конфессиональдық қатынастарды үйлестіру мен дамытуды мақсат ететін мемлекеттік емес ұйымдардың қызметінде де қолданыс табуы мүмкін.

Орындалған жұмыстың ғылыми деңгейін осы саладағы озық жетістіктермен салыстыра бағалау

Мемлекет пен дін қатынастары мәселесі қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы ғылымдардың ерекше өзекті зерттеу тақырыбына жатады. Соңғы жылдары бұл тақырыпта отандық және алыс-жақын шетелдерде жеткілікті деңгейде зерттеулер жүргізді, бірқатар тұщымды мақалалар мен монографиялар жарияланды. Теориялық тұрғыда аталған феномен әртүрлі аспектілерінде қарастырылды, соның нәтижесінде қазіргі әлемдегі түрлі мемлекет пен дін қатынастарының үлгілері сындарлы талдаудан өтті.

Қорыта айтқанда, диссертациялық жұмыста ғылыми объективтілік ұстанымдары негізінде Малайзиядағы мемлекет пен дін қатынастарының қалыптасқан үлгісіне талдау жасалды. Мемлекет пен дін қатынастарының мәдени өркениеттік, рухани-дүниетанымдық тұғырларын айқындалды. Зайырлылықты ұстанған Қазақстан Республикасындағы дін мен мемлекеттік қатынасты жүйелеп, конфессияаралық келісімді нығайтуда, зайырлы мемлекет бола тұра исламдық дискурсты үйлестіру ісінде Малайзия тәжірибесін зерделеуге қатысты ұсыныстар дайындалды.

Мемлекет пен дін қатынастары, зайырлы мемлекет үлгісі, исламдық өсу факторы уақыт пен кеңістік ауқымында үнемі дамып отыратын динамикалық сипаттағы құбылыс болғандықтан, болашақта да көп ізденістерді талап ететін құбылыс. Бұл жағдай зайырлы мемлекеттің дінге, конфессияларға қатысты теориясы мен практикасы аясында іргелі және қолданбалы зерттеулерді жүзеге асыруын қажет етеді. Малайзиядағы мемлекет пен дін қатынастарының даму эволюциясы тақырыбы алдағы уақытта да кең зерттей түсуді талап ететін ауқымды тақырып. Себебі, дін мен мемлекет арақатынасы қатып қалған дүние емес, қоғам секілді динамикалық құбылыс екені даусыз. Зерттеуіміз осы бағыттағы ғылыми ізденіс ретінде маңызды, өзекті мәселеге рационал шешім ұсынатын зерттеу болды деп сенеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Президенті: Көпвекторлы саясат - Қазақстанның ұзақ мерзімді стратегиялық бағыты [электронды ресурс]. – URL: https://www.inform.kz/kz/kr-prezidenti-kopvektorly-sayasat-kazakstannyn-uzak-merzimdi-strategiyalyk-bagyty_a3513038 (жүгінген күні 15.05.2025)
2. Золотухин И.Н. Малайзия в зеркале этноконфессиональной ситуации: история и современность // Ойкумена. №1. 2010. – 7-18 с.
3. Cœdès G. The making of South East Asia (H. M. Wright, Trans.). –California: University of California Press. 1966. – 304 p.
4. Majumdar, R. C. Ancient Indian Colonies in the Far East. Vol. 1 & 2. – New Delhi: Gyan Publishing House, 1986. –1004 p.
5. Krom N. J. Hindoe-Javaansche Geschiedenis. – s-Gravenhage: M. Nijhoff, 1926. – 494 p.
6. Maspero G. Histoire ancienne des peuples de l'Orient classique. Vol. 1-3. Paris: Hachette. – 1024 p.
7. O'Reilly K., Benson M. Lifestyle Migration and Colonial Traces in Malaysia and Panama. – New York: Palgrave Macmillan, 2018. – 438 p.
8. Wheatley P. The Golden Khersonese: Studies in the Historical Geography of the Malay Peninsula Before A.D. 1500. – Kuala Lumpur: University of Malaya Press, 1961. – 388 p.
9. Kulke H. Śrīvijaya Revisited: Reflections on State Formation of a Southeast Asian Thalassocracy. Bulletin de l'École française d'Extrême-Orient, vol. 102, 2016, pp. 45–95.
10. Ferrand G. L'Empire sumatranais de Crivijaya. Ernest Leroux. – Paris: Imprimerie nationale, 1922. – 190 p.
11. Van Leur, J. C. Indonesian Trade and Society: Essays in Asian Social and Economic History. – Niderland: W. van Hoeve, 1955. – 465 p.
12. Куланда С.В., Тюрин В.А. Надпись Вануа Тенгаха III и проблема исторической традиции Нусантары // Юго-Восточная Азия: историческая память, этнокультурная идентичность и политическая реальность Proceedings of the Conference in memory of Alexander Gouber (1902-1971). Сер. "Губеровские чтения". – Москва: Ключ-С, 2009. С. 73-76.
13. Кузьменко И. В. Колониализм: когнитивно-политические модели исследования: автореферат дис. ... кандидата политических наук : 23.00.01 / Кузьменко Илья Викторович; [Место защиты: Юж. федер. ун-т]. – Ростов-на-Дону, 2010. – 21 с.
14. Берзин Э. О. Юго Восточная Азия и экспансия Запада в XVII – начало XVIII века. – Москва: Наука, 1987. – 789 с.
15. Губер А.А., Ким Г.Ф., Хейфец А. Н. Новая история стран Азии и Африки. – Москва: Наука, 1982. – 560 с.
16. Hirschman Ch. The Making of Race in Colonial Malaya: Political Economy and Racial Ideology. Sociological Forum 1 (2). 1986. – P . 330-361.

17. Freedman M. The Growth of the Plural Society in Malaya // *Journal of Pacific Affairs*. V. 33. 1960. – 158-168 p.
18. Omar A., Melayu B. *Malay Concepts of Democracy and Community, 1945-1950*. – Kuala Lumpur: Oxford University Press, 1993. – 251 p.
19. Колосков Б.Т. Малайзия вчера и сегодня: (Опыт проблемного исслед. Истории развивающихся стран). – Москва: Мысль, 1984. – 303 с.
20. Тюрин В.А. История Малайзии. Краткий очерк. Москва: – Наука, 1980. – 262 с.
21. Barbara W.A., Leonard Y. A. *History of Malaysia*. – London: Macmillan Asian Histories Series, 1982. – 370 p.
22. Gullick J.M. Malay society in the late nineteenth century: The beginning of change. – Singapore: Oxford University Press. 1987. – P. 417.
23. Warnford-Lock C.G. *Mining in Malaya for Gold and Tin*. – London: Carwithers and Goodman, 1907. – P. 316.
24. Tregonning K.G. *Malaysia*. – Melbourne: F. W. Cheshire, 1964. – P. 98.
25. Hooker V. M. *Short History of Malaysia: linking east and west*. – Crows Nest: Allen & Unwin, 2003. – P. 345.
26. Hall D.G.E. Malacca and the Spread of Islam. In: *A History of South-East Asia*. – London: Macmillan Asian Histories Series. 1981. – P. 221-235.
27. Тхор С.В. Свод законов «Унданг-унданг мелака» («Малакский кодекс») как источник по истории средневековой Малайи (XIV - XVI вв.). Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Москва, 2005.
28. Hamzah A. *Al-Imam: Its Role in Malay Society 1906-1908*. – Kuala Lumpur: Pustaka Antara, 1991. – P. 253.
29. Kheng Ch. *Malaysia, the Making of a Nation*. – Malaysia, Singapore: ISEAS, 2002. – P. 264.
30. Willard A. H. *The Formation of Malaysia: New Factor in World Politics*. – New York: American Universities Field Staff, 1964. – P. 247.
31. Иванов Н.С. Роль ислама в общественно политической жизни современной Малайзии: автореферат дис. ... кандидата исторических наук : 07.00.03 / Ин-т востоковедения. – Москва, 1994. – 27 с.
32. Захаров А. О. Политическая история и политическая организация обществ Юго-Восточного Индокитая и Малайского архипелага в I тыс. н.э. специальность: 07.00.03 - Всеобщая история (Древний мир и Средние века) автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук, – Москва, 2013. – 39 с.
33. Токаев К.К. Внешняя политика Республики Казахстан в период становления нового мирового порядка: дис. ... док. политол. наук: 23.00.04. – М., 2001. – 263 с.

34. Должикова О. Азиатско-Тихоокеанский регион: формирование новой геополитической конструкции или перегруппировка сил? // Казахстан в глобальных процессах. – 2007. – №1. – С. 69-82.
35. Ермекбаев Н.Б. Сотрудничество со странами Азии – один из приоритетов внешней политики Казахстана // 2013. – №2. – С. 128-136.
36. Лаумулин М.Т. Центральная Азия в зарубежной политологии и мировой геополитике. Геополитика XXI века. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2010. – Т. 4. – 352 с.
37. Ауган М.А. ЮВА – зона экономических и военно-политических интересов Китая // Казахстан-Спектр. – 2009. – №4. – С. 37-47.
38. Исакова Ж. А. АСЕАН в региональных интеграционных процессах. 6D020200 – Международные отношения. Диссертация на соискание степени доктора по профилю. – Алматы: 2019. – 135 б.
39. Мухамеджанова Д.Ш. Мировые интеграционные объединения и Казахстан: сотрудничество в условиях регионализации: монография. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2013. – 348 с.
40. Новая история колониальных и зависимых стран. Том 1. Под редакцией: С.Н. Ростовского, И.М. Рейснера, Г.С. Кара Мурза, Б. К. Рубцова. Государственное социально экономическое издательство. – Москва, 1940. – 788 с.
41. Новая история стран Азии и Африки XVI-XIX века. Часть 1. Коллектив авторов. – Москва: Гуманитарный издательский центр ВЛАДОС, 2004. – С. 542.
42. Religion and culture [электронды ресурс]. – URL: <https://www.britannica.com/topic/history-of-Southeast-Asia/The-classical-period#ref509088> (жүгінген күні 14.12.2012).
43. Wain A. Chinese Muslims and the Conversion of Melaka to Islam // Proceedings of Economics Development and Research: Humanities, Society and Culture. – 2012. – Vol. II. – №51. – P. 35-40.
44. Kosman K. A., Mokhtar N.A. Existence of Melaka Malay (Fort) City Based on First Painting of A’Famosa // Asia Proceedings of Social Sciences. – 2019. – Т. 4. – P. 63-65.
45. Subhan M.A. Rachman., Fuad Rahman. The dynamic of Malay Islamic law. The Rise and Practices of Adat Bersendi Syarak, Syarak Bersendi Kitabullah in Jambi // Journal of Indonesian Islam. – 2017. – Vol. 11. – №02. – P. 389-404.
46. Hamidong A. Institusi Pondok dalam Tradisi Budaya Ilmu: Tamadun Melayu. – Kuala Lumpur: Dewan Bahasa dan Pustaka, 1993. – P. 744-768.
47. Hill A.H. (tr.) The Hikayat Abdullah, Abdullah bin Abdulkadir. – Kuala Lumpur: Oxford University Press, 1970. – P. 353.
48. Purcell V. A Malayan Union: The Proposed New Constitution // Pacific Affairs. University of British Columbia. – 1946. – Vol. 19, – №1. – P. 20-40.

49. Rudner M. The Political Structure of the Malayan Union // Journal of the Malaysian Branch of the Royal Asiatic Society. – 1970. – Vol. 43. – №1 (217). – P. 116-128.
50. Othman F. Islam dan Masalah Pembangunan Bangsa Melayu. – Bangi: Kertas kerja Kongres Cendekiawan Melayu, 1988. – P. 40-46; Winstedt, Richard. The Date of the Malacca Legal Codes // The Journal of the Royal Asiatic Society of Great Britain and Ireland, No. 1/2, Apr. 1953.
51. Sharif Bashir M. Islam Hadhari: Concept and Prospect [электронды ресурс]. – URL: <https://www.researchgate.net/publication/236979375> (жүгінген күні: 04.07.2020)
52. Ooi T. The Politics of Buddhist Organizations in Malaysia. In B. Platzdasch & J. Saravanamuttu (Eds.), Religious Diversity in Muslim-majority States in Southeast Asia: Areas of Toleration and Conflict. – Singapur: ISEAS–Yusof Ishak Institute, 2014. – P. 321-340.
53. Syukri Salleh M. Recent trends in islamic revivalism in Malaysia [электронды ресурс]. – URL: <https://web.archive.org/web/20110713043715/http://www.insight-info.com/articles/Item.aspx?i=259> (жүгінген күн 13.07.2020)
54. Bubalo A., Fealy G. Joining the caravan?: The Middle East, Islamism, and Indonesia. – Alexandria (New South Wales): Lowy Institute for International Policy, 2005. – P. 14–15.
55. Malik M., Abdul Rahman A., Mat H. Pertubuhan jamaah islah Malaysia (jim): an analysis on its philosophy of education (1990-2000) // Jurnal al-Tamaddun Bil. – Vol. 11. – №1. – 2016. – P. 1-15.
56. Абу Сулайман А. Возрождение высшего образования в мусульманском мире. Тематические исследования Международного исламского университета Малайзии (IIUM). – Малайзия: Международный Институт Исламской Мысли. – 2019. – P. 60.
57. Aydin M., Odabas H. Zekâtin devlet eliyle yönetilmesi ve malezya zekât sistemi örneği // Dini Araştırmalar. – 2018. – C. 21. №54. – P. 145-173.
58. Abd Rahman N., Ramli Z. Buddhism in Malaysia: origin and development // International Seminar. – Indonesia: Warisan Nusantara. – 2012. – P. 445-470.
59. Malaysia 2018 international religious freedom report. United States Department of State. Bureau of Democracy, Human Rights, and Labor [электронды ресурс]. – URL: <https://www.state.gov/wp-content/uploads/2019/05/Malaysia-2018-international-religious-freedom-report.pdf> (жүгінілген күн 13.07.2020)
60. Boyle K., Sheen J. Freedom of Religion and Belief. A world report. Taylor and Francis e-Library, 2003. - 475 P.
61. Azam M. Law of Apostasy and Freedom of Religion in Malaysia // Asian Journal of Comparative Law. – 2007. – P.1-5.
62. Freedom of Religion in Malaysia by The Human Rights Commission of Malaysia (SUHAKAM) [электронды ресурс]. – URL: www.aph.gov.au (жүгінген күн 13.07.2020)

- 63.Мазеин Н.В. и др. Малайзия [электронды ресурс]. – URL: https://w.histrf.ru/articles/article/show/malaiziia_fiedieratsiia_malaiziia (жүгінілген күн 13.07.2020)
- 64.Wan Husin W., Ibrahim H. Religious Freedom, The Malaysian Constitution and Islam: A Critical Analysis // Procedia - Social and Behavioral Sciences. – 2016. – №217. – P. 1216-1224.
- 65.Rosenthal, E. I. J. Islam in the Modern National State. – Cambridge: Cambridge University Press, 1965. – P. 416.
- 66.Abdul Hamid A., Ibrahim Z. The Governance of Religious Diversity in Malaysia: Islam in a Secular State or Secularism in an Islamic State? – Edinburgh: Edinburgh University Press, 2017. – P. 169-203.
- 67.Yvonne T. Constitutionalizing and Politicizing Religion in Contemporary Malaysia [электронды ресурс]. – URL: <https://kyotoreview.org/issue-23/constitutionalizing-and-politicizing-religion-in-contemporary-malaysia/> (жүгінген күн 13.07.2020)
- 68.Louise Shafer S. Racialising religion in the debate on religious freedom in Malaysia // Al-Jami'ah. – 2009. – Vol. 47. – №1. – P. 111-134.
- 69.Shah D. A. & Mohd Sani A. Freedom of Religion in Malaysia: A Tangled Web of Legal, Political, and Social Issues. – Chapel Hill: North Carolina Journal of International Law, 2010. – P. 688
- 70.International Commission of Jurists. Challenges to Freedom of Religion or Belief in Malaysia - A Briefing Paper. Published in March. – 2019. – P. 36.
- 71.Yousif A. F.Islamic Revivalism in Malaysia: An Islamic Response toNon- Muslim Concerns // The American Journal of Islamic Social Sciences. – 2004. – Vol. 21. – №4. – P. 31.
- 72.Adnan Z.H., Siddiquee A.N., Baulderstone J. The perspective of multi-religious Soci ety on Islamization policy in Malaysia // Asian journal of political science, 2016. – Vol. 24. – №2. – P. 196-213.
- 73.Zengin M. Bir Toplumsal Degisim Hareketi Olarak Malay Toplumunda Siyasal Islam // SSAD Stratejik ve Sosyal Arastirmalar Dergisi. – 2019. – C.3. – №2. – S. 249-256.
- 74.Tayeb A. Islamic education in Indonesia and Malaysia shaping minds, saving souls. – London and New York: Routledge, 2018. – P. 261.
- 75.Евразийская дуганестабильности и проблемы региональной безопасности от Восточной Азии до Северной Африки. Коллективная монография. / Отв. ред. В.Н.Колотов. – СПб.: Студия НП-Принт, 2013. – С. 576.
- 76.Ефимова Л.М. Ислам хадхари в современной Малайзии. Юго-Восточная Азия: актуальные проблемы развития. – 2008. – №11. – С. 119-134.
- 77.Зарипов И.А. Малайзия флагман исламских финансов // Вестник финансового университета. – 2016. – №4. – С. 118-129.
- 78.Пахомова Л. Исламские банки в экономике стран Юго-Восточной Азии // Страны Востока: Социально-политические, социально-экономические, этноконфессиональные и социокультурные проблемы в контексте

- глобализации. – М.: ИВ РАН, Центр стратегической конъюнктуры, 2012. – Р. 111-119.
79. Мягкова Ю.Ю., Асяева Э.А. Становление, регулирование и развитие такафул страхования в Малайзии // Проблемы развития современной науки. Сборник научных статей по материалам II Международной научно-практической конференции. Под общей редакцией Т.М. Сигитова. – Пермь: ИП Сигитов, 2016. – С. 21-25.
 80. Шепелин Г.И. Исламское страхование «такафул». Современность и перспективы // Ученые записки. Выпуск XLVIII. – 2016. – №48. – С. 210-219.
 81. Хусейнова Д.К., Хусаинов М.К. Теоретические основы исламского банка // Бизнес в законе. – Москва: Юр-Вак. – №3. – 2012. – С. 265-269.
 82. Noordin M. Researching Islamic Law: Malaysian Sources [электронный ресурс]. – URL: https://www.nyulawglobal.org/globalex/Researching_Islamic_Law_Malaysian_Sources.html (жүгінілген күн 13.07.2020)
 83. Harding A. Islamic Law in Malaysia. Yearbook of Islamic and Middle Eastern Law Online. – 1995. – Vol. 2. – №1. – P. 61-72.
 84. Findik M. Malezya'nin helal gida sertifikasyonundaki rolu // Helal ve Etik arastirma Dergisi. – 2019. – Vol. 1. – №2. – P. 82-104.
 85. Efe A., Ozay M. Helal gida olgusu ve uygulamasina sosyolojik bir yaklasim: Malezya ornegi // Suleyman Demirel universitesi ilahiyat Fakultesi Dergisi. – №31. – 2013. – P. 155-171.
 86. Kaur A. The Shaping of Malaysia by Ian Metcalfe (eds.). – London: Macmillan Press ltd. – 1999. – P. 242.
 87. Koh J., Ho S. Culture and customs of Singapore and Malaysia. – Santa Barbara: Greenwood Press. – 2009. – P. 181.
 88. Asni F. The Development of Islam and Mazhab Al-Syafi'i during the Post-Arrival of Islam in the Malay Archipelago // International Journal Academic Research Business and Social Sciences. – 2019. – Vol. 9. – №3. – P. 1196-1209.
 89. David J. Banks. Islam and inheritance in Malaya: culture conflict or Islamic revolution? [электронный ресурс]. – URL: <https://www.academia.edu/search?q=Islam%20and%20inheritance%20in%20Malaya> (жүгінген күн 13.07.2020)
 90. Shuaib F. The Islamic legal system in Malaysia // Pacific Rim Law & Policy Journal. Volume 21, № 1-special issue - Islamic law and islamic legal professionals in Southeast Asia. University of Washington School of Law. 85-115 pp. 2012.
 91. Zainal K. The Malay Family: Beliefs and Realities // Journal of Comparative Family Studies. – 1995. – Vol. 26. №1. – P. 43-66.
 92. Fadeli M., Fadzil S. Malay heritage and culture. P. 287. [электронный ресурс]. – URL:

- https://www.academia.edu/38914076/MALAY_HISTORY_and_CULTURE (жүгінген күн 13.07.2020)
93. Zakaria I. Islam dan falsafahnya dalam kebudayaan melayu (Islam and Its Philosophy in Malay Culture) // Jurnal Hadhari Special Edition. – Malaysia: The National University of Malaysia. – 2012. – P. 91-108.
 94. Noor A. Perkembangan pensejarahan islam di alam melayu (Development of Islamic Historiography in Malay Archipelago) // Jurnal Al-Tamaddun Bil. – 2011. – №6. – P. 29-50.
 95. Abdullah S. Malay and Islam-Centric national narratives: modern art in Malaysia during the 1980s. // The Newsletter. – №77. – 2017. – P. 17-18.
 96. Hilarian L. The folk lute (gambus), and its symbolic expression in malay muslim culture // Tautosakos darbai. №32. – Vilnius: Lietuvių literatūros ir tautosakos institutas, 2006. – P. 50-65.
 97. Yusof N., Haron H., Mutalib N. Malacca Mosque: The Aesthetics of old mosques in Malaysia// Mediterranean Journal of Social Sciences. – Rome: MCSER Publishing. – 2014. – Vol 5. – №27. – P. 1342-1355.
 98. Zaidan N., Zailaini M., Ismail W. Absorption of Arabic words in Malay language [электронды ресурс]. – URL: https://www.researchgate.net/publication/319528057_ABSORPTION_OF_ARABIC_WORDS_IN_MALAY_LANGUAGE?enrichId=rgreq-7b36953e0dbdac665d40c2920af78fd5-XXX&enrichSource=Y292ZXJQYWdlOzMxOTUyODAxNztBUzo1MzU5MDU0NjA2NTgxODJAMTUwNDc4MTIyNjk1Mw%3D%3D&el=1_x_2&_esc=publicationCoverPdf (жүгінген күн 13.07.2020)
 99. Исахан М. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы және әдет-ғұрып пен шариғат синтезі. Алматы: Қазақ кітабы баспасы, 2025. – 271.
 100. Казахстан и Малайзия прошли впечатляющий путь в своем развитии, успешно преодолев последствия мирового финансового кризиса - Н.Назарбаев [электронды ресурс]. – URL: https://www.inform.kz/ru/kazakhstan-i-malayziya-proshli-vpechatlyayuschiy-put-v-svoem-razvitii-uspeshno-preodolev-posledstviya-mirovogo-finansovogo-krizisa-n-nazarbaev_a2385648 (жүгінген күн 13.07.2020)
 101. Халал тағам - денсаулықтың кепілі [электронды ресурс]. – URL: www.inform.kz/kz/halal-tagam-densaulyktyyn-kepili_a2189368 (жүгінген күн 13.07.2020)
 102. Тауарларды мемлекеттік стандарттау жүйесі: өнімдерге сертификат алу тәртібі, «халал» белгісін алу [электронды ресурс]. – URL: <https://strategy2050.kz/news/tauarlardy-memlekettik-standarttau-zh-yesi-nimderge-sertifikat-alu-t-rtibi-khalal-belgisin-alu/https://strategy2050.kz/news/tauarlardy-memlekettik-standarttau-zh-yesi-nimderge-sertifikat-alu-t-rtibi-khalal-belgisin-alu/> (жүгінген күн 13.07.2020)
 103. Өнімнің халал екендігін анықтап беретін қосымша іске қосылады [электронды ресурс]. – URL: <https://inbusiness.kz/kz/news/onimnin-halal->

- ekendigin-anyktap-beretin-kosymsha-iske-kosylady (жүгінген күн 13.07.2020)
104. Екіжақты қарым-қатынастар [электронды ресурс]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-kuala-lumpur/activities/2136?lang=kk> (жүгінген күн 13.07.2020)
105. Қазақстан халқының саны 20 286 084 адамға жетті [электронды ресурс]. – URL: <https://kaz.inform.kz/news/kazakstan-halkinin-sani-20-286-084-adamga-zhett-7370cb/> (жүгінген күн 18.11.2025)
106. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті [электронды ресурс]. – URL: <https://stat.gov.kz/> (жүгінген күн 13.07.2020)
107. Алтайқызы А., Тасболат А. Г. Діни және зайырлы құндылықтарды қалыптастырудағы мемлекеттік саясаттың рөлі: Қазақстан және Түркия тәжірибесі // Аль-Фараби. – 2021. – Т. 75. – №. 3.
108. Молдашев Қ. Религия в процессе национального строительства Малайзии: уроки для Казахстана // Журнал Аль- Фараби. – 2016. – №4 (56). – Б. 130-138.
109. Ыбраев Е. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастар // «Дінтану негіздері» пәнінің оқытушыларына арналған практикалық көмекші құрал. – Астана: ҒЗТО, 2014. – Б. 140.
110. Abd Rahman S., Nurullah A. The development of Islamic religious education in Malaysia // Hamdard Islamicus. – 2015. – №38 (1). – P. 35-67.
111. Құрманалиева Д. Қазақстанның дін саласындағы саясаты [электронды ресурс]. – URL: www.religionmap.kz (жүгінген күн 13.07.2020)
112. Adil M. Restrictions in Freedom of Religion in Malaysia: A Conceptual Analysis with Special Reference to the Law of Apostasy // Muslim World Journal of Human Rights. – 2007. – №4 (2). doi:10.2202/1554-4419.1092
113. Turdieva D.M. The religious tolerance in Malaysia // ISJ / Theoretical & Applied Science. – 2019. – №12 (80). – P. 411-416.
114. Yasin S.M. Existing Framework of Inter-Religious Dialogue in Malaysia // Al-Itqān journal of islamic sciences and comparative studies. –2019. – Vol. 3. – № 2. – P. 115-145.
115. Kayadibi S. Dini ve Kültürel Çoğulculukta Varoluş Mücadelesine Bir Bakış: Malezya Tecrübesi // Tarih Kültür ve Sanat Araştırmaları Dergisi. – 2016. – Vol. 5. – №3. – P. 93-128.
116. Мусаева Н. Р. Ассамблея народа Казахстана - важный фактор формирования толерантности личности // Мир образования - образования в мире. – Москва: Московский психолого-социальный университет, 2012. – №4 (48). – С. 92-97.
117. «Ерекше құқық бұзушылықтар (арнайы шаралар) туралы» Заң; [электронды ресурс]. – URL: <https://www.mei.edu/publications/terrorism-laws-malaysia-continuing-case-sosma-and-pota> (жүгінген күн 13.07.2020)

118. Jaafar M.I., Ahmetova E. Religious extremism and radicalisation of muslims in Malaysia: the Malay ties with the mujahidin, AL QAEDA AND ISIS // Journal of Nusantara Studies. – 2020. – Vol. – №5 (1). – P. 104-123.
119. Sunawari Long A., Zakaria Ц., Yaakob Z. Dealing with religious extremism: a Malaysian approach [электронды ресурс]. – URL: https://www.academia.edu/40992618/Dealing_with_Religious_Extremism_A_Malaysian_Approach (жүгінген күн 13.07.2020)
120. Религиозный экстремизм в Казахстане: угроза изнутри? [электронды ресурс]. – URL: <https://ia-centr.ru/experts/asylbek-izbairov-askar-battalov-/religioznyy-ekstremizm-v-kazakhstane-ugroza-iznutri/> (жүгінген күн 13.07.2020)
121. КНБ: Все этапы операции "Жусан" завершены [электронды ресурс]. – URL: <http://knb.gov.kz/ru/article/knb-vse-etapy-operacii-zhusan-zaversheny> (жүгінген күн 13.07.2020)
122. Скобелева О. О. Разработка и осуществление программ дерадикализации осужденных за преступления террористического характера в исправительных учреждениях зарубежных стран // пенитенциарная безопасность: национальные традиции и зарубежный опыт. – 2019. – С. 209-211.